




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. К. Лепесова

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ



Алматы, 2012

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**А. К. Лепесова**

**Қазақстан  
Республикасының  
азаматтық құқығы**

*ОҚУЛЫҚ*

Алматы, 2012

ӘОЖ 347.1 (574+075.8)  
КБЖ 67.404 (5 Қаз) я 73  
Л43

*Пікір жазғандар:*

заң ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Х. Косанов**;  
заң ғылымдарының кандидаты, доцент **Л. С. Мамиконян**.

**Лепесова А. К.**

Л43 **Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы:** оқулық /  
А.К. Лепесова. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 232 бет.

ISBN 978-601-217-367-3

Бұл оқулық ҚР азаматтық құқығы курсының оқытуды ұйымдастыруға жағдай жасайды. Осы пән бағдарламасын игеру үшін дәріс курстары, тақырыптар бойынша сұрақтар, өздік жұмысқа арналған сұрақтар, нормативтік құқықтық актілердің тізімі қамтылған. Оқулықта өзін-өзі тексеруге арналған тестілер және құқық қолдану тәжірибесінің көкейтесті мәселелері болып саналатын жағдайлық есептер ұсынылған.

Азаматтық құқық пәні жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

ӘОЖ 347.1 (574+075.8)  
КБЖ 67.404 (5 Қаз) я 73

ISBN 978-601-217-367-3

© Лепесова А. К., 2012  
© ҚР Жоғары оқу орындарының  
қауымдастығы, 2012

## Қолданылған қысқартулардың тізімі

ҚР – Қазақстан Республикасы

АК – Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесінің 1994 жылдың 27 желтоқсанында қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Жалпы бөлімі), 2011 жылдың 10 ақпанындағы соңғы өзгерістер мен толықтырулармен бірге.

АК – Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 01 шілдесіндегі Азаматтық кодексі (Ерекше бөлімі). Соңғы өзгерістер мен толықтырулармен бірге.

Өндірістік кооператив туралы заң – Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 25 қазанындағы «Өндірістік кооператив туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

Банкроттық туралы заң – Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 21 қаңтарындағы «Банкроттық туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

Шаруашылық серіктестіктер туралы заң – Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 02 мамырындағы «Шаруашылық серіктестіктер туралы» Заңы.

ЖШС туралы заң – Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 22 сәуіріндегі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

АҚ туралы заң – Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 13 мамырындағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

Жеке кәсіпкерлік туралы заң – Қазақстан Республикасының 2006 жылдың 31 қаңтарындағы «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

Коммерциялық емес ұйымдар туралы заң – Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 16 қаңтарындағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

Ипотека жөніндегі заң – Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 23 желтоқсанындағы «Жылжымайтын мүліктің ипотекасы жөніндегі» Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

Мемлекеттік мүлік заңы – Қазақстан Республикасының 2011 жылдың 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы.

## 1-тақырып. Жалпы ережелер

1.1. Құқық ұғымы. Құқық жүйесі. Азаматтық құқық құқық саласы ретінде

1.2. Азаматтық заңнама: ұғымы, құрылымы, қолдану аясы

1.3. Тапсырмалар

1.4. Тестілер

1.5. Нормативтік актілер тізімі

1.1. Құқық ұғымы. Құқық жүйесі. Азаматтық құқық құқық саласы ретінде

Құқық негіздерін оқуға кірісерден алдын, әлеуметтік қатынастарды тек құқықтың ғана реттемейтіндігін есте ұстау қажет. Бір қоғамды өмір сүретін адамдар өзін-өзі ұстаудың әралуан ережелеріне мысалы, әдет-ғұрып, мораль нормалары, діни және корпоративтік нормаларға бағынады.

Ұзақ мерзім бойы сансыз көп қайталануы нәтижесінде қалыпқа айналып, өзін-өзі ұстаудың тарихи қалыптасқан ережесі **әдет-ғұрып** болып есептеледі. Мысалы, әр алуан халықтардағы үйлену әдет-ғұрпы.

Ал, **моральдық нормалар** адалдық және қиянат, әділеттілік және әділетсіздік, ар-намыс және арсыздық және т.б. осы сынды өнегелік құндылықтар туралы қоғамда қалыптасқан түсінікті сипаттайды. Өз жолдастарына сатқындық істемеу, сүйікті адамыңның көзіне шөп салмау, жалған сөйлемеу және т.б. ережелер қандай да бір арнайы түсіндіруді талап ете қоймас.

Бүгінде рөлі артып келе жатқан **діни нормаларға** рухани ұстанымдар арқылы қоғамдық қатынастарды реттестіру міндеті жүктелуде. Адам Алланың еркін яғни, басқалай айтқанда, өсиеттерді өзін-өзі ұстаудың ережесі ретінде қабылдайды және Алланы осы өсиеттердің бекітушісі ретінде мойындайды.

**Құқық** адам қоғамының дамуының белгілі бір сатысында мемлекетпен бірге пайда болады. «Құқық» ұғымының екі мағынасы бар. Біріншісі, субъективті мағынасы субъектінің (тұлғаның және тұлғалар тобының) бостандығына және өзін-өзі ұстаудың шегіне байланысты болады. Мысалы, білім алуға құқығы, еңбек ету бостандығына құқық, сайлау және (мемлекеттік органдарға) сайлану құқығы.

Екіншісі, объективтік мағынадағы құқық. Ол дегеніміз - мемлекет шығарған немесе бекіткен, мемлекеттік аппараттың күшімен қамтамасыз етіліп отыратын жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы. Бұл анықтамадан құқықтың келесідей белгілерін шығаруға болады: нормативтілігі, жалпыға міндеттілігі, мемлекеттің кепілдік беруі, формалды айқындылығы, жүйелілігі.

**Құқық жүйесі** – оның бөлімдерінің ұйымдастырылуы мен орналасуының белгілі тәртібі. Құқық жүйесінің құрамдас бөлігі болып құқық салалары, құқық институттары және құқық нормалары танылады.

**Құқық саласы** – қоғамдық қатынастардың белгілі бір түрлерін реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

**Құқық институттары** – бұл жүйеге бір-бірімен байланысты нормалардың және қоғамдық қатынастардың ұқсастығына қарай реттеп, басқару.

**Құқық нормалары** – ол қоғам мүшелерінің мінез құлқын, іс-әрекетін реттейтін мемлекетпен қамтамасыз етілетін нормативтік құқықтық актілерде бекітілген ережелердің арнайы бір түрі. Құқық жария және жеке құқық деп бөлінеді. **Жария құқығы** – мемлекетпен өзге де тұлғалардың арасындағы қатынастарды реттейтін және бұқаралық, қоғамдық мүддені көбірек білдіретін құқық саласы болып табылады. **Жеке құқық** – азаматтық құқықтың қатысушыларының арасындағы қатынастарды реттейтін құқық саласы болып табылады. Жария құқық мынадай салаларды құрайды: қылмыстық құқық, әкімшілік құқық, салық құқығы. Оған императивті (міндеттемелі) нормалар тән болады.

Жеке құқық (азаматтық құқық) мүліктік қатынастар мен жеке мүліктік емес қатынастарды негізінен өзара қатынастарының сипатын дербес айқындауға тараптарға мүмкіндік беретін диспозитивтілік (уәкілдік беруші нормалар) бастамаларда реттейді.

**Азаматтық құқық** – ол тауар, ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастарын реттейтін нормалардың жиынтығы болып табылады.

Құқық теориясы курсынан белгілі болғандай, құқық нақты жүйе құрады, оның ең үлкен буындары құқықтың салалары деп аталады. Құқық салаларын шектеу белгілері ретінде әдетте құқықтық реттеу пәні мен әдісін қолданады. Пән мен әдіс азаматтық құқықты

қазақстандық құқықтың жүйесінен бөліп алып, оқырмандардың азаматтық құқық туралы көзқарасының қалыптасуына әкелетін ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Кез келген сала сияқты азаматтық құқық та қоғамдық қатынастарды реттейтін және қалыптастыратын құқықтық нормалардан тұрады.

Бірақ та азаматтар қатысатын қатынастардың барлығы да азаматтық құқықпен реттелмейді, сонымен қатар азаматтық құқық, азаматтар мүлде қатыспайтын қоғамдық қатынастарға да әсер ете алады. Азаматтық құқық нормалары өндірілген өнімді сатып алу, оны теміржол, теңіз, өзен немесе әуе жолдары арқылы тасымалдау, осы жүкті сақтандыру, тасымалданған жүк үшін төлемдер алу және т.б. қоғамда кездесетін тараптар арасындағы қатынастарды реттейді.

Азаматтық құқық реттейтін қоғамдық қатынастар шеңбері өте кең және әртүрлі, сондықтан оларды толықтай атап өту мүмкін емес. Бұны істеудің қажеті де жоқ, өйткені азаматтық-құқықтық ғылымының пәніне азаматтық құқық реттейтін қоғамдық қатынастардың барлығын нақтылықпен атап өту кірмейді, оған азаматтық құқық деп аталатын саланың бір пәнінде олардың барлығын біріктіруге мүмкіндік беретін жалпы қасиеттерін анықтау жатады.

Азаматтық құқықтың пәні болып мүліктік және мүліктік емес қатынастар табылады. Азаматтық құқықтың мүліктік қатынастармен айналысатыны бірден көзге түседі. Мүліктік қатынастар деп әдетте түрлі материалдық қажеттіліктер, яғни заттар, жұмыстар, қызметтер және басқа мүліктер жайында туындаған қоғамдық қатынастарды айтады.

Бірақ азаматтық құқық біздің қоғамда пайда болатын барлық мүліктік қатынастарды реттемейді, ол тек қана мүліктік-бағалы қатынастар деп аталатын нақты бөлігін ғана реттейді.

Дамыған ақша жүйесі шарттарында мүліктік-құнды қатынастардың негізгі көлемін тауарлық-ақшалы қатынастары құрады. Біздің қоғамда бар тауарлық-ақшалы қатынастардың өте тез дамуы оларға адекватты құқықтық нысан қолданған кезде ғана мүмкін бола алады.

Азаматтық заңдылыққа сәйкес азаматтық құқық пәнінің екінші бір құрамдас бөлігін жеке мүліктік емес қатынастар қарастырады. Өзіне тән белгілеріне сәйкес жеке мүліктік емес қатынастар, ең аз дегенде екі қасиетке сүйене отырып, келесі түрлерде сипатталады. Біріншісі, көрсетілген қатынастар мүліктік емес қажеттіліктер негізінде көрініс табады, мысалы, ар, намыс, іскерлік бедел, азамат аты, авторлық шығарма, өндірістік үлгі, т.б. жайында туындайды. Екіншіден, жеке



мүліктік емес мүлікпен байланысты қатынастар (мәселен, бұған белгілі бір құқықтар жатқызылады). Бұл қатынастарда азаматтардың немесе ұйымдардың даралығы көрініп, олардың әлеуметтік қасиеттерін бағалау жүргізіледі.

Пәннің осы екі құрамдас бөліктерінің сыртқы қарама-қайшылығына қарамастан, мүліктік-құнды және жеке мүліктік емес қатынастарды азаматтық құқық деп аталатын салада біріктіретін жалпы қасиетін анықтау керек.

Мүліктік-құнды қатынастарға қатысушылар осы қатынастарды құрған материалдық қажеттіліктер болып табылатын еңбектің саны мен сапасын өзара бағалай алады деп анықтайды. Жеке мүліктік емес қатынастар өз кезегінде осы қатынастарға қатысатын азаматтардың, тұлғаның дара қасиеттерін өзара бағалай алады деп есептейді.

**Азаматтық-құқықтық реттеу әдістері.** Азаматтық құқық пәнінің түсінігі азаматтық құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастар туралы мәселелермен байланысты болса, әдіс түсінігі осы қоғамдық қатынастардың азаматтық құқық нормаларымен қалай реттелетіні туралы мәселелермен байланысты. Сондықтан құқықтық реттеу пәні мен әдісі арасында қатты байланыс бар. Әдіс құқықтық реттеу пәнінің ерекшеліктерімен қайта анықталады.

Азаматтық құқық пәнін құрайтын қоғамдық қатынастар өзара бағалау сипатына ие. Қоғамдық қатынастарға қатысушылардың өзара бағалауы тек қана бағалаушы тараптар тең болғанда ғана қалыптаса алады. Сондықтан мүліктік-құнды және жеке мүліктік емес қатынастар тараптардың теңдік негізінде реттелсе ғана толық дами алады. Қорытындылай келсек, азаматтық құқықтарда тараптардың заңдық теңдігі әдісі қолданылады. Азаматтық құқықта бұны диспозитивтік қағида деп қарастырады.

Азаматтық құқықта тараптардың теңдігі дегеніміз – екі қатынасқа түсуші тараптың ешқайсы да азаматтық құқықтық қатынастарда өзінің осы құқықтық қатынастарда алатын орнын жоғары қоя алмаушылығымен айрықшаланады. Тараптардың заңдық теңдік әдісін қолдану азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушыларға тәуелсіздік қамтамасыз етеді, заңмен рұқсат етілген кез келген әрекеттер орындауға мүмкіндік береді. Бұл нарықтық экономика шарттарында азаматтық айналымның дамуы үшін өте маңызды.

Осылайша, азаматтық құқық деп тараптардың заңдық теңдігі бастауларында мүліктік-құнды және жеке мүліктік емес қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығын қарастырамыз.

**Азаматтық құқық қағидалары түсінігі.** Азаматтық құқық



қағидалары деп қоғамдық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеудің негізгі бастауларын айтады. Азаматтық құқық қағидалары бүкіл азаматтық заңдылықтарды қамтиды, оның ең маңызды қасиеттерін сипаттайды. Сондықтан азаматтық заңдылықтардың нормаларын түсіну және қолдану азаматтық құқықтың жалпы қағидаларын ескергенде ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Азаматтық құқық қағидалары бүкіл азаматтық заңдылықтарды қамтып қана қоймай, азаматтық заңдылықтардың толық көлемін қамти отырып, АҚ 2 бабында көрініс тапқан.

Азаматтық құқық қағидалары, азаматтық қатынастарды заңдылық қарастырмаған жағдайларда, құқық аналогияның негізінде қолдануданылады, яғни, азаматтық құқықтың нақты нормасымен реттелмеген қоғамдық қатынастарды реттеу үшін азаматтық заңдылықтардың негізгі бастаулары азаматтық құқық қағидалары қолданылады. Азаматтық құқықтың мынадай қағидалары бар (ҚР АҚ 2 бабы):

Азаматтық құқықтар құқық қатынасқа түсуші тараптардың теңдігілігін;

Меншікке қол сұқпаушылық;

Жеке істерге рұқсатсыз кіріспеушілік;

Нұқсан келтірілген құқықтардың қалпына келтірілуін қамтамасыз ету, олардың сотта қорғалуы;

Келісімнің, шарттың еріктілік қағидасы және т.б.

**Азаматтық құқық жүйесі.** Тараптардың заңдық теңдігі негізінде мүліктік-бағалы және жеке мүліктік емес қатынастарды реттейтін азаматтық құқықтық нормалары ретсіз емес, олар нақты жүйеде орналасқан. Азаматтық құқық жүйесі объективті тұрғыда құрылған және азаматтық құқық пәніне кіретін қоғамдық қатынастардың өзіндік ерекшелігіне негізделген. Көптеген азаматтық құқық пәніне кіретін қоғамдық қатынастардың жалпы қасиеттері оларды құқықтық реттелуінің бірегейлігін, ал осы қатынастардың нақты түрлерінің кейбір сипаттамалары олардың құқықтық реттелуінің дифференциациясын қайта анықтайды. Азаматтық құқық жүйесі бойынша екі бөлімге бөлінеді, олар **жалпы** және **ерекше** бөлім. Азаматтық құқық бөлімінің пәніне кіретін қоғамдық қатынастардың бір сипаттылығы кез келген мүліктік-бағалы және жеке мүліктік емес қатынастарды реттеу кезінде қолданылатын азаматтық құқық нормаларын бөліп алуға мүмкіндік береді. Бұл құқықтық нормалардың жиынтығы азаматтық құқықтың жалпы бөлігін құрайды. Ол салалық реттеу пәнінің бір

түрін көрсетіп, барлық салалық нормалар үшін біріктіруші бастау ретінде қызмет етеді, олардың заңды мазмұнының жалпылығын анықтайды. Жалпы бөлік табиғаты бірдей қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуде қарама-қайшылықтарды болдырмауға және азаматтар мен ұйымдардың әрекеттерінің жеке салаларында пайда болатын қоғамдық қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеудің қажетті бірегейлігін қамтамасыз етеді. Жалпы бөлім азаматтық құқықтың жалпы ережелерін, меншік және өзге де заттық құқықтарды, міндеттемелік құқықтарды, шарт жөніндегі жалпы ережелерді қарастырса, ерекше бөлім міндеттемелердің жекелеген түрлерін, интеллектуалдық меншік құқығын, мұралық құқық және халықаралық жеке құқық қатынастарын зерделейді.

Азаматтық құқық салаларға бөлінеді:

Заттық құқық	Материалдық құндылықтарды иелену процесіндегі қатынастар
Міндеттемелік құқық	Материалдық құндылықтардың ауысу процесіндегі қатынастар.
Жеке мүліктік емес қатынастар	Жеке адамнан бөлек қаралмайтын материалдық емес құндылықтар туралы қатынастар
Интеллектуалдық меншік	Шығармашылық интеллектуалдық қызмет нәтижелері бойынша қатынастар
Мұрагерлік құқық	Мүліктің мұрагерлерге ауысуы туралы қатынастар

Азаматтық құқықтық қатынастардың түрлері:

1. мүліктік	жеке мүліктік емес
2. абсолюттік	салыстырмалы
3. заттық	міндеттемелік

## **1.2. Азаматтық заңдар: ұғымы, құрамы, қолданылу шектері**

**Азаматтық құқықтың қайнар көздері** – бұл жалпы міндетті сипатқа ие азаматтық-құқықтық нормаларды білдіру нысаны.

Қазақстан Республикасында құқықтың негізгі қайнар көзі нормативтік құқықтық акті болып табылады. Азаматтық-құқықтық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы **азаматтық заңнама** деп аталады. Азаматтық құқықтың қайнар көздеріне құқықты қолданудың жеке актілері – шарттар, заңды тұлғалардың жарғылары жатпайды. Бұлар қатысушыларының ғана қатынастарын реттейді, оны қабылдағандарға ғана міндетті болып табылады.

Ұлттық заңдардан басқа ҚР қатысушысы болып табылатын **халықаралық шарттардың** нормалары да ҚР қолданылады. Халықаралық шарттар ҚР ұлттық заңдарының алдында артықшылықтарға ие. Егер ҚР нормативтік актісінде қолданылатын ережеге қарағанда халықаралық шартта өзгеше көзделсе, онда халықаралық шарт қолданылады.

Азаматтық қатынастар, егер **әдеттегі құқықтар** соның ішінде іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтар Қазақстан Республикасы аумағында қолданылып жүрген азаматтық заңдарға қайшы келмесе, солармен реттелуі мүмкін (ҚР АҚ 3-бабының 4-тармағы). Әдеттегі құқықтардың арасынан кәсіпкерлік қызмет саласында қалыптасып қолданылып жүрген іскерлік айналымды айтуға болады. Әсіресе, халықаралық сауда саласында қалыптасқан әдеттер жиі пайдаланылады.

Атап айтқанда, Париждік сауда-өнеркәсіптік палатасы құрастырған Инкотермс жиынтығында халықаралық сауда әдеттері бекітілген. Қазірде бұл әдеттерді ресми емес жүйелендірудің нәтижесі болып табылатын Инкотерм 2010 қолданылуда. Егер тараптар өз шарттарына олардың қатынастарына Инкотермсті қолдану туралы арнайы нұсқаулар енгізсе ғана қолданылады

**Азаматтық заңдар** – әр нормативтік актінің заңи күшіне орай өз орны бар қатаң анықталған сатылық жүйені білдіреді.

Азаматтық-құқықтық актілер екі деңгейге бөлінеді:

- a) заңнамалық актілер;
- b) заңға тәуелді актілер.

ҚР АҚ 3-бабының 1-тармағында азаматтық-құқықтық **заңнамалық актілердің** жабықтізімі бекітілген. ҚР азаматтық заңдары Азаматтық кодекстен, Қазақстан Республикасының оған сәйкес қабылданған өзге де заңдарынан, Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарынан, Парламенттің қаулыларынан, Парламенттің Сенаты мен Мәжілісінің қаулыларынан тұрады.

**Заңға тәуелді актілерге:** ҚР Президентінің жарлығы және ҚР Үкіметінің қаулылары жатады. Мұның да тізімі жабық. Аталған актілер заңнамалық актілерге жатпайды.

Азаматтық заңдардың басты актісі болып Жалпы және Ерекше бөлімдерден тұратын **ҚР АҚ** болып табылады. ҚР Жоғары Кеңесінің қаулысымен Жалпы бөлім 1994 жылдың 27 желтоқсанында қабылданып, қолданысқа 1995 жылдың 1 наурызында енді. Ерекше бөлім 1999 жылдың 1 шілдесінде қабылданып, осы мерзіммен қолданысқа енгізілді.

**Заңдар** – жоғары өкілдік орган (Парламент) тарапынан ерекше тәртіпте қабылданатын, өзге НҚА қарағанда жоғары заңи күшке ие болатын және аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілер болып табылады. Мысалы, ҚР 1998 жылғы «ЖШС және ҚЖС туралы», 2001 жылғы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», 1997 жылғы «Банкроттық туралы» заңдары және т.б.

«Банктер және банктік қызмет туралы», «Шаруашылық серіктестіктер туралы» сияқты **ҚР Президентінің заң күші бар Жарлықтары**. Қазіргі күні бұлардың көбі заң мәртебесін алды.

Азаматтық заңдар құрамындағы **заңдарға тәуелді актілер** – ол Президенттің Жарлығы және Үкіметтің қаулылары. Оларға міндетті АҚ сәйкестік талабы қойылады.

Министрліктер және өзге де орталық атқару органдары, сонымен қатар жергілікті өкілді органдар мен атқарушы органдар азаматтық құқықтық актілерді шығара алады, бірақ олардың құқық шығармашылығы күрт шектеулі. Аталған органдар актілерді азаматтық құқық саласында тек АҚ және өзге де азаматтық заңдарда көзделген жағдайлар мен шектерде ғана шығара алады.

### **Нормативтік құқықтық актілердің сатысы**

ҚР Конституциясы – жоғарғы заңды күшке ие

Конституцияға қосымшалар мен толықтырулар енгізетін заңдар
Конституциялық заңдар және ҚР Президентінің конституциялық заң күші бар жарлықтары
Кодекстер
Заңдар және ҚР Президентінің заңды күші бар жарлықтары
ҚР Парламентінің нормативтік қаулылары
ҚР Президентінің нормативтік жарлықтары
Үкіметінің нормативтік қаулылары
Министрлердің нормативтік бұйрықтары, министрліктердің және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік қаулылары
Маслихаттар мен әкімдердің нормативтік шешімдері, әкімшіліктердің нормативтік қаулылары

Сондай-ақ, ҚР Конституциясында бекітілген «қолданыстағы құқық» ұғымына назар аударған жөн. Оған Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттар мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары жатқызылады.

Азаматтық заңдардың уақытқа қарай қолданылуы

Уақытына қарай қолданылуы. Жалпы ережеге сәйкес заң ресми жарияланған күннен бастап 10 күн ішінде күшіне енеді. Заңның өзге де тәртіп бойынша күшіне енуі мүмкін. Ол шұғыл күшіне енгізу қажет болған жағдайда қолданылады. Онда заңның өз мәтінде қашан күшіне енетіні белгіленеді – ресми жарияланған күннен бастап.

Мысалы, кодекстерді қабылдау барысында негізгі заңды қолдануға енгізу тәртібі туралы арнайы кіріспе актісі қабылданады.

Азаматтық заң құжаттарының кері күші болмайды және өздері күшіне енгізілгеннен кейін пайда болған қатынастарға қолданылады (АК 4-бабы). Сонымен бірге, азаматтық заңнама актілерінің заңдық күші өздері күшіне енгізілгенге дейін пайда болған қатынастарға, бұл оларда тікелей көзделген реттерде қолданылады.

Көптеген азаматтық құқықтық қатынастар созылмалы болып табылады. Мұндай қатынастардың қолданылу кезеңінде аталған қатынастарды реттейтін заңдар өзгеруі немесе күшін жоғалтуы мүмкін. АҚ 4-бабында мынадай ереже бекітілген: азаматтық заң құжаттары күшіне енгізілгенге дейін пайда болған қатынастар бойынша ол өзі күшіне енгізілгеннен кейін пайда болған құқықтар мен міндеттерге қолданылады.

Ұзақ мерзімді шарттар үшін ерекше ережелер бекітілген. Егер шарт жаңа заң күшіне енгенге дейін жасалынса, ал орындалуы кейін жүзеге асырылатын болса, қалай болуы тиіс? ҚР АҚ 383 бабына сәйкес, егер шарт жасалғаннан кейін шарт жасалған кезде қолданылып жүрген ережелерден өзгеше, тараптар үшін міндетті ережелер заңдармен белгіленген болса, жасалған шарттың ережелері оның күні бұрын жасалған шарттардан туындайтын қатынастарға да қолданылады деп заңдармен белгілегендегіден басқа жағдайларда өз күшін сақтайды.

Кеңістіктегі және тұлғаларға қатысты қолданылуы: азаматтық заңнаманың актілері ҚР бүкіл аумағында заңи күші болады және ҚР аумағындағы барлық тұлғаларға (ҚР азаматтарына, заңды тұлғаларға, мемлекетке және әкімшілік-аумақтық бірліктерге) қолданылады.

Сондай-ақ, олар шетел азаматтарына, азаматтығы жоқ тұлғаларға, ҚР аумағында жұмыс істейтін заңды тұлғаларға қатысты қолданылады. Өйткені, ҚР АҚ 3-бабының 7-тармағына сәйкес егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, шетелдік жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар азаматтық заңдарда Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары үшін қандай құқықтар мен міндеттер көзделсе, нақ сондай құқықтарға ие болуға құқылы және сондай міндеттерді орындауға міндетті.

Жалпылай алғанда, қоғамдық қатынастарды және кейбір мүліктік қатынастарды тікелей реттейтін құқықтық нормалардың жоқтығы кейде кездесіп қалады. Мұндай жағдайлар құқықтағы ақтаңдақтар деп аталады. Осы ретте, қандай да бір дауды шешудің әдісі ретінде ұқсастықты қолдануға құқық жол береді. Ұқсастық екі түрде болуы мүмкін:

- *заң ұқсастығы*, заңдармен немесе тараптардың келісімімен тікелей реттелмеген және оларға қолдануға келетін әдет-ғұрып болмаған жағдайларда, мұндай қатынастарға, олардың мәніне қайшы келмейтін болғандықтан, азаматтық заңдардың ұқсас қатынастарын реттейтін қалыптары қолданылады. Мысалы, сатып алу сату шар-

ты туралы нормаларды ұқсастық бойынша айырбас қатынастарына қолдануға болады.

- *құқық ұқсастығы*, тараптардың құқықтары мен міндеттері ҚР АҚ 2-бабында бекітілген азаматтық заңдардың жалпы негіздері мен мәні негізге алына отырып белгіленеді.

### **1.3. Тапсырмалар**

#### **Есеп 1-1**

Абдыкаримов. Н. қонақүй әкімшілігіне өзінің бөлмесінен жоғалған заттарының (костюм, валюта) құнын өтеттіріп алу туралы арыз жазды. Қонақүй әкімшілігі Ниязовтың арызына өз наразылықтарын білдірді және мұны заттарды қонақүйде тәулік бойы жұмыс істейтін сақтау камерасына тапсыру керектігі көрсетілген қонақүй әкімшілігінің өкімімен дәйектеді. Бұл өкімде сақтау камерасына тапсырылмай, қонақүй бөлмелерінен жоғалған заттарға әкімшіліктің жауап бермейтіндігі көрсетілген болатын. Бұл өкім қонақүйдің барлық көрінетін жерлеріне ілінген және қонақүйде бекітілген бұл ережелерді Ниязовтың білмеуі мүмкін емес еді.

Н. Абдыкаримовтың адвокаты өз клиентінің қонақүйге орналасу барысында аталған заттарды сақтау камерасына өткізгендігін және оларды өзі шақырылған салтанатты кештің алдында ғана алғандығына соттың назарын аударады. Костюм мен валютаны өз нөміріне апарғаннан кейін, Н. Абдыкаримов кешкі асқа кеткен және қайтып келгенде заттардың жоғалғанын байқайды. Ал, қонақүйдің өкіміне келер болсақ, онда ол нормативтік құқықтық акті болып табылмайды және ешқандай келісімсіз, ақша, валюталық құндылықтар мен бағалы қағаздарды қоспағанда, қонақүйдің сақтаушы ретінде жауап беретіндігі қарастырылған ҚР АҚ 789-бабына қайшы келетіндігіне сілтеме жасайды.

Сонымен қатар, АҚ бұл бабында өзіне жауапкершілікті алмайтындығы жөнінде хабарландырулар ілсе де, тұрғындардың жоғалған заттары үшін қонақүй жауаптылықтан босатылмайды деп қарастырылған еді.

Қонақүйдің өкілі өз кезегінде қонақүй сақтаушы ретінде жауап бермейді деп көрсетілген, қалалық мәслихат шешімімен бекітілген, Қала қонақүйлерінде тұру Ережелеріне сілтеме жасады.



### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

1. Есептің мазмұнына орай, осы дау бойынша сот қандай шешім шығаруы тиіс?
2. Қай нормативтік-құқықтық актінің заңи күші жоғарырақ болады: ҚР АҚ нормалары ма немесе қалалық мәслихат шешімімен бекітілген, Қала қонақүйлерінде тұру Ережелерінің бе?
3. Нормативтік құқықтық актінің ұғымын беріңіздер.
4. НҚА қай негізі бойынша нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы қалыптасады?
5. Әр алуан нормативтік құқықтық актілердің арасындағы қайшылықтарды еңсерудің ережесін ашыңыз?

### **Есеп 1-2**

Жол-көлік оқиғасы болды. Бағдаршамның рұқсат ететін сигналымен көше қиылысынан өтіп бара жатқан «Жигули» автокөлігі, жол жүру ережелерін бұзған қала бағытындағы автобуска соғылады. Бұл оқиғаның нәтижесінде «Жигули» жүргізушісінің денсаулығына ауыр зиян келтіріледі және оның автокөлігі елеулі жөндеуге мұқтаж халге түседі. Зардап шегуші жол-көлік оқиғасына кінәлі болған, автобус жүргізушісі жұмыс істейтін автобус паркін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тартуды талап етіп, сотқа жүгінеді. Талап қоюшының талабын әділ деп танып, ұйым өз кезегінде автобус жүргізушісінен регрестік тәртіпте шыққан шығындарды өндіріп алады. Сонымен қатар, құқық қорғау органдары автобус жүргізушісін қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселесін де қарастырады.

### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

1. Аталған қатынастарды құқықтың қай саласының нормалары реттейді?
2. Аталған құқықтық қатынасқа қатысушылардың арасында ешбір шарттық міндеттемелердің болмауы себепті, «Жигули» автокөлігінің жүргізушісі мұндай талаптарды қоюға құқылы ма еді?

## **1.4. Тестілер**

### ***1. Азаматтық құқықтың негізгі принципі:***

- a) императивтік
- b) тараптардың бағыныштылығы
- c) жауапкершілік
- d) тараптардың теңдігі

## **2. Заңнама дегеніміз не?**

- a) бекітілген нысанда және белгіленген тәртіпті сақтай отыра мемлекеттік билік органдары шығарған, жалпыға міндетті құқықтық актілердің жиынтығы
- b) нақты азаматтық істер бойынша сот шешімдерінің жиынтығы
- c) азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысушылардың мемлекетпен бекітілген мінез-құлық ережелері
- d) Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты қаулыларының жинағы

## **3. Диспозитивтік нормалар дегеніміз не?**

- a) азаматтық айналым қатысушылары өз қалаулары бойынша өзгерте алатын ережені қамтитын норма
- b) қатысушылардың іс-әрекеттері құқық нормаларында нақты көрсетіледі
- c) азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушылардың еркі заң шығарушының еркіне тәуелді болады
- d) басқа заңға тәуелді актілерге сілтеме жасайтын нормалар

## **4. Азаматтық заңнама келесі жағдайларда пайда болған қатынастарға қолданылады:**

- a) ол күшіне енгенге дейінгі
- b) ол күшіне енгеннен кейінгі
- c) тараптардың келісімі болған жағдайда ол күшіне енгеннен кейінгі
- d) тараптардың келісімі болған жағдайда ол күшіне енгенге дейінгі

## **5. Төменде көрсетілген актілердің қайсысы заң актілері болып табылады:**

- a) Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы
- b) Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қаулысы
- c) Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының нормативтік қаулысы
- d) Қазақстан Республикасының Президентінің жарлықтары

## **6. Азаматтық заңнама отбасы және еңбек қатынастарына:**

- a) қолданылмайды
- b) егер бұл қатынастар отбасы және еңбек заңдарымен реттелмесе қолданылады

- c) егер бұл қатынастар мүліктік болса қолданылады
- d) егер бұл қатынастар мүліктік қатынастармен байланысты мүліктік емес жеке қатынастар болса қолданылады

**7. Төменде көрсетілген әдістердің ішінен азаматтық құқықтарды қорғау әдістеріне жатпайтын әдісті көрсетіңіз:**

- a) құқықты мойындау
- b) құқық бұзылғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру
- c) несие
- d) шығындарды өтеу, айып төлеу

**8. Азаматтық-құқықтық қатынастардың ерекшелігі неде?**

- a) азаматтық құқық қатынастары басқару құрылымдарының еркіне тәуелді
- b) азаматтық қатынастар қатысушылардың теңдігіне негізделеді
- c) императивтік сипатқа ие
- d) азаматтық құқық қатынастары әкімшілік бағыныштылыққа негізделеді

**9. Азаматтық заңнама актілерінің кері күші бола ма?**

- a) иә
- b) жоқ
- c) егер актінің өзінде тікелей көрсетілсе болады
- d) егер бұл туралы азаматтық құқық қатынастары қатысушыларының арасында келісім болса, болады

**10. Азаматтық-құқықтық нормалар мазмұндалады:**

- a) сот прецеденттерінде
- b) ұлттық әдет-ғұрыптарда
- c) азаматтық құқық ғылымында
- d) нормативтік құқықтық актілерде

**11. Аталған актілердің қайсысы азаматтық құқықтың қайнар көзі болып табылады?**

- a) ҚР Президентінің «ҚР Конституциялық Кеңесі туралы» Жарлығы
- b) «Акционерлік қоғамдар туралы» Заң
- c) «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық Заң.
- d) «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заң.

**12. Қай нормативтік актінің заңды күші жоғары?**

- a) кодекс
- b) заң
- c) Жоғарға соттың нормативтік қаулысы
- d) Үкімет қаулысы

**1.5. Нормативтік-құқықтық актілердің тізімі**

ҚР Конституциясы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

ҚР 1994 жылдың 27 желтоқсанында қабылданған азаматтық кодексі (Жалпы бөлімі), соңғы өзгерістер мен толықтырулармен бірге.

ҚР «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылдың 24 наурызындағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

## 2-тақырып. Азаматтық құқықтық қатынас түсінігі

2.1. Азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болу негіздері

### 2.2. Нормативтік құқықтық актілердің тізімі

Түрлі нормативті актілердегі азаматтық-құқықтық нормалар азаматтық құқық пәнін құрайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге шақырылған. Азаматтық-құқықтық реттеу механизмін ашуда басты рөлді азаматтық құқықтық қатынас түсінігі атқарады.

Қоғамдық қатынастардың азаматтық құқық нормаларын реттеу нәтижесінде олар құқықтық нысанды иемденіп, азаматтық құқықтық қатынасқа айналады. Азаматтық құқықтық қатынас – бұл азаматтық құқық нормасымен реттелген қоғамдық қатынас. Оның пәніне мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастар кіреді. Мүліктік қатынастарды азаматтық құқықпен реттеу нәтижесінде азаматтық мүліктік құқық қатынастары туындайды. Егер жеке мүліктік емес қатынастар азаматтық құқық нормаларымен реттелмесе, жеке мүліктік емес құқық қатынастар тағайындалады.

Азаматтық құқық ең алдымен, қоғамның экономикалық базисі төңірегіндегі жатқан мүліктік қатынастармен байланысты. Олардың құқықтық реттелуі азаматтық құқықтық қатынастарда көрінбейтін бірқатар ерекшеліктермен сипатталады.

Азаматтық құқықтық қатынастардың ерекшеліктері. Азаматтық құқық пәніне кіретін қоғамдық қатынастар тараптардың заңдық теңдігі әдісімен реттеледі. Тараптардың заңдық теңдігі азаматтық құқықтық қатынастың негізгі қасиеті болып табылады. Осы қасиеттің жойылуынан құқықтық қатынас табиғаты да өзгереді. Азаматтық құқықтық қатынас оның құрамы мен элементтері түрінде қарастырылады, оларға құқықтық қатынастың мазмұны, нысаны, субъектілері мен объектілері кіреді.

Азаматтық құқықтың элементтерін талқылайтын болса, алдымен қатынасқа түсуші тараптары, яғни азаматтық құқықтық қатынас субъектілерінің құқықтық жағдайына зейін салу керек. **Азаматтық құқық қатынас субъектілері** деп қатынасты қалыптастырушы тарапты қарастырамыз. Негізінен оларды басты үш түрге жіктеуге болады жеке тұлғалар, заңды тұлғалар және мемлекет деп. Азаматтық құқық қатынас адамдар арасында қалыптасады. Сондықтан субъект түрінде жеке индивидтер, әйтпесе белгілі бір адамдар ұйымы көрінеді.

Біздің елде субъект түрінде тек Қазақстан Республикасының азаматтары ғана емес, шетел азаматтары жеке азаматтығы жоқ тұлғалар бола алады.

Сонымен, азаматтық құқық қатынас субъектілері мыналар:

Қазақстан азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар

Қазақстандық және шетелдік заңды тұлғалар

Қазақстан Республикасы әкімшілік-территориялық бірлестер

**Азаматтық құқық қатынас объектілері.** Азаматтық құқық қатынас объектісі түрінде оның субъектілерінің материалдық және жеке материалдық емес игіліктерге бағытталған әрекеттері мен нақты азаматтық құқықты қалыптастырушы жағдайларды жатқызамыз. Азаматтық мүліктік-құқықтық қатынастың спецификасы оның мүшелері өз әрекеттері мен тек бір-біріне ғана емес, белгілі бір материалдық игіліктерге әсер ете алатындығында. Жалпы азаматтық құқықтың объектілерін мынадай түрлерге жіктеу арқылы зерттеуге болады: мүлік – зат сипатындағы, мүліктік емес қатынастар, жұмыс және қызмет, ақпарат, интеллектуалдық меншік нәтижелері. Мүліктік қатынас деп мүліктік-құнды қатынастарға қатысушылар осы қатынастарды құрған материалдық қажеттіліктер болып табылатын еңбектің саны мен сапасын өзара бағалай алады деп анықтайды. Жеке мүліктік емес қатынастар өз кезегінде осы қатынастарға қатысатын азаматтардың, тұлғаның дара қасиеттерін өзара бағалау жағдайларын қарастырған.

Азаматтық құқықтың тағы бір қажетті элементінің бірі ретінде **мазмұны** қарастырылады, мазмұны деп осы азаматтық қатынасты қалыптастырушы тараптардың арасындағы негізгі **құқықтары** мен **міндеттерін** айтамыз. Ал азаматтық құқықтың **нысаны** деп осы жоғарыдағы жағдайларды рәсімдеу тәртібін айтамыз, мысалы азаматтық қатынасты ауызша немесе жазбаша нысанда рәсімдеуге болады.

Азаматтық қатынастар тақырыбын қарастыруда тағы бір зейін сала кететін жағдай ол азаматтық қатынастарды жіктеу болып табылады. Азаматтық қатынастарды мынандай түрлерге жіктеуге болады:

Азаматтық құқық көлеміне байланысты: мүліктік және жеке мүліктік емес;

Реттеу тәсіліне байланысты: заттық және міндеттемелік;

Тұлғаның құқықтық жағдайына байланысты: абсолютті және салыстырмалы;

Қатысушылардың арасындағы құқықтық жағдай бойынша: күрделі және қарапайым болып бөлінеді.

## **2.1. Азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болу негіздері**

Азаматтық заңдағы құқықтық нормалар өз бетімен азаматтық құқықтық қатынастарды тудырмайды, өзгертпейді және жоймайды. Ол үшін құқықтық нормалармен қарастырылған жағдайлар туындауы қажет, оларды азаматтық заңды дерек деп атаймыз. Сондықтан заңдық деректер құқықтық норма мен азаматтық құқық қатынас арасындағы байланыстырушы бөлік түрінде көрінеді. Заңдық дерексіз бірде-бір азаматтық-құқықтық қатынастар бекітілмейді, өзгертілмейді және жойылмайды.

Заңдық деректер азаматтық құқықтық қатынас негізінде жатқандықтан және оларды бекітуді, өзгертуді немесе жоюды тудыратындықтан, оларды азаматтық құқықтық қатынас негіздері деп атайды.

Азаматтық заңда азаматтық құқықтық қатынастар негізі түріндегі бірнеше заңдық деректер қарастырылған. Осы деректердің жалпы тізімі АҚ 7 бабында берілген. Жалпы азаматтық құқықта заңды деректердің пайда болуының негізгі екі түрін бөліп қарастырады, біріншісі нақты іс-әрекет негізінде, ал екіншісі оқиға негізінде. Жалпы заңдық деректер ағымдық сипатына қарай оқиға және әрекет деп бөлінеді. Оқиғаларға адам еркінен тыс шығатын жағдайлар жатады. Мысалы, апат жағдайлары, адамның тууы мен өлуі, белгілі бір уақыт аралығының аяқталуы, т.б. Ал әрекет адам еркімен жасалады. Мысалы, келісімге отыру, міндетті орындау, туынды жасау, ұрпақ қабылдау, т.б. Оқиға тек табиғат күшімен емес, адам әрекетімен де жасалады. Азаматтық құқық адамдардың қоғамдық қатынастарын реттейтіндіктен, азаматтық құқықта заңды фактілердің негізгі массасын адамдар әрекеті құрайды.

Әрекет өз кезегінде құқықтық және құқықтық емес болып бөлінеді. Құқықтық емес әрекеттер заң талаптарына немесе басқа нормативтік актілерге қайшы келеді. Мысалы, басқа тұлғаға зиян келтіру оның орнын жабу бойынша міндет бекітуді тудырады. Ал құқықтық әрекеттер азаматтық заң талаптарына сай келеді. Азаматтық құқық экономикалық айналымның қалыпты дамуын қамтамасыз



ететіндіктен, заңдық деректердің көбісін азаматтық құқықтық әрекеттер құрайды. Бірақ құқықтық әрекеттердің заңдық мағыналары азаматтық құқықта әрқашан бірдей емес.

Барлық құқықтық әрекеттер өзінің заңдық мәні бойынша заңдық әрекет және заңдық актілер деп бөлінеді. Заңдық әрекет – бұл заңдық әрекет жасаған тұлға еркінен тыс, ал кейде тәуелді азаматтық-құқықтық зардап тудыратын құқықтық әрекеттер. Ал заңдық әрекеттерге қарағанда заңдық актілер – бұл осы зардапты арнайы тудыру үшін жасалғанда заңдық зардаптарды тудыратын құқықтық әрекеттер. Заңдық актілер құрамына әкімшілік актілер мен мәмілелелерді жатқызады. Сонымен, азаматтық құқықтағы заңдық деректер келесідей жіктеледі: а) оқиға және әрекет; б) құқыққа жататын және құқықтық емес әрекеттер; в) заңдық әрекет және заңдық актілер; г) әкімшілік актілер мен мәмілелелер.

## **2.2. Нормативтік құқықтық актілердің тізімі**

ҚР Конституциясы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

ҚР 1994 жылдың 27 желтоқсанында қабылданған азаматтық кодексі (Жалпы бөлімі), соңғы өзгерістер мен толықтырулармен бірге.

## **3-тақырып. Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері**

**3.1. Азаматтар азаматтық-құқықтық қатынастардың субъектілері ретінде**

**3.2. Заңды тұлғалар туралы жалпы ережелер**

**3.2.1. Заңды тұлғалар түсінігі және белгілері**

**3.2.2. Заңды тұлғалардың түрлері және ұйымдық-құқықтық нысандары**

**3.2.3. Заңды тұлғаның атауы және тұрған жері**

**3.2.4. Заңды тұлғаның құқыққа қабілеттілігі**

**3.2.5. Заңды тұлғаның құрылуы**

**3.2.6. Заңды тұлғаның қайта құрылуы**

**3.3. Филиалдар мен өкілдіктер**

**3.4. Тапсырмалар**

**3.5. Тестілер**

**3.6. Нормативтік актілердің тізімі**

**3.1. Азаматтар азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері ретінде**

Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар жеке тұлғалар болып ұғынылады.

Азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті (азаматтық құқық қабілеттілігі) барлық азаматтарға бірдей деп танылады. Азаматтың құқыққа қабілеттілігі ол туған кезден басталып, қайтыс болған соң тоқтатылады.

*Азаматтың құқық қабілеттілігінің негізгі мазмұны.*

Азаматтың Қазақстан Республикасы шегінде де, одан тыс жерлерде де мүлкті, соның ішінде шетел валютасын меншіктенуге; мүлкті мұраға алып, мұраға қалдыруға; республика аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты жер таңдауға; республикадан тыс жерлерге еркін шығып кетуге және оның аумағына қайтып оралуға; заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген қызметпен айналысуға; дербес өзі немесе басқа азаматтармен және заңды тұлғалармен бірігіп, заңды тұлғалар құру; заң құжаттарында тыйым салынбаған кез келген

мәміле жасасып, міндеттемелерге қатысу; өнертабыстарға, ғылым, әдебиет және өнер шығармаларына, интеллектуалдық қызметтің өзге де туындыларына интеллектуалдық меншік құқығы болуға; материалдық және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқығы болады; басқа да мүліктік және жеке құқықтары болады.

Азамат тегі мен есімін, сондай-ақ қалауы бойынша – әкесінің атын қоса отырып, өз атымен құқықтар мен міндеттер алады және оларды жүзеге асырады. Заңдар бойынша азаматтардың жасырын түрде құқықтар иеленіп, міндеттерді жүзеге асыратын жағдайлары немесе бүркеншік ат (ойдан шығарылған есімді) пайдаланатын реттері көзделуі мүмкін.

Азаматтың туған кезде берілген есімі, сондай-ақ есімін өзгерту азаматтық хал актілерін тіркеу туралы заңдарда белгіленген тәртіп бойынша тіркелуге тиіс. Азамат өз есімін заң құжаттарында белгіленген тәртіп бойынша өзгертуге құқылы. Есімін өзгерту оның бұрынғы есімін, жасырын немесе бүркеншік атпен алған құқықтары мен міндеттерін тоқтатуға немесе өзгертуге негіз болмайды. Азамат өзінің борышқорлары мен несие берушілеріне өз есімін өзгерткені туралы хабарлау үшін қажетті шаралар қолдануға міндетті және бұл адамдар да оның есімі өзгертілгені туралы мәліметтер болмауынан туған ықтимал зардаптарға тәуекел етеді. Есімін өзгерткен азамат өзінің бұрынғы есімін рәсімделген құжаттарға тиісті өзгерістер енгізілуін талап етуге құқылы. Басқа бір адамның есімімен құқықтар мен міндеттер иеленуге жол берілмейді. Азамат өз есімі оның келісімінсіз пайдаланылған жағдайда, оған тыйым салынуын талап етуге құқылы.

Азаматтың есімін заңсыз пайдалану нәтижесінде оған келтірілген зиян өтелуге тиіс. Азаматтың тұрақты немесе көбінесе тұратын елді мекені оның тұрғылықты жері деп танылады. Он төрт жасқа толмаған адамдардың немесе қорғаншылықтағы азаматтардың тұрғылықты жері олардың ата-анасының, асырап алушыларының немесе қорғаншыларының тұрғылықты жері болып танылады.

Азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі (азаматтық әрекет қабілеттілігі) кәмелетке толғанда, яғни он сегіз жасқа толғаннан кейін толық көлемде пайда болады.

Заң құжаттарында он сегіз жасқа жеткенге дейін некелесуге рұқсат

етілетін жағдайда, он сегіз жасқа толмаған азамат некеге тұрған кезден бастап толық көлемінде әрекет қабілеттілігіне ие болады.

Егер заң құжаттарында өзгеше белгіленбесе, барлық азаматтардың әрекетке қабілеттілігі тең болады. Заң құжаттарында көзделген реттер мен тәртіп бойынша болмаса, ешкімнің де құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін шектеуге болмайды. Азаматтардың құқыққа қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін шектеудің заң құжаттарында белгіленген шарттары мен тәртібінің немесе олардың кәсіпкерлік не өзге де қызметпен айналысу құқығының сақталмауы тиісті шектеуді белгілеген мемлекеттік немесе өзге де органның құжатын жарамсыз деп тануға әкеліп соқтырады.

Азаматтың құқыққа қабілеттілігінен немесе әрекет қабілеттілігінен толық немесе ішінара бас тартуы және құқық қабілеттілігін немесе әрекет қабілеттілігін шектеуге бағытталған басқа да мәмілелер жарамсыз болады, бұған мұндай мәмілелерге заң құжаттарында рұқсат берілген реттер қосылмайды.

Азаматтар АҚ және өзге де заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда заңды тұлға құрмай-ақ, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқылы. Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу өз бетімен тіркелу сипатында жасалады және жеке кәсіпкер ретінде есепке алынады.

Азаматтардың заңды тұлға құрмай-ақ жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметіне, егер заңдарда немесе құқықтық қатынастар мәнінен өзгеше нәрсе туындамайтын болса, тиісінше АҚ коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалардың қызметін реттейтін ережелері қолданылады.

Төмендегі шарттардың біріне сәйкес келетін:

1) жалданбалы қызметкерлердің еңбегін тұрақты негізде пайдаланатын;

2) кәсіпкерлік қызметтен салық заңдарына сәйкес есептелген, Қазақстан Республикасының заң актілерінде жеке тұлғалар үшін белгіленген жиынтық жылдық табыстың салық салынбайтын мөлшерлерінен артық жиынтық жылдық табыс табатын жеке кәсіпкерлер міндетті мемлекеттік тіркеуге жатады.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік тіркеусіз аталған жеке кәсіпкерлердің қызметіне тыйым салынады.

Қызметкерлердің еңбегін тұрақты негізде пайдаланбайтын жеке тұлға Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мынадай табыстарды алу кезінде дара кәсіпкер ретінде тіркелмеуге құқылы:

- 1) төлем көзінен салық салынатын табыс;
- 2) мүліктік табыс;
- 3) өзге де табыстар.

Егер жеке кәсіпкер лицензиялануға тиіс қызметті жүзеге асырса, оның осындай қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы болуы міндетті. Лицензия лицензиялау туралы заңдарда белгіленген тәртіппен беріледі. Қазақстан Республикасының Үкіметі жеке кәсіпкерлерге лицензия берудің оңайлатылған тәртібін белгілеуге хақылы.

Азамат өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі бүкіл мүлікпен жауап береді, бұған заң құжаттарына сәйкес ақы өндіріп алуға болмайтын мүліктер кірмейді. Азаматтардың ақы өндіріп алуға болмайтын мүлкінің тізбесі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексімен белгіленеді.

### **Жеке кәсіпкердің банкроттығы**

Жеке кәсіпкердің дәрменсіздігі оны банкрот деп тануға негіз болып табылады. Жеке кәсіпкерлік банкроттығы АҚ 21 бабының 4-5-тармақтарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, заңды тұлғалар үшін белгіленген ережелер бойынша ерікті немесе мәжбүрлі тәртіппен танылады. Жеке кәсіпкерді банкрот деп таныған кезден бастап оны жеке кәсіпкер ретінде тіркеудің күші жойылады.

Жеке кәсіпкерге банкроттық рәсімін қолданған кезде оның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес міндеттемелер жөнінде несие берушілері, егер осындай міндеттемелер бойынша орындау мерзімі жетсе, өз талаптарын қоюға хақылы. Аталған несие берушілердің осындай тәртіппен мәлімделмеген талаптары, сондай-ақ конкурстық жиынтықтан толық көлемде қанағаттандырылмаған талаптар күшін сақтап қалады және банкроттық рәсім аяқталғаннан кейін жеке тұлға ретінде борышкерден өндіріп алуға қойылуы мүмкін. Бұл талаптардың мөлшері борышкердің банкроттығы процесінде алынған қанағаттандыру сомасына кемітіледі.

Несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғанға дейін конкурстық жиынтықтан сот шығыстары, сондай-ақ олар тағайындалған жағдайда конкурстық және оналтушы басқарушыларға сыйақы төлеу жөніндегі шығыстар өтеледі. Жеке кәсіпкер банкрот деп танылған жағдайда, оған несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру соған тиесілі мүлік есебінен мынадай кезектілікпен жүзеге асырылады:

- 1) бірінші кезекте алимент өндіріп алу жөніндегі талаптар, сондай-

ақ өмір мен денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі талаптар қанағаттандырылады;

2) екінші кезекте еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдарға еңбекақы және өтемақыларды төлеу, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша берешектерді төлеу жөніндегі, тұлғаның кірісінен ұсталған міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу жөніндегі есеп айырысулар жүргізіледі;

3) үшінші кезекте несие берушілердің жеке кәсіпкерге тиесілі мүлік кепілімен қамтамасыз етілген талаптарын қамтамасыз ету сомасы шегінде қанағаттандырылады;

4) төртінші кезекте салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек өтеледі;

5) бесінші кезекте заңнамалық актілерге сәйкес басқа да несие берушілермен есеп айырысулар жүргізіледі.

Әр кезектегі несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру заңды тұлғалардың банкроттығы туралы заңды актілерінде көзделген тәртіп бойынша жүргізіледі.

Банкрот деп танылған борышкер несие берушілермен есеп айырысып болғаннан кейін кәсіпкерлік қызметке байланысты қалған міндеттемелерді орындаудан босатылады, бұған банкрот деп жарияланған адамның азаматтардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапты болатын талаптары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жеке сипаттағы өзге де талаптар қосылмайды.

Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мәмілелерді ата-анасының, асырап алушыларының немесе қорғаншыларының келісімімен жасайды. Мұндай келісімнің нысаны заңдарда кәмелетке толмағандар жасайтын мәміле үшін белгіленген нысанға сай келуге тиіс. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар өздерінің табысына, стипендиясына, өзге де кірістеріне және өздері жасаған интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне өз бетінше билік етуге, сондай-ақ тұрмыстық ұсақ мәмілелер жасасуға құқылы. Жеткілікті негіздер болған жағдайда қорғаншылық және қамқоршылық органы кәмелетке толмаған адамның өз табысына, стипендиясына, өзге де кірістеріне және өзі жасаған интеллектуалдық меншік құқығы объектілеріне өз бетінше билік ету құқығын шектеуі немесе ол құқықтан айыруы мүмкін.

Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар осы

баптың ережелеріне сәйкес өздері жасаған мәмілелер бойынша дербес жауапты болады және өздерінің әрекеттерінен келтірілген зиян үшін АҚ ережелері бойынша жауап береді.

### **Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың әрекетке қабілеттілігі**

Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар үшін мәмілелерді, егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, олардың атынан ата-анасы, асырап алушылары немесе қорғаншылары жасайды. Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар өздерінің жасына лайықты, жасай салып орындалатын тұрмыстық ұсақ мәмілелерді өз бетінше жасауға құқылы. Заң құжаттарында кәмелетке толмағандардың мәміле жасауына және кәмелетке толмағандар үшін мәміле жасауға қорғаншылық және қамқоршылық органының алдын ала келісімі талап етілетін жағдайлар белгіленуі мүмкін. Кәмелетке толмағандар банкілерге салымдар салуға және өздері салған салымдарға дербес билік етуге құқылы. Он төрт жасқа толмаған кәмелетке толмағандардың атына басқа біреудің салған салымдарына олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері билік етеді, ал он төрт жасқа толған кәмелетке толмағандар өздерінің атына басқа біреу салған салымдарға өз бетінше билік етеді.

Жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе не істегенін білмейтін азаматты сот әрекет қабілеттілігі жоқ деп тануы мүмкін, соған байланысты оған қорғаншылық белгіленеді. Әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған азаматтың атынан мәмілелерді оның қорғаншысы жасайды. Әрекет қабілеттілігі жоқ адам сауығып кеткен немесе денсаулығы едәуір жақсарған жағдайда сот оны әрекетке қабілеттілігі бар деп таниды, бұдан кейін одан қорғаншылық алынады.

Спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарға салыну салдарынан өзінің отбасын материалдық жағынан ауыр жағдайға ұшыратқан азаматтың әрекет қабілеттілігін сот Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде белгіленген тәртіп бойынша шектеуі мүмкін. Оған қамқоршылық белгіленеді. Ол тұрмыстық ұсақ мәмілелерді өз бетінше жасауға құқылы. Басқа мәмілелер жасауды, сондай-ақ табысын, зейнетақысын және өзге де кірістерін алуды және оларға билік етуді ол тек қамқоршысының келісімімен ғана жүзеге асыра алады.

Азамат спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарға және на-



шақорлыққа салынуды тоқтатқан жағдайда сот оның іс-әрекет қабілеттілігіне қойылған шектеудің күшін жояды. Сот шешімінің негізінде азаматқа белгіленген қамқоршылықтың күші жойылады.

## **3.2. Заңды тұлғалар туралы жалпы ережелер**

### **3.2.1. Заңды тұлға ұғымы және белгілері**

**Заңды тұлға деп** меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым танылады. Заңды тұлғаның дербес балансы немесе сметасы болуға тиіс. Заңды тұлғаның өз атауы жазылған мөрі болады (ҚР АҚ 33-бабы).

**Заңды тұлғаның негізгі белгілері** – азаматтық айналымда өз атынан жауап беру, мүліктік оқшаулық және өз міндеттері бойынша жеке мүліктік жауапкершілік.

Мүліктік оқшаулық заңды тұлғаның атында заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы. Көбінесе, мүлік заңды тұлғаның меншік құқығында болады. Өзге жағдайларда заңды тұлғаның мүлкі шаруашылық жүргізу құқығы негізінде танылады, бұндай құқықтарға тек мемлекеттік кәсіпорындар ие. Өйткені мүлікке меншік құқығы меншік иесінің өзіне тиесілі болады, ал заңды тұлғаның мүлікке билік ету құқығына белгілі шектеулер қойылады. Ал, мүлікті иелену және пайдалану құқығына шектеулер қойылмаған. Кейбір заңды тұлғалардың мүлкі ең шектеулі заттық құқық болып табылатын жедел басқару құқығы негізінде беріледі. Мұндай құқықтарға мекемелер және қазыналық кәсіпорындар ие.

Бірақ кез келген жағдайларда мүлік:

- А) іс жүзінде заңда тұлғаға тиесілі болады,
- В) оның қызметінің материалдық базасы болып табылады,
- С) заңды тұлғаның қарыздары және міндеттемелері бойынша материалдық жауапкершілігін өтеудің қайнар көзі болып табылады, жеке баланс немесе сметамен бекітіледі.

Өз міндеттемелері бойынша заңды тұлға өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Аталған заңды тұлғаның борыштары бойынша оның құрылтайшылары, заңды тұлғаның қызметкерлері, өзге заңды тұлғалар не мемлекет жауап бермейді. Өз кезегінде, ол да

өзінің құрылтайшыларының, қызметкерлерінің, өзге заңды тұлғалар мен мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Сонымен бірге, бұл ережеден АҚ 44-бабында өзгеше белгілі бір ережелер бекітілген. Дегенмен, мұндай өзгешеліктер болғанның өзінде де, борыштары бойынша бірінші кезекте заңды тұлғаның өзі жауап береді және оның мүлкі жеткіліксіз болған кезде ғана заңда белгіленген өзге тұлғалар жауап беруі мүмкін. Осы ереже аясына арнайы қаржы компаниялары, меншік иесі қаржыландыратын мекемелер, мемлекеттік мекемелер және қазыналық кәсіпорындар жатуы мүмкін.

Заңды тұлғаның борышы бойынша меншік иесінің жауапкершілігі осы ретте, қосымша (субсидиарлы) болып табылады. Бірқатар жағдайларда, заңды тұлғаның борышы бойынша субсидиарлы жауаптылыққа оның қатысушыларының (мүшелерінің) тартылатындығы заңнамалық актілерде бекітілген. Атап айтқанда, АҚ 84-бабында қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктердің қатысушылары серіктестік міндеттемелері бойынша өздерінің жарғылық капиталға салымдарымен жауап беретіндігі, ал бұл сомалар жеткіліксіз болған жағдайда өздеріне тиесілі мүлікпен оған өздері еселенген мөлшерде енгізген салымдар арқылы жауап беретіндігі қарастырылған.

Егер заңды тұлғаның банкроттығы оның құрылтайшысының (қатысушысының) немесе оның мүлкінің меншік иесінің іс-әрекетінен туындаған болса, заңды тұлғаның қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда құрылтайшы (қатысушы) немесе оның мүлкінің меншік иесі несие берушілер алдында субсидиарлық жауапкершілікте болады.

Сонымен қатар, заңдарда құрылтайшылардың егер олардың кінәсі болған жағдайда өздері құрған заңды тұлғаның қарыздары бойынша жауапкершілігі көзделген. Атап айтқанда, егер заңды тұлғаның банкроттығы оның құрылтайшысының (қатысушысының) немесе оның мүлкінің меншік иесінің іс-әрекетінен туындаған болса, заңды тұлғаның қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда құрылтайшы (қатысушы) немесе оның мүлкінің меншік иесі несие берушілер алдында субсидиарлық жауапкершілікте болады.

Заңды тұлға азаматтық айналымда өз атынан қызмет етеді. Ол өзінің бірінші басшысының, құрылтайшысының немесе мемлекеттің атынан әрекет ете алмайды. Бұл құқық субъектісін, оның құқықтары мен міндеттерін нақты анықтауға мүмкіндік береді.

Заңды тұлғаның белгілерінің арасында оның ұйымдық бірлігінде атап өткен жөн, яғни заңды тұлғаның атынан азаматтық айналымға тиісті өкілеттіктерге ие оның органы қатысады.

### **3.2.2. Заңды тұлғалардың түрлері және ұйымдық-құқықтық нысандары**

АК 34-бабында заңды тұлғалардың келесідей түрлері ажыратылған:

**Коммерциялық заңды тұлғалар** – өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табыс келтіруді көздейтін ұйымдар.

**Коммерциялық емес заңды тұлғалар** – пайда келтіруді осындай мақсат ретінде қоймайтын және алынған таза табысын қатысушыларына үлестірмейтін ұйым.

Коммерциялық заңды тұлғалар келесідей ұйымдық-құқықтық нысандардың бірінде құрылуы мүмкін:

- мемлекеттік кәсіпорын;
- шаруашылық серіктестік;
- акционерлік қоғам;
- өндірістік кооператив.

Заңды тұлғалардың жауаптылығы, органдарының құрлымы мен күзіреті, құқықтары мен міндеттері оның ұйымдық-құқықтық нысандарына тәуелді болғандықтан, заң шығарушы аталған нысанды нақты айқындауға ұмтылған.

Коммерциялық емес ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысандары:

- мекеме;
- тұтыну кооперативі;
- қоғамдық бірлестік;
- заңды тұлғалардың қауымдастығы;
- діни бірлестік;
- қорлар;
- акционерлік қоғам;
- заң құжаттарында көзделген өзге де нысанада құрылуы мүмкін.

ҚР АК 34-бабында заңды тұлғалардың төмендегідей түрлерін анықтайды:

**Коммерциялық заңды тұлғалар** – өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде таза табысын келтіруді көздейтін және алынған табысын қатысушыларына үлестіретін ұйым.

**Коммерциялық емес ұйым** – өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде таза табыс келтіруді көздемейтін және алынған таза табысын қатысушыларына үлестірмейтін ұйым.

Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға: мемлекеттік кәсіпорын, шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам, өндірістік кооператив нысандарында ғана құрылуы мүмкін.

Заңды тұлғаның құқығы, міндеттері, құрылымы және құзыреті оның ұйымдық-құқықтық нысанына байланысты болғандықтан заңдар берілген нысанды нақты белгілуге тырысады.

Заңды тұлғаның құқықтары, міндеттері, құрылымы және оғандардың құзыреті оның ұйымдық-құқықтық нысанына байланысты болғандықтан, заң шығарушы аталған нысанның нақты белгіленгенуін қалайды. Коммерциялық емес ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысандары: мекеме, қоғамдық бірлестік, тұтыну кооперативі, қоғамдық қор, діни бірлестік, қорлар және заңнамалық актілерде көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін

ҚР АҚ 36-бабында **құрылтайшыларының ұйымның мүлкіне деген құқықтарына** қарай заңды тұлғалардың ерекше жіктелуі бекітілген. Заңды тұлғаның үш түрі ажыратылған:

а) Мүлкіне өз қатысушылары (құрылтайшылары) міндеттемелік құқықтарын сақтап қалатын заңды тұлғалар (шаруашылық серіктестіктер, акционерлік қоғам мен кооперативтер).

б) Мүлкіне өз құрылтайшылары меншік құқығын немесе өзге де заттық құқығын сақтап қалатын заңды тұлғалар (шаруашылық жүргізуші құқығында немесе оралымды басқару құқығында мүлкі бар ұйымдар).

с) Мүлкіне өз құрылтайшылары (қатысушылары) мүліктік құқықтарын сақтамайтын заңды тұлғалар (қоғамдық бірлестіктер, қоғамдық қорлар және діни бірлестіктер).

### **3.2.3. Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері**

Заңды тұлғаның оны басқа заңды тұлғалардан айыруға мүмкіндік беретін өз атауы болады.

**Заңды тұлғаның атауы** оның қалай аталатынын және ұйымдық-құқықтық нысанын көрсетуді қамтиды. Ол заңдарда көзделген қосымша мағлұматты қамтуы мүмкін. Заңды тұлғаның атауы оның құрылтай құжаттарында көрсетіледі. Заңды тұлғаның атауында заң талаптарына немесе қоғамдық мораль қалыптарына қайшы

келетін аттарды, егер жеке адамдардың есімдері қатысушылардың есімдеріне сәйкес келмесе не қатысушылар бұл адамдардың есімін пайдалануға олардан рұқсат алмаса, олардың есімдерін пайдалануға жол берілмейді. Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның атауы заңды тұлға тіркелгеннен кейін оның фирмалық атауы болып табылады. Заңды тұлға белгілі бір фирмалық атауымен заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізіліміне енгізіледі. Заңды тұлғаның фирмалық атауды тек қана өзі пайдалануға құқығы бар. Бөтен бір фирмалық атауды заңсыз пайдаланатын тұлға фирмалық атаудың құқық иесінің талап етуі бойынша мұндай атауды пайдалануды тоқтатуға және келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті. Мемлекеттік кәсіпорынның атауы мүліктің меншік иесіне сілтемені, мемлекеттік меншіктің қай түріне жататындығын және ведомствалық бағыныстылығын қосымша қамтуы тиіс.

**Заңды тұлғаның тұрған жері.** ҚР АҚ 39-бабына сәйкес заңды тұлғаның тұрақты жұмыс істейтін органы тұрған жер оның тұрған жері болып танылады. Тәжірибеде, заңды тұлғаның тұрған жерін оның мемлекеттік тіркеу жерімен байланыстырады. Үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста заңды тұлға өзінің нақты мекенжайының бірыңғай мемлекеттік тізілімге енгізілген мекенжайға сәйкес келмейтініне сілтеме жасауға құқығы жоқ. Бұл орайда үшінші тұлғалар заңды тұлғаға мемлекеттік тізілімге енгізілген мекенжайына да, нақты мекенжайына да почталық және өзге де хат-хабарлар жіберуге құқылы.

### **3.2.4. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі**

ҚР АҚ 35 бабында заңды тұлғаның құқық қабілеттілігіне негізгі талаптар белгіленген. **Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі** мазмұны тұрғысынан, заңды тұлға жүзеге асыра алатын қызметтердің түрлеріне әкеліп байланыстырылған. Жалпы ереже ретінде заңды тұлғаның кез келген заңды қызмет түрімен айналыса алатындығы бекітілген. Аталған ережеде коммерциялық заңды тұлғалардың жалпы құқыққабілеттілігі туралы айтылуда. Коммерциялық емес ұйымдар үшін арнайы құқыққабілеттілігі бекітілген, яғни заңды тұлға өзінің жарғысында бекітілген және жарғылық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін қызмет түрлерін ғана жүзеге асыра алады.

Құқыққабілеттіліктің жалпы шектерімен қатар кейбір заңды тұлғаларға заңмен арнаулы шектеулер бекітілген. Шектеулер заңды

тұлғаларға кейбір қызмет түрлерімен айналысуға рұқсат етумен көрсетілсе, ал кейбір заңды тұлғаларға қызметтің заңда белгіленген түрімен айналысуға тыйым салынады. Мысалы, ҚР «ҚР банктер және банктік қызметі туралы» заң кез келген заңды тұлға арнайы ресми банктің статусын алмаса, өзін банк деп есептеуге банктік қызметпен айналысуға тыйым салады.

Сонымен қатар, заңды тұлғаның құқыққа қабілеттілігі кәсіпкерлік қызметтің кейбір түрлерін лицензиялау жүйесімен шектелуі мүмкін. Мысалы, бірнеше тауар түрлері мен қызмет көрсетулер мемлекеттік қауіпсіздік негізінде құқық сақтаушылықты қамтамасыз етуде, қоршаған ортаны қорғауда, меншікті, азаматтардың өмірі мен денсаулықтарын сақтау тек мемлекеттік лицензия негізінде ғана жүзеге асырылады.

ҚР АҚ 35 бабына сәйкес заңды тұлғаның құқыққа қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болып, оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады. Алайда айналысу үшін лицензия алу қажет болатын қызмет саласында заңды тұлғаның құқыққа қабілеттілігі сондай лицензияны алған кезден бастап пайда болып, ол қайтарып алынған, оның қолданылу мерзімі өткен немесе заң құжаттарында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған кезде тоқтатылады. ҚР АҚ 37 бабына сәйкес заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі оның органдары арқылы жүзеге асырылады.

**Заңды тұлғаның органдарына** заңмен уәкілдік берілген немесе құрылтай құжаттарымен заңды тұлғаның қызметтік мәселелерін шешуге және заңды тұлға атынан сөз сөйлейтін лауазымды адамдар және заңды тұлғаның ұжымдық топтары жатады.

Заңды тұлғаның органы құқықтың дербес субъектісі болмайды. Заңды тұлға атынан әрекет ету барысында құқықтар мен міндеттерді өзіне алмайды. Өз органдарының іс-әрекеттері арқылы заңды тұлға органдарының міндетін атқаратын нақты жеке тұлғаларды ауыстыру иеленген құқықтар мен міндеттерінің тоқтатылуына әкелмейді. Жалпы ережеге сәйкес ҚР заңды тұлғалардың құрылымы келесідей түрде сипаттауға болады:

заңды тұлғаны басқарудың ең жоғарғы органы (жалпы жиналыс немесе жалғыз құрылтайшы, қатысушы);

атқарушы орган (жеке-дара немесе ұжымдық);

бақылау органы (мысалы, бақылау-ревизиялық комиссиясы, ішкі аудит қызметі және т.б.).

### 3.2.5. Заңды тұлғаны құру

Заңды тұлғаны оның құрылтайшылары – жеке тұлға, заңды тұлға, уәкілдік берілген мемлекеттік органдар құруы мүмкін.

Кейбір заңды тұлғалардың құрылтайшылары тек қана азаматтар (толық серіктестік), ал басқаларында – тек қана заңды тұлғалар (ассоциациялар) болуы мүмкін. Құрылтайшылар – мүліктің меншік иесі немесе онымен уәкілеттік берілген органдар мен тұлғалар. Қазіргі күнде кейбір заңды тұлғалар бір ғана құрылтайшыдан құрылуы мүмкін (АҚ, ЖШС).

ҚР АҚ 41 бабына сәйкес заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына жарғы және құрылтай шарты жатады. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда, коммерциялық ұйым болып табылмайтын заңды тұлға ұйымдардың осы түрі жөніндегі жалпы ережелер негізінде іс-әрекет жасай алады.

Шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі мазмұнын белгілейтін үлгі жарғының негізінде жүзеге асыра алады.

Заңды тұлғаның құрылтай шартын құрылтайшылары жасасады, ал жарғысын құрылтайшылар бекітеді. Заңды тұлғаның жарғысында: оның атауы, тұрғылықты орны, оның органдарының құрылу тәртібі және олардың құзыреті, қызметін қайта құру мен тоқтату ережелері белгіленеді. Коммерциялық емес ұйым мен мемлекеттік кәсіпорынның құрылтай құжаттарында заңды тұлға қызметінің мәні мен мақсаты белгіленуі тиіс. Шаруашылық серіктестігі, акционерлік қоғамы мен өндірістік кооперативтің құрылтай құжаттарында олардың қызметінің мәні мен мақсаттары көзделуі мүмкін. Жарғыда заңдарға қайшы келмейтін басқа да ережелер болуы мүмкін. Жарғы заңды тұлғаның тек ішкі ұйымдастыруына ғана емес, сонымен қатар оның үшінші тұлғалармен қатынастарын реттеуге қажет болғандықтан, барлық мүдделі адамдар заңды тұлғаның жарғысымен танысуға құқылы. Құрылтай шартында тараптар (құрылтайшылар) заңды тұлға құруға міндеттенеді, оны құру жөніндегі бірлескен қызмет тәртібін, оның меншігіне өз мүлкін беру және оның қызметіне қатысу ережелерін белгілейді. Шартта құрылтайшылар арасында таза табысты бөлудің, заңды тұлға қызметін басқарудың, оның құрамынан құрылтайшылардың шығуының шарттары мен тәртібі де белгіленеді және оның жарғысы бекітіледі. Құрылтай шартына құрылтайшылардың келісуі бойынша басқа да ережелер енгізілуі мүмкін. Құрылтай шар-

ты құрылтайшылардың ішкі қатынастарын реттейтін ережелерден құрылғандықтан, оның мазмұны коммерциялық құпия болып табылады. Егер заңды тұлғаның құрылтайшысы бір адам болса, онда құрылтай шарты жасалмайды, жалғыз құрылтайшының шешімімен рәсімделеді.

Бір заңды тұлғаның құрылтай шарты мен жарғысы арасында қайшылықтар болған жағдайда:

А) егер олар құрылтайшылардың ішкі қатынастарына қатысты болса, құрылтай шартының;

В) егер олардың қолданылуы заңды тұлғаның үшінші тұлғалармен қатынастарында маңызы болса, жарғының ережелерін қолдануға тиіс

Заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылды деп саналады. Құрылтай шарты қабылданып жарғының бекітілуі заңды тұлғаның құрылуын білдірмейді, ол тек құрылтайшылардың заңды тұлға құруға ниетін ғана білдіреді. Заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылды деп саналады. ҚР АҚ 42-бабының 1-тармағының сипатталуы «заңды тұлға әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтуге тиіс». Жоғарыда айтылғандардан келесі қорытынды шығады, заңды тұлға – ол ұйымдастырылып, белгілі тәртіп бойынша тіркеліп рәсімделген ерекше мүлктік кешен.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеудің мақсаттары:

- заңды тұлғаның құрылғандығын, қайта құрылғандығын және тоқтатылғандығы фактісін растау;

- құрылған, қайта құрылған және өздерінің қызметін тоқтатқан заңды тұлғаларды есепке алу және олардың құрылтай құжаттарының заңнамаға сәйкестігін тексеру;

- заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік регистрін және олардың филиалдары мен өкілдіктерінің реестрін жүргізу;

- шарттық бастамаларда заңды тұлғалар туралы деректерді мүдделі тұлғаларға ұсыну.

Мемлекеттік тіркеу мерзімдеріне қатысты келесілерді атап өту қажет: шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды, сондай-ақ өз қызметін үлгілік жарғының негізінде жүзеге асыратын орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуге қажетті құжаттары қоса тіркеліп, өтініш берілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізілуге тиіс.

Өз қызметін үлгілік емес жарғының негізінде жүзеге асыра-



тын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттары қоса тіркеліп, өтініш берілген күннен кейінгі жеті жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізілуге тиіс. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын ұйымдарды, сондай-ақ саяси партияларды қоспағанда, коммерциялық емес ұйымдарды, мемлекеттік тіркеу 10 жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізілуге тиіс. Саяси партиялар үшін тіркеудің бас мерзімі бекітілген. Оны тіркеу қажетті құжаттарды қоса ұсынған өтініш келіп түскен күннен кейінгі бір айдан кешіктірілмей жүргізілуі тиіс.

Тіркеудің жоғарыда аталған мерзімінің өзінің қызметін Үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын ЖШС және ҚЖС, толық серіктестік және сенім серіктестігі, АҚ және ӨК сияқты заңды тұлғалар үшін ғана айқындалғанын білген жөн.

Қазіргі уақытта бұл сферада келесідей НҚА қолданылады: ҚР Үкіметінің «Шағын, орта және ірі кәсіпкерліктің субъектілері болып табылатын заңды тұлғалардың Үлгілік жарғыларын бекіту жөніндегі» 2008 жылдың 16 қыркүйегіндегі №852 қаулысы; «Әділет министрінің «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту жөніндегі» 2007 жылдың 12 сәуіріндегі №112 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Әділет министрінің 2008 жылдың 13 қазанындағы №273 бұйрығы. Осы құжаттарға сәйкес тіркеу түрін ескере отырып, өзінің қызметін Үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін өтініштердің жаңа нысандары (мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік қайта тіркеу, енгізілген өзгерістердің әрбіріне жеке-кей) әзірленді.

Шаруашылық серіктестіктердің, акционерлік қоғамдардың және өндірістік кооперативтердің шағын, орта және ірі кәсіпкерліктің субъектілері болып табылатындығын ескере отырып, аталған ұйымдық-құқықтық нысандардың арасында барлық тіркеу рәсімдеріне деген өтініштер ажыратылған.

Ең бастысы – өзінің қызметін Үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғаларды тіркеудің шектеулі мерзімдерімен бірге, тіркеуші органға жарғыны ұсыну талап етілмейді. Нотариалды куәландырылған және бекітілген нысандағы үш дана өтінішті ұсыну қажет (1-ші данасы – тіркеуші органға, 2-шісі – салық органына, 3-шісі өтініш берушінің өзіне).

Егер құрылтайшыларының саны біреуден көп болса, онда құрылтайшылардың тізімі өтінішке қоса ұсынылатын қосымша түрінде рәсімделеді. Осы ретте, өтініште келесідей деректер көрсетілуі тиіс: аты-жөні толықтай жазылған қатысушылардың тізімі, тұрғылықты жері, жеке куәлігінің деректері (егер құрылтайшы жеке тұлға болса) және атауы, орналасқан жері, банктік реквизиттері (егер құрылтайшы заңды тұлға болып табылса).

Жаналығы – өтініште қызметтердің барлығын көрсетпеуге де болады. ЭҚБК (экономикалық қызметтің басты кодын) сандық белгіде көрсету жеткілікті және олар құжаттарды ХҚО тапсыру кезінде қалыптастырылады. Өтініштердің бекітілген нысандарын ХҚО алуға болады.

Егер заңды тұлға өзінің қызметін Үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын болса, онда тіркеуші орган нотариалды куәландырылған және бекітілген нысандағы өтінішке (бұл заңды тұлғаның жарғысы болып табылады) келесідей мазмұндағы таңба «Үлгілік жарғы негізінде тіркелді», сондай-ақ әділет департаментінің мөрі және тіркеу туралы тиісті таңбалар қойылады.

Сондай-ақ, тіркелген заңды тұлғаның жоғары органы (құрылтайшысы, мүлік иесі) өз қызметін Үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыру туралы шешім қабылдауға және тіркеу рәсімдерін өтуге де құқылы екендігін атап өткен жөн.

Заңды тұлғалардың **қайта тіркелуі** заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуін жүргізген органдарда жүргізіледі. Заңды тұлға мынадай жағдайларда:

- 1) жарғылық капиталының мөлшері азайтылғанда;
- 2) атауы өзгергенде;

3) шаруашылық серіктестіктеріндегі қатысушылардың құрамы өзгергенде (шаруашылық серіктестігі қатысушыларының тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктерін қоспағанда) қайта тіркелуге тиіс (ҚР АҚ 42-бабы).

Аталған негіздер бойынша құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер заңды тұлға қайта тіркелмейінше жарамсыз болып табылады.

Тіркеу және қайта тіркеуге қарағанда, бір айлық мерзімде **хабардар ету** заңды тұлғаның тіркеуші органға жүгінуі, яғни заңды

тұлғаның жарғысына оны қайта тіркеуге негіз болып табылмайтын өзгерістер немесе толықтырулардың енгізілгендігі туралы хабарлауы болып табылады. Бұл орналасқан жерінің өзгеруі, жарғылық капиталының ұлғаюы, органдар құзіретінің өзгеруі және т.б. болуы мүмкін.

Шетел қатысуымен құрылған заңды тұлғалар барлық заңды тұлғаларға қойылатын талаптар бойынша мемлекеттік тіркелімге жатады. Тіркеу кезінде олардың құрылтайшыларының құқықтық мәртебесін растайтын бірнеше қосымша құжаттар талап етіледі. Мұндай заңды тұлғалар ҚР әділет органдарында тіркелгеннен кейін отандық заңды тұлға статусына ие болады.

### **3.2.6. Заңды тұлғаның қайта құрылуы**

**Заңды тұлғаны қайта құру** – оны құқықтық мирасқорлық арқылы тоқтату.

ҚР АҚ 45 бабында заңды тұлғаны қайта құрудың төмендегідей нысандары көзделген.

- қосу;
- біріктіру;
- бөлу;
- бөліп шығару;
- өзгерту;

**Қосу** – ол екі немесе одан да көп заңды тұлғалардың жойылып, олардың орнына жаңа заңды тұлға құрылатын қайта құрудың нысаны.

**Біріктіру** – заңды тұлға қысқартылып, құқықтық мирасқор болып табылатын заңды тұлға ірілендіріледі.

**Бөлу** – заңды тұлға құрамынан жаңа заңды тұлға бөлінеді және бірінші заңды тұлға да қызмет ете береді.

**Бөліп шығару** – заңды тұлға жойылу негізінде екі немесе бірнеше жаңа заңды тұлғалар пайда болады.

**Қайта құру** – заңды тұлғаның өзгертілуі оның ұйымдық - құқықтық нысанының өзгертілуін білдіреді, мысалы, акционерлік қоғам жауапкершілігі шектеулі серіктестікке өзгертіледі.

Қайта құру ерікті түрде немесе ықтиярсыз жүргізілуі мүмкін.

Ерікті түрде қайта құру мүлік иесінің шешімі бойынша, мүлік иесінің уәкілдік берген органымен, құрылтайшыларымен және құрылтай құжаттары арқылы уәкілетті органның шешімі бойынша жүргізіледі.

Заң құжаттарында көзделген реттерде ықтиярсыз қайта құру сот органдарының шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін

Егер заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші, ол уәкілдік берген орган, құрылтайшылар немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында қайта құруға уәкілдік берілген органы заңды тұлғаны қайта құруды сот органының шешімінде белгіленген мерзімде жүзеге асырмаса, сот заңды тұлғаның басқарушысын тағайындайды және оған осы заңды тұлғаны қайта құруды жүзеге асыруды тапсырады. Басқарушы тағайындалған кезден бастап заңды тұлғаның ісін басқару жөніндегі өкілеттік соған ауысады.

ҚР АҚ 45 бабына сәйкес заңды тұлға, біріктіру нысанында қайта құрылатын реттерді қоспағанда, жаңадан пайда болған заңды тұлғалар тіркелген кезден бастап қайта құрылған деп есептеледі. Заңды тұлғаны оған екінші бір заңды тұлғаны біріктіру жолымен қайта құрған кезде, заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне біріктірілген заңды тұлға қызметінің тоқтатылғандығы туралы жазба жасалған кезден бастап олардың біріншісі қайта құрылған деп есептеледі.

Заңды тұлғаларды қосқан, біріктірген, қайта құрған кезде олардың әрқайсысының құқықтары мен міндеттері өткізу құжатына сәйкес жаңадан пайда болған заңды тұлғаға ауысады. Заңды тұлғаны бөлген кезде оның құқықтары мен міндеттері бөлу балансына сәйкес жаңадан пайда болған заңды тұлғаларға ауысады. Заңды тұлғаның құрамынан бір немесе бірнеше заңды тұлғаларды бөліп шығарғанда, бөлу балансына сәйкес олардың әрқайсысына қайта құрылған заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттері ауысады. Қайта құру заңды тұлғаның несие берушілерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкелуі мүмкін, ҚР АҚ 48 бабында несие берушілердің құқықтарына бірқатар кепілдіктер бекітілген.

1. Заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны қайта құру туралы шешім қабылдаған орган бұл туралы қайта құрылатын заңды тұлғаның несие берушілеріне жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

2. Бөлінген және бөліп шығарылған кезде құрылатын заңды тұлғаның несие берушісі осы заңды тұлға борышқоры болып табылатын міндеттемелердің мерзімінен бұрын тоқтатылуын және келтірілген залалдың орны толтырылуын талап етуге құқылы.

3. Егер бөлу балансы қайта құрылған заңды тұлғаның құқықты мирасқорын анықтауға мүмкіндік бермесе, жаңадан пайда болған заңды тұлғалар, сондай-ақ құрамынан басқа заңды тұлға бөлініп

шыққан заңды тұлға, қайта құрылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша оның несие берушілерінің алдында ортақ жауапты болады.

### 3.3. Филиалдар мен өкілдіктер

Заңды тұлғалар жиі тұрған жерінен тыс орналасқан аумақтық оқшауланған құрылымдық бөлімшелер, филиалдар мен өкілдіктерді құрады. Тәжірибеде олардың құқықтық табиғатын түсінбегендіктен көптеген сұрақтар туындайды. Осындағы басты мәселе ретінде филиалдар мен өкілдіктердің өздеріне алатын міндеттемелері бойынша заңды тұлғаның мүліктік жауапкершілігіне қатысты мәселелерді атауға болады. Филиалдар мен өкілдіктер өздерін құрған заңды тұлғаның бір бөлігі болып есептеледі, яғни олар заңды тұлға болып табылмайды. Олардың белгілері:

- a) Дербес құқық субъектісі болып танылмайды;
- в) Жеке мүлігі болмайды, олардың дербес балансы болмайды;
- с) Олар өз аттарынан емес, оларды құрған заңды тұлға атынан қызметін жүзеге асырады;
- d) дербес мүліктік жауапкершілік атқармайды, жауапкершілік заңды тұлғаға жүктеледі.

Филиал мен өкілдіктің айырмашылығын олардың атқаратын қызметінің мөлшерімен айыруға болады.

**Филиал** ҚР АҚ 43 бабына сәйкес заңды тұлғаның толық немесе ішінара қызметін атқарады, сонымен қатар өкілдік қызметін де атқарады.

Ал, **өкілдік** оны құрған заңды тұлға мүддесінің құқығы мен өкілдігін қорғауды жүзеге асырады, заңды тұлға атынан мәмілелер жасайды. Яғни, филиал, мысалы, тауар өндірумен айналыса алады, ал өкілдік ондай қызмет атқара алмайды.

Филиалдар мен өкілдіктер оларды құрған заңды тұлға бекіткен ережелер негізінде қызмет етеді. Филиалдар мен өкілдіктердің басшыларын заңды тұлға уәкілдік берген орган тағайындайды және оның бас сенімхаты негізінде жұмыс істейді. Сенімхатта уәкілдік берілген басшылардың атқаратын мәмілелері мен құқықтық іс-әрекеттері көрсетіледі. Олардың іс-әрекеттері үшін заңды тұлға жауапты. Филиалдар мен өкілдіктер тұрған жері бойынша есепке алынып тіркелуге жатады. Тіркелу үшін филиал (өкілдік) туралы ереже, оларды құрған заңды тұлғаның тіркелген құрылтай құжаттарының көшірмесі және филиал (өкілдік) құру туралы шешімнің көшірмесін тапсыру қажет.

### 3.4. Тапсырмалар

#### **Ецен 2-1**

Акционерлік қоғам директорының бұйрығымен филиал – қаржы орталығы туралы ереже бекітілді. Бұл ереженің мазмұнында филиал қызметінің мақсаты болып мерзімділік, қайтарымдылық және төлемділік жағдайларында халықтан және ұйымдардан қаражат тарту қарастырылды.

Филиал бұл қызметті жүйелі түрде 7 ай бойына жүзеге асырды. Филиалдың бұл қызметі банктік қызметтің бір түріне жататындықтан және лицензияны талап ететіндіктен, прокурор филиалдың халықтан қаражат тарту бойынша банктік операцияларды жүзеге асыру туралы қызметін акционерлік қоғам тиісті лицензияны алғанша тоқта тұру туралы талап-арызын акционерлік қоғамға қойып, сотқа жүгінеді.

#### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

1. Заңды тұлғаның өзі иеленбейтін құқықтарды филиалына беруге құқығы бар ма?
2. Бұл істі қалай шешуге болады?

#### **Ецен 2-2**

Автокөлік апатынан ата-анасының екеуі де қайғылы қайтыс болған соң Гаухар Беркимбаева, оған мұра ретінде қалған үйде қамқоршы болып белгіленген апайымен бірге тұрды.

Гаухар 17 жасқа толғанда некелік жасты төмендету жөніндегі жергілікті әкімдіктің шешімін алып, басқа қалада тұратын 22 жастағы Тоқаевпен некеге тұрды.

Гаухар жұбайына көшетіндігі себепті, үйін сатуға шешім қабылдап, тіпті сатып алушыны да табады. Бірақ нотариус, Гаухардың неке кию туралы куәлігін ұсынғанына қарамастан, мұра ретінде қалған үйдің сатып алу-сату шартын куәландырудан бас тартты. Нотариустың пікірінше, Гаухар кәмелет жасына толмаған. Ал Гаухардың қолында қамқоршылық пен қорғаншылық органының үйді сатуға қатысты рұқсаты жоқ.

#### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

Жеке тұлғаларға қатысты толық және толық емес әрекет қабілеттілігі нені білдіреді, түсіндіріңіз?

Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» туралы заңына сәйкес 18 жастан бастап некеге тұруға болады. Ал, 17 жастағы Гаухар некеге тұра ала ма?

Гаухарда толық әрекет қабілеттілік пайда болады ма?

Беркимбаева, бұзылған құқықты қорғаудың қандай тәсілін пайдалана алады?

Нотариустың іс-әрекеті дұрыс па?

### **Есеп 2-3**

Мемлекеттік емес Университет «Асыл қиял» акционерлік қоғам құрылымы ретінде тіркелген. Білім Министрлігімен берілген лицензияда жоғарғы оқу орны (ЖОО) көрсететін білім қызметтерінің түрлері анықталған. Олардың ішіне 3 класс жүргізушілерін даярлауға арналған курсты ұйымдастыру мен өткізу кіреді. Бұл қызмет саласын тәжірибелік қамтамасыз ету мақсатымен, гараж және автокөліктерге техникалық қызмет көрсетуге арналған жабдықтар алынды. Уақыт өте келе бұның негізінде қызмет көрсету станциясы (ҚКС) құрылды. Прокуратура, ЖОО тексеріс жүргізе отырып, университет оқу орны ретінде коммерциялық қызметпен айналыса алмайды деген қорытындыға келді. ЖОО заңгерлерінің пікірінше, университеттің ұйымдық-құқықтық құрылымы – акционерлік қоғам – бұл коммерциялық заңды тұлғаның бір түрі, демек, жалпы құқықтық қабілеттілігі бар және кәсіпкерлікпен шұғылдануға болады.

#### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

1. Коммерциялық және коммерциялық емес заңды тұлғалардың айырмашылықтары және құқық қабілеттілігі қандай?

2. Берілген жағдайға құқықтық баға беріңіз? Кімдікі дұрыс?

### **3.5. Тестілер**

***1. Несие берушілердің таратылатын борышқордың кепілмен қамтамасыз етілген мүлкінің міндеттемелері жөніндегі талаптары қанағаттандырылады:***

- a) бірінші кезекте
- b) екінші кезекте
- c) үшінші кезекте
- d) төртінші кезекте

**2. Қосылу нысанындағы қайта құру жағдайларын қоспағанда, заңды тұлға мына сәттен бастап қайта құрылған болып есептеледі:**

- a) оның қайта құрылуы туралы соттың шешімі шыққан сәттен бастап
- b) қайтадан пайда болған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегеннен бастап
- c) бөлу балансын немесе өткізу актісін жасаған сәттен бастап
- d) заңды тұлғаның ерікті түрде қайта құрылуы туралы шешім шыққаннан бастап

**3. Мазмұны коммерциялық құпияны құрайтын құжат:**

- a) жарғы
- b) жарғы және құрылтай шарты
- c) құрылтай шарты
- d) құрылтайшылар жиналысының хаттамалары

**4. Заңды тұлға мына сәттен бастап құқық қабілеттілікке ие болады:**

- a) құрылтай шартын жасасқаннан соң
- b) заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне енгізілгеннен соң
- c) жарғыны қабылдағаннан кейін
- d) әділет органынан құрылу туралы рұқсат алғаннан кейін

**5. Мүлкіне құрылтайшылары заттық құқықтарын сақтайтын заңды тұлға:**

- a) мемлекеттік мекеме мен шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын
- b) қоғамдық және діни бірлестік
- c) шаруашылық серіктестік
- d) АҚ, өндірістік кооператив

**6. Заңды тұлғаны қайта құру әдісі болып табылады:**

- a) ерікті тарату
- b) жекешелендіру
- c) банкроттық
- d) өзгерту



**7. Азаматтардың жасырын түрде құқықтар иеленіп, міндеттерді жүзеге асыруға:**

- a) заңмен көзделген жағдайларда рұқсат етіледі
- b) рұқсат етілмейді
- c) коммерциялық құпияны қамтамасы ету мақсатында рұқсат етіледі
- d) мемлекеттік құпияны қамтамасы ету мақсатында рұқсат етіледі

**8. Азаматтың әрекетқабілеттілігі толық көлемде пайда болады:**

- a) 14 жастан
- b) 18 жастан
- c) 16 жастан
- d) туған сәттен

**9. Банкрот деп танылмайды:**

- a) ЖШС
- b) АҚ
- c) коммандиттік серіктестік
- d) қазыналық кәсіпорын

**10. Қайта құрылатын заңды тұлғаның несие берушісі талап ете алмайды:**

- a) міндеттемені мерзімінен бұрын тоқтатуды және шығындарды өтеуді
- b) қайта құру процесін тоқтата тұруды
- c) міндеттемені мерзімінен бұрын орындауды және шығындарды өтеуді
- d) шығындарды өтеуді

**11. Мүлікке меншік құқығы бар заңды тұлғаның қатысушыларына жатады:**

- a) шаруашылық серіктестіктер
- b) тұтыну кооперативтері
- c) акционерлік қоғамдар
- d) қазыналық кәсіпорындар

**12. Қайта құруда біріктіру нысанын есептемегенде, заңды тұлға қандай кезден бастап қайта құрылды деп есептеледі:**

- a) бөлу балансын жасағаннан бастап;
- b) заңды тұлғаның басшысын тағайындағаннан бастап
- c) оның бөлінуі туралы шешім қабылданғаннан бастап
- d) жаңадан құрылған заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелген кезінен бастап

**13. Арнайы құқық қабілеттілікке ие:**

- a) мемлекеттік кәсіпорындар
- b) ЖШС
- c) Өндірістік кооператив
- d) толық серіктестік

**14. Коммерциялық ұйымның белгісі болып табылмайды:**

- a) оқшау мүліктің болуы
- b) құқық қабілеттіліктің болуы
- c) белгіленген тәртіп бойынша тіркелу
- d) таза табыс табуға бағытталғандық

**15. Екінші деңгейлі банктер ие:**

- a) жалпы құқық қабілеттелікке
- b) арнайы құқық қабілеттілікке
- c) шектеулі құқық қабілеттілікке
- d) айрықша құқық қабілеттілікке

**16. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына жатады:**

- a) құрылтайшылар жиналысының хаттамасынан көшірме
- b) жарғы
- c) заңды тұлға құру туралы шешім
- d) ішкі еңбек тәртібінің ережелері.

**17. Заңды тұлғаның жарғылық капиталының мөлшері азайған жағдайда заңды тұлғаның міндеті:**

- a) тіркелуге
- b) салық органдарына тіркелуге
- c) қайта тіркелуге
- d) қайта құрылуға

**18. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылады:**

- a) нотариуста
- b) әділет органдарында
- c) прокурормен
- d) сотта

### **3.6. Нормативтік актілердің тізімі**

ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) 1994 жыл 27 желтоқсан  
«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиал мен  
өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» ҚР 1995 жылдың 17 сәуіріндегі  
Заңы.

«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері» ҚР әділет  
министрінің 1999 жылғы 15 қаңтардағы Бұйрығы.

## **3.1-тақырып. Заңды тұлғалардың таратылуы мен банкроттығының құқықтық мәселелері**

### **3.1.1. Заңды тұлғалардың таратылуы**

### **3.1.2. Заңды тұлғалардың банкроттығы**

### **3.1.3. Тапсырмалар**

### **3.1.4. Тестілер**

### **3.1.5. Нормативтік актілер тізімі**

#### **3.1.1. Заңды тұлғалардың таратылуы**

Заңды тұлғаның таратылуы заңды тұлғаның құқықтық мирас-қорлықсыз жойылуына бағытталған. Таратылатын заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттері тоқтатылады. Заңды тұлғаның таратылу тәртібі ҚР АҚ (49-57 б.), сонымен қатар заңды тұлғалардың жеке түрлерінің құқықтық статусын анықтайтын («Мемлекеттік кәсіпорын туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы») арнайы заңдармен реттеледі. Заңды тұлғаның таратылуы ерікті түрде немесе ықтиярсыз жүргізілуі мүмкін.

Заңды тұлғаның ерікті түрде таратылуы заңды тұлғаның мүлкін меншіктенушінің немесе меншік иесі уәкілдік берген органның шешімі бойынша, сондай-ақ құрылтай құжаттарында шешім қабылдауға уәкілдік берілген заңды тұлға органының шешімі бойынша таратылуы мүмкін. Ал, республикалық мемлекеттік кәсіпорынның таратылуы ҚР Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асырылады. Заңды тұлғаның мәжбүрлеу түрінде тарату негіздері ҚР АҚ 49 бабында көзделген, ол тек соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады. Ондай негіздер болып төмендегілер табылады:

- заңды тұлғаның банкроттығы;
- заңды тұлғаны құру кезінде заңдардың түзетуге келмейтін сипатта бұзылуына жол берілуіне байланысты оны тіркеу жарамсыз деп танылған;
- заңды тұлғаның жарғылық мақсаттарына қайшы келетін қызмет үнемі жүзеге асырылған;
- тиісті рұқсат алынбаған (лицензиясыз) қызметті, не заң құжаттарында тыйым салынған қызметті жүзеге асырған, не

қызметін заңдарды бірнеше рет немесе өрескел бұза отырып жүргізген жағдайларда, соның ішінде заңда белгіленген табыс ету мерзімінен кейін бір жыл өткен соң корпорациялық табыс салығы туралы (жиынтық жылдық табыс пен жасалған шегерімдер туралы) декларация немесе оңайлатылған декларация табыс етпеген, заңды тұлға орналасқан жері бойынша немесе нақты мекенжайы бойынша болмаған, сондай-ақ заңды тұлға бір жыл ішінде оларсыз жұмыс істей алмайтын құрылтайшылар (қатысушылар) және лауазымды адамдар болмаған;

- заң құжаттарында көзделген басқа да жағдайларда таратылуы мүмкін. Атап айтқанда, ЖШС туралы Заңның 27 бабында ЖШС жарғылық капиталының мөлшері заңда белгіленген тәртіп сақталмай азайтылғандығы ЖШС-ның мәжбүрлеу түрінде таратылуына негіз болады.

Заңды тұлғаны тарату туралы талапты заң актілерінде осындай талап қоюға құқық берілген мемлекеттік орган, ал банкрот болған жағдайда – несие берушілер де сотқа беруі мүмкін. Заңды тұлғаны тарату процедурасын, заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған тұлға (орган) құрған тарату комиссиясы жүзеге асырады. Тарату комиссиясы құрылған кезден бастап заңды тұлғаның мүлкін және істерін басқару жөнінде өкілеттік соған ауысады. Тарату комиссиясының негізгі мақсаттары болып төмендегілер табылады:

- таратылатын ұйымды қалыптастыру;
- таратылатын ұйымның несие берушілерін анықтау;
- заңды тұлғаның мүлкін сату;
- несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру;

Заңды тұлға таратылған кезде оның несие берушілерінің талаптары ҚР АҚ 51 бабында көзделген кезек бойынша қанағаттандырылады.

Бірінші кезекте – жалақыдан және өзге де кірістен ұсталған алименттерді төлеу жөніндегі талаптар, сондай-ақ таратылатын заңды тұлға өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін алдында жауаптылықта болатын азаматтардың талаптары тиісті мерзімдік төлемдерді капиталға айналдыру жолымен қанағаттандырылады.

Екінші кезекте – банкроттық мәселелерін реттейтін заң актісіне сәйкес талаптар сомасының бір бөлігі бесінші кезекте қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдардың еңбегіне ақы төлеу және өтем төлеу, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша, еңбекақыдан ұсталатын міндетті зейнетақы жарналарын

төлеу жөніндегі берешектерді өтеу, сондай-ақ авторлық шарттар бойынша сыйақы төлеу жөнінде есеп айырысулар жүргізіледі.

Үшінші кезекте – кредиторлардың таратылатын банкроттың кепілмен қамтамасыз етілген мүлкінің міндеттемелері жөніндегі талаптары, кредиторлардың – ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттары бойынша талап ету құқықтары кепілімен (ипотекалық куәлік кепілін қоса алғанда) қамтамасыз етілген ипотекалық облигацияларды, сондай-ақ аталған облигацияларды ұстаушыларда оларға меншік құқығы туындаған немесе мәмілелер бойынша не Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша оларға ауысқан жағдайларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын ұстаушылардың талаптарын қоспағанда, қамтамасыз ету сомасы шегінде қанағаттандырылады.

Төртінші кезекте – салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөніндегі берешек өтеледі.

Бесінші кезекте – заң құжаттарына сәйкес басқа да несие берушілермен есеп айырылысады.

Таратылған заңды тұлғаның мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда, егер заңда өзгеше белгіленбесе, ол несие берушілер арасында тиісті кезекпен қанағаттандырылуға жататын талаптардың сомаларына қарай бөлінеді. Егер несие беруші талап қойып сотқа жүгінбесе, несие берушілердің тарату комиссиясы мойындамаған талаптары да, сот шешімімен несие берушіге қанағаттандырудан бас тартылған талаптар да өтелген деп есептеледі. Заңды тұлғаның несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкі, егер заңдарда немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, оның бұл мүлікке заттық құқықтары бар немесе заңды тұлға жөнінде міндеттемелік құқықтары бар меншік иесіне немесе құрылтайшыларына (қатысушыларына) беріледі. Осы жөніндегі жазбаны заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне енгізгеннен кейін заңды тұлға таратылған деп есептеледі.

Банкроттық заңды тұлғаны мәжбүр етіп таратуға арнайы негіз болып табылады. Банкроттық факті (дерек) тек сотпен белгіленеді.

Банкроттықтың субъектілері:

а) заңды тұлғалар (қазыналық кәсіпорындар мен мекемелерді қоспағанда);

б) жеке кәсіпкерлер.

Қазыналық кәсіпорындар мен мекемелер банкроттық субъектісіне

жатпайды, себебі олар өзінің міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның қарыздары бойынша қосымша жауапкершілікті меншік иесі атқарады.

Банкроттық істі бастай алады:

- азаматтық-құқықтық міндеттер бойынша несие берушілер.
- борышқор;
- уәкілетті мемлекеттік орган (салықтық және басқа да салыққа қатысты бюджетке төленетін өзге міндетті төлемдер);
- прокурор – мемлекеттік органдар мен мемлекет мүддесіне әдейі банкроттық белгілерін байқағанда және жоқ борышкердің несие берушілер мүддесіне.

Борышкер қажет жағдайларда заңды тұлғаның уәкілетті органы немесе оның мүлкі иесінің шешімімен сотқа ерікті түрде банкроттық туралы арыздана алады. Егер заңды тұлғаның банкроттығы оның құрылтайшысының (қатысушысының) немесе оның мүлкінің меншік иесінің іс-әрекетінен туындаған болса, заңды тұлғаның қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда құрылтайшы (қатысушы) немесе оның мүлкінің меншік иесі несие берушілер алдында субсидиарлық жауапкершілікте болады. Банкроттық туралы заңда төлем қабілетсіздік, дәрменсіздік және банкроттық деген сабақтас ұғымдар қолданылады. Дегенмен, бұлардың әрқайсысының өзіндік құқықтық мағынасы бар.

**Төлем қабілетсіздігі** – борышкердің ақшалай міндеттемелерін және өзге де ақшалай сипаттағы талаптарды орындау мерзімі басталған кезден бастап үш ай ішінде оларды орындауға қабілетсіздігі. Егер борышкер міндеттемесін орындау мерзімі жеткен кезден бастап үш ай ішінде орындамаса, ол төлеуге қабілетсіз деп есептеледі. (Банкроттық туралы заң, 1,4 баптар). Кредиторлардың борышкерді банкрот деп тану туралы сотқа арыз беріп өтініш жасауына борышкердің төлем қабілетсіздігі негіз болып табылады. Несие берушінің талап ететін сомасы (жоқ борышкердің банкроттығын есептемегенде) 150 АЕК төмен болмауы тиіс. Заңда бір өтініште бір борышкерге бірнеше несие берушілердің талаптарын біріктіруге немесе бірнеше талаптардың біріктірілуіне рұқсат етіледі.

**Дәрменсіздік** – ақшалай міндеттемелер бойынша кредиторлардың талабын толық көлемде қанағаттандыруға борышкердің сот белгілеген қабілетсіздігі. Дәрменсіздік борышкердің банкроттық туралы ерікті түрде сотқа арыздануына негіз болуы мүмкін. Жалпылай алғанда, дәрменсіздік соттың борышкерді банкрот деп тануға шешім қабылдауына негіз болып табылады.

Міне осылайша, дәрменсіздік – төлем қабілетсіздігіне қарағанда, борышкердің төлем қабілетсіздігінің тұрақтырақ нысаны.

### **3.1.2. Заңды тұлғалардың банкроттығы**

**Банкроттық** – борышкердің сот шешімімен танылған оны тарауға негіз болатын дәрменсіздігі. Дәрменсіздік ретінде ақшалай міндеттемелер бойынша кредиторлардың талабын толық көлемде қанағаттандыруға, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін тұлғалармен еңбекақы төлеу бойынша есеп айырысуды жүргізуге, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді қамтамасыз етуге борышкердің сот белгілеген қабілетсіздігі танылады. Соттың борышкерді банкрот деп тану және конкурстық іс жүргізуді қозғау туралы шешімі мынадай жағдайларда:

- іс қозғалған кезден бастап екі айдан аспайтын мерзімде соттың істі қарауы барысында борышкер өзінің қабілеттілігін дәлелдей алмағанда;

- іс қозғалған кезден бастап отыз күннен аспайтын мерзімде, оның дәрменсіздігін растайтын құжаттарды қоса борышкердің өз жауабында дәрменсіздігін мойындағанда;

- іс қозғалған кезден бастап он күннен аспайтын мерзімде, оның дәрменсіздігін растайтын құжаттарды қоса борышкер өзін банкрот деп тану туралы арыз бергенде;

- кредиторлар комитетінің бас тарту туралы шешімі алынған кезден бастап бес күннен аспайтын мерзімде, кредиторлар комитеті борышкерге оңалту рәсімдерін қолданудан бас тартқанда;

- банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу жаңғыртылған күннен бастап он күннен аспайтын мерзімде оңалтуды басқарушы оңалту рәсімдерінің сәтсіз өткізілгені туралы уәкілетті органның қорытындысымен сотқа жазбаша жүгінгенде;

- Банкроттық туралы іс бойынша іс қозғаудан борышкер айтарлықтай зардаптар шегеді. Атап айтқанда,

- заңды тұлғаның барлық органдары борышкердің мүлкіне билік ету құқығынан айырылады;

- соттардың бұрын қабылдаған шешімдерін орындау тоқтатыла тұрады;

- кредиторлардың, салық органы мен салық және бюджет-



ке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөніндегі өзге де уәкілетті мемлекеттік органның талаптары, соның ішінде даусыз (акцептісіз) тәртіппен қанағаттандырылуға тиісті талаптары бойынша борышкердің банк шотынан ақша өндіріп алуға, сондай-ақ борышкердің мүлкінен өндіріп алуға жол берілмейді;

- кредиторлардың борышкерге қоятын кез келген талаптары банкроттық рәсімдері шегінде ғана қойылуы мүмкін;

- борышкердің лауазымды адамдарына акцияларды, борышкердің мүлкіндегі үлестерді иеліктен айыруға тыйым салынады.

Борышкер мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету, әдейі және жалған банкроттық белгілерінің бар екенін анықтау, қаржылық жағдайына талдау жүргізу, борышкердің төлем қабілеттілігінің қалпына келтірілуін немесе келтірілмеуін және несие берушілердің алдындағы міндеттемелерді орындаудан жалтару жөніндегі әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) айқындау, борышкердің қаржылық-шаруашылық қызметінің жағдайына несие берушілер тарапынан бақылауды және олардың қайта құрылуын жүргізуі, басты құралдарды иеліктен шығару, мүлікті кепілге немесе жалға беру мәмілелеріне, сондай-ақ нарықтық бағасынан анағұрлым төмен бағадағы не орындалуы борышкерге залал келтіруі мүмкін өзге де мәмілелердің жасалуына бақылау жасау мақсатында борышкерге сыртқы байқау белгіленуі мүмкін. Төлем қабілеті жоқ борышкерге оның таратылуына жол бермеу мақсатында төлем қабілетін қалпына келтіруге бағытталған, оңалту рәсімі қолданылуы мүмкін. Ол тек сот шешімі бойынша несие берушілер комитеті мен уәкілетті орган келісімімен жүзеге асырылады. Оңалту шараларына кез келген ұйымдық-шаруашылық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, дәрменсіз борышкерді таратуға жол бермеуге бағытталған өзге де шаралар, сондай-ақ осындай шаралар кешені, атап айтқанда, санация, мүлікті (активтерді) сауда-саттық жүргізу арқылы сату, борышкердің талап ету құқықтарына кеңшілік жасау, борышты акцияға айырбастау, бітімгершілік келісім жасау кіруі мүмкін. Борышкер жөнінде оңалту рәсімін қолдануға оның таратылуына жол бермеу мақсатында төлем қабілетін қалпына келтірудің нақты мүмкіндігінің болуы негіз болып табылады. Борышкердің төлем қабілетін қалпына келтірудің нақты мүмкіндігі тиісті шарттармен, есептермен, экономикалық негіздемелермен және басқа да құжаттармен, егер борышкерге қатысты сырттай байқау рәсімі енгізілсе, сырттай байқау әкімшісінің төлем қабілетін қалпына келтіру мүмкіндігі туралы қорытындысымен расталады.

Борышкер жөнінде оңалту рәсімін жүзеге асыру кезеңінде заңды тұлғаның барлық органдарының мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттігі өзіне ауысатын оңалтуды басқарушы тағайындалады. Оңалту рәсімі енгізілген кезден бастап борышкер берешегінің барлық түрі бойынша тұрақсыздық төлемін (өсімпұлдарды, айыппұлдарды), сондай-ақ алынған кредиттер бойынша сыйақыларды есептеу тоқтатылады. Оңалту рәсімдерін жүзеге асыру мерзімі 3 жылдан аспуы тиіс. Оңалту рәсімі сәтті аяқталған ретте сот борышқордың банкроттығы туралы іс жөніндегі өндірісті қысқарту туралы ұйғарым шығарады. Егер оңалту рәсімінің мақсатына қол жеткізу мүмкін болмаса, іс жөніндегі өндіріс конкурстық өндіріс сатысына ауысады. Конкурстық өндіріс барысында банкрот болған борышкер мүлігінен конкурстық массаны ұйымдастырып, несие берушілердің талаптарын қанағаттандырады, кәсіпорынның таратылуын жүзеге асырады. Сот, кредиторлар комитеті, банкрот, конкурстық басқарушы уәкілетті орган және басқа да мүдделі адамдар конкурс жүргізуге қатысушылар болып табылады. Конкурстық басқарушы жалпылай алғанда, тарату комиссиясының міндеттеріне ұқсас өкілеттіктерді жүзеге асырады. Сонымен қатар, оның бірқатар өкілеттіктері арнайы сипатқа ие. Атап айтқанда, ол борышқордың несие берушілердің алдындағы жауапкершіліктен жалтару және олардың мүдделеріне залал келтіру мақсатында жасаған мәмілелерін сотта даулайды, ұйымды банкроттық жағдайына жеткізген тұлғаларды айқындайды, конкурстық массаны өткізу жоспарын әзірлейді. Несие берушілерде банкроттық ісінде белсенді орын алады. Борышкерге өз талаптарын несие берушілер бұқаралық ақпараттық құралдарында жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қоюы тиіс.

Қолданыстағы заңнамада банкроттықтың бірқатар арнайы рәсімдері қарастырылады: оңайлатылған рәсімдері, дәрменсіз борышқорды соттан тыс тарату, негізді құраушы басты кәсіпорындардың банкроттығы.

Банкроттықты болжаудың құқықтық қырлары. Банкроттық болуы аса қаланбайтын рәсімдер болып табылады. Сондықтан да болуы ерекше белгілермен сипатталады және банкроттықты болдырмау үшін осы ерекше, арнайы белгілері ескерілуі тиіс. Оларға төмендегілер жатады:

- а) өндірістің қызметінде созылмалы үзілістер (тұрып қалу, жұмыс істемеу);
- б) өз қаражатының үнемі жетіспеуі және мерзімі өтіп кеткен міндеттерді өтей алмаушылығы;

- в) шұғыл түрде несиелік қарыздары өсуі;
- г) тұрақты қызметті сақтау мақсатында қысқа мерзімді қарыздар алу қажеттілігінің өсуі;
- д) дебиторлық қарыздардың жоғары үлес салмағы
- е) несиені өтеуге төмен индекс (низкий индекс кредитоспособности)
- ж) пайдалы әріптестері мен тапсырыс берушілерін жоғалту
- з) кәсіпорынның нарықтық құны төмендеуі
- и) жетекші және тәжірибелі мамандардың кетуі

### **3.1.3. Тапсырмалар**

#### **Есеп 2-1**

АҚ жұмысшысы Кучеренко АҚ банкроттығы туралы сотқа талап арыз береді. Өзінің талап арызында жұмысшы 5 ай бойы жалақы алмағанын және әкімшілікке қойған барлық талаптары нәтижесіз болғандығын көрсеткен.

Сот Кучеренконың банкроттық туралы арыз беруіне құқығы жоқтығына сілтеп, талап арызын қабылдамайды, бірақ АҚ-нан берешек сомасын өндіріп алу үшін талап тәртібі бойынша талап қоя алады деген.

#### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

1. Сот дұрыс шешім қабылдады ма?
2. Сотта банкроттық өндіріс туралы істі кім бастамашылық етуге құқылы?
3. Сотқа жүгіну үшін несие берушілер мен борышкерде қандай негіз болуы тиіс?

### **3.1.4. Тест**

#### ***1. Банкроттықтың дұрыс ұғымын көрсетіңіз:***

- а) ол борышкердің сот шешімімен белгіленген несие берушілердің ақшалай талаптарын қанағаттандыру мүмкінсіздігі
- б) ол борышкердің сот шешімімен белгіленген заттарды қайтару, тапсырысты орындау, қызмет көрсету бойынша міндеттерін орындай алмауы
- с) ол сот шешімімен белгіленген борышкердің табыссыздығы
- д) ол ерікті түрде белгіленген борышкердің дәрменсіздігі

**2. Аталған тұлғалардың қайсысы банкрот субъектісі болып табылады:**

- a) барлық жеке және заңды тұлғалар
- b) заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер
- c) тек заңды тұлғалар
- d) мемлекет және заңды тұлғалар

**4. Көрсетілген тұлғалардың қайсысы банкрот субъектісі болмайды:**

- a) акционерлік қоғамдар
- b) шаруашылық серіктестіктер
- c) жеке кәсіпкерлер
- d) қазыналық кәсіпорындар

**5. Заңды тұлғаны тарату кезінде несие берушілердің кінә қою мерзімі неше айдан кем болмауы тиіс?**

- a) 6 айдан
- b) 3 айдан
- c) 1 айдан
- d) 2 айдан

### **3.1.5. Нормативтік актілердің тізімі**

ҚР Азаматтық кодексі (жалпы және ерекше бөлім) (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

«Банкроттық туралы» ҚР 1997 жылдың 21 қаңтарындағы Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

«Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР 2006 жылдың 31 қаңтарындағы Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

## 4-тақырып. Заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысандары

4.1. Коммерциялық заңды тұлғалар: шаруашылық серіктестіктер, мемлекеттік кәсіпорын, өндірістік кооператив, акционерлік қоғам

4.2. Коммерциялық емес заңды тұлғалар: мекеме, қоғамдық бірлестік, қор, тұтыну кооперативі, қауымдастық

4.3. Тапсырмалар

4.4. Тестілер

4.5. Нормативтік актілердің тізімі

4.1. Коммерциялық заңды тұлғалар: шаруашылық серіктестіктер, мемлекеттік кәсіпорын, өндірістік кооператив, акционерлік қоғам

ҚР заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысандарына талдау жасауға кірісерден алдын, ҚР заңнамасы тұрғысынан кәсіпкерлік қызметтің жалпы сипаттамасын беру қажет көрінеді. Өйткені көптеген заңды тұлғалар шаруашылық қызметпен айналысады және оның қарапайым азаматтар түсетін күнделікті мүліктік қатынастарға қарағанда өзіндік ерекшеліктерге ие екендігі сөзсіз. Сондай-ақ заң шығарушының өзі де кәсіпкерліктің негізгі ережелерін ҚР Азаматтық кодексінің алғашқы баптарында нормативті бекітуді қажет санайды.

Сонымен, ҚР АҚ 10-бабына сәйкес **кәсіпкерлік** – меншік түрлеріне қарамастан, азаматтар мен заңды тұлғалардың, тауарларға (жұмысқа, қызметке) сұранымды қанағаттандыру арқылы таза табыс табуға бағытталған, жекеменшікке (жеке кәсіпкерлік) не мемлекеттік кәсіпорынды шаруашылық басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген ынталы қызметі. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Құқықтық мағынасында **кәсіпкерлік тәуекел** бірнеше нысандарда көрініс табады:

1) тапсырыс берілген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді қолданудың тиімсіздігі кәсіпкерді ол тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді қабылдап алу мен ақы төлеуден *босатпайды*.

2) егер, шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемедегі борышқор тарапындағы бірнеше кәсіпкерлер өздерінің міндеттемелерінің орындалмағанына немесе тиісінше орындалмағанына *ортақтасып жауап* береді.

3) егер шартта өзгеше көзделмесе, кәсіпкерлік қызметтен туындайтын міндеттемелер *мерзімінен бұрын орындала алмайды*. Сонымен бірге, кәсіпкердің өзге де міндеттері шарттағы тиісті ескертпесіз-ақ мерзімінен бұрын орындалуы мүмкін.

4) кәсіпкерлік қатынастардан туындайтын міндеттемені орындау барысында зиян келтірген кәсіпкер кінәсіз негіздерде жауап береді. Демек, кәсіпкердің жауаптылығы зиянның келтірілуіндегі оның кінәсін есептеместен орын алады. Мұндағы маңыздысы субъектінің (кәсіпкердің) мәртебесі және оның қызметі (кәсіпкерлік) болады.

ҚР азаматтық құқығында кәсіпкерлік қызметтің субъектілерінің бірнеше негіздер бойынша жіктелінетіндігі айтылуда. Мысалы, жеке кәсіпкерлік туралы заңда заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің үш түрі қарастырылады:

а) заңды тұлға құрмаған, жұмыскерлерінің жылдық орташа саны елу адамнан аспайтын дара кәсіпкерлер және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, жұмыскерлерінің жылдық орташа саны елу адамнан аспайтын және жыл бойғы активтерінің орташа жылдық құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 60 000 еселенген АЕК аспайтын заңды тұлғалар *шағын кәсіпкерлік субъектілері* болып табылады;

б) заңды тұлға құрмаған, жұмыскерлерінің жылдық орташа саны елу адамнан астам дара кәсіпкерлер және жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын, жұмыскерлерінің жылдық орташа саны 50-ден астам, бірақ 250 адамнан аспайтын және жыл бойғы активтердің орташа жылдық құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 325 мың еселенген АЕК аспайтын заңды тұлғалар *орта кәсіпкерлік субъектілері* болып табылады.

в) жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын, жұмыскерлерінің жылдық орташа саны екі жүз елу адамнан артық немесе жыл бойғы активтердің жалпы құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген үш жүз жиырма бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын заңды тұлғалар *ірі кәсіпкерлік субъектілері* болып табылады.

Енді заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысандарына тоқталсақ. Өйткені олар белгілі бір нысанды алу арқылы ғана азаматтық құқық реттейтін қоғамдық қатынастарға қатыса алады.

Жоғарыда аталып өткендей, заңды тұлғалар коммерциялық және коммерциялық емес болып бөлінуі мүмкін. Ал коммерциялық заңды тұлғалар таңдай алатын ұйымдық-құқықтық нысандардың тізімі ҚР заңнамасында айтарлықтай нақты айқындалған.

Кәсіпкерлік қызметпен байланысты әрекеттерді жүзеге асыруда ең кең таралған ұйымдық-құқықтық нысан, ол шаруашылық серіктестік болып табылады. Шаруашылық серіктестіктер туралы және оның жеке-келеген түрлері туралы жалпы ережелер ҚР АҚ берілген.

Шаруашылық серіктестіктердің құрылуы және қызмет етуі, сондай-ақ шаруашылық серіктестіктер туралы ҚР Заңымен де реттеледі. Шаруашылық серіктестік нысанында құрылатын коммерциялық ұйымдардың жеке түрлерінің құқықтық статусының ерешеліктері, нормалары АҚ сәйкес келетін арнайы заң актілермен көзделуі мүмкін.

ҚР АҚ 58-бабына сәйкес жарғылық капиталы құрылтайшылардың (қатысушылардың) үлесіне (салымдарына) бөлінген коммерциялық ұйым **шаруашылық серіктестік** деп танылады.

АҚ шаруашылық серіктестіктердің келесідей **түрлері** бекітілген:

- 1) толық серіктестік;
- 2) жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- 3) қосымша жауапкершілігі бар серіктестік;
- 4) сенім серіктестігі;

Бұл ұйымдық-құқықтық нысан да капиталдар мен тұлғалар бірлестігінен тұрады. Шаруашылық серіктестіктің құрылтай құжаттарына нотариат куәландыруға тиіс жарғы және құрылтай шарты жатады.

Ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқық, санаткерлік қызмет нәтижесі құқығын қоса алғанда және өзге де мүлік (Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылатын, жарғылық капиталы тек қана ақшамен қалыптастырылатын арнайы қаржы компанияларын және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес құрылатын ислам арнайы қаржы компанияларын қоспағанда) шаруашылық серіктестіктің жарғылық капиталына салынатын салым бола алады.

Құрылтайшылардың (қатысушылардың) жарғылық капиталға заттай нысанда немесе мүліктік құқықтар түрінде салған салымдары барлық құрылтайшылардың келісімі бойынша немесе серіктестіктің барлық қатысушыларының жалпы жиналысының шешімі бойынша ақшалай нысанда бағаланады. Егер мұндай салымның құны жиырма

мың айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне барабар сомадан асып кетсе, оның бағасын тәуелсіз сарапшы растауға тиіс.

Шаруашылық серіктестігін қайта тіркеген кезде оған қатысушының салымын ақшалай бағалау серіктестіктің бухгалтерлік құжаттарымен не аудиторлық есеппен расталуы мүмкін.

Серіктестіктің құрылтайшылары (қатысушылары) осындай баға берілген кезден бастап бес жыл бойы серіктестіктің несие берушілері алдында салым бағасы арттырылған сома шегінде бірлесіп жауап береді.

Серіктестікке салым ретінде мүлікті пайдалану құқығы берілетін жағдайларда бұл салымның мөлшері құрылтай құжаттарында көрсетілген барлық мерзімге есептелген осы мүлікті пайдалану төлемімен анықталады.

Салымдарды мүліктік емес жеке құқық және өзге де материалдық емес игілік түрінде, сондай-ақ қатысушылардың серіктестікке қойған талаптарын есептеу жолымен енгізуге жол берілмейді.

Шаруашылық серіктестігінің құрылтайшылары тіркелгеннен кейін қатысушылар мәртебесіне ие болады. Жалпы ереже бойынша шаруашылық серіктестіктің құрылтайшысы заңды және жеке тұлға бола алады.

Заңда шаруашылық серіктестік қатысушысы ретінде өкілдік, атқарушы және сот билігінің органдарына қатысуға тыйым салынады. Ал заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда шаруашылық серіктестік қатысушылары ретінде осы мақсаттарда арнайы құрылған атқарушы органдар болуы мүмкін.

Толық серіктестіктен және сенім серіктестігінен басқа, бір тұлға құрған шаруашылық серіктестіктерде жалпы жиналыстың өкілеттігі оның бірден-бір қатысушысына тиесілі болады.

Заңнамада серіктестіктердің жарғылық капиталына, олардың мөлшерлеріне белгілі бір талаптарды қояды және осы арқылы серіктестіктің әр түрінің жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері, оны қалыптастыру және өзгертудің тәртібі мен мерзімдері айқындалады.

Егер құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, жарғылық капиталдағы барлық қатысушылардың үлестері және тиісінше олардың шаруашылық серіктестігі мүлкінің құнындағы үлестері (мүліктегі үлес) жарғылық капиталдағы салымдарына барабар болады. Шаруашылық серіктестікке қатысушы серіктестік мүлкіндегі өз үлесін, егер заң құжаттарында немесе құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, салып қоюға және сатуға құқылы.



Шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталын азайтуға оның барлық несиелеріне хабарланғаннан кейін жол беріледі. Олар бұл жағдайда серіктестіктің мерзімінен бұрын тоқтатылуын немесе тиісті міндеттемелерін орындауын және оның зиянды өтеуін талап етуге құқылы.

Осы белгіленген тәртіпті бұза отырып жарғылық капиталды азайту мүдделі адамдардың арызы бойынша сот шешімімен серіктестікті таратуға негіз болып табылады.

Шаруашылық серіктестіктің жоғары органы оның қатысушыларының жалпы жиналысы болып табылады. Шаруашылық серіктестікте оның қызметіне күнделікті басшылық жасайтын және оның қатысушыларының жалпы жиналысына есеп беріп отыратын атқарушы орган (алқалық және (немесе) жеке-дара құрылады). Жеке-дара басқару органы оның қатысушылары арасынан сайланбауы мүмкін. Серіктестіктің алқалы органдары ретінде басқарма (дирекция) байқаушы кеңес, заң актілерінде немесе шаруашылық серіктестігі қатысушыларының жалпы жиналысының шешімінде көзделген жағдайлардан басқа да органдар құрылуы мүмкін.

Акционерлік қоғамдарға қарағанда, ЖШС акциялар шығаруға құқығы жоқ, олардың жарғылық капиталы қатысу үлесіне бөлінеді. Өзге қатысушылардың үстеме бағамен сатып алу құқығымен ғана үлестерге қатысушылардың құқытары еркін иеліктен шығарылады. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің өндірістік, сауда және қаржы қызметтері туралы жария түрде есеп беруден босатылуы оның келесі бір артықшылығы болып табылады.

Толық серіктестіктің мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда қатысушылары серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен ортақ жауапкершілікте болатын серіктестік **толық серіктестік** деп танылады.

Азамат бір ғана толық серіктестіктің қатысушысы бола алады. Толық серіктестікке қатысушының қалған қатысушылардың келісімінсіз өз атынан және өз мүдделері немесе үшінші жақтардың мүдделері үшін серіктестік қызметі мәнімен біртектес мәмілелер жасасуға құқығы жоқ. Бұл ереже бұзылған жағдайда серіктестік өз қалауы бойынша мұндай қатысушылардан не серіктестікке келтірілген залалдың орнын толтыруын, не осындай мәмілелерден тапқан бүкіл пайданы серіктестікке беруін талап етуге құқылы.

Толық серіктестіктің қатысушылары жарғылық қор құрады, оның мөлшері қатысушылар жарғылық капиталға үлес қосқан

сәтте Қазақстан Республикасында заңдармен белгіленген есептік көрсеткіштің жиырма бес мөлшерінен кем болмауы керек (Шаруашылық серіктестіктер туралы Заңның 13-бабының 1-тармағы).

Серіктестіктің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға оның мүшелерінің жекелей өздерінің қатысуы толық серіктестіктің құрлуының және қызмет етуінің басты факторы болып табылады. Құрылтайшылары беретін мүліктің негізінде шаруашылық жүргізу үшін құрылатын ұйымға қарағанда, шаруашылық серіктестіктің аталған түрі кәсіпкерлік қызметті бірлесіп жүргізу үшін құрылатын бірлестіктің рөлін атқарады. Демек, толық серіктестік өзінің табиғаты тұрғысынан жекелей бірлестік болып табылады және өзінің құрылтайшыларынан ірі капиталды талап етпейді.

Сондықтан да мұндай серіктестіктердің қызметінің негізі оның құрылтайшыларының салымы емес, олардың кәсіби тәжірибесі, іскерлік байланыстары және т.б. болмақ. Осыған байланысты толық серіктестіктердің қатысушылары тек жеке тұлғалар ғана бола алады. Заңды тұлғалар толық серіктестіктің қатысушысы ретінде болмауы тиіс.

Толық серіктестіктің құрылтай құжаттарында оның фирмалық атауы көрсетілуге тиіс, онда барлық қатысушылардың есімі, сондай-ақ «толық серіктестік» деген сөздер, не болмаса «және компания» деген сөздер қосылған, бір немесе бірнеше қатысушының есімі, сондай-ақ «толық серіктестік» деген сөздер болуы керек (шаруашылық серіктестіктер туралы Заңның 12-бабының 1-тармағы).

Толық серіктестікте екі қатысушыдан кем болмауы тиіс. Егер бір азаматпен құрылған толық серіктестігінде дербес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті мүлік кешені қалыптастырылмаса, онда не құрылтайшылар бірлестігі немесе ұйымдық ұжым емес не белгілі бір мүлікпен қызмет етуге құрылған ұйым емес бір құрылым құрылады.

Толық серіктестікке қатысушылардың жауапкершілігі белгілі бір ерекшеліктерге ие. Егер толық серіктестік таратылған жағдайда оның барлық борыштарын өтеу үшін нақтылы мүлкі жетпейтін болса, серіктестік үшін жетіспейтін бөлігі жөнінен оған қатысушылар ортақ жауапкершілікті өздерінің заң құжаттарына сәйкес ақы өндіріп алынатын барлық мүлкімен өз мойнына алады. Толық серіктестіктің қатысушысы серіктестіктің борышы бойынша оған өзі кіргеннен кейін немесе кіргенге дейін пайда болғанына қарамастан жауап береді.

Толық серіктестіктің борышын толық немесе ішінара өтеген қатысушы тиісті бөлігінде серіктестік мүлкіндегі өз үлестеріне бара-

бар мөлшерде өзінің алдында үлестік жауапкершілік тартатын қалған қатысушыларға кері талап қойып өтініш жасауға құқылы.

Толық серіктестіктен шыққан қатысушы серіктестіктен өздері шыққан кезге дейін пайда болған серіктестік міндеттемелері бойынша өздері серіктестіктен шыққан жыл ішіндегі серіктестік қызметі туралы есеп бекітілген күннен бастап екі жыл бойы жауап береді.

Серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзінің бүкіл мүлкімен (толық серіктерімен) қосымша жауап беретін бір немесе одан да көп қатысушылармен қатар, серіктестіктің (салымшылардың) мүлкіне өздері салған салымдардың жиынтығымен шектелетін бір немесе одан көп қатысушыларды да енгізетін және серіктестіктің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қатыспайтын серіктестік **сенім серіктестігі** деп танылады.

Салымшылар сенім серіктестігі ісін басқаруға қатыспайды. Сенім серіктестігінің жарғылық капиталының мөлшері жүз айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы тиіс. Салымшылардың жарғылық капиталдағы үлесінің жиынтық мөлшері 50 пайыздан аспауы керек.

Қатысушылардың жауапкершілігі қатысу түріне қарай әр алуан болады. Толық серіктестер серіктестіктің борышы бойынша өздерінің барлық мүліктерімен ортақтасып жауап береді, ал салымшылар өздерінің салған салымдарының шегінде ғана жауапты болады.

Бұл ретте сенім серіктестігінің құрылтай құжаттарында салымшылардың толық серіктестіктердің салымын (салымының бір бөлігін) төлеу жөніндегі міндеттері көзделуі мүмкін. Егер салымшы сенім серіктестігінің мүдделерін көздеп, тиісті өкілеттіксіз мәміле жасаса, оның әрекеттерін серіктестік (толық серіктестер) мақұлдаған жағдайда мәміле бойынша ол несие берушілердің алдында толық көлемінде жауап береді. Егер ол мақұлданбаса, салымшы үшінші жақтың алдында заңдар бойынша өзінің ақы өндіріп алынатын бүкіл мүлкімен жеке жауап береді.

Сенім серіктестігінің ісін басқаруды толық серіктестер жүзеге асырады. Салымшылардың сенім серіктестігінің атынан сенімхатсыз әрекет жасауға құқығы жоқ. Сенім серіктестігі салымшыларының толық серіктестердің серіктестік ісін басқару жөніндегі іс-әрекетін даулауға құқығы жоқ.

Сенім серіктестігі оған қатысушы барлық салымшылар шығып кеткен жағдайда тоқтатылады. Толық серіктестер сенім серіктестігін таратудың орнына оны толық серіктестік етіп қайта құруға құқылы. Таратылу барысында салымшылар несие берушілердің талаптары

қанағаттандырылғаннан кейінгі қалған серіктестіктің мүлкінен салымды өндіріп алуға артықшылық құқықты иеленеді.

Бір немесе бірнеше адам құрған, жарғылық капиталы құрылтай құжаттарымен белгіленген мөлшерде үлеске бөлінген серіктестік **жауапкершілігі шектеулі серіктестік** деп танылады. Мұндай серіктестіктің қатысушылары оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің қызметіне байланысты залалдарға өздерінің қосқан салымдарының құны шегінде тәуекел етеді.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың саны шектелмейді. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жалғыз қатысушы ретінде бір адамнан тұратын басқа шаруашылық серіктестігі бола алмайды.

Жарғылық капиталдың бастапқы мөлшері құрылтайшылар салымдарының сомасына тең болады және серіктестікті мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар табыс етілген күнгі айлық жүз есептік көрсеткіштің мөлшеріне барабар сомадан кем болмауы керек. Егер ЖШС шағын кәсіпкерліктің субъектісі болып табылса, онда оның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері 100 теңге сомасында болуы мүмкін. Жалпы жиналыс бекіткен мерзімде қатысушылар жарғылық капиталға салымдарын толықтай енгізуі тиіс. Мұндай мерзім ЖШС тіркеу күнінен бастап 1 жылдан аспауы тиіс.

ЖШС қатысушысы серіктестіктің жарғылық капиталындағы өз үлесін немесе оның бір бөлігін өз қалауынша осы серіктестіктің бір немесе бірнеше қатысушысына сатуға немесе басқа түрде беруге құқылы.

ЖШС қатысушылары үшінші тұлғалар алдында үлесті немесе оның бір бөлігін сатып алуға артықшылық берілген құқықты пайдаланады. Үлесті (оның бір бөлігін) сатып алуға артықшылық берілген құқықты қатысушылар серіктестіктің жарғылық капиталындағы өз үлестерінің мөлшеріне пара-пар жүзеге асырады.

Егер қатысушының үлесін (оның бір бөлігін) үшінші жақтарға беру мүмкін болмаса, ал серіктестіктің басқа қатысушылары оны сатып алудан бас тартса, серіктестік қатысушыға оның нақты құнын төлеуге не оған сондай құнға сәйкес заттай мүлік беруге міндетті.

ЖШС қатысушысы серіктестік алдындағы өз міндеттерін бұзған жағдайда серіктестік жалпы жиналыстың шешіміне сәйкес сот бойынша осындай қатысушының үлесін серіктестіктің қатысушымен келісімінде белгіленген бағамен мәжбүрлеп сатып алуды талап етуге құқылы.

Өзінің кез келген қатысушыларының талабы бойынша ЖШС қызметіне аудиторлық тексеру жүргізілуге тиіс. Тексеру осыны талап еткен қатысушының есебінен жүргізіледі.

Қатысушылары серіктестік міндеттемелері бойынша өздерінің жарғылық капиталға салымдарымен жауап беретін, ал бұл сомалар жеткіліксіз болған жағдайда өздеріне тиесілі мүлікпен оған өздері еселенген мөлшерде енгізген салымдар арқылы жауап беретін серіктестік **қосымша жауапкершілігі бар серіктестік** деп танылады.

ҚЖС қатысушылары серіктестік міндеттемелері бойынша өздерінің жарғылық капиталға салымдарымен жауап береді, ал бұл сомалар жеткіліксіз болған жағдайда өздеріне тиесілі мүлікпен оған өздері еселенген мөлшерде енгізген салымдар арқылы жауапқа тартылады.

Қатысушылар жауапкершілігінің шекті мөлшері ҚЖС құрылтай құжаттарында көзделеді. Жалпылай алғанда, ЖШС және ҚЖС туралы заңның 1-бабының 3-тармағына сәйкес ЖШС құқықтық мәртебесін реттейтін нормалар қолданылады.

#### **Акционерлік қоғам ұғымы.**

Акционерлік қоғамның заңдық статусын анықтайтын негізгі нормативтік құқықтық акті 2003 жылдың 13 мамырынды қабылданған «Акционерлік қоғамдар туралы» Заң болып табылады.

Бұрынғы қолданылып жүрген қазақстандық заң акционерлік қоғамдарды жалпы шаруашылық серіктестер ұғымына кіргізген. Бірақ 1998 жылғы 10 шілдедегі Заң бұл коммерциялық заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысандарын қатаң шектеді, себебі шаруашылық серіктестіктер тек жалпы капиталымен ғана біріктірілмейді, сонымен қатар жеке де қатынастарға байланысты. Бұл серіктестіктер қатысушылар үлесінің айналымқабілеттіліктерін шектеуде, кейбір жағдайларда серіктестік қарыздары бойынша қатысушыларға жауапкершілік жүктеу және өзге де ерекше белгілер бойынша құрылады.

Бұған қарағанда акционерлік қоғамның өз мазмұны капиталдарды қатысушылар арасында жеке қатынасыз біріктіру нысаны болып табылады.

Өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға **акционерлік қоғам** болып танылады.

Бұл анықтама акционерлік қоғамды коммерциялық ұйым ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, заңда акционерлік қоғамның коммерциялық емес ұйым ретінде құрылуына жол беріледі (Қазақ-

стан Республикасының 2003 жылдың 13 мамырындағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы).

Акционерлік қоғам заңды тұлға болып табылады және оның барлық белгілерін иеленеді: өзінің дербес балансында есептелінетін оқшау мүлкі болады және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап береді. Бұл заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны ретіндегі акционерлік қоғамның басты белгісі болып табылады: акционерлік қоғамның мүлкінің акционерлер мүлкінен оқшаулануы, акционерлердің тәуекелі өздеріне тиесілі акциялардың құнымен шектелген.

ҚР АК және АҚ туралы Заңда акционердің Заңда көзделген реттерді қоспағанда өзі қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейтін, өзінің акцияларының құны шегінде қоғамның қызметіне байланысты шығындық тәуекелге баратыны туралы жалпы ережелер қамтылған.

Сонымен қатар, Заңда акционерлердің шектеулі міндеттерінің жалпы қағидаларына жатпайтындары белгіленген.

*Біріншіден*, акционерлер бір мезетте қоғамның лауазымды адамдары болған ретте: Заңның 63-бабы кінәлі әрекеттері арқылы қоғамға келтірілген залал үшін лауазымды тұлғалардың жауаптылығын қарастырады.

*Екіншіден*, АҚ туралы Заңның 74-бабында мәміле жасасудың Заңда көзделген тәртібіне қойылатын талаптарын бұза отырып қоғаммен мәміле жасалуына мүдделі тұлғаның қоғам алдында өзінің қоғамға келтірген залалы мөлшерінде жауапты болатындығы бекітілген. Егер мәмілені бірнеше тұлға жасаса, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігі ортақ болады.

*Үшіншіден*, корпоративтік жинақтаушы зейнетақы қорларының акционерлері аталған қорлардың міндеттемелері бойынша зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарда белгіленген тәртіп пен жағдайларда ортақтасып жауап береді.

Қолданылып жүрген заңда АК бірнеше түрлері бар, әртүрлі негіздер бойынша түрлі топтарға бөлінеді.

Қызмет ету мақсаттарына қарай коммерциялық және коммерциялық емес болып бөлінеді.

Құрылу ерекшеліктеріне, басқару сипаты мен акцияларының құқықтық режиміне қарай акционерлік қоғамдар туралы заң бұрын жабық және ашық акционерлік қоғамдар деп бөлген. Қазіргі қолданыстағы АҚ туралы заңда мұндай жіктелу көзделмеген.

Құқықтық жағдайының ерекшеліктеріне, АҚ түрлі белгілеріне қарай өзге де ұйым топтарын белгілеуге болады. Қоғамның құрылтайшысы жалғыз тұлға болуы мүмкін, яғни барлық дауыс беру акциялары бір меншік иесіне тиесілі болады. Бұл акционерлік қоғамның жеке-дара құрылтайшысы не құрылтайшыларынан немесе қатысушыларынан барлық дауыс беру акцияларын сатып алған қоғамның қатысушысы болуы мүмкін. Акцияларды осылай ұстаудың құқықтық салдары келесідей болады. Біріншіден, мұндай акционерлік қоғамда жоғары орган (акционерлердің жалпы жиналысы) болмайды, оның өкілеттілігі акцияларды жеке-дара ұстаушыға өтеді. Екіншіден, жалпы жиналысты шақыру, кворум, ұсақ акционерлердің құқықтарын қорғау және т.б. мәселелер өзектілігін жоғалтады.

Келесі акционерлік қоғамдардың ерекше тобының мына ұлттық компанияларда атауға болады («Қазмұнайгаз» ҰК, «Қазпошта» ҰК, «Қазақтелеком» ҰК және т.б.). АҚ туралы Заңның 5 тарау 34-бабына сәйкес мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша акционер ретінде мемлекеттің мүдделерін білдіреді.

Құқыққабылеттілігіне қарай ерекшеліктері, коммерциялық негізде пайда болған акционерлік қоғамдар коммерциялық емес қоғамдар жалпы емес арнайы құқыққабылеттілікке ие, яғни олар тек заңда және құрылтай құжаттарында белгіленген қызмет түрімен ғана айналыса алады (биржалар, зейнетақы қорлары және т.б.).

Сондай-ақ, логикаға сүйенсек, жалпы құқыққабылеттілігіне ие болуы тиіс коммерциялық АҚ құқыққабылеттілігіне заңнаманың өзінде кейде шектеулер қойылады. Атап айтқанда, «Сақтандыру қызметі туралы» Заңда мұндай қызметпен тек акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған ұйымдардың ғана айналыса алатындығы айтылады (22-бап). Осы заңның өзінде сақтандыру ұйымдарына сақтандыру қызметінен өзге қызмет түрлерімен айналысуға тыйым салады (11-бап).

АҚ туралы заңның 6-бабына сәйкес акционерлік қоғам құрыл-

тайшылар шешімімен жаңа акционерлік қоғам болып немесе заңды тұлғаны қайта құру негізінде (қосылу, бірігу, бөліп шығару, біріктіру, қайта құру) құрылуы мүмкін.

Заңның 5-11 баптарында акционерлік қоғамның құрылу тәртібіне бірнеше талаптар қойылған. Акционерлік қоғамды тіркеу кезіндегі қосымша талаптар акционерлік қоғамның тіркеу тәртібін реттейтін актілермен белгіленеді, ҚР «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы» заңы 17 сәуір 1998 жылдың №335-II немесе ҚР Әділет Министрлігінің тіркеу қызметі Комитетінің Бұйрығы, №66, 23 сәуір 1999 жыл «заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеудің Ережелерін бекіту туралы».

Акционерлік қоғамның құрылтай құжаттары болып құрылтай шарты және жарғы табылады. Құрылтай шарты негізінде заңды тұлғаны құру кезіндегі құрылтайшылар арасындағы қатынастар реттеледі. АҚ туралы заңның 7-бабының 1-тармағында құрылтай шартының мазмұны берілген.

Құрылтай шартында (жалғыз құрылтайшының шешімінде) жазылған мәліметтер, егер шарттың өзінде (жалғыз құрылтайшының шешімінде) өзгеше көзделмесе, коммерциялық құпия болып табылады.

Құрылтай шартында өзге де деректермен бірге құрылтайшылардың арасында акцияларды орналастырудың тәртібі мен мерзімі қарастырылады. Құрылтай шартының қолданылуы жарияланған акциялардың шығарылуы мемлекеттік тіркелген күннен бастап тоқтатылады (7-баптың 4-тармағы).

Жарғы АҚ туралы заңның 9-бабына сәйкес акционерлік қоғамды құру кезіндегі басты құрылтай құжаты болады.

Қоғамның жарғысы қоғамның заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін айқындайтын құжат болып табылады. Қоғам жарғысына құрылтайшылар (жалғыз құрылтайшы) не оның өкілдері (өкілі) қол қоюға және нотариалды куәландырылуға тиіс.

АҚ **қайта құрылуының** өзінің ерекшеліктері бар. Қайта құрудың барлық нысандарының жалпы шарты болып табылады:

Кезектер	Құжат түрі	Қажет іс-әрекеттер
----------	------------	--------------------



1	Құзырлы органның қайта құру туралы шешімі	Мүлікті түгелдеуді бекіту, салық ұйымын және бюджеттен тыс қорларды қайта құру туралы хабардар ету, тапсыру актісін құрастыру мерзімдерін бекіту, (бөлу балансы), бухгалтерлік есептілік жасау мерзімдерін анықтау, т.б.
2	Қосылу немесе біріктіру туралы шарт	Құрылтайшылардың жалпы жиналысы бірігу немесе қосылу туралы шарты қоғамның жарғысын немесе оған енгізілген қосымшалар мен толықтыруларды бекітеді
3	Мүлікті түгелдеу тізімдемесі	Қайта құрылатын тұлғаның барлық мүлік түрлерін және міндеттемелерін анықтау.
4	Бағалау актісі	Шешімде бекітілген тәсілдермен мүлікті және міндеттемелерді бағалау.
5	Тапсыру актісін (бөлу балансы)	Мүлік пен міндеттемелерді тапсыруды растайтын құжаттарды дайындау.
6	Қорытынды бухгалтерлік есеп	Қорытынды бухгалтерлік есептілік-кіріспе бухгалтерлік есептілік жасаудың негізі
7	БАҚ хабарландыру	Қайта құру туралы БАҚ хабарландыру беру
8	Жаңа құрылтай құжаттары	Жаңа заңды тұлғалардың құрылтай құжаттары, құрылтай құжаттарына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар немесе сондай құжаттарды қайта толтыру.

9	Мемлекеттік тіркелім туралы акт	Тіркеу органында (қайта құру нысаны ретінде біріктіруді санамағанда) жаңа құрылтай құжаттарын тіркеу.
---	---------------------------------	---

Акционерлік қоғамның мүлікінің қалыптастыруының қайнары болып табылатын, алғашқы жарғылық капиталы болуы міндетті.

Несие берушілері онымен міндеттемелік қатынастарға түскенде қоғамның өзіне алған міндеттерінің орындалуы қандай құн мөлшерінде боларын білуі тиіс.

Бұл мақсат жарғылық капиталды құқықтық реттеу кезінде көзделген нормаларды бекіту және іске асыру негізінде жүзеге асырылады:

1) жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері (АҚ туралы Заң 10-бап);

2) акционерлік қоғамды құру кезінде оның барлық акцияларын құрылтайшыларының арасында орналастыру қажеттілігі (АҚ туралы Заңның 11-бабының 1-тармағы);

3) қоғамның жарғылық капиталын құрылтайшылар қоғам заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап отыз күн ішінде толық төлеуге тиіс (АҚ туралы Заңның 11-бабының 2-тармағы).

Қоғамның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы ҚР заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 50000 еселенген мөлшерінде болады, ол ҚР ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Заңда бекітіледі (АҚ Заң 10 бап).

Акцияның құрылтайшылар алдын ала енгізетін төлем мөлшері қоғамның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінен кем болмауға және оны құрылтайшылар қоғам заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап отыз күн ішінде толық төлеуге тиістігін АҚ туралы заң императивті түрде бекітеді.

Акционерлердің өзіне берген мүліктің, шаруашылық қызмет нәтижесінде қоғамның өндірген өнімдерінің, алынған табыстардың сондай-ақ заңнамамен тыйым салынбаған өзге де негіздер бойынша алынған мүліктер акционерлік қоғамның меншік құқығына түседі. Қоғамның дербес балансында сипатталатын басты қорлар мен айналымдағы құралдар, сондай-ақ өзге де құндылықтар қоғамның мүлкін құрайды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес акционерлік қоғамның жарғылық капиталы акционердің ақшасын немесе өзге де мүлкін қоғамның акцияларына айырбастау арқылы қалыптасады. АҚ туралы заңның 21-бабына сәйкес оның орналастырылатын акцияларын төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (соның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

АҚ туралы Заңның 12-бабына сәйкес акционерлік қоғам акцияларды және өзге де бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. Мүліктің ерекше бір түрі жататын акциялар мен облигациялар азаматтық құқықтың, яғни меншік құқығының, кепілдің және т.б. объектісі болып табылады. Акционерлік қоғам шығаратын бағалы қағаздарға қатысты азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасасудың ерекшелігі бағалы қағаздар туралы заңнамамен айқындалады. Бүгінгі күні ҚР 2003 жылдың 2 шілдесіндегі «Бағалы қағаздар туралы» заңы осы саладағы негізгі заң болып табылады.

**Акция** – акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз (АҚ туралы Заң 12-бап, 1-тарau).

**Жай акция** дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді (АҚ туралы Заңның 13-бабы).

Акционердің ең маңызды құқығы салынған капиталдан табыс алу емес, акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру арқылы АҚ ісін басқаруға қатысуы болып табылады. Акциялардың барлық иелері бірдей құқық мөлшеріне ие.

Артықшылықты акциялардың ерекшелігі ҚР АҚ туралы Заңының 13-бабына сәйкес меншік иелері – акционерлердің жай акциялардың меншік иелері – акционерлеріне қарағанда қоғамның жарғысында белгіленіп, алдын ала айқындалып, кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар.

Қоғамның артықшылықты акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауға тиіс.

Артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді, егер:

1) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы шешімі бойынша артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қараса. Шектеу қою үшін орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі жақтап дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі;

2) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қараса;

3) артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерінде төленбесе, артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді (АҚ туралы Заңның 13-бабының 4-тармағы).

Құрылтай жиналысы (жалғыз құрылтайшының шешімі) немесе акционерлердің жалпы жиналысы жарғылық капиталды қалыптастыруға және дивидендтер алуға қатыспайтын бір «алтын акцияны» енгізуі мүмкін. «Алтын акция» иесінің акционерлердің жалпы жиналысының, директорлар кеңесі мен атқарушы органның шешімдеріне қоғам жарғысында белгіленген мәселелер бойынша veto қою құқығы болады. «Алтын акция» куәландырған veto қою құқығы басқаға берілмеуге тиіс (АҚ туралы Заңның 13-бабының 5-тармағы).

АҚ акциялары тек атаулы болуы мүмкін (ҚР АҚ 91-бабының 1-тармағы), қазіргі қолданыстағы ереже акциялардың кімге тиесілі екендігін және қазіргі иесіне олардың қалай өткендігін нақты білуге бағытталған.

АҚ туралы Заңның 12-бабының 1-тармағына сәйкес қоғамның барлық акциялары құжатсыз нысанда шығарылады.

Акционерлік қоғамның мүлкін құраған кезде акционерлердің жарғылық капиталға салымдарынан басқа сыртқы заемдарда құрастыру қайнарлары болып табылады. Заемның ең қарапайым нысаны болып ҚР банктердің несиесі саналады. Қолданыс аясы кеңейіп келе жатқан облигацияны қосымша қаражат тартудың бір көзі ретінде атауға болады. Бұл, акционерлік қоғамға тек заңды тұлғалардың ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғалардан да қаражат тарту мүмкіндігін береді.

АҚ қамтамасыз етілген және етілмеген, купондық және дисконттық облигацияларды шығаруға құқылы. Бағалы қағаздар

бойынша табыстарды төлеу нысаны, әдісі мен тәртібі акционерлік қоғамның жарғысында немесе заңнамалық актілерде қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып, бағалы қағаздарды шығару перспектісінде айқындалады.

Акционерлік қоғам қоғамның мынадай акциялары бойынша:

1) өз капиталының теріс мөлшері кезінде немесе, егер қоғамның өз капиталының мөлшері дивидендтерді оның акциялары бойынша төлеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер ол Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер қоғамда дивидендтерді оның акциялары бойынша төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер төлеуге құқылы емес.

Қазақстан Республикасының заң актілерімен акционерлік қоғамдарға акциялар бойынша дивидендтер төлеуге тыйым салатын өзге де негіздер көзделуі мүмкін. Акционерлік қоғам заңдарда белгіленген тәртіппен туынды бағалы қағаздар, опциондар мен айыр-басталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

Облигация – шығару кезінде айналыс мерзімі алдын ала белгіленген, оны шығару шарттарына сәйкес облигацияны шығарған тұлғадан ол бойынша сыйақы алу және оның айналыс мерзімінің аяқталуы бойынша облигацияның ақшалай немесе өзге де мүлдіктік балама түрдегі нақты құнын алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз (ҚР АҚ 136-бабы).

Облигациялар тек атаулы эмиссиялық бағалы қағаздар ретінде шығарылады.

Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйымдар опциондарды жасаса алмайды.

АҚ туралы заңның 33-бабына сәйкес мыналар қоғам органдары болып табылады:

1) *жоғары орган* – акционерлердің жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі қоғамда – сол акционер);

2) *басқару органы* – директорлар кеңесі;

3) *атқарушы орган* – алқалы орган немесе атауы қоғамның жарғысында белгіленетін атқарушы орган қызметін жеке-дара жүзеге асыратын тұлға.

Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін кемінде үш мүшеден тұратын ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін (АҚ туралы Заңның 61-бабы). Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері

директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды. АҚ басқарудың өзге де органдарын құруға және олардың қызметіне заңнамаға және акционерлік қоғамның жарғысына сәйкес бақылау орнатуға заңнама акционерлерге мүмкіндік береді.

Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын АҚ басқарудың өзіндік ерекшеліктері бар. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы бұл, бір жағынан кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің жарғылық капиталына тікелей мемлекеттік инвестиция арқылы оларды қолдау болса, ал, екінші жағынан мемлекеттік меншіктегі акциялар пакетін басқару жөніндегі қызмет болып табылады. Бұл бағалы қағаздарды басқару жөніндегі қызметті мемлекеттің атынан мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілеттілік берілген тиісті мемлекеттік органдар, ҚР Үкіметінің шешімімен өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Акционерлік қоғамның жоғары органы оның акционерлерінің жалпы жиналысы болып табылады және бұған қатысу арқылы әрбір акционер АҚ басқаруға қатысу жөніндегі өзінің құқығын жүзеге асырады. Акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер тиісті хаттама жасасу арқылы рәсімделеді.

АҚ туралы Заңның 36-бабында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын мәселелер бекітілген.

Акционерлік қоғамның қызметіне жалпы басқаруды директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлғалар ғана бола алады. Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) акционер – жеке адамдар;
- 2) директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) адамдар;

3) басқа адамдар (Қоғамның акционері емес және акционердің өкілі ретінде директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке адам директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай адамдар саны директорлар кеңесі құрамының елу процентінен аспауы керек) арасынан сайланады.

Директорлар кеңесінің айрықша құзіреті заңдарда айқындалған.

Құқықтың өзге субъектілерімен болатын қатынастардағы акционерлік қоғамның мүддесін тікелей қорғайтын орган атқарушы орган болып табылады. Қоғам өзінің атқарушы органы арқылы азаматтық құқықтар мен міндеттерді иеленеді.

Атқарушы орган өкілеттілігінің аясына акционерлердің жал-

пы жиналысы мен директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру, сондай-ақ шарттар мен мәмілелерді жасасу, қоғамның мүлкіне билік ету, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және шығаруды, АҚ өзге де басқару органдарының айрықша құзіретіне жатпайтын өзге де мәселелерді шешуді қоса алғанда, АҚ күнделікті ісін басқару міндеттері жатады.

Акционерлік қоғамның атқарушы органы алқалық (басқарма) немесе жеке дара (директор, бас директор, президент) болуы мүмкін. Өзге лауазымды тұлғалар (директордың орынбасары, қаржы директоры және т.б.) жеке-дара атқарушы органның қызметін қамтамасыз ете отырып, өздеріне директор ұсынған өкілеттілік шегінде акционерлік қоғамды басқару жөніндегі қызметтерді жүзеге асырады.

Азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік қызмет үшін мүшелік негізде олардың өз еңбегімен қатысуына және өндірістік кооператив мүшелерінің мүліктік жарналарын біріктіруіне негізделген ерікті бірлестігі **өндірістік кооператив** деп танылады.

Өндірістік кооперативтің құқықтық мәртебесі ҚР 1995 жылдың 5 қазанындағы «Өндірістік кооператив туралы» заңымен айқындалады.

Кооператив мүшелері екеуден кем болмауға тиіс. Өндірістік кооперативтің мүшелері кез келген 16 жасқа толған, кооператив қызметінде жеке еңбек қатынаста бола алатын жеке тұлға бола алады.

Өндірістік кооператив мүшелерінің мүліктік жарналары бастапқы капиталды қалыптастырады және кооператив қызметін құру мен ұйымдастыруға, сондай-ақ шығындарды жабуға арналады. Мүліктік жарналардың құрамы мен мөлшері, сондай-ақ оларды енгізу тәртібі, жолдары мен мерзімі құрылтай шартында немесе жарғыда белгіленеді.

Өндірістік кооперативтің мүшелері кооператив міндеттемелері бойынша заңнамада көзделген мөлшер мен тәртіп бойынша қосымша (субсидиарлы) жауапты болады. Кооперативтің міндеттемелері бойынша кооператив мүшелерінің қосымша жауапкершілігінің шекті мөлшері құрылтай құжаттарымен айқындалады, алайда ол кооператив мүшесінің жарнасының құны мөлшерінен кем болмауы тиіс.

Өндірістік кооперативтің жоғары органы мүшелердің жалпы жиналысы болып табылады. Сондай-ақ, кооперативтегі атқарушы органның қызметіне қадағалау жүргізу үшін бақылау кеңесі құрылуы мүмкін. Осы ретте, бақылау кеңесі мен басқарманың мүшелері тек кооператив мүшелері ғана бола алады. Бақылау кеңесінің мүшелері бірмезетте басқарма мүшесі немесе кооператив төрағасы бола алмайды.

Басқарма мен оның төрағасы кооперативтің атқарушы органы болып табылады.

### **Мемлекеттік кәсіпорындар**

Бұл кәсіпорындар мемлекет тарапынан құрылады және мемлекеттік меншік құқығына негізделеді.

Мемлекеттік кәсіпорындарға жүктелетін басты міндеттер:

Мемлекеттің қорғаныс қабілетін материалдық жағынан қамтамасыз ету және қоғам мүддесін қорғау;

Экономиканың жекеменшік секторы қамтымаған немесе жеткіліксіз қамтыған қоғамдық өндірістің буындары мен салаларында бірінші қажеттіліктегі тауарларды өндіру (жұмыстар атқару, қызметтер көрсету);

Мемлекеттік монополияға жатқызылған немесе бақылау және қадағалау функцияларын қоспағанда, мемлекеттің функциясы болып табылатын салалардағы қызметті жүзеге асыру.

Мемлекеттік кәсіпорындардың түрлері:

<b>Заттық құқықтардың түріне қарай:</b>	<b>Мемлекеттік меншіктің түріне қарай.</b>
Шаруашылық жүргізу құқығына негізделген кәсіпорындар	Республикалық
Жедел басқару құқығына негізделген (казыналық кәсіпорын) кәсіпорындар жатады.	коммуналдық

Мемлекеттік кәсіпорындар туралы заңнама Азаматтық кодекстен, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңынан тұрады.

Мемлекеттік кәсіпорын уәкілетті мемлекеттік органның шешімі бойынша құрылады. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің функцияларын республикалық мемлекеттік меншікке билік етуге Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (уәкілетті орган) орындайды.

Министрліктер, ведомстволар және уәкілеттік берілген өзге де мемлекеттік органдар, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкі мемлекеттік басқару органдары болып табылады.

Коммуналдық меншік құқығы субъектісінің коммуналдық мем-



лекеттік кәсіпорындарға қатысты функцияларын тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімшілігі (уәкілетті орган) жүзеге асырады.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімшілігі не жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, әкім уәкілеттік берген атқарушы орган коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органы болып табылады.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізімі ҚР Үкіметі тарапынан бекітіледі. Коммуналдық кәсіпорындардың тізімін жергілікті тиісті атқару органдары тарапынан бекітеді.

Жарғы мемлекеттік кәсіпорынның жалғыз құрылтай құжаты болып табылады. Мемлекеттік кәсіпорынның жарғысын мемлекеттік басқару органының ұсынуы бойынша оның құрылтайшысы (уәкілетті органы) бекітеді.

Мемлекеттік кәсіпорынның жарғысында кәсіпорынның түрі, оның фирмалық атауы, құрылтайшысы (уәкілетті органы) туралы мәліметтер қамтылуы тиіс.

Мемлекеттік кәсіпорынды басқаруды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Мемлекеттік басқару органы тарапынан тағайындалатын және соған есеп беретін мемлекеттік кәсіпорынның жетекшісі, кәсіпорынның органы болып табылады. Кәсіпорынның жетекшісі жеке-дара билік негізінде әрекет етеді және өзінің құзіретіне сәйкес кәсіпорынның қызметі барысында туындайтын барлық мәселелерді дербес шешеді.

Мемлекеттік кәсіпорынның мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктің;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қосқанда);
- 3) заңдармен тыйым салынбаған өзге де қаражат негіздерінің есебінен қалыптастырылады.

Мемлекеттік кәсіпорын тұтас алғанда мүлік кешені ретінде жылжымайтын мүлік болып танылады және мемлекеттік меншік құқығының объектісі болып табылады.

### **Шаруашылық жүргізу құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорын**

Шаруашылық жүргізу құқығы мүлікті мемлекеттен меншік иесі ретінде алған және осы мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын заңнамалық актілерде белгіленген шекте жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның заттық құқығы болып табылады.

Кәсіпорынның қарамағында тек өзінің жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін қажетті мүлік қана бола алды. Кәсіпорын өзінің кірістерінің есебінен қамтамасыз етіледі.

Қызметін шаруашылық жүргізу құқығы негізінде жүзеге асыратын кәсіпорынның уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз:

- өзіне тиесілі үйлерді, ғимараттарды, жабдықтарды және кәсіпорынның басқа да негізгі құралдарын иеліктен айыруға немесе өзге де әдіспен оларға билік етуге, ұзақ мерзімді (үш жылдан астам) жалға беруге, уақытша тегін пайдалануға беруге;

- филиалдар, өкілдіктер мен еншілес кәсіпорындар құруға жеке кәсіпкерлермен бірге кәсіпорындар мен бірлескен өндірістер құруға, оларға өзінің өндірістік және ақшалай капиталын салуға;

- өзіне тиесілі акцияларға, сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге;

- үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;

- заемдар беруге құқы жоқ.

Кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі мүліктің бәрімен жауап береді. Кәсіпорын өз мүлкін иеленушінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Құрылтайшының (уәкілетті органның) немесе мемлекеттік басқару органының іс-әрекетінен банкротқа ұшырағаннан басқа жағдайда мемлекет кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Мұндай жағдайда кәсіпорынның қаржысы жетіспеген ретте оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

### **Қазыналық кәсіпорын.**

Жедел басқару құқығындағы мемлекеттік мүлікке ие кәсіпорын қазыналық болып танылады.

Қазыналық кәсіпорынның қызметі мемлекеттік тапсырысты бөле отырып, мемлекеттік басқару органы бекітетін смета бойынша өз табысының есебінен қаржыландырылады.

Жедел басқару құқығы қазыналық кәсіпорынның меншік иесінен алған және өз қызметінің мақсатына, меншік иесінің тапсырмалары мен мүліктің мақсатына сәйкес осы Заң мен өзге де заң актілерінде белгіленген шекте сол мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын заттық құқық болып табылады.

Қазыналық кәсіпорынның шаруашылық қызметі оның жарғылық мақсаттарымен, сондай-ақ мемлекеттің тапсырыстары арқылы анықталады. Өзге шаруашылық қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.

Меншік иесі берген мүліктің тиімді қолданылуы мен сақталуына қадағалауды меншік иесі жүзеге асырады.

Қазыналық кәсіпорын ҚР Үкіметінің, Ұлттық банкінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша құрылады. Құрылтайшы бекіткен қазыналық кәсіпорынның жарғысы оның құрылтай құжаты болып табылады.

Қазыналық кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша билік етуіндегі ақшамен жауап береді. Қазыналық кәсіпорынның қалған мүлкінен өндіріп алуға осы кәсіпорын таратылғаннан басқа жағдайларда жол берілмейді.

Қазыналық кәсіпорынның шарттық міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тек мемлекеттік тапсырысты орындау шеңберінде ғана субсидиарлық жауапкершілікті көтереді.

## 4.2. Коммерциялық емес ұйымдар

Соңғы кездері коммерциялық емес ұйымдардың әралуан түрлері көптеп құрыла бастады. Олардың құқықтық жағдайын айқындау барысында заңды тұлғаны коммерциялық емес ұйым қатарына жатқызудың екі негізіне мән беру керек:

- пайда табу олардың басты мақсаты емес,
- тапқан табысты олар қатысушылар арасында бөлуге құқығы жоқ.

Жарғылық мақсаттарына сәйкес келгендіктен ғана коммерциялық емес ұйымдар коммерциялық қызметпен айналыса алады.

Коммерциялық емес ұйымдардың түрлері:

<b>мемлекеттік</b>	<b>мемлекеттік емес</b>
Мемлекеттік мекеме	Мекеме
	Қоғамдық бірлестік
	Акционернерлік қоғам
	Тұтыну кооперативі
	Қор
	Діни бірлестік
	Заңды тұлғалардың қауымдастығы (одақ)

Коммерциялық емес ұйымдарды реттейтін негізгі нормативтік акті – ҚР АҚ, коммерциялық емес ұйымдар туралы Қазақстан Республикасының Заңы.

Коммерциялық емес ұйымдар әлеуметтік, мәдени, ғылыми, білім беру, қайырымдылық, басқару мақсаттарына қол жеткізу; азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау; даулар мен жанжалдарды шешу; азаматтардың рухани және өзге қажеттіліктерін қанағаттандыру; азаматтардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, дене шынықтыру мен спортты дамыту заң көмегін көрсету үшін, сондай-ақ қоғамдық игіліктерді және өз мүшелерінің (қатысушылардың) игіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да мақсаттарда құрылуы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйымның атауы оның атын және ұйымдық-құқықтық нысанының көрсетпесін қамтиды. Ол заңдарда көзделген қосымша ақпаратты қамтуы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйымның тұрақты қызмет істейтін органы орналасқан жер оның орналасқан жері деп танылады.

Коммерциялық емес ұйымды (қоғамдық және діни бірлестіктерді қоспағанда) оны қалыптастыру арқылы құру құрылтайшылардың (құрылтайшының) шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамдық және діни бірлестіктер құрылтай жиналысын (съезд, конференция) шақырушы кемінде он адамнан тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары тобының бастамасы бойынша құрылады, онда жарғы қабылданады және оның органдары қалыптастырылады.

Заңды тұлға ретінде коммерциялық емес ұйымның құқық қабілеттілігі ол мемлекеттік тіркелуден өткен кезден бастап туындайды.

Коммерциялық емес ұйымның айналысуға лицензия алу қажет болатын қызмет саласындағы құқық қабілеттілігі осындай лицензияны алған кезден бастап туындайды.

Коммерциялық емес ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанына қарай, егер осы Заңда, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар оның құрылтайшылары бола алады.

Коммерциялық емес ұйымды, тұтыну кооперативін, қауымдастықтарды (одақтарды) құру жағдайларын және коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген түрлері туралы заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда, жеке тұлға құруы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйымдардың құрылтай құжаттары:

1) мекеме үшін – меншік иесі (меншік иелері) бекіткен ереже (жарғы) және меншік иесінің (меншік иелерінің) құру туралы шешімі;

2) қор, тұтыну кооперативі, коммерциялық емес акционерлік қоғам қауымдастық (одақ) нысанындағы, өзге де ұйымдық-құқықтық нысандардағы заңды тұлғалар бірлестіктері үшін – құрылтайшылар бекіткен жарғы және құрылтай шарты;

3) қоғамдық бірлестік, діни бірлестік үшін – жарғы болып табылады.

Коммерциялық емес ұйымның жарғысы:

1) коммерциялық емес ұйымның атауын, соның ішінде ұйымдық-құқықтық нысанын, қызметінің мәні мен мақсатын;

2) коммерциялық емес ұйымның орналасқан жерін;

3) коммерциялық емес ұйымның басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібін және құзыретін;

4) коммерциялық емес ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) құқықтары мен міндеттерін;

5) коммерциялық емес ұйымның мүшелігіне (егер коммерциялық емес ұйымның мүшелігі болған жағдайда) қабылдау және одан шығу шарты мен тәртібін;

6) коммерциялық емес ұйымның мүлкін құрау көздерін;

7) коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін;

8) коммерциялық емес ұйымды қайта ұйымдастыру және оның қызметін тоқтату шартын;

9) коммерциялық емес ұйым таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану тәртібін;

10) филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтерді көздеуге тиіс.

**Құрылтай шарты** – коммерциялық емес ұйым құру туралы құрылтайшылардың келісімі, мұнда оны құру жөніндегі бірлескен қызмет тәртібі, оның меншігіне (жедел басқару) өз мүлкін беру және оның қызметіне қатысу шарттары айқындалады. Мұнда, егер коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген түрлері туралы заң актілерінде өзгеше көзделмесе, коммерциялық емес ұйымның қызметін басқару, құрылтайшылардың оның құрамынан шығу шарты мен тәртібі де белгіленеді.

Коммерциялық емес ұйымның мүлкін құрау көздері мыналар:

1) құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түскен түсімдер;

- 2) ерікті мүліктік жарналар мен қайырмалдықтар;
- 3) заңдарда белгіленген жағдайларда тауарлар сатудан, жұмыстардан, қызмет көрсетуден түскен түсімдер (кіріс);
- 4) акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар және салымдар (депозиттер) бойынша алынған дивидендтер (кірістер, сыйақы (мүдде));
- 5) заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер, заң актілеріне сәйкес, коммерциялық емес ұйымның мүлкін ақшалай және өзге де нысандардағы құрау көздері болып табылады.

Коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген түрлерінің кіріс көздеріне заң актілерімен шектеулер қойылуы мүмкін.

Құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түсетін қаржы және өзге де қаражат түсімдерінің тәртібі коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарында белгіленеді.

Коммерциялық емес ұйымның мүлкін, ақшалай нысаннан басқа, заттай және өзге нысандарда құрауға құрылтайшылардың салымдары барлық құрылтайшылардың келісімі бойынша ақшалай нысанда бағаланады. Егер мұндай салымның құны жиырма мың АЕК тең сомдан асып кетсе, оны бағалауды аудиторлық ұйым растауға тиіс.

Коммерциялық емес ұйымдардың, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, құрылтай құжаттарына сәйкес олардың **басқару органдары** мыналар болып табылады:

- 1) **жоғары басқару органы** (жалпы жиналыс, съезд, конференция, құрылтайшы) – коммерциялық емес ұйым қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы;

- 2) **басқарудың атқарушы органы** (алқалы немесе дара басқару) – коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарымен жоғары басқару органының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, коммерциялық емес ұйымның қызметін ағымдағы басқаруды жүзеге асырады, жоғары басқару органына есеп береді;

- 3) коммерциялық емес ұйымның басқару органдары сайлайтын немесе тағайындайтын **тексеру органы** (тексеру комиссиясы, тексеруші);

- 4) коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес **басқа да органдар**.

### **Коммерциялық емес ұйымдардың түрлері**

Басқару, әлеуметтік-мәдени немесе өзге де коммерциялық емес сипаттағы қызметтерді жүзеге асыру үшін құрылтайшы құрған және қаржыландыратын ұйым **мекеме** деп танылады.

Өзіне бекітіліп берілген мүлікке деген мекеменің құқығы азаматтық заңнамаға сәйкес айқындалады.

Меншік нысанына қарай мекемелер мемлекеттік және жеке деп жіктелінеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес немесе Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана), аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің нормативтік құқықтық актілерімен мемлекет құрған және егер заң актілерінде қосымша қаржыландыру көздері белгіленбесе, тек мемлекеттік бюджеттің немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бюджетінің (шығыстар сметасының) есебінен ғана ұсталатын мекеме **мемлекеттік мекеме** деп танылады.

Мемлекеттік меншікті иелену, пайдалану, билік ету құқығы белгіленген тәртіппен берілген мекемелерді қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

Мемлекеттік мекеменің шарттық міндеттемелерді қабылдауы Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарушылық, әлеуметтік-мәдени немесе коммерциялық емес сипаттағы өзге де қызметтерді жүзеге асыру үшін жеке және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар құрған, мемлекеттік құрылымның бөлігі болып табылмайтын ұйым **жеке мекеме** деп танылады.

Жеке мекеменің мүлкі оған оралымды басқару құқығымен бекітіліп беріледі.

Жекеменшік мекеме өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақшасы жеткіліксіз болған жағдайда мемлекеттік емес мекеменің міндеттемелері бойынша оның құрылтайшысы жауапты болады.

**Қоғамдық бірлестіктер** болып, азаматтардың Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, өздерінің ортақ мақсаттарына жету үшін ерікті негізде құрған ұйымы танылады.

Қоғамдық бірлестіктерге қатысушылардың (мүшелерінің) осы бірлестіктерге өздері берген мүлікке, соның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары жоқ. Олар өздері мүшелері ретінде қатысатын қоғамдық бірлестіктердің міндеттері бойынша жауап бермейді, ал аталған бірлестіктер өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Азаматтар және (немесе) заңды тұлғалар ерікті мүліктік жарналар негізінде құрған, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейтін, мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым **қор** деп танылады.

Қорды құрған кезде құрылтайшылардың (құрылтайшының) шешімімен тұрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органы – қордың атқарушы органы тағайындайтын қамқоршылық кеңесі құрылады, ол қор қызметінің оның жарғылық мақсаттарына сай келуіне бақылау жасайды, сондай-ақ қордың жарғысында бекітілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жұбайлық және жақын туыстық байланысы бар адамдар қордың қамқоршылық кеңесінің көпшілік мүшесі, сондай-ақ осы қордың штаттағы қызметкерлері бола алмайды.

Қордың атқарушы органы қордың жоғары басқару органының және тұрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органының (қамқоршылық кеңестің) шешімдері негізінде және оларды орындау мақсатында жұмыс істейді және соларға есеп береді.

Қордың атқарушы органының басшысы мен мүшелері қордың құрылтай құжаттарын, осы заңды және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерін бұза отырып өздері қабылдаған шешімдерінің салдарынан келтірілген шығынның орнын бірлесе толтыруға міндетті. Мұндай шешім қабылданған кезде қарсы дауыс берген, қалыс қалған немесе отырысқа қатыспаған адамдар шығынның орнын толтыру міндетінен босатылады.

Қордың некеде тұрумен, жақын туыстықпен немесе жекжаттықпен байланыспаған басшысы мен бухгалтері болуға тиіс. Бір адамның екі қызметті қатар істеуіне болмайды. Басшы құрылтай құжаттарының, қорды басқару органының шешімдері негізінде қордың атынан мәмілелер жасауға құқылы.

Қорға оның құрылтайшылары берген мүлік қордың меншігі болып табылады.

Қор құрылтайшыларының қордың мүлкіне мүліктік құқығы жоқ және оларды міндеттемелерін орындамағаны үшін жарғыда белгіленген тәртіппен құрылтайшылардың жалпы жиналысы қордан шығаруы мүмкін.

Қор жарғыда белгіленген мерзімде қаржы қызметін тексеруді жүзеге асыруға міндетті. Тексеруді тексеруші немесе аудиторлық ұйым жүзеге асырады. Тексерушіні сайлау тәртібі жарғыда белгіленеді; аудиторлық ұйымдар заңдарда белгіленген тәртіппен тартылады.



Қор жыл сайын ресми басылымдарда өз мүлкін пайдалану туралы есепті жариялауға міндетті.

Құрылтайшыларының құрамына, сондай-ақ қызмет ету саласына қарай жеке, корпоративтік, қоғамдық, мемлекеттік қорлар құрылуы мүмкін.

Қызметінің мақсаттарына қарай әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қорлар құрылуы мүмкін.

Бір жеке адамның немесе жеке адамдардың – бір отбасы мүшелерінің өзінің (өздерінің) жеке қаражаттары есебінен құрған қоры **жеке қор** деп танылады. Жеке қор, сондай-ақ жеке адамның нотариалды куәландырылған өсиеті бойынша да құрылуы мүмкін.

Бір заңды тұлғаның немесе бірнеше заңды тұлғалардың – коммерциялық және (немесе) коммерциялық емес ұйымдардың осы ұйымдардың қаражаттары есебінен құрған қоры **корпоративтік қор** деп танылады.

Бір отбасының мүшелері болып табылмайтын жеке адамдардың және (немесе) заңды тұлғалардың – қоғамдық бірлестіктердің құрған қоры **қоғамдық қор** деп танылады.

Мемлекеттік органдардың шешімімен құрылған, белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы берілген; қордың мақсаттары мен міндеттерін мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асыратын қор **мемлекеттік қор** деп танылады.

Қатысушылардың материалдық және өзге қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүшелерінің мүліктік (үлестік) жарналарын біріктіру арқылы жүзеге асырылатын азаматтардың ерікті бірлестігі **тұтыну кооперативі** деп танылады.

Заң актілерінде көзделген жағдайларда тұтыну кооперативіне заңды тұлғалар кіре алады.

Селолық тұтыну кооперативтері тек өз мүшелерінің ғана емес, селолық жерлерде тұратын басқа адамдардың да материалдық және өзге қажеттерін қанағаттандыру үшін құрылуы мүмкін.

Тұтыну кооперативінің мүшелері оның міндеттемелері бойынша кооператив мүшелерінің қосымша төлемеген бөлігі шегінде жәрдем беру жөнінен ортақ жауапты болады.

Тұтыну кооперативінің тапқан табыстарын оның мүшелері арасында бөлуге болмайды, олар жарғылық мақсаттарға беріледі.

Тұтыну кооперативінің мүшелері жыл сайынғы баланс бекітілгеннен кейін пайда болған залалдарды қосымша жарналар төлеу арқылы үш ай ішінде жабуға міндетті. Бұл міндеттерді орындамаған

ретте кооператив несие берушілердің талабы бойынша сот тәртібімен таратылуы мүмкін.

Рухани қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүдделерінің ортақтығы негізінде, заң құжаттарында белгіленген тәртіп бойынша біріккен азаматтардың ерікті түрдегі бірлестігі **діни бірлестік** деп танылады.

Діни бірлестіктерге қатысушылардың (мүшелерінің) осы ұйымға өздері берген мүлікке, соның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары сақталмайды. Олар діни бірлестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал діни бірлестік өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатымен акциялар шығаратын, кірістері тек қана осы қоғамды дамытуға пайдаланылатын заңды тұлға коммерциялық **емес акционерлік қоғам** деп танылады.

Коммерциялық емес акционерлік қоғамдардың артықшылықты акциялар, туынды және айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыруға құқығы жоқ.

Коммерциялық емес акционерлік қоғамның құрылтай шарты осы шартқа әрбір құрылтайшының немесе оның уәкілетті өкілінің қол қоюы арқылы жасалады.

Дербес білім беру ұйымдары, нотариаттық палаталар, адвокаттар және жеке сот орындаушылары алқалары, сауда-өнеркәсіп палаталары, кәсіби аудиторлық ұйымдар, меншік пәтер иелері кооперативтері және басқа да коммерциялық емес ұйымдар өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрыла алады.

Коммерциялық ұйымдар өздерінің кәсіпкерлік қызметтерін үйлестіру, сондай-ақ ортақ мүліктік және өзге де мүдделерді білдіру және қорғау мақсатында өзара шарт бойынша, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдармен бірлесіп **қауымдастықтар (одақтар)** нысанында бірлестіктер құра алады.

Коммерциялық емес ұйымдар осы ұйымдардың қауымдастықтарына (одақтарына) ерікті түрде біріге алады.

Қауымдастықтың (одақтың) мүшелері өзінің дербестігін және заңды тұлға құқықтарын сақтап қалады.

Қауымдастық (одақ) өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қауымдастықтың (одақтың) мүшелері оның міндеттемелері бойынша қауымдастықтың (одақтың) құрылтай

құжаттарында көзделген мөлшерде және тәртіпте субсидиарлық жауаптылықта болады.

Қауымдастық (одақ) мүшелері, егер құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, қаржы жылы аяқталған соң өзінің қалауы бойынша қауымдастықтан (одақтан) шығуға құқылы. Бұл жағдайда қауымдастық (одақ) мүшесі өзі қауымдастықтан шыққанға дейін туындаған міндеттемелері бойынша шыққан кезінен бастап екі жыл бойына оның өзінің жарнасына бара-бар субсидиарлық жауаптылықта болады.

Қауымдастық (одақ) мүшесі қауымдастықтың (одақтың) құрылтай құжаттарында белгіленген реттерде және тәртіппен қауымдастық (одақ) мүшелерінің шешімі бойынша одан шығарылуы мүмкін. Қауымдастықтың (одақтың) шығарылған мүшесінің жауапкершілігіне қатысты қауымдастықтан (одақтан) шығуға жататын ереже қолданылады.

Қауымдастық (одақ) мүшелерінің келісімімен оған қауымдастықтың жаңа мүшесі кіре алады. Қауымдастыққа (одаққа) жаңа мүшенің кіруі қауымдастықтың (одақтың) ол кіргенге дейін туындаған міндеттемелері бойынша оның субсидиарлық жауаптылықта байланыстырылуы мүмкін.

### **4.3. Тапсырмалар**

#### **Ецен 4-1**

Қазыналық кәсіпорынның кәсіподақ комитеті директордың іс әрекетіне шағым жасап, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитетке жүгінеді. Кәсіподақ комитеті директордың жекеменшік бір фирмамен кәсіпорынға тиесілі клуб ғимаратын жалға беру туралы жасасқан шартын заңсыз деп санады. Фирма клубта тұрмыстық техникалар мен басқа да тауарларды жаппай сатуды ұйымдастырады. Клубтағы үйірмелер мен секциялардың жұмысы тоқтатылады.

Комитеттің шартты бұзу туралы бұйрығын директор орындамайды. Қаржы көздерінің кірісінде жалдау ақысының үлкен маңызы бар. Ал, шарт мерзімінен бұрын бұзылған ретте көзделген санкцияны төлеуге кәсіпорынның дәрменсіз болуы себепті, шартты мерзімінен бұрын бұзу мүмкін емес.

#### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

Қазыналық кәсіпорынның мүлікті басқару және билік ету жөніндегі құзыреті қандай?

### **Ецен 4-2**

Шетел кәсіпкері Қазақстанда өз бизнесін ашқысы келеді. Ол құрылатын заңды тұлғадан табыс алуды, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген қызмет түрлерін жүзеге асыру мүмкіндігін иеленуді, ал заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша өзінің жауапкершілігінің аса шектеулі болуын қалайды. Бағалы қағаздарды шығаруды жоспарламайды. Компанияның активтері орташа бір жылда 40.000.000 тенгеден жоғары болмайды. Жекелей өзі еңбекпен қатысуды жоспарламайды. Ол атқарушы директордың қызметін қолданғысы келеді. Ұйым тауарларды өткізумен айналысады және саны аса көп бола қоймайды (10 адамнан көп болмайды).

### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

Заңды тұлғаның қай түрін құруға кеңес бересіз және неліктен?

### **Ецен 4-3**

ЖШС қаржы күйінің нашарлауын болдырмау мақсатымен, оның директоры осы серіктестіктің құрылтайшысына 10% сыйақы ұтысымен 500 мың теңге сомасына заем шартына отыру жөніндегі ұсынысымен келді. ЖШС құрылтайшысы келісе отырып, қарыз сомасын 1 млн. сомасына дейін көтеру жөніндегі ұсынысын білдірді. Қарыздан пайда түсіру банк операцияларының бір түрі және міндетті түрде лицензиялауға жатады деп жорамалдаған заңгермен кездесе отырып, екі жақ шартты өзгерту керектігін шешті. Сонымен қатар, заңгердің пікірінше, егер шарт жобасынан 10% сыйақы ұтысын алып тастаса, онда мұндай шарт қолданыстағы заңнамаға қарсы келмейді деген ойда. Нәтижесіне екі жақ (ЖШС және оның құрылтайшысы) пайызсыз заем шартын жасасты.

### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

Сіз заңгердің пікірімен келісесіз бе? Егер қарыз беруші үшінші тұлға болса, заңгердің ұстанымы өзгере ме?

### **Ецен 4-4**

Смирнов, «Аркада» ЖШС-нің жарғылық капиталына екі гараж беруімен, оның құрылтайшылары құрамына енді. Бір айдан соң Смирнов, қарыз шарты бойынша Тажинге қарыздар болды. Қарыз шарты бойынша өзінің міндеттемесін орындай отырып, Смирнов өзінің мүлкін Тажинге табыс етті. Бірақ қарыз міндеттемесін толық атқару үшін, табыс етілген мүлік жеткіліксіз болды. Тажин Смирновқа «Ар-

када» ЖШС үлесі туралы ескертті, оның құны заем шарты бойынша берешектің қалдығына (қалған бөлігіне) пара-пар келеді. Смирнов гараждардың меншік иесінің өзі емес екендігін түсіндірді, сондай-ақ халыққа қызмет көрсету орталығынан кадастрлық анықтама ұсынды.

Тажин оның алдындағы берешегін өтеу үшін, «Аркада» ЖШС-не Смирновтың үлесін сұрау талабымен жүгінді.

«Аркада» ЖШС-нің директоры, Смирновтың «Аркада» ЖШС-не қандай да болмасын талап ұсынуға құқығы жоқ екеніне сілтей отырып, қарсылығын білдірді. Өйткені ЖШС пен Смирнов арасында ешқандай шарттық және басқа да міндеттемелер жоқ. Сондай-ақ, заңнамаға сәйкес, заңды тұлғалардың құрылтайшылары оның міндеттемелеріне жауапты емес, ал заңды тұлғалар құрылтайшылардың міндеттемелеріне жауапты емес.

### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

ЖШС-нің жарғылық капиталына табыс етілген мүлік қатынасы жөнінде құрылтайшыға қандай құқық бекітіледі?

ЖШС өзіне берілген мүлікке қатысты қандай құқығы бар?

«Аркада» ЖШС директорының ұстанымы дұрыс па?

Дауды қалай шешкен жөн?

Заемшы, қарызға алынған ақшалай қаражатты мүлік ретінде қайтаруға құқығы бар ма?

## **4.4. Тест**

***1. Толық серіктестік тоқтатылғаннан кейін қатысушылар ол тоқтатылған кезге дейін пайда болған серіктестік міндеттемелері бойынша жауапты болады:***

- a) серіктестік тоқтатылған күннен бастап 1 жыл бойы
- b) серіктестік тоқтатылған күннен бастап 6 жыл бойы
- c) серіктестік тоқтатылған күннен бастап 3 жыл бойы
- d) серіктестік тоқтатылған күннен бастап 2 жыл бойы

***2. Акционерлік қоғамның құрылтайшыларының (акционерлерінің) ең аз саны:***

- a) бір
- b) екі
- c) 500
- d) 100

**3. Мемлекеттік мекемелер болып табылады:**

- a) министрліктер
- b) екінші деңгейдегі банктер
- c) сақтандыру компаниялары
- d) тұрғын жай иелерінің кооперативтері

**4. Шаруашылық серіктестігінің жоғарғы органы болып табылады:**

- a) басқарма
- b) дирекция
- c) қатысушылардың жалпы жиналысы
- d) атқарушы орган

**5. Коммерциялық ұйымдар қатарына жатпайды:**

- a) ЖШС
- b) өндірістік кооператив
- c) мемлекеттік кәсіпорын
- d) тұтыну кооперативі

**6. Тек коммерциялық емес ұйымдардың тізімін қамтыған нұсқаны көрсетіңіз:**

- a) қоғамдық бірлестік, ЖШС, діни бірлестік
- b) қоғамдық қор, толық серіктестік
- c) мекеме, қоғамдық қор, діни бірлестік
- d) тұтыну кооперативі, өндірістік кооператив, қоғамдық қор

**7. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша:**

- a) құрылтайшымен үлестік қатынаста жауап береді
- b) құрылтайшымен ортақтасып жауап береді
- c) өзінің бар мүлкімен дербес жауап береді
- d) тек өз билігіндегі ақшамен жауап береді

**8. Қазыналық кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша:**

- a) өзінің барлық мүлкімен жауап береді
- b) өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді
- c) жауап бермейді, жауапкершілік мемлекетке жүктелген
- d) жауап бермейді, жауапкершілік құзыретті органға жүктелген

**9. Коммерциялық емес ұйым болып табылады:**

- a) өндірістік кооператив
- b) заңды тұлғалардың ассоциациясы
- c) толық серіктестік
- d) қазыналық кәсіпорын

**10. Мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда қатысушылары серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен ортақ жауапкершілікте болатын серіктестік:**

- a) коммандиттік
- b) толық
- c) жауапкершілігі шектеулі серіктестік
- d) қосымша жауапкершілігі бар серіктестік

**11. АҚ дивиденттер төлеу туралы хабарлауға құқығы барма?**

- a) кварталда 1 рет
- b) жартыжылда 1 рет
- c) жыл қортындылары негізінде ғана
- d) a) және b) және c).

**12. АҚ деп танылады:**

- a) Шаруашылық серіктестік
- b) Қаражат тарту мақсатында акция шығаратын заңды тұлға
- c) мемлекеттік мекеме
- d) кез келген коммерциялық ұйым

**13. АҚ бола алады:**

- a) тек коммерциялық ұйым
- b) тек коммерциялық емес ұйым
- c) коммерциялық және коммерциялық емес ұйым
- d) бұл сұрақ заңмен шешілмеген

**14. Шаруашылық серіктестіктің жарғылық капиталы - ол:**

- a) шаруашылық серіктестіктің акциялары
- b) құрылтайшылардың үлестік меншігі
- c) құрылтайшылардың шаруашылық серіктестікке жарна ретінде берілген ақша және өзге де мүлік
- d) құрылтайшылардың біреуінің үлесі

**15. Мемлекеттік кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығы негізінде өз қарыздарына жауап береді:**

- a) өзінің барлық мүлігімен
- b) меншік иесімен ортақтасып
- c) тек ақшалай
- d) тек меншік иесі ғана жауап береді

#### **4. 5. Нормативтік құқықтық актілердің тізімі**

ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) (өзгерістер мен толықтырулармен бірге);

«Тұтыну кооперативі туралы» ҚР 2001 жылдың 08 мамырындағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге);

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР 2001 жылдың 16 қаңтарындағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР 2003 жылдың 13 қаңтарындағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР 1998 жылдың 22 сәуіріндегі заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

«Шаруашылық серіктестіктер туралы» ҚР 1995 жылдың 02 мамырындағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

«Өндірістік кооператив туралы» ҚР 1995 жылдың 02 қазанындағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

Қазақстан Республикасының 2011 жылдың 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы.



## **5-тақырып. Азаматтық құқықтың объектілері**

### **5.1 Азаматтық құқық объектілерінің ұғымы және түрлері**

#### **5.2 Бағалы қағаздар**

#### **5.3 Тапсырмалар**

#### **5.4 Тестілер**

#### **5.5 Нормативтік актілердің тізімі**

### **5.1 Азаматтық құқық объектілерінің ұғымы және түрлері**

Мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар азаматтық құқық объектілері бола алады.

Мүліктік игіліктер мен құқықтарға (мүлікке): заттар, ақша, соның ішінде шетел валютасы, құнды қағаздар, жұмыс, қызмет, шығармашылық-интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге де құралдары мүліктік құқықтар мен басқа да мүлік жатады.

Азаматтық құқық объектілері, егер ол айналымнан алынып тасталмаса немесе айналымға шек қойылмаса, бір адамнан екінші адамға әмбебап құқықты мирасқорлық (мұрагерлік ету, заңды тұлғаны қайта құру) тәртібімен не өзге де әдіспен еркін беріледі немесе ауысады.

Берілуге рұқсат етілмейтін заттардың түрлері (айналымнан алынып тасталған заттар) заң құжаттарында тікелей көрсетілуге тиіс. Айналымның белгілі бір қатысушысына ғана тиесілі болуы мүмкін не алынуына немесе берілуіне арнайы рұқсат бойынша (айналым қабілеттігі шектеулі заттар) жол берілетін заттардың түрлері заңдарда белгіленеді.

Жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарға: жеке адамның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, абырой, игі атақ, іскерлік бедел, жеке өмірге қол сұқпаушылық, жеке құпия мен отбасы құпиясы, есім алу құқығы, автор болу құқығы, шығармаға қол сұқпаушылық құқығы және басқа материалдық емес игіліктер мен құқықтар жатады.

**Жылжымайтын мүлікке** (жылжымайтын дүние, жылжымайтын зат) жер учаскелері, үйлер, ғимараттар, көпжылдық екпелер және жермен тығыз байланысты өзге мүлік, яғни орнынан олардың мақсатына сай емес шығынсыз ауыстыру мүмкін болмайтын мүлік жатады.

Мемлекеттік тіркеуге жататын әуе және теңіз кемелері, ішкі сауда жүзу кемесі, «өзен-теңіз» жүзу кемесі, ғарыштық объектілер де қозғалмайтын заттарға теңестіріледі. Заң құжаттары бойынша қозғалмайтын заттарға өзге мүліктер де жатқызылуы мүмкін. Қозғалмайтын заттарға жатпайтын мүлік, оның ішінде ақша мен бағалы қағаздар қозғалатын мүлік деп танылады. Заң құжаттарында көрсетілгеннен басқа реттерде қозғалатын мүлікке құқықтарды тіркеу талап етілмейді.

Қозғалмайтын мүлікпен жасалатын мәміле мемлекеттік тіркелуге тиіс. Қозғалмайтын мүлікке құқықты және онымен жасалатын мәмілені мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы орган құқық иеленушінің өтініші бойынша тіркелген құқық немесе мәміле туралы құжат беру арқылы не тіркеу үшін табыс етілген құжатқа жазба жасау арқылы тіркеуден өткендігін растауға міндетті.

Қозғалмайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалған мәмілені мемлекеттік тіркеу жария түрде өтеді. Тіркеуді жүзеге асырушы орган жасалған тіркеу мен тіркелген құқықтар туралы ақпаратты кез келген адамға беруге міндетті.

Қозғалмайтын мүлікке құқықты немесе онымен жасалатын мәмілені мемлекеттік тіркеуден бас тартқан не тіркеуден негізсіз жалтарған жағдайда сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Мемлекеттік тіркеу тәртібі және тіркеуден бас тарту негіздері қозғалмайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілені тіркеу туралы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленеді.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын мүліктік кешен құқық объектісі түріндегі **кәсіпорын** деп танылады. Кәсіпорын тұтасымен мүліктік кешен ретінде қозғалмайтын мүлік деп танылады.

Мүліктік кешен ретінде кәсіпорынның құрамына оның қызмет етуіне арналған мүліктің барлық түрлері, соның ішінде үйлер, ғимараттар, жабдықтар, құрал-саймандар, шикізат, өнімдер, жер учаскесіне құқық, талап ету құқықтары, борыштар, сондай-ақ оның қызметін дараландыратын белгілерге құқықтар (фирмалық атау, тауар белгілері) және, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, басқа да айрықша құқықтар енеді. Кәсіпорын тұтасымен немесе оның бір бөлігі сатып алу-сату, кепілге, арендаға беру және заттық құқықтарды белгілеуге, өзгертуге және тоқтатуға байланысты басқа да мәмілелер объектісі болуы мүмкін.

Мүлік **бөлінетін және бөлінбейтін** болуы мүмкін.

**Бөлінетін мүлік дегеніміз** – бөлу нәтижесінде бөліктері өз мақсатын (міндетін) жоғалтпайтын мүлік.

**Бөлінбейтін мүлік дегеніміз** – өзінің шаруашылық мақсатын (міндетін) өзгертпей бөлуге болмайтын немесе заң құжатында ұйғарылуына қарай бөлуге жатпайтын мүлік.

Құқық объектілері ретінде бөлінбейтін заттардың ерекшеліктері заңдарда белгіленеді.

Егер әртекті заттар оны бірігу мәні белгілейтін мақсаты бойынша пайдалануға мүмкіндік беретін бүтін бір затты құрайтын болса, олар бір зат (**күрделі зат**) деп қаралады. Күрделі зат жөнінде жасалған мәміленің күші, егер шартта өзгеше белгіленбесе оның барлық құрамдас бөліктеріне қолданылады.

Керек-жарак, яғни басты затқа қызмет етуге арналған және ортақ шаруашылық мақсатқа қолданылуы сонымен байланысты болатын зат, егер заңдарда немесе шартта өзгеше белгіленбесе, басты затқа ілесіп жүреді.

Мүліктерді пайдалану нәтижесінде алынған түсім (жемістер, өнімдер, табыстар), егер заңдарда немесе бұл мүлікті пайдалану туралы шартта өзгеше көзделмесе, осы мүлікті заңды негізде пайдаланушы адамға тиесілі болады.

Заңдарда өзгеше белгіленбегендіктен, **жануарларға** заттар туралы жалпы ережелер қолданылады.

ҚР АҚ 125 бабында интеллектуалдық меншік ұғымы берілген. Азаматтық Кодексте және өзге де заң актілерінде белгіленген реттер мен тәртіп бойынша азаматтың немесе заңды тұлғаның шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижелеріне және оларға теңестірілген заңды тұлғаны дараландыру құралдарына, жеке немесе заңды тұлғаның өзі орындайтын жұмысының немесе қызметінің өнімдеріне (фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі және т.б.) ерекше құқығы танылады.

Шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижелері мен ерекше құқықтардың (интеллектуалдық меншіктің) объектісі болуы мүмкін даралану құралдарын пайдалануды үшінші жақтар құқық иеленушінің келісімімен ғана жүзеге асырылады.

Қызметтік және **коммерциялық құпия**

Үшінші жаққа белгісіз болуына байланысты ақпараттың нақты немесе потенциалды коммерциялық құны болып, онымен заңды негізде еркін танысуға болмайтын және ақпаратты иеленуші оның құпиялылығын сақтауға шара қолданатын ретте, қызметтік немесе

коммерциялық құпия болып табылатын ақпарат азаматтық заңдармен қорғалады.

Мұндай ақпаратты заңсыз әдістермен алған адамдар, сондай-ақ еңбек шартына қарамастан қызметшілер немесе азаматтық-құқықтық шартқа қарамастан контрагенттер қызметтік немесе коммерциялық құпияны жария етсе, келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті.

Қазақстан Республикасының **ақша бөлінісі** теңге болып табылады. Теңге Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өз құны бойынша қабылдануға міндетті заңды төлем құралы болып табылады.

Қазақстан Республикасы аумағында төлемдер қолма-қол төлеп және қолма-қол төлемей есеп айырысу түрінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы аумағында шетел валютасымен есеп айырысудың реттері, тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Валюталық қазыналар деп танылатын мүлік түрлері және олар арқылы мәмілелер жасау тәртібі заң құжаттарында белгіленеді. Валюталық қазыналарға меншік құқығы Қазақстан Республикасында жалпы негіздерде қорғалады.

**Қаржы құралы** – операциялар нәтижесінде бір ұйымның қаржылық активімен бір мезгілде басқа ұйымда қаржылық міндеттеме немесе үлестік құрал туындайтын ақша, туынды құнды қағаздарды қоса алғанда, құнды қағаздар, туынды қаржы құралдары мен басқа да қаржы құралдары.

**Қаржылық актив** – ақшасын, басқа ұйымның үлестік құралын білдіретін кез келген актив, басқа ұйымнан ақшасын немесе өзге де қаржылық активті алуға немесе өзі үшін ықтимал тиімді жағдайларда басқа ұйыммен қаржылық активтермен немесе қаржылық міндеттемелермен алмасуға шарттық құқық немесе есеп айырысу ұйымның меншікті үлестік құралдарымен жүзеге асырылатын немесе жүзеге асырылуы мүмкін және бұл ретте, ұйымның меншікті үлестік құралдарының ауыспалы санын алатын немесе алуы міндетті болатын туынды құрал немесе ақшасының немесе өзге де қаржылық активтің белгіленген сомасын алмастыру жолынан гөрі есеп айырысу ұйымның меншікті үлестік құралдарының белгіленген санына кез келген өзге тәсілмен жүргізілетін немесе жүргізілуі мүмкін туынды құрал болып табылатын шарт.

**Қаржылық міндеттеме** – ақшасын немесе өзге де қаржылық активті басқа ұйымға беру немесе өзі үшін ықтимал тиімсіз жағдайларда басқа ұйыммен қаржылық активтермен немесе қаржылық

міндеттемелерімен алмасудың шартты міндеттемелерін білдіретін кез келген міндеттеме немесе есеп айырысу ұйымның меншікті үлестік құралдарымен жүзеге асырылатын немесе жүзеге асырылуы мүмкін және бұл ретте, ұйымның меншікті үлестік құралдарының ауыспалы санын беретін және беруге міндетті болатын туынды емес құрал немесе ақшасының немесе өзге де қаржылық активтің тіркелген сомасын алмастыру жолынан гөрі есеп айырысу ұйымның меншікті үлестік құралдарының тіркелген санына кез келген өзге тәсілмен жүргізілетін немесе жүргізілуі мүмкін туынды құрал болып табылатын шарт.

**Үлестік құрал** – ұйымның барлық міндеттемелері шегерілгеннен кейін қалатын оның активтеріндегі қалдық үлесіне құқығын растайтын кез келген шарт.

**Туынды қаржы құралдары** – болашақта осы шарт бойынша есеп айырысуды жүргізуді көздейтін, құны шарттың базалық активінің мөлшеріне (мөлшердің ауытқуын қоса алғанда) тәуелді шарт. Туынды қаржы құралдарына опциондар, фьючерстер, форвардтар, своптар және осы белгілерге сай келетін басқа да туынды, оның ішінде жоғарыда аталған туынды қаржы құралдарының комбинациясы болып табылатын қаржы құралдары жатады.

Тауарлар, тауарлардың стандартталған партиялары, бағалы қағаздар, валюта, индекстер, пайыздық ставкалар және нарықтық құны бар басқа да активтер, болашақтағы оқиғалар немесе жағдайлар, туынды қаржы құралдары туынды қаржы құралдарының базалық активтері болып табылады.

### **Туынды қаржы құралдардың түрлері:**

**1) Опцион** – оған сәйкес бір тарап (опцион сатушысы) екінші тарапқа (опционды сатып алушы) болашақта келісілген жағдайларда пәтуаласқан баға бойынша базалық актив сатып алу немесе сату құқығын сататын туынды қаржы құралы. Опционды сатушы өзіне міндеттемелер алады, ал сатып алушы құқыққа ие болады. Опционды сатушы опционды сатып алушыға сыйлықақы деп аталатын сыйақыға опционды сатады. Опционның келісілген жағдайлары деп мынадай міндетті шарттарды келісу түсініледі: базалық активтің түрі, базалық активтің жалпы құны (опцион жасалатын сома), базалық активтің бағасы (страйк – опционды орындау бағасы), опционның сыйлығы, опционның мерзімі (опционның қолданылу кезеңі), опционның түрі. Егер опционды сатып алушы өзі сатып алған құқықты іске асырса, онда опцион орындалды деп есептеледі.

**2) Своп** – оған сәйкес тараптар келісілген шарттармен базалық

активтер немесе болашақтағы базалық активтер бойынша төлемдерді айырбастау жөнінде пәтуаласатын туынды қаржы құралы.

**3) Форвард** – сатып алушы (немесе сатушы) болашақта келісілген шарттарда базалық активті сатып алудың (немесе сатудың) белгіленген мерзімі өткеннен кейін міндеттемені өзіне алатын туынды қаржы құралы. Форвард ұйымдастырылмаған нарықта жасалады.

**4) Фьючерс** – сатып алушы (немесе сатушы) ұйымдастырылған нарықта белгіленген стандартты шарттарға сәйкес базалық активті сатып алудың (немесе сатудың) белгіленген мерзімі өткеннен кейін міндеттемені өзіне алатын тек ұйымдастырылған нарықта айналымға түсетін туынды қаржы құралы.

## 5.2. Бағалы қағаздар

**Бағалы қағаз** – мүліктік құқықты куәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілердің жиынтығы. (ҚР АҚ 129 б.)

Бағалы қағаздарға акциялар, облигациялар және бағалы қағаздардың осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен айқындалған өзге де түрлері жатады.

Бағалы қағаздар шығарылым нысаны бойынша:

- 1) құжатты және құжатсыз;
- 2) эмиссиялық және эмиссиялық емес;
- 3) атаулы, ұсынбалы және ордерлік;
- 4) борыштық және үлестік бағалы қағаздар болып бөлінеді.

**Құжатты бағалы қағаздар** – құжатты нысанда (бағалы қағаздың мазмұнын арнаулы техникалық құралдарды пайдаланбай-ақ тікелей оқу мүмкіндігі болатын қағаз немесе өзге материалдық жеткізуші) шығарылған бағалы қағаздар.

**Құжатсыз бағалы қағаздар** – құжатсыз нысанда (электрондық жазбалар жиынтығы түрінде) шығарылған бағалы қағаздар.

**Эмиссиялық бағалы қағаздар** – бір шығарылым шегінде осы шығарылым үшін бірдей жағдай негізінде орналастырылатын және айналымда болатын, біртекті белгілері мен реквизиттері бар бағалы қағаздар.

**Эмиссиялық емес бағалы қағаздар** – көрсетілген белгілерге сәйкес келмейтін бағалы қағаздар.

**Атаулы бағалы қағаз** - ол куәландырған құқықтардың онда аталған тұлғаға тиесілігін растайтын бағалы қағаз.

**Ұсынбалы бағалы қағаз** – ол куәландырған құқықтардың бағалы қағазды ұсынушыға тиесілігін растайтын бағалы қағаз.

**Ордерлік бағалы қағаз** – ол куәландырған құқықтардың онда аталған тұлғаға, ал оларға осы құқықтар басқа тұлғаға тиесілігін растайтын бағалы қағаз.

**Борыштық бағалы қағаз** – эмитенттің (борышкердің) осы бағалы қағаздарды шығару шарттарында борыштың негізгі сомасын төлеу жөніндегі міндеттемесін куәландыратын бағалы қағаздар.

**Үлестік бағалы қағаз** – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мүлік иесінің мүлікке белгіленген үлесіне иелік ету құқығын куәландыратын бағалы қағаз.

Бағалы қағаздың өзі құжатты бағалы қағазға құқықты растау болып табылады. Құжатты бағалы қағаздар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысына сақтауға берілген жағдайда, оның есебін жүргізу мақсатында осы кәсіби қатысушы ашқан шоттан алынған үзінді көшірме оған берілген лицензияға сәйкес уәкілеттінің осы бағалы қағазды осылай сақтауға құқығын растау болып табылады. Құжатты бағалы қағаз бен аталған шоттан берілген үзінді көшірменің арасында алшақтық болған кезде үзінді көшірмеге басымдық беріледі.

Бағалы қағаздар рыногының өзіне берілген лицензияға сәйкес бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуге уәкілетті кәсіби қатысушысындағы бағалы қағаздың есебін жүргізу мақсатында ашылған шоттан үзінді көшірме құжатсыз бағалы қағазға құқықты растау болып табылады.

Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының бағалы қағаздардың есебін жүргізуге арналған шоттарды ашу және жүргізу тәртібі, сондай-ақ осындай шоттардан берілетін үзінді көшірменің мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар заңнамамен айқындалады.

ҚР АҚ 131-бабында бағалы қағаздарға қойылатын талаптар бекітілген. Бағалы қағаздармен куәландырылатын құқықтардың түрлері, бағалы қағаздардың міндетті реквизиттері, бағалы қағаз нысанына талаптар және басқа да қажетті талаптар заң құжаттарымен немесе соларда белгіленген тәртіп бойынша белгіленеді.

Бағалы қағаздың міндетті реквизиттері болмауы немесе бағалы қағаздың ол үшін белгіленген нысанға сәйкес келмеуі оның жарамсыз болуына әкеліп соқтырады.

Ұсынушыға бағалы қағазбен куәландырылған құқықты басқа адамға беру үшін бағалы қағазды сол адамға тапсыру жеткілікті.

Атаулы бағалы қағазбен куәландырылған құқықтар талапты (цессияны) жеңілдету үшін белгіленген тәртіп бойынша беріледі. Бағалы қағаз бойынша құқық беруші бұл талапты орындау үшін емес, тиісті талаптың жарамсыздығы үшін жауапты болады. Атаулы бағалы қағаз бойынша құқықтарды басқа адамға берген кезде берілетін қағаз жойылады, ал оның жаңа иесіне басқа бағалы қағаз беріледі.

Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар беру және солар бойынша құқықтарды растау ерекшелігі Қазақстан Республикасының заң актілерімен айқындалады.

Ордерлік бағалы қағаз бойынша құқықтар бұл қағазға берілгенін жазу – индоссамент арқылы беріледі. Ордерлік бағалы қағаз бойынша құқық беруші адам (индоссант), жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, құқықтың болуы үшін ғана емес, оның жүзеге асырылуы үшін де жауапты болады.

Бағалы қағазда жасалған индоссамент бағалы қағазбен куәландырылған барлық құқықтарды бағалы қағаз бойынша құқықтар берілетін адамға - (индоссантқа) немесе соның бұйрығына ауыстырады. Индоссамент бланкілік болуы мүмкін (орындауға тиіс адам көрсетілмейді).

Бағалы қағазбен куәландырылған құқықтарды жүзеге асыру, бұл құқықтарды индоссантқа бермей-ақ (сену индоссаменті) индоссаментке тапсырумен ғана шектелуі мүмкін. Бұл жағдайда индоссант өкіл ретінде әрекет жасайды.

Бағалы қағазды берген адам және оны индоссиялаған барлық адамдар, жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы заң актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, оның заңды иесінің алдында бірге жауап береді. Бағалы қағаздың заңды иесінің сондай қағазбен куәландырылған міндеттемесін бағалы қағаз бойынша міндеттенгендердің арасынан бір немесе бірнеше адамның орындауы туралы талабын қанағаттандырған ретте олар бағалы қағаз бойынша өздерінен бұрын міндеттенген өзге адамдарға кері талап қою (регресс) құқығына ие болады.

Міндеттеменің негізі болмауын не оның жарамсыздығын сылтауратып бағалы қағазбен куәландырылған міндеттемені орындаудан бас тартуға жол берілмейді.

Бағалы қағаздың жалғандығын немесе жасандылығын байқаған бағалы қағаз иесі өзіне қағазды берген адамға, бағалы қағазбен куәландырылған міндеттемені лайықты орындау туралы және залалдардың орнын толтыру туралы талап қоюға құқылы.



Заңсыз иеленушінің қолындағы бағалы қағаз бойынша құқықтар жүзеге асырылмауға тиіс.

Жоғалған бағалы қағаз бойынша және ордерлік бағалы қағаз бойынша ұсынушы құқығын қалпына келтіруді іс жүргізу заңдарында көзделген тәртіппен сот жүргізеді.

### **Бағалы қағаздардың жекелеген түрлері**

**Облигация** – шығару кезінде айналыс мерзімі алдын ала белгіленген, оны шығару шарттарына сәйкес облигацияны шығарған тұлғадан ол бойынша сыйақы алу және оның айналыс мерзімінің аяқталуы бойынша облигацияның ақшалай немесе өзге де мүліктік балама түрдегі нақты құнын алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз.

Облигациялар тек атаулы эмиссиялық бағалы қағаздар ретінде шығарылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, коммерциялық ұйымдар облигациялар шығаруға құқылы.

**Акция** – акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысуға, ол бойынша дивиденд және акционерлік қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз.

Акциялар тек атаулы эмиссиялық бағалы қағаздар ретінде шығарылады.

Акционерлік қоғамның ұйымдық – құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйымдар өз акциялары бойынша дивидендтер төлеуді жүзеге асырмайды.

Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзінің әрекетімен немесе әрекетсіздігімен акционерлік қоғамның мүддесін бұзған акционерден акцияларды сот шешімі бойынша сатып алу мүмкіндігі көзделуі мүмкін.

Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген тәртіппен есептелетін меншікті капиталдың теріс мөлшері болған жағдайда, олардың акцияларын мәжбүрлеп сатып алудың мүмкіндігі мен негіздемесі көзделуі мүмкін.

### **5.3. Тапсырмалар**

#### **Есеп 5-1**

Соловьев банктің 5 заем облигациясын сатып алып, оларды өзімен ұстап жүрген папкаға салып қояды. Үйге келген соң папканы автобуста ұмытып кеткені есіне түседі.

#### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

1. Аталған құқық қатынастың объектісі не болып табылады?
2. Жоғалаған бағалы қағаздарға құқықтарды қалпына келтіруге болады ма ?

#### **Есеп 5-2**

Оспанов «Сұңқар» АҚ-ның артықшылықты акцияларын сатып алды. Бір айдан кейін Оспанов акцияларын Ермаковке сатады. Жыл соңының қорытындысы бойынша «Сұңқар» АҚ барлық артықшылықты акцияларына нақты дивидендтерді төлейді.

«Сұңқар» АҚ Оспановқа қатысты сауалнама жіберіп, тәуелсіз тіркеушіден артықшылығы бар акциялар жөнінде тізілім көшірмесін алды. «Сұңқар» АҚ ақшалай аудару жолымен өз акционерлерінің шотына дивидендтер төлемін жасады.

Ермаков, өз акцияларына тиесілі сыйақысын алмағандықтан, «Сұңқар» АҚ өз наразылығын білдірді. Акционерлік қоғам өздерінің тізілімде көрсетілген мәліметтермен жұмыс істегеніне сілтеме жасады.

Ермаков, тәуелсіз тіркеушіге жолықты және олардың тізілімнен шыққан ақпараттың шынайылығына жауапты емес екендігі жөніндегі жауапты алды.

#### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

Бағалы қағаздың құжатсыз түрі нені білдіреді?

Акциялар бағалы қағаз ретінде қандай нысанда шығарылады?

Құжаттық бағалы қағаздар мен тәуелсіз тіркеуші тізілімінің көшірмесі арасындағы алшақтық болған жағдайда қай тараптың ақпаратының артықшылығы бар?

Атаулы бағалы қағаздар қалай иеліктен шығарылады?

«Сұңқар» АҚ және тәуелсіз тіркеушінің ұстанымы заңды ма?

Ермаковтың артықшылықты акцияларға дивидендтерді алмағанына жауаптылық кімге жүктеледі?

Акция кепілінің болуы мүмкін бе? Егер солай болса, акция

кепілінің барлық мерзіміне дивидендтерді есептеу және дауыс беру құқығы сақтала ма?

### **Ецен 5-3**

Зейнеткер Назаров бүкіл ғұмыр бойы үй ғимаратының меншік иесі болып келген еді. Назаровтың қайтыс болуынан кейін өсиетке сәйкес, үй ғимараты өмірінің соңғы жылдары күтіп-баққан азаматша Ысқақоваға көшті. Нотариустан мұра құқығы күәлігін алып, азаматша Ысқақова үй ғимаратын азамат Федоровқа сату туралы шешім қабылдады.

Сатып алу-сату шартын рәсімдеу барысында азаматша Ысқақованың үй ғимараты орналасқан жер бөлігіне қатысты жекеменшік құқықты растайтын актісінің жоқтығы анықталды. Осыған байланысты нотариус шартты рәсімдеуден бас тартты. Сонда азаматша Ысқақова жер бөлігіне жекеменшік құқығы актісі болмаған жағдайда, алдыңғы нотариустың мұраға құқығы куәлігін неліктен бергенін және де неге қазіргі уақытта осы үй ғимараты иесін актсыз ауыстыруға болмайтындығын нотариустан сұрады.

Сонымен бірге, бірінші кезектегі заңды мұрагерлері өсиетті және азаматша Ысқақоваға берілген мұра құқығы куәлігін даулап сотқа жүгінді.

### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

Азаматтық құқықтық қарым-қатынастың басқа да объектісі ретінде жерге жекеменшік құқығы болмаған жағдайда үй құрылысына сатып алу-сату келісімшартын рәсімдеуден нотариустың бас тартуы заңды ма?

Азаматтық құқықтық қарым-қатынастың объектісі ретіндегі жылжымайтын мүлікке жекеменшік құқығы қай уақыттан бастап пайда болады?

Жылжымалы мүлік жылжымайтын мүліктен қандай белгілермен ерекшеленеді? «Өзен-теңіз» жүзу кемесі және ғарыштық объектілер қандай дәрежеге жатады? Азаматтық құқықтық қатынастардың объектілері ретінде нені түсінуге болады? Олардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?

Нотариустың азаматша Ысқақоваға қандай түсініктеме беруі керек?

Азаматтық құқықтық қатынастың қай объектісі заң бойынша мұрагерлердің даулау пәні болуда?

### 5.3. Тестілер

**1. Азаматтық айналымнан алынбаған заттарға жатады:**

- a) қару-жарақ
- b) радиоактивтік заттар
- c) баспа құралдары
- d) есірткі заттар

**2. Азаматтық құқық объектісіне жатпайды:**

- a) заттар
- b) бағалы қағаздар
- c) заңды тұлғалар
- d) іскерлік бедел

**3. Атаулы бағалы қағазбен куәландырылған құқықтар тиесілі:**

- a) онда аталған тұлғаға
- b) онда аталған, сонымен қатар басқа құзыретті тұлғаға
- c) онда аталған эмитент немесе тіркеушіге
- d) лицензиясы бар, бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушысына

**4. Бөліну кезінде өз мақсатын жоғалтпайтын мүліктер:**

- a) бөлінбейтін
- b) күрделі
- c) қозғалатын
- d) бөлінетін

**5. Құқықтар бұл қағазға берілген жазу – индоссамент арқылы берілетін бағалы қағаздар:**

- a) бланктік
- b) ордерлік
- c) атаулы
- d) эмиссиялық

**6. Коносамент – бұл:**

- a) дивиденттер алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз
- b) оның номиналдық құнын алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз

- c) банктік салымды алу құқығын қуәландыратын бағалы қағаз
- d) онда көрсетілген жүктерге билік ету құқығын қуәландыратын тауарларды реттеуші құжат

**7. Құқықтың қандай объектісі мүліктік кешен болып табылады:**

- a) ақша
- b) кәсіпорын
- c) интеллектуалдық меншік
- d) бағалы қағаздар

**8. Алынуына немесе берілуіне арнайы рұқсат бойынша (айналым қабілеттігі шектеулі заттар) жол берілетін заттар:**

- a) айналым қабілеттігі шектеулі заттар
- b) айналымнан алынып тасталған
- c) айналымнан алынып тасталмаған
- d) қозғалатын

**9. Бірігу мәні белгілейтін мақсаты бойынша пайдалануға мүмкіндік беретін бүтін бір затты құрайтын әртекті заттар:**

- a) бөлінбейтін
- b) күрделі
- c) қозғалатын
- d) қозғалмайтын

**10. Коммерциялық және қызметтік құпия қорғалады:**

- a) егер ол құзыретті патенттік органда тіркелсе
- b) егер «құпиялы» немесе «қызметтік пайдалану үшін» деген жазу болса
- c) егер заңды негізде оны еркін пайдалану мүмкін болмаса
- d) егер ол коммерциялық немесе коммерциялық емес бағалы болса

**11. Азаматтық құқық объектілері болып танылады:**

- a) мүлікті және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар
- b) жекеменшік нысанында құрылған заңды тұлғалар
- c) жеке тұлғалар
- d) әрекет қабілеттілігі бар азаматтар

**12. Ол бойынша сыйақы алу және оның айналыс мерзімінің аяқталуы бойынша ақшалай немесе өзге де мүліктік балама түрдегі нақты құнын алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз:**

- a) акция
- b) облигация
- c) вексель
- d) коносамент

**13. Кәсіпорын азаматтық құқық объектісі ретінде – ол:**

- a) коммерциялық заңды тұлға
- b) мүліктік кешен
- c) акцияларының 100 % мемлекетке тиесілі АҚ
- d) Мемлекеттік емес заңды тұлға

### **5.5. Нормативтік актілердің тізімі:**

ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы және ерекше бөлімдері) (өзгерістер және толықтырулармен бірге).

ҚР 2003 жылдың 20 маусымындағы Жер кодексі (өзгерістер және толықтырулармен бірге).

«Шаруа (фермер) қожалығы туралы» ҚР 1998 жылдың 31 наурызындағы заңы (өзгерістер және толықтырулармен бірге).

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР 2010 жылдың 24 қаңтарындағы заңы (өзгерістер және толықтырулармен бірге).

«Вексель айналысы туралы» ҚР 1997 жылдың 28 сәуіріндегі заңы (өзгерістер және толықтырулармен бірге)

«Валюталық реттеу және валюталық қадағалау туралы» ҚР 2005 жылдың 13 маусымындағы заңы (өзгерістер және толықтырулармен бірге)

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» ҚР 2007 жылдың 26 шілдесіндегі заңы (өзгерістер және толықтырулармен бірге).

## 6-тақырып. Мәмілелер

- 6.1. Мәміле ұғымы
- 6.2. Мәміле түрлері
- 6.3. Мәміле нысаны
- 6.4. Жарамсыз мәмілелер
- 6.5. Тапсырмалар
- 6.6. Тестілер
- 6.7. Нормативтік актілердің тізімі

### 6.1. Мәміле ұғымы

Қазіргі замандағы нарықтық экономика жағдайында азаматтық айналымды талапқа сай қамтамасыз ететін азаматтық-құқықтық мәмілелер заңи актілердің негізгі түрі болып табылады. ҚР АҚ 147-бабына сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері **мәмілелер** деп танылады. Мәміле жасау субъектілеріне азаматтар мен заңды тұлғалар жатады. ҚР АҚ мұндай мүмкіндікті Қазақстан Республикасы мен әкімшілік-аумақтық бөліністерге де береді. (ҚР АҚ 111-114 б.)

Мәмілелер ретінде белгілі бір құқықтық нәтижеге қол жеткізуге бағытталған әрекеттер танылады. Сондықтан мәміле ол ерікті білдіретін акті болып табылады. Ерік білдіру арқылы белгілі бір құқықтық нәтижеге қол жеткізуге бағытталған субъектінің еркін білдіретін іс-қимыл мәміле болып табылады. Мәміленің оқиғадан айырмашылығы осында.

Мәмілелер азаматтық құқықтар мен міндеттерді туындатуға, өзгертуге және тоқтатуға бағытталған. Дәл осы арқылы ол, азаматтық құқықтар мен міндеттерді туындатуға, өзгертуге және тоқтатуға бағытталатын және құқықтың өзге де салаларымен реттелетін басқа ерікті актілерден ерекшеленеді (мысалы, жұмысқа қабылдау туралы өтінішті ұсыну және жұмысқа қабылдау туралы дирекцияның бұйрығы еңбек құқықтары мен міндеттерін туындатады).

Мәмілені азаматтық құқықтар мен міндеттердің туындауына негіз болатын мемлекеттік органдардың және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының актілерінен айыра білу қажет. Аталған актілерге қатысты ҚР АҚ мәмілелер туралы ережелері қолданылмайды.

Мәміленің белгілі бір құқықтық нәтижеге қол жеткізуге бағытталуы, оны заңи іс-қимылдан (ҚР АҚ 245-бабы – затты табу; ҚР АҚ 247-бабы – тұлғаның көмбені табуы және т.б.) ажыратады. Заңи іс-қимылдың құқықтық салдары субъектінің еркіне және оның әрекет қабілеттілігіне қарамастан заңға орай туындайды.

Мәміленің субъектісі ретінде азамат толық әрекет қабілеттілігіне ие болуы тиіс.

Мәміле құқылы әрекет болып табылады және осы арқылы құқыққа қайшы әрекеттерден ажыратылады.

## **6.2. Мәміле түрлері**

Мәмілелер біржақты және екі немесе көпжақты (шарттар) болуы мүмкін. Заңдарға немесе тараптардың келісіміне сәйкес жасалуы үшін бір тараптың ерік білдіруі қажет және жеткілікті болатын мәміле **біржақты** мәміле деп есептеледі. Мысалы, біржақты мәмілеге келесілерді жатқызуға болады: азамат немесе заңды тұлға өзіне тиесілі мүлік бойынша меншік құқығынан бас тартуы (ҚР АҚ 250-бабы); сенімхат жасап, өсиет қалдыру (ҚР АҚ 1046 бап); жай векселді ұсыну; міндеттемені қарсы талапты есепке жатқызу арқылы тоқтату (ҚР АҚ 370 бап).

Тек, бір тұлғаның еркін сипаттауы себепті, біржақты мәміле оны жасаған тұлғаға міндеттер жүктейді.

Мысалы, тек заңды тұлғаларда, өзінің негізгі құралдарының жартысынан бас тартып оны мемлекет пайдалануына берген кезде – сәйкесінше баланстан шығарып және салық салынатын базадан алып тастау бойынша тапсыру рәсімдері міндеттеледі.

Ал, басқа тараптан алғанда, біржақты мәмілелер заң құжаттарында белгіленген не сол адамдармен келісім болған реттерде ғана міндеттер жүктей алады (ҚР АҚ 149-бабы). Мысалы, мердігер ретіндегі заңды тұлға тапсырысшының кінәсінен мердігерлік жұмыстарды одан әрі орындаудан бас тартқан ретте, тапсырысшы іс жүзінде орындалған жұмыстарды акті бойынша қабылдап, сол бойынша онымен есеп айырысуы қажет (ҚР АҚ 631 бап).

Біржақты мәмілелерге тиісінше міндеттемелер туралы және шарттар туралы жалпы ережелер қолданылады, өйткені бұл заңнамаға және мәміленің құқықтық табиғатына қайшы келмейді (ҚР АҚ 149-бап).

**Біржақты және көпжақты мәмілелерді** жасау үшін тиісінше екі және одан да көп тараптың үйлескен еркі қажет. Мұндай мәмілелер



шарттар деп аталады және кең таралған заңи фактілердің санатына жатады және оларға мәмілелер, міндеттемелер және шарттар жөніндегі жалпы ережелер қолданылады. Ал, олардың жекелеген түрлеріне міндеттемелердің жекелеген түрлері жөніндегі ережелер қолданылады ( ҚР АҚ 147-162, 268-960 баптары).

Мәмілелерді жасасу мақсатының бар не жоқтығына қарай азаматтық құқық мәмілелерді **каузалдық және абстрактілік** деп бөледі. Егер ондай мақсат бар болса, онда мәміле каузалдық деп танылады, ал, егер жоқ болған ретте ол абстрактілі саналады. Біріншісінің мысалына, тұрғын үй құрылыс шартын атауға болады, яғни онда мәміленің мақсаты – тұрғын үйді салу нақты айқындалған. Абстрактілі мәміленің мысалына, акцияларды сатып алу үшін жай векселді ұсынуды айтуға болады. Бұл ретте, мәмілені орындауға және оның қатысушыларының жауапкершілігіне қатысты ешбір талаптар қарастырылмайды. Сатып алушы (вексел ұстаушы) кейіннен акцияларды сатып алуға аударылған дивидендтердің аз мөлшерде екендігін білгенімен, ол сатушыдан векселді кері талап етуге құқығы болмайды.

Тәжірибеде мәмілелерді **консенсуалды және нақты** деп бөлу аса маңызды орын алады.

Консенсуалды мәмілелер – келісімге келген сәттен бастап азаматтардың құқықтары мен міндеттері туындайтын мәмілелер. Нақты мәмілені жүзеге асыру үшін келісімнің бір өзі жеткіліксіз, оған қоса затты тапсыру керек. Нақты мәмілелер болып табылатын шарттардың мысалы ретінде сақтау, заем, кепілпұлды және т.б. атауға болады. Демек, бұлардың жасалуы үшін заттың да берілуі қажет етіледі.

Сондай-ақ мәмілелер **ақылы және ақысыз** деп ажыратылады. Тарап өз міндеттемелерін орындағаны үшін ақы алса немесе тараптар бір-біріне бір нәрсе беруі керек болса, бұл ақылы мәміле болып табылады (мәселен, оған затты, ақшаны тапсыру жатады). Ал бір тарап екінші тарапқа одан ақы алмай немесе ешнәрсе бермей бірнәрсені ұсынуды міндеттене алған мәміле ақысыз болып есептеледі.

ҚР АҚ 150-бабына сәйкес кейінге қалдырылатын және кейін күші жойылатын шарттармен жасалған мәміле ұғымы енгізіледі.

Егер тараптар құқықтар мен міндеттердің туындауын басталу-басталмауы белгісіз мән-жайға байланысты етіп қойса, мәміле кейінге қалдырылатын шартпен жасалды деп есептеледі. Демек, аталған мәміле жасасу сәтінен емес, көрсетілген шарттар орын алған ретте туындайды және ол шарттардың туындау-туындамауы белгісіз болады.

Егер ол мән-жай туындамаса, онда мәміле өз әрекетін тоқтатады.

Мысалы екі заңды тұлға мәміле жасаған, соған сәйкес шаруашылық жылдың қорытындысы бойынша белгілі мөлшерде таза табыс алған жағдайда бір тарап бір тарапқа автокөлік сыйлауға міндеттенген.

Егер тараптар құқықтар мен міндеттемелердің тоқтатылуын басталу-басталмауы белгісіз мән-жайға байланысты етіп қойса, мәміле кейін күші жойылатын шартпен жасалды деп есептеледі.

Осы ретте, тараптардың құқықтары мен міндеттері мәмілені жасасу күнінен туындағанымен, көрсетілген мән-жай орын алған ретте тоқтатылады. Мысалы, тараптардың арасында жасалынған тұрғын үйді жалға алу шарты жалға берушінің ұлы басқа қаладан келгенше қолданылады.

Адал емес пиғылмен шарттың басталуына кедергі жасаған немесе теріс пиғылымен оның басталуына әрекет еткен жағдайда, аталған құқық нормасы шартты мәмілелердегі адал емес пиғылды тараптарға санкциялар көздейді. Бірінші жағдайда, егер бұл теріс пиғылды әрекеттер жасалған болса – шарттар басталды деп есептеледі, екінші жағдайда басталмаған болып есептеледі.

Акционерлік қоғамдар туралы ҚР Заңның 7-тарауында акционерлік қоғамның **ірі мәміле** жасасу ұғымы берілген. Аталған заңнамалық анықтама ондай әрекеттерді жасасу рәсімдерінің өзіне ерекше талаптар қояды және аталған категориядағы заңды тұлғалардың оларды сақтамауының құқықтық салдарларын қарастырады.

Аталған Заңның 68-бабына сәйкес нәтижесінде құны қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызы болатын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы ірі мәміле деп танылады.

Заңи тұрғыдан ірі мәміле ұғымы тек, акционерлік қоғамдардың қызметіне ғана қолданылады. Заңды тұлғаның өзге ешбір түрі өз қызметінде аталған ережелерді және рәсімдерді қолданбайды.

Мәмілені жасасу кезінде акционерлік қоғамның атынан оның атқарушы органы, мысалы, президенті, директорлар кеңесі, сондай-ақ қоғамның ең жоғары органы ретіндегі акционерлердің жалпы жиналысы әрекет етеді.

Аталған баптың ережелеріне сәйкес ортақ бір міндеттеме, ортақ мақсат және мәмілелердің ортақ пәні, жасасу уақытының бірмезетте болуы, сондай-ақ бірнеше мәмілелерде сол бір тараптардың қатысуы арқылы біріккен бірнеше мәмілелер өзара байланысты мәмілелер деп танылады.

Міндеттемені орындау және бұрын жасалған ірі мәмілелерді жүзеге асыру жөніндегі әрекеттер жекелеген мәмілелер ретінде саналмауы тиіс. Атап айтқанда, мысалы бұрын қоғамның банктен несиеленуі алатындығы жөнінде ірі мәміле жасалған болса, онда бұдан кейінгі барлық мәмілелер мен әрекеттерді аталған ірі мәміленің орындалуы ретінде қарастырған жөн. Бұған аталған мәмілені қамтамасыз ету, борышты аудару немесе несиелік берешекті өтеу жөніндегі әрекеттерді жатқызуға болады. Тиісінше, директорлар Кеңесі ірі несиелік шартын жасасу жөніндегі шешімді қабылдау барысында осындай құқықтық салдарлары мен мән-жайларды ескеруі және айрықша талқылауы қажет. Өйткені бұл болашақта акционерлік қоғамның экономикалық мүддесін лайықты түрде қорғауға мүмкіндік береді және оның атқарушы органына тиісті өкілеттіктерді ұсынады.

Ірі мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап-арызды кез келген мүдделі тұлға ұсына алады. Бұлардың қатарына тараптардың өздері, сондай-ақ акционерлер мен директорлар кеңесінің мүшелері жатады.

Заңда және қоғамның жарғысында белгіленген талаптарды бұза отырып қасақана ірі мәміле жасаған тұлғаның, егер мұндай талап пайдакүнемдік немесе жауапкершіліктен жалтару ниетінен туса, мәмілені жарамсыз деп тануды талап етуге құқығы жоқ.

### **6.3. Мәміленің нысаны**

Мәмілелер ауызша және жазбаша нысанда жасалады (жай немесе нотариалдық).

Заңдармен немесе тараптардың келісімімен жазбаша (жай не нотариалдық) немесе өзге белгілі бір нысан белгіленбеген мәміле, атап айтқанда, олар жасалған кезде атқарылатын мәмілелердің бәрі ауызша жасалуы мүмкін. Мұндай мәміле адамның мінез-құлқынан оның мәміле жасау еркі айқын көрініп тұрған ретте де жасалған деп саналады.

Жетон, билет немесе әдеттегідей қабылданған өзге де растайтын белгі арқылы расталған мәміле, егер заңдарда өзгеше белгіленбесе, ауызша түрде жасалған болып табылады.

Үндемей қалу заңдарда немесе тараптардың келісімінде көзделген реттерде мәміле жасауға ерік білдіру деп танылады.

Мысалы ретінде ҚР АҚ 558 бабындағы ережелерді атауға болады. Оған сәйкес мүлікті жалдау шартының мерзімі өткеннен кейін және жалға беруші жағынан қарсылық болмаса (үндемемесе) шарт жаңа мерзімге қайта жаңғырды деп саналады.

ҚР АҚ 152-бабына сәйкес **мәміленің жазбаша түрі** жасалуы керек:

1) егер мәмілелердің жекелеген түрлері үшін заңдарда өзгеше арнайы көзделмесе немесе іскерлік қызмет өрісінің әдеттегі құқықтарынан туындамаса, мәмілелерді жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, кәсіпкерлік қызмет үрдісінде жүзеге асырылатын;

2) мәмілелерді жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, жүз есептік көрсеткіш жоғары сомаға;

3) заңдарда немесе тараптардың келісімінде көзделген өзге де реттерде жазбаша түрде жасалуға тиіс.

Атап айтқанда, келесі шарттарға мәміленің жазбаша нысаны міндетті болып табылады:

кепілге,  
кепілдікке,  
кепіл болушылыққа,  
сыртқы экономикалық мәмілелерге,  
банктік салымға,  
банктік шотқа,  
сақтандыруға,  
айып төлеу туралы келісімге,  
кепілпұл келісіміне,  
алдын ала жасалатын шартқа,  
құрылтай шартына,  
лизингке,  
кәсіпорынды жалға алуға,  
банктік заемға және т.б.

Жай жазбаша нысан белгілі бір құжаттарды (хатты, хаттаманы, шарт мәтінін) жасау жолымен көрініс табады және онда тараптар қол жеткізген келісімнің ережелері сипатталады. Ауызшаға қарағандағы жазбаша нысанның артықшылығы даусыз.

Жазбаша түрде жасалған мәмілеге тараптар немесе олардың өкілдері қол қоюға тиіс. Бірқатар ережелерді сақтай отырып, мәмілеге өзге тұлғалардың қол қоюына жол беріледі. Хат, жеделхат, телефонжазба, телетайпжазба, факс, электрондық құжаттар немесе субъектілерді және олардың ерік білдіруінің мазмұнын айқындайтын өзге де құжаттар алмасу, жазбаша түрде жасалған мәмілеге теңестіріледі. Мәміле жасау кезінде қол қоюдың факсимилелік көшірмесін пайдалануға жол беріледі. Заңда немесе тараптардың

келісiмiнде мәмiленiң нысанын күрделендiре түсетiн арнайы ережелер қарастырылуы мүмкiн (арнайы бланк, мөр).

Мәмiленiң жай жазбаша түрiн сақтамау оның жарамсыз болып қалуына әкелiп соқтырмайды, бiрақ дау туған жағдайда тараптарды мәмiленiң жасалғанын, мазмұнын немесе орындалуын куәгерлiк айғақтармен растау құқығынан айырады.

Заң құжаттарында немесе тараптардың келiсiмiнде тiкелей көрсетiлген реттерде мәмiленiң жай жазбаша түрiн сақтамау оның жарамсыз болып қалуына әкелiп соқтырады.

Мәмiлелердi нотариалды куәландыруды мемлекеттiк, жеке нотариустар, қызмет ету аймағында нотариалды контора жоқ болған ретте атқарушы органдардың лауазымды тұлғалары, шетелдегi ҚР консулдық мекемелерi және заңмен уәкiлеттiлiк берiлген өзге де тұлғалар жүзеге асырады (қараңыз: «Нотариат туралы» ҚР Заңының 1-бабы).

Нотариалдық куәландыру мәмiленiң бiрнеше түрiне ғана қажет:

- өсиет;
- мүлiкке билiк ету сенiмхаттары және нотариалдық нысанды қажет ететiн мәмiлелер жасауда;
- рента шарты;
- қайта жасау тәртiбiнде берiлетiн сенiмхаттар;
- неке шарты;
- алименттер төлеу келiсiмi;
- шаруашылық серiктестiктерiнiң құрылтай құжаттары.

Мәмiленiң мiндеттi нотариалдық куәландыруын сақтамау оның жарамсыздығына әкеледi.

ҚР АҚ 394 бабында егер тараптар белгiлi бiр нысанда шарт жасасуға уағдаласса, заң бойынша шарттардың осы түрi үшiн бұл нысан талап етiлмесе де, шарт оған уағдаласқан нысан берiлген кезден бастап жасалды деп есептелетiндiгi бекiтiлген.

Мәмiлелердi мемлекеттiк тiркеу

Бiрқатар мәмiлелер мемлекеттiк тiркелуге жатады.

ҚР АҚ 155 бабы егер заңнамалық актiлерде өзгеше көзделмесе, заңнамалық актiлерге сәйкес мемлекеттiк немесе өзге де тiркелуге тиiс мәмiлелер, сондай-ақ ҚР АҚ 118-бабының 2-тармағынның бiрiншi бөлiгiнде аталған құқықтарды туындататын, өзгертетiн немесе тоқтататын мәмiлелер тiркелгеннен кейiн жасалған болып есептелетiндiгiн бекiтедi.

Тiркеуден бас тарту жазбаша түрде рәсiмделуге тиiс және заңнама талаптарының бұзылуына сiлтеме жасалғанда ғана мүмкiн болады.

Егер тараптардың бірі мәміле бойынша құқықтарды мемлекеттік тіркеуден жалтарса, сот екінші тараптың талап етуімен мәміле бойынша құқықтарды тіркеу туралы шешім шығаруға құқылы. Мұндай жағдайда құқықтар сот шешіміне сәйкес тіркеледі.

Мемлекеттік тіркеу келесідей мәмілелерге міндетті:

Қозғалмайтын мүлікпен жасалатын мәміле;

Қозғалатын мүліктің жекелеген түрлерімен жасалатын мәміле;

Бағалы қағаздармен жасалатын мәміле;

Капиталдың ағымына байланысты мәмілелер;

Лицензиялық мәмілелер;

Жер қойнауын пайдалануға байланысты мәмілелер;

Заем туралы мемлекеттік шарттар.

Қозғалмайтын мүлікпен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу

ҚР АҚ 118-бабында белгіленгендей, қозғалмайтын заттарға меншік құқығы мен басқа да құқықтар, бұл құқықтарға шек қою, олардың пайда болуы, ауысуы және тоқтатылуы мемлекеттік тіркелуге тиіс.

Меншік құқығы, шаруашылық жүргізу құқығы, оралымды басқару құқығы, бір жылдан астам мерзімге жер пайдалану құқығы, бір жылдан астам мерзімге пайдалану құқығы, жылжымайтын мүлікті кепілге беру, жылжымайтын мүлікке рента, сенім білдіру арқылы басқару құқығы мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап пайда болады.

Міне осылайша, жылжымайтын мүлікке деген барлық құқықтар тіркелуге жата бермейді. Тек келесілері ғана тіркелуі тиіс:

меншік құқығы

шаруашылық жүргізу құқығы

оралымды басқару құқығы

бір жылдан артық мерзімге жерді пайдалану құқығы

мүлік кепілі

жылжымайтын мүлік рентасы

мүлікті сенімгерлікпен басқару құқығы.

Қозғалмайтын мүлікке құқықты және онымен жасалатын мәмілені мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы орган құқық иеленушінің өтініші бойынша тіркелген құқық немесе мәміле туралы құжат беру арқылы не тіркеу үшін табыс етілген құжатқа жазба жасау арқылы тіркеуден өткендігін растауға міндетті.

Қозғалмайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалған мәмілені мемлекеттік тіркеу жария түрде өтеді. Тіркеуді жүзеге асыру-

шы орган жасалған тіркеу мен тіркелген құқықтар туралы ақпаратты кез келген адамға беруге міндетті.

Қозғалмайтын мүлікке құқықты немесе онымен жасалатын мәмілені мемлекеттік тіркеуден бас тартқан не тіркеуден негізсіз жалтарған жағдайда сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Мемлекеттік тіркеу тәртібі және тіркеуден бас тарту негіздері қозғалмайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілені тіркеу туралы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленеді.

#### **6.4. Жарамсыз мәмілелер**

Заң шығарушы ҚР АҚ 157-162 баптарында мәмілелердің жарамсыздық негіздерін, сондай-ақ мәмілелерді жарамсыз деп тануға байланысты даулар жөніндегі талап қоюдың ерекше мерзімдерін ҚР АҚ 159-бабының 9 және 10-тармақтарында бекіткен.

АҚ 157-бабында мәмілелердің жарамсыздығының келесідей негіздері көрсетілген:

а) егер мәміленің мазмұны заң талаптарына сәйкес келмесе, сондай-ақ құқықтық тәртіп негіздеріне немесе адамгершілікке көрінеу қайшы келген ретте;

б) егер мәміле оған қатысушылардың мәмілеқабілеттілік талаптарын бұзатын болса;

в) егер мәміле оған қатысушылардың тиісінше ерік білдіру және шарт жасасу бостандығын бұзса;

г) егер мәміле өзінің нысаны туралы талаптарды бұзса.

Бірінші категориядағы жарамсыз мәмілелерге қылмыс жасауды, заңнамалық актілерді орындаудан жалтаруды, тұлғаның азаматтық айналымнан алынған тауарларды сатуын қарастыратын мәмілелерді жатқызуға болады.

Уәкілетті банктерді, банктік емес уәкілетті қаржылық мекемелерді және олардың айырбастау орталықтарын айналып өтіп, резиденттердің арасында АҚШ долларына қатысты сатып алу сату шартын жасасуы мәміленің жарамсыздығына әкеледі («Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» ҚР Заңы).

Салық салынатын базаны азайту және салықты толықтай төлеуден жалтару мақсатында бір заңды тұлғаның өз өнімдерін басқа заңды тұлғаға қасақана төмендетілген баға бойынша сатуы құқықтық тәртіп негіздеріне қайшы жасалынған мәмілелердің мысалы бола алады.

Адамгершілікке қайшы мәміле ретінде ерлі-зайыптылардың

бірінің екіншісін жыныстық құлдыққа сатуын немесе ата-анасының өз баласын сату оқиғаларын айтуға болады.

Заң шығарушы заң талаптарын, заңды тұлғаның жарғысын не оның органдарының құзыретін бұзатын мәмілені қасақана жасасқан адамның, егер мұндай талап пайдакүнемдік себептерден немесе жауапкершіліктен жалтару ниетінен туындаса, мәмілені жарамсыз деп тануды талап етуге құқығының жоқтығын бекітеді.

Мұндай мәмілелердің мысалы ретінде заңды тұлға мен шетелдік коммерциялық банктің арасында жасалынып, заңды тұлғаның коммерциялық банктегі депозиттік шотқа ақша сомасын аударатындығы және банктің оған пайыздар төлейтіндігі қарастырылған мәмілені атауға болады.

Шарт мерзімі аяқталғаннан кейін депонент соманы пайыздарымен кері талап етті. Бұған банк депозитті орналастыру барысында валюталық операциялар туралы заңнаманың бұзылғандығына сілтеме жасап, төлемді төлеуден бас тартты. Осы ретте, аталған мәмілені жарамсыз деп тану туралы банктің талап-арызы қанағаттандырылмайды.

Егер мәмілеге қатысушылардың бірі оны міндеттемесін орындаудан немесе үшінші жақ не мемлекет алдындағы жауапкершіліктен жалтару ниетімен жасалған ретте, ал мәміленің басқа қатысушысы бұл ниет туралы білген болса немесе білуге тиіс болса, мүдделі жақ (мемлекет) мәмілені жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

Қажетті лицензия алмай, не лицензияның қолданылу күшінің мерзімі біткеннен кейін жасалған мәміле жарамсыз болады (қараңыз: ҚР АҚ 159-бабы, «Лицензиялау туралы» Заң). Лицензияны мерзімінен бұрын кері қайтарып алған және оның қолданысы тоқтатыла тұрған реттерде де мәміле жарамсыз деп танылады.

Теріс пиғылды бәсеке мақсатын көздейтін немесе іскерлік әдеп талаптарын бұзатын мәміле жарамсыз болады (ҚР АҚ 159-бабы, «Теріс пиғылды бәсекелестік туралы» Заң).

Соңғысының мысалы ретінде жергілікті нарыққа біртектес өнімдерді шығаратын қос заңды тұлғаның бәсекелестікті жоюға әкелетін (бағаның ымыраға келуі) бағаны бірлесіп жоғарылату туралы мәмілесін атауға болады.

Заңи күші бар мәмілелерді жасасуға қатысты азаматтың заңи мойындалған мүмкіндігі мәмілеқабілеттілік ұғымын береді.

ҚР АҚ 159-бабының 3-7-тармақтарында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, әрекетқабілеттілікке ие барлық азаматтар мәмілеқабілеттілігіне ие болады.



Кәмелетке толмағандардың жасына лайықты, жасай салып орындалатын тұрмыстық ұсақ мәмілелерді қоспағанда, 14 жасқа толмаған тұлғалар жасасқан мәмілелер орындалмауы тиіс (ҚР АҚ 23-бабы). Ондай жасөспірімдердің атынан олардың ата-анасы (асырап алушылары немесе қорғаншылары) жасайды.

14 жасқа толған кәмелетке толмағандар мәмілелерді ата-анасының (асырап алушыларының немесе қорғаншыларының) келісімімен жасайды. Келісім мәміле орындалып қойылғаннан кейін де берілуі мүмкін. Ондай жасөспірім кейбір мәмілелерді өзі дербес жасай алады (ҚР АҚ 22-бабы).

Егер 14 жасқа толған кәмелетке толмағандар мәмілелерді ата-анасының келісімінсіз жасаса, онда ол соңғыларының талап етуі бойынша ғана жарамсыз деп танылуы мүмкін. Ал ондай талап жоқ болған ретте ол өзінің заңи күшін сақтап қалады.

ҚР АҚ 24-бабында кәмелет жасына толмағандар (14-18 жас аралығындағы тұлғалар) немесе кәмелет жасына толмағандардың атынан (14 жасқа дейінгі тұлғалардың атынан) жасалатын кейбір мәмілелерге ата-анасының келісімінің жеткіліксіз екендігі, қосымша мәміле жасауға қорғаншылық және қамқоршылық органының алдын ала келісімі талап етілетіндігі айтылады. Ондай мәмілелердің нақты түрлері заңнамамен айқындалады. Атап айтқанда, «Неке және отбасы туралы» ҚР Заңы.

Жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан соттың әрекет қабілетсіз деп таныған тұлғаларының ерік білдіруі заңи күшке ие емес. Тиісінше, жасалынған мәміле де жарамсыз деп танылады (қараңыз: ҚР АҚ 26, 159-баптары).

Ондай мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы мәселелерді шешу барысында сот әрекетке қабілетсіз деп танылған тұлғаның мәмілені жасасу сәтіндегі психикалық жағдайын анықтамайды. ҚР АҚ 159-бабы басқалай болатын ретті бекітеді. Аталған тұлғалардың және 14 жасқа дейінгі тұлғалардың жасасқан мәмілелері, егер олар аталған тұлғалардың пайдасына жасалса, жарамды деп танылуы мүмкін.

Спирт ішімдіктеріне және нашақорлыққа салыну салдарынан әрекетқабілеттілігі шектелген тұлғалар жасасқан мәмілелерді, егер аталған тұлғалардың қамқоршысының мәмілеге келісімі болмаған ретте оны жарамсыз деп тануға болады (ҚР АҚ 27-бабы). Бұл шектеу жалақыға билік етуге де қолданылады. Мұндай мәмілелер қамқоршысының талап етуі бойынша ғана жарамсыз деп танылады.

ҚР АҚ 159-бабында сот әрекетқабілеттілігі жоқ деп танымаған, тиісті жастағы тұлғаның жасасқан мәмілесін жарамсыз деп тануы мүмкін. Өйткені тұлғаның әрекетқабілеттілігі болғанымен, мәміле қабілеттілігі жоқ яғни, іс жүзінде мәміле жасасуға қабілетсіз болып табылады. Мысалы, 159-баптың 5-тармағында кейіннен әрекет қабілеттігі жоқ деп танылған азаматтың жасасқан мәмілесін, егер мәмілені жасау кезінің өзінде-ақ бұл азаматтың психикалық шатасу жағдайында болғаны дәлелденсе, оның қорғаншысының талабы бойынша соттың мәмілені жарамсыз деп тануы мүмкін екендігі бекітілген. Осы баптың 7-тармағында әрекетқабілеттілігі болғанымен, мәміле жасаған кезде өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе өзінің не істегенін білмейтін жағдайда болған азамат жасасқан мәмілені соттың жарамсыз деп тануы мүмкін екендігі айтылады. Мысалы, азаматтың науқастығы салдарынан уақытша өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмауы.

Заң шығарушы егер жаңылысу мәмілеге қатысушының өрескел бейқамдығының салдары болса не оны кәсіпкерлік тәуекел билеген болса мәмілені жарамсыз деп тану туралы талаптан соттарға бас тарту құқығын ұсынады.

ҚР АҚ 159-бабының 9-тармағында, егер мәміле алдау, зорлық, қорқыту ықпалымен жасалса, онда алдау, зорлық, қорқыту мәміленің жарамсыздық негіздеріне жатқызылады.

Алдау – мәміленің сипаты, мәміленің пәні немесе оның өзге де ережелері туралы қате түсінік қалыптастырып, қатысушыны мәміле жасасуға ынталандыру құралы болып табылады.

Жаңылысудан алдаудың айырмашылығы сол, алдау мәміле туралы қате түсінікті қасақана қалыптастыруға бағытталған акті болып табылады.

Зорлап мәміле жасату дегеніміз – мәмілеге қатысушыны мәжбүрлеп оның өзіне, не жақындарына күш қолдану немесе жандүниесін жаралап, оның өзіне тиімсіз мәміле жасасуға көндіру болып табылады (мысалы, күш көрсету, бостандығын шектеу және т.б.).

Қорқыту – тұлғаға мәміле жасамаған жағдайда оның өзіне немесе жақын адамдарына дене жарақатын салумен немесе моральдік зиян келтіретіндігін ескертіп, қоқан-лоқы жасау (мысалы, бопсалау, тұлға туралы жағымсыз деректерді жариялау, мүлікті жою туралы қоқан-лоқы).

ҚР АҚ 159-бабының 9-тармағында басқа тарап пайдаланған жағдайларға қарағанда адам өзі үшін мүлде тиімсіз ауыр мән-

жайлардың салдарынан жасауға мәжбүр болған кіріптарлық мәмілені жарамсыздық негізі ретінде қарастырған.

ҚР АҚ 159-бабының 10-тармағында бір тарап өкілінің екінші тараппен зұлымдық ниетте келісуі нәтижесінде жасалған мәмілені де жарамсыздық негізі ретінде қарастырған.

ҚР АҚ 159-бабының 11-тармағында заңды тұлғаның жарғысын бұза отырып, жасалған не оның органының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілені, егер мәміледегі басқа тараптың мұндай жолсыздықтар туралы білгені немесе күн ілгері білуге тиіс болғаны дәлелденсе, жарамсыз деп тануға болатындығы бекітілген.

ҚР АҚ 160-бабында егер мәміле екінші бір мәмілені (кулықпен) бүркемелеу мақсатымен жасалса, оның жарамыз деп танылатындығын бекітеді. Мысалы, азамат өзге бір тұлғаға қатысты сыйға тарту шартын жасағысы келеді, дегенмен бұл мәмілені сатып алу-сату шарты арқылы рәсімдейді. Осы ретте, сатып алу-сату шарты (сырты) жарамсыз деп танылады, ал, сыйға тарту мәмілесі (іші) жарамды болады.

Заңдық салдар туғызу ниетін көздемей, тек көз алдау үшін ғана жасалған жалған мәміле жарамсыз болады.

ҚР АҚ 161-бабында егер мәмілені оның жарамсыз бөлігін енгізбей-ақ жасауға болар еді деп ойлау мүмкін болса, мәміленің бір бөлігінің жарамсыздығы оның басқа бөліктерінің жарамсыз болуына әкеліп соқтырмайтындығы сипатталады.

ҚР АҚ 157-бабының 2-тармағында мәміле жарамсыздығының негіздемелері, сондай-ақ оны жарамсыз деп тануды талап етуге құқығы бар адамдардың тізбесі ҚР АҚ өзге де нормаларында (ҚР АҚ «Мәмілелер» 4-тарауын қоспағанда) сондай-ақ өзге де заң құжаттарында белгіленетіндігі айтылады.

Атап айтқанда, «Жекешелендіру туралы» ҚР Заңының 25-бабында жекешелендіру объектілеріне қатысты жасалынған сатып алу-сату шарттарын тараптардың, мүдделі тұлғалардың және прокурордың талап-арыздары бойынша жарамсыз деп тануға болатындығы қарастырылған.

ҚР АҚ 1056-бабында жасалған өсиетті жарамсыз деп тану негіздері қарастырылады, ал ҚР АҚ 846-бабында сақтандыру шарттарын және т.б. жарамсыз деп тануды қарастырады.

Кез келген негіз бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану кезінде әрбір тарап екінші тарапқа мәміле бойынша алғанының барлығын қайтаруы тиіс болады, ал заттай қайтару мүмкін болмаса, құнын ақшалай төлеуі тиіс болады (екіжақты реституция).

## 6.5. Тапсырмалар

### Есеп 6-1

Насырова өзінің танысы Абишевадан 200 000 теңге қолхатсыз қарызға ақша алады, ақшаны беру екі куәгердің (Абишеваның көршілерінің) қатысуымен жасалды. Уағдаласқан уақытта Насыров қиын қаржы жағдайына байланысты ақшаны қайтарған жоқ. Абишева ақшаны қайтаруды және айыпақы төлеуді талап етіп сотқа жүгінеді. Сотта Насыров талапкерден ақша алған жоқпын деп хабарлайды.

#### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

1. Талапкер заем мәмілесі жасалғанын растайтын қандай дәлелдерге сүйенуіне құқылы?
2. Дауды қалай шешуге болады?

### Есеп 6-2

Мұқанов әмбебап дүкенінен құны 300 мың теңге тұратын теледидар сатып алды. Мұқанов тауар сапасына ешбір кінәратсыз оны әмбебап дүкеніне үш күн өткен соң қайтарып берді. Ол 100 АЕК асырылған мәміле міндетті түрде жазбаша рәсімдеуге жататындығына сілтеме жасай отырып (ҚР АҚ 152-баптың 1-тармағы, 1-тармақшасы) теледидарға төленген ақшаны қайтаруды талап етті.

#### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

1. Осы сатып алу-сағу шарты заңи күшке ие ме? Сатып алушының талаптары заңды ма?

### Есеп 6-3

Екі тарап жай жазбаша нысанда жасалатын мәміле жасасты, бұл заңнамаға сәйкес наториалдық куәландыруға жатады. Екі жақтың біріне мәміле пайдалы болмағандықтан, мәмілені жарамсыз деп санау мақсатында сотқа қуыну талабын жіберді. Талап қоюшының пікірінше, мәмілені нотариалдық рәсімдеуде жөнінде заңнама талаптары бұзылған жағдайда, тіпті екі жақпен іс жүзінде жасалған мәміле де жарамсыз болып саналады.

Өз кезегінде, қарама-қарсы жақ қарсылық білдірді. Оларды пікірінше, мәміле нысанына ресми қойылған талаптар бұзылса да, егер оның мазмұны заңнамаға қайшы келмесе және үшінші тұлғалардың құқықтары бұзылмаса, онда мұндай мәміле жарамды болып есептеледі.

### **Сұрақ:**

1. Қандай мәмілелер нотариалдық куәландыруға тиесілі?
2. Заңнама бойынша мәміле нысанына қойылған талаптар бұзылған болса, ылғи да ондай мәміленің жарамсыз деп түсіне керек пе?
3. Екі жақ шарт жасасу үшін, мәмілені міндетті нотариалдық куәландыруға тиісті ме, егер бұл міндетті түрде нотариалдық куәландыруға жатпайтын мәміле болса.
4. Сот бойынша жарамды деп саналған мәміле нотариалдық куәландырылуға тиісті ме?
5. Қайсыларының ұстанымы заңды, жауапкердің бе әлде талап қоюшының ба?

### **6.6. Тестілер**

***1. Заңдық салдар туғызу ниетін көздемей, тек көз алдау үшін ғана жасалған мәміле:***

- a) өтірік мәміле
- b) кіріптарлық мәміле
- c) қулықпен жасалған мәміле
- d) жалған мәміле

***2. Заңмен талап етілген мәміленің жай жазбаша түрін сақтамау кезінде:***

- a) мәміле жарамды болып табылады
- b) тараптар оның жасалуы туралы дәлелдеме қолдануы мүмкін
- c) тараптар оның жасалуы туралы куәгерлердің жауабын қолдануы мүмкін
- d) мәміле жарамсыз болып танылады.

***3. Біржақты мәміле дегеніміз:***

- a) жасалуы үшін бір тараптың ерік білдіруі қажет және жеткілікті болатын мәміле
- b) тек бір тарап міндеттерге ие болатын мәміле
- c) бір тарапта тек құқық, ал екіншісінде тек міндет болатын мәміле
- d) тек бір тарап қатысатын мәміле

***4. Жазбаша нысанда жасалған мәмілеге теңеседі:***

- a) бланкте жасалған мәмілелер
- b) мәмілелерді тіркеу

- c) хаттармен, факстермен, жеделхаттармен алмасу
- d) жетон, билет беру

**5. Сыртқы экономикалық мәміленің жай жазбаша түрін сақтамау: мәміленің жарамсыз болып қалуына әкеліп соқтырады:**

- a) шетел заңнамасында тікелей көзделген реттерде ғана мәміленің жарамсыз болып қалуына әкеліп соқтырады
- b) мәміленің жарамсыз болып қалуына әкеліп соқтырмайды
- c) мәміленің жарамсыз болып қалуына әкеліп соқтырады
- d) тараптарды куәгерлік айғақтармен растау құқығынан айырады

**6. Мәміленің жарамсыздық негіздері бекітіледі:**

- a) тараптардың келісімімен
- b) сотпен
- c) заңға тәуелді актілермен
- d) заң актілерімен

**7. Қандай мәмілелер мемлекеттік тіркелуге тиіс:**

- a) пәтерді сатып алу-сату шарты
- b) жиһазды сатып алу-сату шарты
- c) киім-кешектерді сатып алу-сату шарты
- d) кеңсе техникаларын сатып алу-сату шарты

**8. Консенсуалдық мәміле болып танылады:**

- a) алдын ала шарт
- b) екіжақты міндеттеуші шарт
- c) тараптар барлық мәнді талаптар бойынша келісімге келген сәттен бастап жасалған деп есептелетін мәміле
- d) мүлікті беру сәтінен бастап жасалған болып саналатын шарт

**9. Жалпы ережелерге сәйкес мына мәмілелер жазбаша нысанда жасалуы керек:**

- a) 100 айлық есептік көрсеткіштен жоғары сомаға жасалған;
- b) 500 айлық есептік көрсеткіштен жоғары сомаға жасалған
- c) берілген қаржылық жылға арналған «Республикалық бюджет туралы» Заңда көрсетілген сомаға жасалған
- d) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген сомаға жасалған

## **6.7. Нормативтік құқықтық актілердің тізімі**

ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдері) (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

ҚР 2003 жылдың 20 маусымындағы Жер кодексі (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

«Шаруа (фермер) қожалығы туралы» ҚР 1998 жылдың 31 наурызындағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР 2010 жылдың 24 қаңтардағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

«Мемлекеттік кәсіпорын туралы» ҚР 1995 жылдың 19 маусымындағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» ҚР 2003 жылдың 2 маусымындағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

«Бағалау қызметі туралы» ҚР 2000 жылдың 30 қарашасындағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

«Қаржы лизингі туралы» ҚР 2000 жылдың 5 шілдесіндегі заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

## 7-тақырып. Өкілдік. Сенімхат

### 7.1. Өкілдік ұғымы мен түрлері

### 7.2. Сенімхат

### 7.3. Тапсырмалар

### 7.4. Тестілер

### 7.5. Нормативтік актілердің тізімі

### 7.1. Өкілдік ұғымы мен түрлері

«Мәмілелерді өкілдер арқылы жасауға жол беріледі. Басқа тұлғаның (өкілдік берушінің) атынан бір тұлғаның (өкілдің) сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілеттігі күшімен жасаған мәмілесі **өкілдік** берушінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін тікелей туғызады, өзгертеді және тоқтатады», - деп ҚР АҚ анықталған. Сонымен бірге, өкілдік сипаты осы бапта анықталғаннан да кеңірек. Мәмілелерді жасасудан тыс, өкіл өзге де заңи іс-қимылдарды (ақшаны алу, мүлікті қабылдау, сотқа қатысу және т.б.) жасай алады.

Өкілдік субъектілері болып үш тұлғаны атауға болады:

**өкілдік беруші** – өзінің атынан және өзінің мүддесінде мәмілелерді жасасатын тұлға. Азаматтық құқықтың кез келген субъектілері, құқықабілеттілігі бар немесе жоқ адам, заңды тұлға да өкілдік беруші бола алады.

**өкіл** – өкілдік берушінің атынан және соның мүддесінде әрекет ететін тұлға. Азаматтық әрекетқабілеттігі бар кез келген тұлға кейбір жағдайларды қоспағанда, өкіл бола алады. Ал, заңды тұлғадағы өкілдік жарғымен айқындалған құқықабілеттікке қайшы келмеуі тиіс. Ал, жеке тұлға 14 жастан еңбек қатынастарында бола алады, 16 жастан өндірістік кооператив мүшесі бола алады.

**үшінші жақ** – өкілдік берушінің атынан және соның мүддесінде өкілдің мәміле жасасатын тұлғасы, азамат немесе заңды тұлға. Кез келген құқықабілеттілігі және әрекетқабілеттілігі бар азамат үшінші тарап бола алады.

Заңда кейбір мәмілелердің өкіл арқылы жасалмайтындығы көрсетілген, өзінің сипатына қарай міндетті түрде азаматтың өзі жеке орындауы тиіс. Мысалы, өсиет қалдыру.



Өкілдің өз өкілеттілігін өкіл берушінің атынан және соның пайдасына жүзеге асыруы өкілеттіліктің мәнін құрайды. Үшінші тұлғалармен болатын қатынастарға өкілдік берушінің атынан қатысу жөніндегі өкілдің субъективті құқығы өкілеттілік деп танылады. Өкіл жеке өзіне қатысты да, сонымен бірге өзі өкілі болып табылатын басқа адамға қатысты да өкілдік берушінің атынан мәмілелер жасай алмайды.

Өкіл тек қана құқықтарды ғана емес, сонымен бірге міндеттерді де иеленеді. Ол жасалатын мәміленің сипаты жөніндегі өкілдік берушінің нұсқауларын қатаң сақтауы тиіс. Мәміле жасауға уәкілдік берілмеген адамның басқа адам атынан немесе өкілеттігін асыра пайдаланып жасаған мәмілесі өкілдік беруші осы мәмілені кейіннен мақұлдаған ретте ғана ол үшін азаматтық құқықтар мен міндеттерді туғызады, өзгертеді және тоқтатады. Егер ол кейіннен ондай мәмілені мақұлдаса, онда оның жағымыз салдарлары өкілетсіз әрекет еткені үшін өкілдің өзіне жүктеледі.

ҚР АҚ өкілдіктің туындау негіздері келесідей сипатта бекітілген: мәміле не өзге де шарттар – сенімхатты (біржақты мәміле) беру, тапсырма шартын жасасу;

әкімшілік актілер, сот шешімдері;

Әдетте, өкілдің өкілеттілігін тексеру міндетті болып табылады. Алайда, егер өкілдің өкілеттілігі нақты жағдайдан айқын көрінетін болса, онда бұл талап етілмейді. Мысалы, сауда, тұрмыстық қызмет көрсету, қоғамдық көлікпен тасымалдау және т.б. салалардағы ұйымдардың қызметкерлерінің өкілеттілігі олар әрекет ететін жағдайдан айқын көрінеді.

Коммерциялық өкілдік ерікті өкілдіктің айрықша бір түрі болып табылады. Егер азамат тұрақты және дербес түрде кәсіпкерлердің мүдделерін шарттарды жасасу кезінде білдіретін болса, онда өкілдіктің осы түрі туындайды. Міне, осылайша, өкілдік беруші ретінде мұнда кәсіпкерлер бола алады және коммерциялық өкіл де кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырады. Тараптардың арасында жазбаша нысанда жасалатын шарт коммерциялық өкілдіктің туындау негізі болып табылады және онда өкілдің өкілеттіктері көрсетілуі тиіс. Егер олар онда көрсетілмесе, онда шартқа сенімхат қоса тіркелуі тиіс.

## 7.2. Сенімхат

Әдетте, өкілдің өкілеттіктері арнайы құжат-сенімхатта бекітіледі. Бір адамның (сенім білдірушінің) өз атынан өкілдік ету үшін екінші адамға (сенім білдірген) берген жазбаша уәкілдігі **сенімхат** деп танылады (ҚР АҚ 167-бап).

Сенімхат беру – біржақты мәміле, яғни бұл өкілеттікті беру үшін бір тараптың өкілдік берушінің ерік білдіруі қажет және жеткілікті, сондықтан да өкілдің келісімі талап етілмейді. Мүлікке билік жасауға және нотариаттың куәландыруын талап ететін мәмілелер жасауға берілетін сенімхатты, егер заң құжаттарында өзгеше белгіленбесе, нотариат куәландыруға тиіс. Егер сенімхатта неғұрлым ұзақ мерзім көрсетілсе, ол 3 жыл бойы, ал егер қолдану мерзімі көрсетілмесе – берілген күннен бастап бір жыл бойы жарамды болады. Егер сенімхаттың берілген күні көрсетілмесе, ол жарамсыз деп танылады.

Өкілдік алған өкілеттігінің көлемі мен мазмұнына орай сенімхаттың үш түрі болады:

Бас (жалпы) сенімхат – ол белгілі бір кезеңге арналып, әртүрлі мәмілелер жасайтын өкілге беріледі, мысалы заңды тұлғаның филиалының басшысына берілген сенімхат, мүлікті пайдалануға берілген сенімхат;

- арнайы сенімхат – ол біртекті мәмілелер жасайтын өкілге беріледі, мысалы, заң кеңесшісіне сотта іс жүргізу үшін берілген, экспедиторға жүкті қабылдауға берілген;

- бір жолғы, бір мәрте берілетін сенімхат – ол тек бір әрекет жасау үшін беріледі.

Заңда сенімхаттың нысанына белгілі бір қатаң талаптар қойылады. Сенімхаттың құжат болып табылуына орай, ол жазбаша нысанда жасалуы және сенім білдірушінің қол қоюы тиіс. Мүлікке билік жасауға және нотариаттың куәландыруын талап ететін мәмілелер жасауға берілетін сенімхатты, егер заң құжаттарында өзгеше белгіленбесе, нотариат куәландыруға тиіс. Нотариустан тыс, сенімхатты өзге де уәкілетті тұлғалар куәландыра алады. Мұндай сенімхаттар нотариалды куәландырылған сенімхаттарға теңестіріледі (ҚР АҚ 167-баптың 3-тармағы).

Жалақыны, сәлемдемелерді, почталық аударымдарды, авторлардың сыйақыларын, жәрдемақыларды, шәкіртақыларды, почталық корреспонденцияларды алуға берілетін сенімхаттардың нотариалды куәландырылуы талап етілмейді. Оларды сенім білдіруші

тұратын жергілікті жердегі әкімшілік аппараты, ол жұмыс істейтін немесе оқитын ұйым, тұрғылықты жері бойынша тұрғын үй пайдалану ұйымы, ол емделіп жатқан тұрақты емдеу мекемесінің әкімшілігі куәландыруы мүмкін. Құжат жіберуді байланыс қызметкері жүзеге асырған кезде телеграф арқылы, сондай-ақ байланыстың басқа да түрлері арқылы жіберілетін сенімхатты байланыс органдары куәландырады.

Заңды тұлға атынан сенімхат оның басшысы немесе бұған оның құрылтай құжаттарымен уәкілдік берілген өзге де адамның қолы қойылып беріледі және сол ұйымның мөрімен бекітіледі. Ақша және басқа бағалы мүлікті алуға немесе беруге мемлекеттік органның, коммерциялық ұйым мен коммерциялық емес ұйымның атынан берілетін сенімхатқа сол ұйымның бас (аға) бухгалтері де қол қоюға тиіс.

Байланыс органдарының араласуынсыз, факс арқылы жіберілген сенімхатты үшінші тараптардың түпнұсқа ретінде қабылдайтындығы жөніндегі ереже ҚР АҚ бекітілген.

Сенімхаттың қолданысы мерзіммен шектелінген. Сенімхат үш жылдан аспайтын мерзімге берілуі мүмкін. Егер сенімхатта неғұрлым ұзақ мерзім көрсетілсе, ол үш жыл бойы, ал егер қолдану мерзімі көрсетілмесе, берілген күннен бастап бір жыл бойы жарамды болады. Берілген күні көрсетілмеген сенімхат жарамсыз болады.

Сенімнің ауысуы мынадай жағдайларда орын алуы мүмкін:

- а) егер, өкілге сенімхаттың өзінде осындай құқық берілген болса;
- б) сенім білдірушінің мүдделерін қорғау үшін қалыптасқан жағдайларға орай сенімді ауыстыруға мәжбүр болса.

Өз өкілеттігін басқа біреуге берген сенім білдірілген адам бұл жөнінде сенім білдірушіні дереу хабардар етуге және оған әлгі адам туралы, оның тұрғылықты жері туралы қажетті мәліметтерді хабарлауға тиіс. Бұл міндеттің орындалмауынан, сенім білдірілген адамға нақ өз әрекеттері үшін жауапкершілік жүктелетіні сияқты, өз өкілеттігін берген адамның әрекеттері үшін де жауапкершілік жүктеледі.

Сенім ауыстыру жөнінде берілген сенімхаттың қолданылу мерзімі ол негізге алынып берілген алғашқы сенімхаттың қолданылу мерзімінен аспауы керек. Сенім білдірілген адамның өз өкілеттігін басқа адамға беруі жөніндегі сенімхатты, жалақыны, почталық корреспонденцияны алуды қоспағанда, нотариат куәландыруға тиіс.

ҚР АҚ 170 бабында сенімхаттың тоқтатылу негіздерінің тізімі қамтылған. Ең алдымен, сенім білдіруші оның күшін жоя алады, ал өкіл одан бас тарта алады. Сондай-ақ, сенімхат мерзімінің өтуі,

сенімхатта көзделген әрекеттердің жүзеге асуы, өз атынан сенімхат берген заңды тұлғаның тоқтатылуы, атына сенімхат берілген заңды тұлғаның таратылуы, сенімхат берген адамның қайтыс болуы, оның әрекет қабілеттігі жоқ, әрекет қабілеттігі шектеулі немесе хабар-ошарсыз кетті деп танылуы, сенімхат берілген азаматтың қайтыс болуы, оның әрекетқабілеттігі жоқ, әрекетқабілеттігі шектеулі немесе хабар-ошарсыз кетті деп танылуы салдарынан тоқтатылады.

Сенімхат беруші сенімхаттың күшін жойғандығы туралы сенімхат берілген адамға, сондай-ақ сенімхат берілгендердің алдында өкілдік ету үшін өзіне белгілі үшінші жаққа хабарлауға міндетті. Сенімхат АҚ көрсетілген негіздерге сүйеніп тоқтатылған реттерде дәл сондай міндет сенімхат беруші адамның құқықты мирасқорларына да жүктеледі.

Сенімхат берілген адамға сенімхаттың тоқтатылғанын білгенге дейін немесе білуге тиіс болған кезге дейін оның жасаған әрекеттері нәтижесінде пайда болған құқықтар мен міндеттер сенімхатты берген адам және оның құқықты мирасқорлары үшін үшінші жақтарға қатысты күшін сақтайды. Егер үшінші жақ сенімхаттың тоқтатылғанын білсе немесе білуге тиіс болса бұл ереже қолданылмайды.

Сенімхат берілген адам немесе оның құқықты мирасқоры сенімхат тоқтатылысымен оны дереу қайтаруға тиіс.

### **7.3. Тапсырмалар**

#### **Ецен 7-1**

2004 жылы 28 маусымында екі бөлмелі пәтерді сатуға сенімхат берілген, сенім білдірген адам Токтаров, сенімгер Жакупов. Сол жылдың 2 тамызында Жакупов қайтыс болады, ал 7 тамызда Токтаров сенімхат арқылы пәтерді Ивановқа сатады. Пәтер ақшасын Жакуповтың әйеліне тапсырған кезде Жакуповтың қайтқаны туралы естиді. Жакуповтың қызы сотқа әкесінің қайтқанын кейін жасалған деп сағып алу – сату шартын жарамсыз деп есептеуге талап арыз береді. АҚ сәйкес сенімхат сенім білдірушінің қайтқанынан соң өз күшін жояды.

#### **Сұрақ:**

Дауды шешіңіз.

### **Есен 7-2**

2009 жылдың 1 наурызында К. П. Саудабаев осы жылдың наурыз айының жалақысын алуға өзінің 17 жастағы қызы П. А. Саудабаеваға сенімхат берді.

2009 жылдың мамыр айында П. А. Саудабаева берілген сенімхатты мекеменің әкімшілігіне ұсынып, заң бойынша сенімхат 1 жылға дейін жарамды екенін айқындап, әкесінің сәуір және мамыр айларына арналған жалақысын беруін сұрады.

Мекеме әкімшілігі П. А. Саудабаеваның қалауын қабыл алмады.

### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

1. Сенімхатқа анықтама беріңіз. Бұл біржақты немесе екіжақты мәміле ме?
2. Азаматтық кодекске сәйкес сенімхаттың ең ұзақ қолданылу мерзімі қандай?
3. Берілген уақыты көрсетілмеген сенімхат жарамды болып есептеледі ме?
4. Неліктен мекеме әкімшілігі жалақы төлеуден бас тартты?
5. П. А. Саудабаева кәмелетке толған қыз болса, мекеме әкімшілігі өзінің ұстанымын өзгертер ме еді?

### **Есен 7-3**

И. Есенбаева Д. Каракозовке автокөлік сатып алу жөнінде сенімхат берді. Бірақ Д. Каракозов ауыр сырқат салдарынан ауруханаға жатып қалып, жекелей тапсырған міндеттемені орындай алмады. Ол өз ретімен К. Сұлтановқа қайта сенім білдірді. Бұл сенімхат Д. Каракозов жатқан емхананың бас дәрігерімен куәландырылды. К. Сұлтанов И. Есенбаеваға автокөлік сатып алды, бірақ оның бағасы сенімхатта ескертілген бағадан жоғары болды. Сенімхат білдіруші сатып алынған көлікті қабыл алудан бас тартты. К. Сұлтанов И. Есенбаеваны міндеттеп және автокөлікті қабыл алып, оған кеткен шығындарды төлеуді талап етуі жайымен сотқа қарасты.

### **Сұрақ:**

Туындаған дауды қалай шешкен жөн?

## 7.4. Тестілер

**1. Сенім білдіруші қайтыс болған жағдайда ол берген сенімхаттың күші:**

- a) тоқтатылмайды
- b) сенімнің ауысуына байланысты тоқтатылмайды
- c) тоқтатылады
- d) ол берілген мерзімнің аяқталуына байланысты тоқтатылады

**2. Өкіл әрекет етеді:**

- a) өз атынан
- b) өкілдік беруші атынан
- c) өз атынан немесе өкілдік беруші атынан
- d) үшінші тұлғалардың атынан

**3. Заңды тұлға атынан ақшаны алуға немесе беруге берілетін сенімхатқа қол қою керек:**

- a) оның басшысы
- b) оның басшысы және бас (аға) бухгалтері
- c) оның басшысы және кадр бөлімінің бастығы
- d) оның басшысы, экономисті және бас (аға) бухгалтері

**4. Өкіл арқылы жасауға жол берілмейді:**

- a) өсиет
- b) мүлікті сақтауға беру
- c) жеке сақтандыру
- d) мұрадан бас тарту

**5. Өкілдік дегеніміз:**

- a) болашақта жасалуы мүмкін мәмілелерге қатысты келіссөздер жүргізу бойынша қызмет
- b) өз атынан жүзеге асырылатын заңдық қызмет
- c) делдалдық қызмет
- d) басқа адамның атынан және оның мүддесі үшін заңды негізде жасалатын қызмет

**6. Сенімхаттың ең ұзақ әрекет ету мерзімі:**

- a) 6 ай
- b) 1 жыл

- c) 3 жыл
- d) шектелмеген

**7. Бас сенімхат қандай іс-әрекет жасау үшін беріледі?**

- a) шектелмеген көлемде біртекті заңды іс-әрекеттерді жасау үшін
- b) белгілі бір мәміле жасау үшін
- c) шектелмеген көлемде біртекті емес заңды іс-әрекеттерді жасау үшін
- d) өкілдің қарауы бойынша жасалатын іс-әрекет

**8. Коммерциялық өкілдің ерекшелігі неде:**

- a) бір мезгілде мәміленің әртүрлі тараптарының мүдделерін білдіреді
- b) мәміле қатысушыларының келісімі болса, бір мезгілде мәміленің әртүрлі тараптарының мүдделерін білдіреді
- c) жай өкілден ешқандай айырмашылығы жоқ
- d) жай өкілге қарағанда дербестікке ие емес

**9. Бір жолғы сенімхат қандай іс-әрекет жасау үшін беріледі?**

- a) шектелмеген көлемде біртекті заңды іс-әрекеттерді жасау үшін
- b) белгілі бір мәміле жасау үшін
- c) шектелмеген көлемде біртекті емес заңды іс-әрекеттерді жасау үшін
- d) өкілдің қарауы бойынша жасалатын іс-әрекет

**10. Сенім ауыстыру жөнінде берілген сенімхаттың қолданылу мерзімі аспауы керек:**

- a) 3 айдан
- b) 6 айдан
- c) 3 жылдан
- d) ол негізге алынып берілген алғашқы сенімхаттың қолданылу мерзімінен

**11. Өкіл жасаған мәмілелер бойынша кімнің азаматтық құқықтары мен міндеттері тікелей туады, өзгереді және тоқтатылады:**

- a) өкілдің
- b) олардың өзара келісімі бойынша өкілдің немесе өкілдік берушінің

- c) үшінші тұлғаның
- d) өкілдік берушінің

**12. Сенім білдірілген адамның өз өкілеттігін басқа адамға беруі жөніндегі сенімхат:**

- a) ауызша жасалуы керек
- b) жазбаша жасалуы керек
- c) нотариат куәландыруға тиіс
- d) тіркелуі тиіс

### **7.5. Нормативтік құқықтық актілердің тізімі**

ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы бөлімі) (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).



## **8 тақырып. Азаматтық құқықтағы мерзімдер**

**8.1. Азаматтық құқықтағы мерзімдерді белгілеу ұғымы, түрлері және тәртібі**

**8.2. Талап қою мерзімі**

**8.3. Тапсырмалар**

**8.4. Тест**

**8.5. Нормативтік актілер тізімі**

**8.1. Азаматтық құқықтағы мерзімдерді белгілеу ұғымы, түрлері және тәртібі**

**Азаматтық құқықтағы мерзімдерді белгілеу ҚР АҚ анықталған.** Заңдармен, мәмілемен белгіленген не сот тағайындайтын мерзім күнтізбелік күнмен немесе сөзсіз болуға тиісті оқиға көрсетіліп белгіленеді.

Мерзім жылдармен, айлармен, апталармен, күндермен немесе сағаттармен есептелетін уақыт кезеңі ретінде де белгіленуі мүмкін. Уақыт кезеңімен белгіленетін мерзімнің өтуі күнтізбелік күннен немесе мерзімнің басталуы белгіленген оқиға болғаннан кейінгі келесі күннен басталады.

Жылдармен есептелетін мерзім – мерзімнің соңғы жылының тиісті айы мен күнінде бітеді. Жарты жылмен есептелетін мерзімге айлармен есептелетін мерзімнің ережелері қолданылады. Жыл тоқсандарымен есептелетін мерзімге айлармен есептелетін мерзімнің ережелері қолданылады. Бұл орайда бір тоқсан үш айға тең деп есептеледі, ал тоқсандарды есептеу жыл басынан бастап жүргізіледі.

Айлармен есептелетін мерзім – мерзімнің соңғы айының тиісті күнінде бітеді. Жарты аймен белгіленетін мерзім күндермен есептелетін мерзім ретінде қаралады да, он бес күнге тең болып есептеледі.

Егер айлармен есептелетін мерзімнің аяқталуы тиісті күн саны жоқ айға тура келсе, мерзім сол айдың соңғы күнінде бітеді. Апталармен есептелетін мерзім – мерзімнің соңғы аптасының тиісті күнінде бітеді.

Егер мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге тура келсе, содан кейінгі ең таяу жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып саналады. Егер мерзім қандай да бір әрекет жасауға белгіленген болса,

ол әрекет мерзімнің соңғы күніндегі сағат жиырма төртке дейін орындалуы мүмкін.

Алайда, егер бұл әрекет ұйымда жасалуға тиіс болса, онда мерзім осы ұйымда белгіленген ережелер бойынша тиісті операциялар тоқтатылған сағатта бітеді. Мерзімнің соңғы күніндегі сағат жиырма төртке дейін почтаға, телеграфқа немесе өзге де байланыс мекемесіне тапсырылған жазбаша мәлімдемелер мен хабарламалар мерзімінде жасалған болып саналады.

## **8.2. Талап қою мерзімі**

ҚР АҚ 177-бабында талап қою ұғымының анықтамасы берілген. Талаптың ескіруі – адам құқығының немесе заңмен қорғалатын мүдденің бұзылуынан туындайтын талаптың қанағаттандырылуы мүмкін болатын уақыт кезені. Талап қою мерзімдері және оларды есептеу тәртібі заңмен көзделеді және оларды тараптардың келісуімен өзгертуге болмайды.

Талап қоюдың жалпы мерзімі үш жыл болып белгіленеді. Талаптардың жекелеген түрлері үшін заң құжаттарымен талап қоюдың жалпы мерзіммен салыстырғанда қысқартылған немесе неғұрлым ұзақ арнаулы мерзімдері белгіленуі мүмкін.

Талап қою мерзімінің өтіп кетуіне қарамастан бұзылған құқықты қорғау туралы талапты сот өз қарауына алады. Талап мерзімін сот шешім шығарғанға дейін дауда тарап жасаған мәлімдеме бойынша ғана сот қолданады. Талап қойғанға дейінгі талап қою мерзімінің өтіп кетуі соттың талаптан бас тарту туралы шешім шығаруына негіз болады.

Басты талап бойынша талап қою мерзімінің бітуіне байланысты қосымша талаптар (айыптарды өндіріп алу, кепілдік берушінің жауапкершілігі және т.б. туралы) бойынша да талап қою мерзімі бітеді.

Талап қою мерзімінің өтуі адам құқық бұзушылық туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен басталады. Белгіленген орында мерзіміне байланысты міндеттемелер бойынша талап қою мерзімінің өтуі орындалу мерзімі аяқталғаннан кейін басталады.

Орындалу мерзімі белгіленбеген не талап ету кезімен белгіленген міндеттемелер бойынша талап қою мерзімінің өтуі міндеттемені орындау туралы талап қойылған кезден басталады, ал егер борышқорға

сондай талаптарды орындау үшін жеңілдік мерзімі берілсе, талап мерзімін есептеу аталған мерзім аяқталғаннан кейін басталады.

Регрестік міндеттемелер бойынша талап мерзімінің өтуі негізгі міндеттемені орындау кезінен басталады.

Талап қою мерзімінің өтуін тоқтата тұру:

Талап қою мерзімінің өтуі:

1) егер талап қоюға төтенше және бұл жағдайда болмай қоймайтын оқиға (бой бермейтін күш) кедергі жасаса;

2) міндеттемелердің бұл түрін орындау Қазақстан Республикасы Президентінің жариялауымен кейінге қалдырылуына байланысты (мораторий):

3) егер талапкер немесе жауапкер соғыс жағдайына көшірілген әскери бөлімшелер құрамында болса;

4) егер әрекетқабілеттігі жоқ адамның заңды өкілі болмаса;

5) тиісті қатынасты реттейтін заңдардың қолданылуын тоқтатуға байланысты тоқтатыла тұрады.

Азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талаптар бойынша талап қою мерзімінің өтуі азаматтың зейнетақы төлемдерін тағайындау және/немесе жүзеге асыру туралы немесе жәрдемақы тағайындау туралы тиісті ұйымдарға жолдануына байланысты зейнетақы төлемдері тағайындалғанға және/немесе жүзеге асырылғанға немесе жәрдемақы тағайындалғанға не зейнетақы төлемдерін тағайындаудан және/немесе жүзеге асырудан немесе жәрдемақы тағайындаудан бас тартылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Талап қою мерзімінің өтуі, жоғарыда көрсетілген мән-жайлар талап мерзімінің соңғы алты айы ішінде пайда болса немесе бұрынғысынша қала берсе тоқтатыла тұрады, ал егер бұл мерзім алты айдан аспаса – талап мерзімінің өтуі кезінде тоқтатыла тұрады. Тоқтата тұруға әкеліп соқтырған мән-жайлар тоқтатылған күннен бастап талап қою мерзімінің өтуі одан әрі жалғасады. Бұл орайда мерзімнің қалған бөлігі алты айға дейін, ал егер талап қою мерзімі алты айдан аспаса, талап мерзіміне дейін ұзартылады.

Талап қою мерзімінің өтуі белгіленген тәртіппен талап қою, сондай-ақ міндеткер адамның борышты немесе өзге міндеттерді мойындағандығын дәлелдейтін әрекеттер жасауы арқылы үзіледі. Үзілістен кейін талап қою мерзімінің өтуі қайтадан басталады; үзіліске дейін өткен уақыт жаңа мерзімге есептелмейді.

Ерекше жағдайларда, талапкердің жеке басына байланысты мән-

жайлар (ауыр науқас, дәрменсіз халде болу, сауатсыздық және т.б.) бойынша талап қою мерзімі өтіп кетуінің себебін сот орынды деп таныған кезде, азаматтың бұзылған құқығы қорғалуға тиіс. Талап қою мерзімінің өтіп кету себептері орынды болып, егер ол талап мерзімі соңғы алты ай ішінде орын алған болса, ал егер бұл мерзім алты айға тең немесе алты айдан аз болса – талап мерзімінің өтуі кезінде танылады.

Белгілі бір іс бойынша сот шешімін орындаудан бас тартылуына байланысты заң құжаттарына сәйкес талапкердің тап сол іс бойынша жаңа талап қою құқығы пайда болған ретте талап қою мерзімі қалпына келтіріледі және қайтадан өте бастайды.

Талап қою қолданылмайтын талаптар:

1) заң құжаттарында көзделгеннен басқа реттерде материалдық емес игіліктер мен мүліктік емес өзіндік құқықтарды қорғау туралы талаптарға;

2) салымшылардың банкіге банктік салымдарды беру туралы талаптарына;

3) азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру туралы талаптарға қолданылмайды. Алайда талап қою мерзімі өтіп кеткеннен кейін қойылған талаптар талап қойыла бастаған соң үш жылдан асырмай қанағаттандырылады;

4) егер меншік иесінің немесе өзге заң иеленушінің өз құқығының кез келген бұзылуы иеліктен айыруға байланысты болмаса, олардың осы құқық бұзушылықты жою туралы талабына;

5) заң құжаттарында белгіленген реттерде басқа талаптарға да қолданылмайды.

### **8.3. Тапсырмалар**

#### **Есеп 8-1**

Төменде көрсетілген жағдайларда уақыт мезгілдерімен анықталған мерзімнің басталуының күнтізбелік күнін, мерзімнің аяқталуының күнтізбелік күнін атаңыз:

1. Ахметов өз үйін Ливневке 2003 жылдың 28 ақпанынан үш жыл мерзімге жалға беру туралы шарт

2. Галимов Марковатан 2002 жылдың 31 наурызында бір ай мерзіміне қарызға ақша алады.

3. «Дизель» зауыты автомобильдік зауытпен 2001 жылда тауар

топтамасын әр кварталдың соңында жеткізуді міндеттеніп двигатель жеткізілімі туралы шартқа. Шарт 2000 жылдың 18 желтоқсанынан үш жылдық мерзімге жасалған. Мерзімнің соңғы күні демалыс күніне келіп тұр.

4. Жакубаева 2003 жылдың 31 қазанында өз пәтірін келуші Керимовқа тапсырады.

### **Ецен 8-2**

В. Газаров автокөлік сатып алу үшін келісімшарт жасасты және 3 күн аралығында оның құнын төлеймін деген міндеттеме алды. Келісімшарт ережелері бойынша мерзімін кешіктірген жағдайда, сатып алушы кешіктірген әр күнге автокөліктің бағасынан 1,6% көлемінде өсімақы төлеп отыруы керек.

«Каспий» банкінің қызметкерлері, өз шотынан ақша шешіп алуға келген В. Газаровқа, мұндай ірі соманы 5 күннен кейін ғана шешіп аласыз деген жауаппен қайтарып жіберді. Соның өзінде банк қызметкерлері В. Газаровты ірі сомадағы қаражатты алу үшін алдын ала 3 күн бұрын тапсырма қалдыру қажет деген ережемен таныстырды. Бірақ жақын арадағы күндерде мейрам және демалыс күндеріне байланысты банк жұмыс істемеді.

Ақырында, В. Газаров сатып алынған автокөліктің төлемін екі күнге кешіктірді, бұл үшін өсім төлеуге мәжбүр болды. Ол көтерген шығындарына «Каспий» банкін кінәлі деп есептеді және кеңес алу үшін заңгерге жолықты.

### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

1. Егер міндеттемені орындау мерзімінің аяқталуы жұмыс істелінбейтін күнге келсе, онда міндеттемені орындаудың соңғы күні деп не саналады?

2. В. Газаров міндеттемені кешіктерген деп саналады ма?

### **Ецен 8-3**

Азамат Дьяченко, азамат Яновскийдің атына қарызын өтеу айыбымен сотқа қарасты. Бірақ сот, талап қою мерзімінің өтіп кету себебінен, Дьяченконың азаматтық іс қозғау жөніндегі талабын қабылдамады. Дьяченко бұны қабыл алмай жоғары тұрған сотқа жеке шағыммен қарасты. Онда азаматтық іс қозғаудан бас тартудың негізі талап қою мерзімінің өтуі болмайтындығын айтты. Жоғары тұрған сот шағымды қанағаттандырып және бұл іс мәні бойынша қарастырды. Берілген

талапты (талап қою мерзімінің өтуі) қанағаттандыруда материалдық құқығын жоғалтуына байланысты сот айып берушінің талабына теріс шешімін шығарды.

**Есептен туындайтын сұрақтар:**

1. Бірінші инстанция соты азамат Дьяченконың ісін қарастырудан бас тартуы заңды ма?
2. Істі қарастырып, сот дұрыс шешім қабылдады ма?
3. Талап қою мерзімін қайта қалпына келтіру мүмкін бе?

**8.4. Тестілер**

*1. Алдау, зорлық, қорқыту (кіріптарлық мәміле) ықпалымен жасалған мәмілелерге қатысты талап қою мерзімі:*

- a) 1 жыл
- b) 3 ай
- c) 3 жыл
- d) 10 жыл

*2. Талап қою мерзімін есептеу тәртібі:*

- a) тараптардың келісімімен бекітіледі
- b) тараптардың келісімімен өзгертілуі мүмкін
- c) 10 жылды құрайды
- d) заңмен бекітіледі

*3. Талап қоюдың жалпы мерзімі:*

- a) 1 жыл
- b) 3 ай
- c) 3 жыл
- d) 10 жыл

*4. Жылдармен есептелетін мерзім:*

- a) мерзімнің соңғы күні бітеді
- b) мерзімнің соңғы жылының тиісті айы мен күнінде бітеді
- c) келесі жылдың бірінші күні бітеді
- d) мерзімнің соңғы жылында бітеді

**5. Егер мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге тура келсе:**

- a) мерзімнің аяқталған күні болып содан кейінгі ең таяу жұмыс күні саналады
- b) мереке күндері туралы ережелер қолданылады
- c) мерзім белгісіз уақытқа созылады
- d) мерзім қайтадан басталады

**6. Егер әрекет ұйымда жасалуға тиіс болса, ол орындалуы мүмкін:**

- a) мерзімнің соңғы күнінің 24 сағатына дейін
- b) ұйымда жұмыс күнінің аяқталуына дейін
- c) мерзімнің соңғы күнінің 18 сағатына дейін
- d) осы ұйымда белгіленген ережелер бойынша тиісті операциялар тоқтатылуына бір сағат қалғанша

**7. Талап қойғанға дейін талап қою мерзімінің өтіп кетуі:**

- a) соттың талаптан бас тарту туралы шешім шығаруына негіз болады
- b) соттың талаптан бас тарту туралы шешім шығаруына негіз болмайды
- c) талапты соттың қарауына негіз болады
- d) соттың талапты қараусыз қалдыруына әкеп соқтырады

**8. Уақыт кезеңімен белгіленетін мерзімнің өтуі басталады:**

- a) оның басталуы белгіленген күнтізбелік күннен
- b) оның басталуы белгіленген күнтізбелік күннен кейінгі келесі күннен
- c) бұл уақыт кезеңі ішіндегі кез келген күні
- d) келесі айдың бірінші күні

**9. Почтаға, телеграфқа немесе өзге де байланыс мекемесіне тапсырылған жазбаша мәлідемелер мен хабарламалар мерзімінде жасалған болып саналады:**

- a) мерзімнің соңғы күніндегі 24 сағатқа дейін жасалған
- b) байланыс бөлімінде жұмыс күнінің аяқталуына дейін жасалған
- c) мерзімнің соңғы күніндегі сағат 18-ге дейін жасалған
- d) байланыс бөлімінде бекітілген ережелер бойынша осы операциялар аяқталуына бір сағат қалғанша жасалған

***10. Талап қою мерзімі таралмайды:***

- a) салымшылардың банкіге банктік салымдарды беру туралы талаптарына
- b) меншік құқығын тану туралы меншіктің заңды иесінің талабына
- c) азаматтың мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарға
- d) меншік иесінің біреудің заңсыз иелігіндегі мүлікті қайтару туралы талабына

**8.5. Нормативтік құқықтық актілердің тізімі**

ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы бөлімі) (өзгерістер мен толықтырулармен бірге)



## 9-тақырып. Меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар

### 9.1. Меншік құқығы

#### 9.1.1. Меншік құқығының ұғымы мен мазмұны

#### 9.1.2. Меншік құқығының пайда болуы

#### 9.1.3. Меншік құқығының жойылуы

#### 9.1.4. Меншік нысандары мен түрлері

### 9.2. Ортақ меншік

### 9.3. Меншік иесі емес тұлғалардың заттық құқықтары

### 9.4. Меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды қорғау

### 9.5. Тапсырмалар

### 9.6. Тест

### 9.7. Нормативтік құқықтық актілердің тізімі

### 9.1. Меншік құқығы

#### 9.1.1. Меншік құқығының ұғымы мен мазмұны

Меншік құқығын объективтік және субъективтік мағынада қарастырады.

Объективтік мағынада меншік құқығы меншік қатынастарын реттейтін құқықтық нормалар жиынтығын білдіреді (ҚР АҚ 188-267 баптары).

Субъективтік мағынадағы меншік құқығы ол меншік иесінің өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы болып табылады.

**Меншік құқығы** дегеніміз – субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы (ҚР АҚ 188-бап).

Меншік құқығының мазмұнын меншік иесінің өзіне тиесілі мүлікті иелену, пайдалану, билік ету құқықтары құрайды. Осылардың әрқайсысы меншік құқығының міндетті элементі болып табылады.

Меншік құқығының мазмұны:

Иелену	Пайдалану	Билік ету
--------	-----------	-----------

Мүлікті іс жүзінде иеленуді жүзеге асыруды заң жүзінде қамтамасыз ету.	Мүліктен оның пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі.	Мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі.
--	--	---

Иелену заңды және заңсыз болуы мүмкін. Мүлікті **заңды түрде** иелену белгілі құқықтық негіздер бойынша жүзеге асырылады. **Заңсыз** иеленудің құқықтық негізі болмайды, мысалы өзгенің затын зорлап иелену.

Заңсыз иеленуді адал және теріс пиғылды деп бөледі. Адал иелену деп иеленуші өз меншігінің заңсыз екенін білмегендігі және білмеуі тиіс болған жағдайда туындайды. Теріс пиғылды немесе жосықсыз иелену керісінше иеленуші өз меншігінің заңсыз екенін біледі және білуге тиіс болған жағдайда орын алады.

Билік ету өкілеттілігі мүлікпен әр алуан мәмілелер жасай алуан – жалға беру, кепілге қою, мүлікті иеліктен шығарудан көрініс табады.

Меншік құқығы заңнамалық актілермен шектелуі мүмкін. Атап айтқанда, меншік иесінің өз өкілеттігін жүзеге асыруы басқа тұлғалар мен мемлекеттің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбауға тиіс. Құқықтар мен заңды мүдделерді бұзушылық басқа нысандарымен қатар, меншік иесінің өзінің монополиялық және өзге де басымдық жағдайын пайдаланып қиянат жасауынан көрінуі мүмкін. Сондай-ақ меншік иесі өз құқықтарын жүзеге асырған кезде азаматтардың денсаулығы мен айналадағы ортаға келтірілуі мүмкін зардаптарға жол бермеу шараларын қолдануға міндетті.

Меншік иесі, өзіне тиесілі мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығын көтереді және біржақты тәртіппен мұндай ауыртпалықты үшінші жаққа ауыстыра алмайды.

### **9.1.2. Меншік құқығының пайда болуы**

Меншік құқығы меншік құқығының пайда болу негіздері деп аталатын заңды фактілер арқылы пайда болады.

Меншік құқығының пайда болу негіздері алғашқы және туынды болып бөлінеді.

Меншік құқығына ие болудың алғашқы негіздері болып заттың

бұрын болмағаны немесе оған меншік құқығы ол пайда болмай тұрып немесе бұрынғы меншік иесінің құқығына қарамастан пайда болғанда орын алады. Бұл әдіске келесілерді жатқызуға болады: жаңадан жасалған мүлікке меншік құқығының пайда болуы, өңдеу, иелену мерзімі, жинауға не аулауға арналған көпшілік қолды заттарды меншікке айналдыру, иесіз заттар, меншік иесі бас тартқан жылжымалы заттар, өз бетімен салынған құрылыс, олжа.

Туынды меншік құқығының пайда болу негіздеріне реквизиция, тәркілеу, шарттар, мұрагерлік, заңды тұлғалардың қайта құрылуы жатады.

### **Меншік құқығын алудың бастапқы әдістері**

Егер шартта немесе заңдарда өзгеше көзделмесе, **жаңа затқа** меншік құқығы оны дайындаған немесе жасаған тұлғаға тиеді.

Тұтыну (тұрғын үй, тұрғын үй-құрылыс, саяжай, гараж немесе өзге) кооперативінің мүшелері, жарна жинақтауға құқығы бар, пәтер, саяжай, гараж және кооператив осы адамдардың пайдалануына берген өзге де үй-жай үшін өзінің үлестік жарнасын толық төлеген басқа да адамдар аталған мүліктің меншік құқығына ие болады.

Салынып жатқан үйлерге, құрылыстарға, өзге де мүлік кешендеріне, сондай-ақ өзге де жаңадан жасалып жатқан қозғалмайтын мүлікке меншік құқығы осы мүлікті жасау аяқталған кезден бастап пайда болады. Егер заң құжаттарында немесе шартта құрылысы аяқталған объектілерді қабылдап алу көзделген болса, онда тиісті мүлікті жасау осылайша қабылдап алынған кезден бастап аяқталған болып есептеледі.

Қозғалмайтын мүлік мемлекеттік тіркелуге тиіс реттерде, оған меншік құқығы осылайша тіркелген кезден бастап пайда болады.

Қозғалмайтын мүлікті жасау аяқталғанға дейін, ал тиісті жағдайларда – оны мемлекеттік тіркеуден өткізгенге дейін мүлікке қозғалмайтын мүлік жасалатын материалдармен басқа мүлікке меншік құқығы туралы ережелер қолданылады.

**Өңдеу** – шартта өзгеше көзделмегендіктен, адам өзіне тиесілі емес материалдарды өңдеу арқылы дайындаған жаңа қозғалатын затқа меншік құқығын материалдардың меншік иесі алады. Алайда, егер өңдеу құны материалдардың құнынан едәуір асып кетсе, жаңа затқа меншік құқығын адал жұмыс істеп, өңдеуді өзі үшін жүзеге асырған адам алады.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, өз материалдарынан дайындалған

затқа меншік құқығын алған материалдардың меншік иесі ол затты өңдеуді жүзеге асырған адамға оның құнын өтеуге, ал ол адам жаңа затқа меншік құқығын алған ретте соңғысы материалдардың меншік иесіне олардың құнын қайтаруға міндетті. Өңдеуді жүзеге асырған адамның ықылассыз әрекеттерінің нәтижесінде материалынан айрылған меншік иесі жаңа затты өз меншігіне беруді және өзіне келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

**Иелену мерзімі** – мүліктің меншік иесі болып табылмайтын, бірақ өзінің жеке қозғалмайтын мүлкіндей жеті жыл бойы, не өзге мүлікті, кем дегенде бес жыл адал, ашық және ұдайы иеленген азамат немесе заңды тұлға ол мүлікке меншік құқығын (иелену мерзімін) алады.

Мемлекеттік тіркеуге жататын қозғалмайтын және өзге де мүлікке меншік құқығы бұл мүлікті иелену мерзіміне сәйкес алған тұлғада осындай тіркеу кезінен бастап пайда болады.

Мүлікке меншік құқығын алғанға дейін оларды өз мүлкіндей иеленуші азамат немесе заңды тұлға өз иелігін мүліктің меншік иелері болып табылмайтын, сондай-ақ заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге де негіздерге сәйкес оларды иеленуге құқығы жоқ үшінші жақтардан қорғауға құқылы.

Иелену мерзіміне жүгінетін азамат немесе заңды тұлғаның өздері құқықты мирасқорлары болып табылатын тұлғаның осы затқа иелік еткен уақытының бәрін өз иелігіне қосып алуына болады.

Тұлғада болып, оның иеленуінен талап етілуі мүмкін мүліктер жөніндегі иелену мерзімінің өтуі тиісті талаптар бойынша талап мерзімі бітуінен ерте басталмайды

Егер тұлғаға сотта оның меншік құқығын танудан бас тартылған ретте мүлікті иеленуші тұлға меншік иесіне айналады.

**Жинауға не аулауға арналған көпшілік қолды заттарды меншікке айналдыру** заңдарға, жергілікті әдет-ғұрыпқа немесе меншік иесі берген жалпы рұқсатқа сәйкес ормандарда, бөгендерде немесе басқа аумақта жидек теруге, балық аулауға, аң аулауға, басқа нәрселерді жинауға немесе аулауға жол берілген ретте, тиісті заттарға меншік құқығын оларды жинауды және аулауды жүзеге асырған адам алады.

**Иесіз заттарды иелену** – меншік иесі жоқ немесе меншік иесі белгісіз зат не меншік иесі оның меншік құқығынан бас тартқан зат иесіз болып табылады.

Иесіз қозғалмайтын заттарды олар табылған аумақтағы қаладағы аудан, облыстық, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі аппаратының мәлімдеуі бойынша қозғалмайтын мүлікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган есепке алады. Коммуналдық меншікті басқаруға уәкілдік берілген орган иесіз қозғалмайтын заттарды есепке алған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін бұл затты коммуналдық меншікке түсті деп тану туралы талап қойып сотқа жүгіне алады.

Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және сату жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті орган жүзеге асырады.

Сот шешімі бойынша коммуналдық меншікке түсті деп танылмаған иесіз қозғалмайтын зат оны тастап кеткен меншік иесінің иелігіне, пайдалануына және билік етуіне қайта қабылдануы, не иелену мерзіміне орай меншікке алынуы мүмкін.

**Меншік иесі бас тартқан жылжымалы заттар** – меншік иесі тастаған немесе оларға меншік құқығынан бас тарту мақсатымен өзгеше түрде қалдырып кеткен жылжымалы заттар (тасталған заттар) басқа адамдардың өз меншігіне айналдырылуы мүмкін. Меншігінде, иелігінде немесе пайдалануында құны жиырма айлық есептік көрсеткішке сәйкес сомадан көрінеу төмен тасталған мүлік не тасталған металл сынықтары, жарамсыз өнім жатқан жер учаскесі бар адамның ол заттарды пайдалануға кірісіп немесе осы заттарды меншігіне қаратқандығына куә болатын өзге де іс-әрекет жасап, оларды өз меншігіне айналдыруға құқығы бар.

Басқа тасталған заттар, егер осы адамның арызы бойынша оларды сот иесіз деп таныса, оларды иеленуге кіріскен тұлғаның меншігіне кіреді.

**Өз бетімен салынған құрылыс** – заңдарда белгіленген тәртіппен осындай мақсаттарға арнап бөлінбеген жер учаскесінде салынған, сондай-ақ қажетті рұқсат алынбай салынған тұрғын үй, басқа қорақопсы, құрылыс, немесе өзге де қозғалмайтын мүлік өз бетімен салынған құрылыс болып табылады.

Өз бетімен құрылыс салуды жүзеге асырған адам оған меншік құқығын алмайды. Оның құрылысқа билік етуге – сатуға, сыйға тартуға, жалға беруге, басқа да мәмілелер жасауға құқығы жоқ. Өз бетімен салынған құрылыс, оны жүзеге асырған адамның есебінен бұзылуға тиіс.

Өзіне тиесілі емес жер учаскесіне құрылысты жүзеге асырған

адамға бұл учаске салынған құрылысты орналастыру үшін осы адамға белгіленген тәртіп бойынша берілген жағдайда ғана өз бетімен салынған құрылысқа меншік құқығы танылады.

Сот сондай-ақ құрылыс салынған жер учаскесі өзінің заңды пайдалануында болған адамның өз бетімен салынған құрылысқа меншік құқығын тануы мүмкін. Бұл ретте құрылысқа меншік құқығы танылған адам оны жүзеге асырған адамды сот белгілеген мөлшерде құрылысқа жұмсаған шығындарын өтейді.

Егер құрылысты сақтап қалу басқа адамдардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзуға әкеліп соқтырса не азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін болса, аталған адамдардың өз бетімен салынған құрылысқа меншік құқығын тануға болмайды.

Ерекше жағдайларда әлеуметтік-экономикалық тиімділігі ескеріле отырып, өз бетінше салынған құрылыс сот белгілеген мөлшерде құрылыс шығындары өтеліп, коммуналдық меншікке берілуі мүмкін.

**Олжа** – жоғалған затты тауып алушы бұл туралы оны жоғалтқан адамға немесе заттың меншік иесіне немесе оны алуға құқығы бар өзіне белгілі басқа адамдардың біреуіне дереу хабарлауға және табылған затты оған қайтаруға міндетті.

Егер зат үй-жайдың ішінде немесе көлікте табылған болса, ол сол үй-жайдың немесе көліктің иесі болып табылатын адамға тапсырылуға тиіс. Мұндай ретте осы иеленуші затты тапқан адамның құқықтарын иеленіп, оның міндеттерін мойнына алады.

Егер табылған затты алуға құқығы бар адамның өзі немесе оның тұрған жері белгісіз болса, затты тауып алушы олжа туралы ішкі істер органдарына немесе қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппаратына мәлімдеуге міндетті.

Затты тауып алушы оны өзінде сақтауға не ішкі істер органдарының, қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі аппаратының немесе олар көрсеткен адамның сақтауына тапсыруға құқылы. Тез бұзылатын затты немесе сақтауға кететін шығындар оның құнына сәйкес келмейтін затты тауып алушы түсім сомасын растайтын жазбаша дәлелдемелер алып, сата алады. Табылған затты сатудан түскен ақша сақталуға және затты алуға заңды құқығы бар адамға қайтарылуға немесе бұл заттың өзі үшін белгіленген тәртіп пен жағдайларда басқа адамдардың меншігіне берілуге тиіс.

Егер олжа туралы ішкі істер органдарына немесе қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппаратына мәлімденген кезден бастап алты ай өткенше жоғалған затты алуға заңды құқығы бар адам анықталмаса және затқа өзінің құқығы туралы оны тапқан адамға не ішкі істер органдарына немесе қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппаратына мәлімделмесе, затты тауып алушы оған меншік құқығын алады.

Егер затты тауып алушы тапқан затын меншігіне алудан бас тартса, ол коммуналдық меншікке өтеді.

**Қараусыз жануарлар** – қараусыз немесе қаңғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды ұстап алған адам оларды меншік иесіне қайтаруға, ал егер оның өзі немесе тұрған жері белгісіз болса, осындай жануарларды ұстаған кезден бастап үш күннен кешіктірмей табылған жануарлар туралы ішкі істер органдарына немесе қаладағы аудан, облыстық, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппаратына мәлімдеуге міндетті, олар меншік иесін іздестіру шараларын қолданады.

Жануарлардың меншік иесін іздестіру кезеңінде жануарларды ұстаушы адам оларды өзінің бағуында және пайдалануында қалдыруы, не ол бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар басқа адамға тапсыруы мүмкін. Жануарларды ұстап алған адамның өтініші бойынша оларды бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар адамды іздеп табуды және оларға жануарларды беруді қаладағы аудан, облыстық, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты жүзеге асырады.

Егер жұмыс малы мен ірі қараны ұстап алғаны туралы мәлімделген кезден бастап алты ай ішінде және басқа үй жануарлары жөнінде – екі ай ішінде олардың меншік иесі табылмаса және оларға өзінің құқығы туралы мәлімдемесе, бұл жануарларға меншік құқығы жануарларды баққан және пайдаланған адамға көшеді.

Бұл адам бағуында болған жануарларды меншігіне алудан бас тартқан жағдайда олар коммуналдық меншікке түседі және тиісті қаладағы аудан, облыстық, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты белгілейтін тәртіп бойынша пайдаланылады.

Жануарлар басқа адамның меншігіне көшкеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген ретте сол жануарлардың өзіне үйірсектігі

сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін жағдайлар болған кезде меншік иесі жаңа меншік иесімен келісім бойынша белгіленетін шарттармен, ал келісімге келмеген кезде – сот арқылы оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

**Көмбе**, яғни жерге көмілген немесе басқа әдіспен жасырылған, меншік иесін анықтау мүмкін болмайтын не заңдарға сәйкес оларға құқығынан айрылған ақша немесе өзге де бағалы заттар көмбе жасырылған жер учаскесі иесінің немесе қозғалмайтын затты меншіктенушінің және көмбені тапқан адамның, егер олардың арасындағы шартта өзгеше белгіленбесе, меншігіне тең мөлшерде түседі.

Көмбе жасырылған жер учаскесін пайдаланушының немесе қозғалмайтын мүлікті меншіктенушінің келісімінсіз қазған немесе бағалы заттар іздестірген адам көмбені тауып алған жағдайда көмбе сол меншік иесіне берілуге тиіс.

Тарих және мәдениет ескерткіштеріне жататын заттардан тұратын көмбе табылған ретте олар Қазақстан Республикасының меншігіне берілуге тиіс. Бұл орайда ондай көмбе табылған жер учаскесін пайдаланушы немесе қозғалмайтын мүлікті меншіктенуші және көмбені тапқан адам осы көмбе құнының елу проценті мөлшерінде сыйақы алуға құқылы. Сыйақы бұл адамдар арасында АҚ көзделген ережелер қолданыла отырып бөлінеді.

### **Меншік құқығына ие болудың туынды тәсілдері**

Меншік иесі бар мүлікке меншік құқығын өзге тұлғалар сатып алу сату, айырбас, сыйға тарту немесе мүлікті иеліктен шығару жөніндегі өзге де мәмілелерге сәйкес ала алады. Шарт бойынша мүлік алушының меншік құқығы, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, зат берілген кезден бастап пайда болады.

Егер мүлікті иеліктен айыру туралы шарт мемлекеттік тіркеуге немесе нотариалдық куәландыруға жататын болса, алушының меншік құқығы тіркелген немесе нотариат куәландырған кезден бастап, ал шартты нотариаттың куәландыруы да, мемлекеттік тіркеу де қажет болған жағдайда ол тіркелген кезден бастап пайда болады.

Заттардың алушыға тапсырылуы, сол сияқты, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, алушыға жөнелту үшін көлік ұйымына өткізу және иеліктен айырылған заттарды жеткізіп беру міндеттемесінсіз алушыға салып жіберу үшін почтаға өткізу-заттардың берілуі деп танылады. Егер затты иеліктен айыру туралы



шартты жасасу кезінде-ақ ол алушының иелігінде болса, зат оған сол кезден бастап берілген деп танылады. Затқа коносамент немесе өзге де өкімші құжат беру заттарды беруге теңестіріледі.

Азамат қайтыс болған ретте оған тиесілі мүлікке меншік құқығы өсиетке немесе заңға сәйкес **мұрагерлік** бойынша басқа адамдарға көшеді.

Занды тұлға **қайта ұйымдастырылған** ретте оған тиесілі мүлікке меншік құқығы қайта құрылған заңды тұлғаның құқықты мирасқорларына – заңды тұлғаларға көшеді.

Егер, тұлға меншік иесінен заңи негіздер бойынша алынған мүлікті заңнамалық актілерде бекітілген тәртіптерде және жағдайларда алатын болса, онда аталған мүлікке меншік құқығын осы тұлға алады.

Жаңа меншік иесіне заттың өзі ғана емес, оған байланысты барлық құқықтар мен міндеттер де ауысады. Мысалы, меншік иесі затты иеліктен шығарған ретте кепіл, жалға алу құқықтары да бірге ауысады. Міне, осылайша, меншік құқығын алудың туынды әдістері кезінде әрдайым құқықмирасқорлығы орын алады. Иеліктен айырылған заттардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі, сатып алушыда меншік құқығы пайда болумен бір мезгілде соған көшеді.

### 9.1.3. Меншік құқығының тоқтатылу негіздері

Меншік құқығының тоқтатылуы да заңда көзделген заңи фактілер бойынша жүргізіледі.

ҚР АҚ 249 бабында меншік иесінен мүлікті мәжбүрлі алуға осы баптың 2-ші тармағында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, жол берілмейтіндігі бекітілген. Бұл меншік иесінің мүлікке деген құқығынан еркін алып қойылуына қарсы кепілдік болып табылады.

Меншік құқығы келесідей жағдайларда тоқтатылады:

Меншік иесі мүлікті өзге тұлғаларға иеліктен шығарған ретте;

Меншік иесі өзінің меншік құқығынан бас тартқан ретте;

Мүліктің жойылуы немесе бүлінуі орын алса;

Мүлікке меншік құқығын заңдарда қарастырылған өзге де жағдайларда жоғалтса.

Меншік иесінің өз мүлкін өзге азаматтарға **иеліктен шығаруы** сатып алу – сату, айырбас, сыйға тарту, рента шарттары бойынша жүзеге асырылады.

**Меншік құқығынан бас тартуы** – азаматтың немесе заңды тұлғаның өзіне тиесілі мүлікке меншік құқығынан бас тартатындығы жөнінде жариялауы не бұл мүлікке қандай да болсын құқықтарын

сақтау ниетінсіз өзінің мүлікті иеленуден, пайдаланудан және оған билік етуден шеттейтінін айқын дәлелдейтін басқа да әрекеттер жасауы арқылы жүзеге асуы мүмкін.

**Заттың жоғалуы** ешкімнің кінәсіз, кездейсоқ мән-жайлардың немесе бой бермейтін күштің салдарынан орын алуы мүмкін. Осыған орай, заттардың кездейсоқ жойылу қаупі меншік иесіне жүктеледі.

**Заттың бүлінуі** меншік иесінің еркімен не еркінен тыс орын алуы мүмкін. Соңғы жағдайда, меншік иесі өзіне келтірілген залалдың орнын толтыруды талап ете алады және егер, бүлінген зат сақтандырылған болса, сақтандыру төлемін ала алады.

Мемлекеттік меншіктегі мүлік:

1) азаматтар мен заңды тұлғаларға жекешелендіру туралы заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда, шарттарда және тәртіппен;

2) мемлекеттік меншік объектілерін заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын төлеуге (қалыптастыруға немесе ұлғайтуға) беру арқылы;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген өзге де жағдайларда иеліктен шығарылып, жекеменшікке беріледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тек мемлекеттік меншікте бола алатын, сондай-ақ мемлекеттік меншіктегі және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес иеліктен шығаруға жатпайтын мүліктер иеліктен шығарудың объектісі бола алмайды.

**Жекешелендіру** туралы заң құжаттарында көзделген реттер, жағдайлар мен тәртіп бойынша ақылы немесе ақысыз шарттардың негізінде мемлекеттік меншіктегі мүлік азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жекеменшігіне беріледі.

Меншік құқығының **мәжбүрлі түрде** тоқтатылу негіздерін қарастырып көрелік.

**Меншік иесінің міндеттемелері бойынша мүліктен ақы өндіріп алу.** Бұл ретте, мүлік меншік иесінің еркінен тыс және оған ешбір өтемақы төленбестен алынады. Меншік иесінің міндеттемелері бойынша мүліктен ақы өндіріп алу, егер шартта өзгеше көзделмесе, сот тәртібімен жүргізіледі.

Заң құжаттарына сәйкес өзіне тиесілі бола алмайтын мүлікке адамның **меншік құқығының тоқтатылуы.** Егер заң құжаттарымен жол берілетін негіздер бойынша заң құжаттарына сәйкес адамның өзіне тиесілі бола алмайтын мүлік оның меншігінде болып шықса,

бұл мүлікті меншік иесі, осы мүлікке меншік құқығы пайда болған кезден бастап бір жыл ішінде иеліктен айыруға тиіс. Егер меншік иесі мүлікті көрсетілген мерзімде иеліктен айырмаса, ол сот шешімімен иеліктен ықтиярсыз айырылуға тиіс, бұл орайда меншік иесіне мүлікті иеліктен айыру жөніндегі шығындары шегеріліп, оның құны өтеледі.

**Реквизициялау** – дүлей апаттар, авариялар, жұқпалы аурулар, індеттер және төтенше сипаттағы өзге де жағдайлар болған ретте мүлік қоғам мүддесі үшін мемлекеттік органдар шешімі бойынша заң құжаттарында белгіленген тәртіп пен жағдайларда меншік иесінен оған мүліктің құны төлене отырып алып қойылуы мүмкін

**Тәркілеу** – заң құжаттарында көзделген реттерде мүлік меншік иесінен жасаған қылмысы немесе өзге де құқық бұзушылығы үшін санкция түрінде сот тәртібімен тегін алынуы мүмкін

**Жер учаскесін алып қоюға** байланысты қозғалмайтын мүлікті иеліктен айыру. Жер учаскесі меншік иесінен мемлекеттік қажеттілік үшін алып қойылуы мүмкін. Мұндай алып қоюларға қалалардың бас жоспарлары, аумаққа бөлу схемалары және өзге де қала құрылысы мен жерге орналастыру құжаттары негіз болуы мүмкін.

**Күтімсіз ұсталған мәдени және тарихи қазыналарды сатып алу.** Мәдени және тарихи қазыналарға жатқызылған заттардың меншік иесі бұл қазыналарды күтіп ұстамай, бұл олардың өз мәнін жоғалту қатерін төндірген реттерде мұндай қазыналарды мемлекет меншік иесінен сот шешімі бойынша сатып алу немесе жария саудаға салып сату арқылы алуы мүмкін.

**Ұлт меншігіне айналдыру** – жекеменшіктегі мүлікті мемлекеттің меншігіне айналдыру болып табылады. Мұны меншік иесінің залалын толықтай өтей отырып, ұлты меншігіне айналдыру туралы заң қабылдау арқылы жүзеге асыруға болады.

#### 9.1.4. Меншік құқығының нысандары мен түрлері

Жеке	Мемлекеттік
Субъектілері: жеке тұлғалар (азаматтар және мемлекеттік емес заңды тұлғалар)	Мемлекет

Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жекеменшік танылады және бірдей қорғалады (ҚР Конституциясы, 6 бап).

ҚР АҚ 191, 192 баптарында меншік түрінің екі нысаны, яғни жеке және мемлекеттік нысандары қарастырылған.

Жекеменшік	Мемлекеттік меншік
объектісі айналымнан алынған заттардан басқа кез келген мүлік болуы мүмкін.	объектісі кез келген мүлік болуы мүмкін.
Заңда белгіленген тәсілдер бойынша пайда болады, заңмен тыйым салынған тәсілдерді қоспағанда (тәркілеу).	Барлық тәсілдермен пайда болады. Кейбір тәсілдер тек мемлекетке ғана тән (тәркілеу, салық жинау, иеліктен алу)
Меншік иесінің өкілеттік көлемін мемлекет белгілейді.	Мемлекет өз-өзіне меншік иесі ретінде өкілеттік белгілейді.

Заң құжаттарына сәйкес азаматтарға немесе заңды тұлғаларға тиесілі бола алмайтын жекелеген мүлік түрлерінен басқа кез келген мүлік жекеменшікте болуы мүмкін.

Жекеменшікте болатын мүліктің саны мен құны шектелмейді.

Мемлекеттік меншік түрлері

ҚР АҚ 192-бабында мемлекеттік меншіктің екі түрі қарастырылған:

- а) республикалық
- б) коммуналдық

Республикалық меншік мемлекеттік қазынадан және заң құжаттарына сәйкес мемлекеттік республикалық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүліктен тұрады.

Республикалық бюджеттің қаражаты, алтын валюта қоры және алмас қоры, мемлекеттік меншіктің және Азаматтық Кодекстің 193-бабында аталған объектілері және мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де мемлекеттік мүлік Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынасын құрайды.

Коммуналдық меншік жергілікті қазынадан және заң құжаттарына сәйкес коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүліктен тұрады.

Жергілікті бюджет қаражаты және мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де коммуналдық мүлік жергілікті қазынаны құрайды.

Мемлекеттік меншіктегі мүлік мемлекеттік заңды тұлғаларға шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығымен бекітіліп берілуі мүмкін.

Жекелеген мемлекеттік мекемелердің иелігіндегі мемлекеттік мүліктің құқықтық режимінің ерекшеліктері заң актілерімен белгіленеді.

Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

Мүлікті жекеменшіктен мемлекеттік меншікке ерікті және өтеусіз беру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Коммуналдық меншіктегі мүлікті жергілікті мемлекеттік басқарудың бір деңгейінен екінші деңгейіне беру Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы заңнамалық актілерде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Жерге және басқа да табиғи ресурстарға меншік құқығы ҚР АҚ 193-бабында белгіленген. Жер, оның қойнауы, су, өсімдік және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттік меншікте болады. Жер заң актілерінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жекеменшікте болуы да мүмкін.

## **9.2. Ортақ меншік**

Екі немесе бірнеше адамның меншігіндегі мүлік оларға ортақ меншік құқығымен тиесілі болады.

Мүлік меншік иелерінің әрқайсысының меншік құқығындағы үлестері белгілене отырып (үлестік меншік) немесе ондай үлестер белгіленбей (бірлескен меншік) ортақ меншікте болуы мүмкін.

Мүлікке ортақ меншік үлестік меншік болып табылады, бұған мүлікке ортақ меншік құру заңда көзделген реттер қосылмайды.

Ортақ меншік екі немесе бірнеше адамның меншігіне мүлік түскен кезде пайда болады, оны өзінің мақсаты өзгертілмейінше бөлуге болмайды (бөлінбейтін заттар), өйткені ол заңға сәйкес бөлінуге жатпайды.

Бөлінетін мүлікке ортақ меншік заң құжаттарында немесе шартта көзделген реттерде пайда болады.

Бірлескен меншікке қатысушылардың келісімі бойынша, ал келісімге қол жетпеген жағдайда – сот шешімі бойынша ортақ меншікке осы адамдардың үлесті меншігі белгіленуі мүмкін.

Жылжымайтын мүлікке меншік кондоминиум нысанында пайда болуы мүмкін, бұл жағдайда жылжымайтын мүліктің жекелеген бөліктері азаматтардың және (немесе) заңды тұлғалардың дара (бөлек) меншігінде болады, ал жылжымайтын мүліктің бөлек меншікте емес бөліктері ортақ үлестік меншік құқығымен жылжымайтын мүлік бөліктерінің иелеріне тиесілі болады.

Әрбір меншік иесінің ортақ мүліктегі үлесі оның жылжымайтын мүліктің өзіне тиесілі бөлігіне бөлек меншігінен ажырағысыз.

Әрбір меншік иесінің ортақ мүліктегі үлесінің мөлшері мен оны ұстауға арналған шығындарға қатысу дәрежесі, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жылжымайтын мүліктің дара (бөлек) меншіктегі бөліктерінің мөлшеріне байланысты болады.

Инвестициялық пай қорының активтеріне ортақ үлестік меншіктің құқықтық режимінің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заң актісімен айқындалады.

Егер үлесті меншікке қатысушылар үлестерінің мөлшері заң құжаттары негізінде анықталуы және оған барлық қатысушылардың келісімімен белгіленуі мүмкін болмаса, үлестер тең деп саналады.

Үлесті меншікке барлық қатысушылардың келісімімен олардың әрқайсысының ортақ мүлікті құру мен көбейтуге қосқан салымдарына қарай қатысушылардың үлестерін анықтау мен өзгерту тәртібі белгіленуі мүмкін.

Ортақ мүлікті пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтай отырып, оны бөлмей жақсартуды өз есебінен жүзеге асырған үлесті меншік қатысушысының ортақ мүлікке құқықтағы өз үлесін тиісінше ұлғайтуға құқығы бар. Ортақ мүлікті бөліп алып жақсарту, егер үлесті меншікке қатысушылардың келісімінде өзгеше көзделмесе, оны жасаған қатысушының меншігіне түседі.

Үлесті меншіктегі мүлікке билік ету оның барлық қатысушыларының келісуімен жүзеге асырылады. Үлесті меншікке әрбір қатысушы өзінің үлесін өз қалауы бойынша сатуға, сыйға тартуға, өсиет етуге, кепілге беруге, не Азаматтық Кодекстің 216-бабында көзделген шарттарды сақтай отырып, оған өзгеше түрде билік етуге құқылы.

Үлесті меншіктегі мүлікті иелену және пайдалану оның барлық қатысушыларының келісуімен, ал келісімге келмеген жағдайда - сот белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады. Үлесті меншіктің әрбір қатысушысы ортақ мүліктің өз үлесі мөлшеріне тең бөлігі өзінің иеленуіне және пайдалануына берілуіне құқылы, ал бұл мүмкін

болмаған жағдайда – өз үлесіне тиесілі мүлікті иеленетін және пайдаланатын басқа қатысушылардан тиісті ақша сомасын немесе өзге де өтем төлеуді талап етуге құқылы. Үлесті меншіктің әрбір қатысушысы ортақ мүлік бойынша өз үлесіне сәйкес салықтар, алымдар және өзге де төлемдер төлеуге, сондай-ақ оны күтіп ұстау мен сақтауға байланысты шығындарға қатысуға міндетті.

Үлесті меншік құқығындағы үлесті бөгде адамдарға сату кезінде сатылатын үлесті оның сатылатын бағасы бойынша және жария саудаға салып сату реттерінен басқа тең жағдайларда үлесті меншіктің қалған қатысушыларының сатып алуға басым құқығы болады. Үлесін сатушы оның сату бағасын және оны сатудың басқа да шарттарын көрсете отырып, үлесті меншіктің басқа қатысушыларына өз үлесін бөтен адамға сату ниеті туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Егер үлесті меншіктің басқа қатысушылары сатып алудан бас тартса немесе қозғалмайтын мүлікке меншік құқығындағы сатылатын үлесті бір ай ішінде, ал басқа мүлік жөнінен – хабар алған күннен бастап он күн ішінде сатып алмаса, сатушы өз үлесін кез келген адамға сатуға құқылы.

Үлес сатып алудың басым құқығы бұзыла отырып сатылған жағдайда үлесті меншіктің кез келген басқа қатысушысы үш айдың ішінде сотта өзіне сатып алушының құқықтары мен міндеттерін аударуды талап етуге құқылы. Үлесті сатып алудың басым құқығын басқа біреуге беруге рұқсат етілмейді.

Үлесті меншік құқығындағы үлес, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, шарт жасасқан кезден бастап шарт бойынша сатып алушыға ауысады.

Үлесті меншіктегі мүлік оған қатысушылар арасындағы келісім бойынша өздерінің арасында бөлінуі мүмкін. Үлесті меншікке қатысушы ортақ мүліктен өз үлесін бөліп шығаруды талап етуге құқылы. Үлесті меншікке қатысушылар ортақ мүлікті бөлу немесе біреуінің үлесін бөліп шығарудың әдістері мен шарттары жөнінде келісімге келе алмаған жағдайда үлесті меншікке қатысушы ортақ мүліктен өз үлесін заттай бөліп беруді талап етуге құқылы. Егер үлесті заттай бөліп беруге заң құжаттарында жол берілмесе немесе ол ортақ меншіктегі мүлікке шамадан тыс залал келтірмейінше мүмкін болмаса, бөлініп шығушы меншік иесі үлесті меншіктің басқа қатысушыларынан өз үлесінің құнын төлетуге құқылы.

Үлесті меншіктің қатысушысына заттай бөліп берілетін мүліктің меншік құқығындағы оның үлесіне сәйкессіздігі тиісті ақша сомасын немесе өзге өтем төлеу арқылы жөнге келтіріледі.

Басқа меншік иелерінің үлесті меншікке қатысушыға оның үлесін заттай бөліп берудің орнына өтем төлеуіне қатысушының келісуімен жол беріледі. Тиісті меншік иесінің үлесі шамалы болып, нақты бөліп шығару мүмкін болмай және ол ортақ мүлікті пайдалануға онша мүдделі болмаса, сот бұл меншік иесінің келісімі болмаған күнде де үлесті меншікке қатысушыларды оған өтем төлеуге міндеттей алады.

Ортақ бірлескен меншік түлері төмендегідей:

- 1) ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі;
- 2) шаруа қожалығы мүшелерінің ортақ меншігі;
- 3) жекешелендірілген тұрғын үйге ортақ меншік түрінде болады.

Ортақ бірлескен меншік, егер оған қатысушылар арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, тағайындалады және қолдануда болады.

Бірлескен меншікке қатысушылар, егер олардың арасындағы келісімде өзгеше көзделмесе, ортақ мүлікті бірлесіп иеленеді және пайдаланады.

Мүлікке билік ету жөніндегі мәмілені қатысушылардың қайсысы жасағанына қарамастан бірлескен меншіктегі мүлікке билік ету барлық қатысушылардың келісімі бойынша жүзеге асырылады. Егер барлық қатысушылардың келісімінен өзгеше туындамайтын болса, бірлескен меншікке қатысушылардың әрқайсысы ортақ мүлікке билік ету жөнінде мәмілелер жасасуға құқылы. Бірлескен меншікке қатысушылардың біреуі ортақ мүлікке билік етуге байланысты жасаған мәміле басқа қатысушылардың талап етуімен мәміле жасаған қатысушының қажетті өкілеттігі болмады деген себеппен мәміледегі екінші тарап бұл жөнінде білгені немесе көпе-көрінеу білуге тиіс болғандығы дәлелденген ретте ғана жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Нотариаттың куәландыруын немесе мемлекеттік тіркеуді керек ететін мәмілелер жасасу кезінде бірлескен мүлікке басқа қатысушылардың мәміле жасауға келісімі нотариалдық тәртіппен расталуға тиіс.

Ортақ меншікті бірлескен меншікке қатысушылар арасында бөлу, сондай-ақ олардың біреуінің үлесін бөліп шығару қатысушылардың әрқайсысының ортақ мүлікке құқығындағы үлесі алдын ала анықталған жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Ортақ мүлікті бөлу және одан үлесті бөліп шығару кезінде, егер заң актілерімен немесе қатысушылардың келісімінде өзгеше көзделмесе, олардың үлестері тең деп танылады.

Үлесті немесе бірлескен меншікке қатысушыға несие беруші қатысушыда басқа мүлік жеткіліксіз болған жағдайда борышқордың



ортақ мүліктегі үлесін одан ақы өндіріп алу үшін бөліп беру туралы талап қоюға құқылы.

Ортақ меншіктің өзге қатысушылары борышқордың үлесін сатып алудан бас тартқан реттерде несие беруші борышқордың ортақ меншік құқығындағы үлесін жария саудаға салу жолымен осы үлестен сот арқылы ақы өндіріп алуға талап етуге құқылы.

Егер мұндай жағдайда үлесті заттай бөліп шығару мүмкін болмаса, не үлесті немесе бірлескен меншіктің қалған қатысушылары бұған қарсылық білдірсе, несие беруші борышқордан өз үлесін ортақ меншіктің өзге қатысушыларына осы үлесті нарықтық құнына сәйкес бағамен сатып, сатудан түскен қаражатты борышты өтеуге салуды талап етуге құқылы.

Ортақ меншіктің құқытық реттелуін шаруа немесе фермер қожалығы негізінде қарастырайық. Шаруа қожалығының мүлкі, егер оның мүшелерінің арасындағы шартта өзгеше белгіленбесе, оларға бірлескен меншік құқығында тиесілі болады.

Шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің меншігінде жер учаскелері, жер учаскесіндегі екпелер, оның ішінде жеке орман қорындағы екпелер, еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда өсіріліп, ұсталатын жабайы жануарлар, шаруашылыққа арналған және өзге де қора-қопсылар, мелиорациялық және басқа да құрылыстар, өнім беретін және жегін мал, құс, ауыл шаруашылығына арналған және өзге де техника мен жабдықтар, көлік құралдары, құрал-саймандар және қожалық мүшелері берген және (немесе) қожалық үшін оның мүшелерінің ортақ қаражатына сатып алынған басқа да мүлік болуы мүмкін.

Шаруа (фермерлік) қожалығының қызметі нәтижесінде алынған жемістер, өнім мен кірістер шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің ортақ мүлкі болып табылады және олардың арасында келісім бойынша пайдаланылады.

Барлық мүшелерінің шығып кетуіне байланысты немесе өзге де негіздер бойынша немесе фермер қожалығы тоқтатылған жағдайда ортақ мүлік бөлінуге тиіс. Шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің бірі одан шыққан кезде, шаруашылықтың өндіріс құрал-жабдықтары бөлінуге жатпайды. Қожалықтан шыққан адамның бұл мүлікке ортақ меншіктегі өз үлесіне сәйкес ақшалай өтем алуға құқығы бар.

Қожалық мүлкі негізінде шаруа (фермерлік) қожалығының мүшелері шаруашылық серіктестігін немесе өндірістік кооператив құруы мүмкін. Қайта құрылған мұндай шаруа (фермерлік)

қожалығының заңды тұлға ретінде шаруа (фермерлік) қожалығының мүшелері өзіне салымдар және басқа жарналар түрінде берген мүліктің, сондай-ақ оның қызметі нәтижесінде алынған және заңдарға қайшы келмейтін өзге де негіздер бойынша сатып алынған мүліктің меншік құқығына ие болады.

Шаруа (фермерлік) қожалығының серіктестікке қатысушылары немесе кооператив мүшелері болып табылатын мүшелері салымдарының мөлшері шаруа (фермерлік) қожалығының мүлкіне ортақ меншік құқығындағы өз үлестерін негізге ала отырып белгіленеді.

### **9.3. Меншік иесі болып табылмайтын тұлғалардың заттық құқықтары**

Меншік иесі болып табылмайтын тұлғалардың заттық құқықтарына келесілерді жатқызуға болады:

Шаруашылық жүргізу құқығы;

Оралымды басқару құқығы;

Жер қойнауын пайдалану құқығы;

Жер пайдалану құқығы;

Кепіл;

Сенімгерлікпен басқару құқығы;

Сервитут;

Басқалары.

**Жер қойнауын пайдалану құқығы** – «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Жарлықта белгіленген ережелерге сәйкес жер қойнауын пайдаланушыға берілген шарттық аумақ шегіндегі жер қойнауына иелік ету және оны пайдалану құқығы.

**Жер пайдалану құқығы** – тұлғаның мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін өтеулі және (немесе) өтеусіз негізде шектеусіз мерзімге (тұрақты жер пайдалану) немесе белгілі бір мерзім ішінде (уақытша жер пайдалану) иелену және пайдалану құқығы.

**Сенімгерлікпен басқару құқығы** – бұл ретте, сенімгер басқарушы, өзінің иеленуіне, пайдалануына және билік етуіне берілген мүлікті пайда алушының мүддесі үшін өз атынан басқаруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

**Сервитут** – тұлғаның мүлікті шектеулі мақсатта пайдалану құқығы болып табылады. Жерге жекеменшіктің бекітілуіне орай, жер сервитуттары кеңінен таралған түрге айналды. Сервитуттарды заңға немесе шартқа орай бекітуге болады, сондай-ақ біржақты мәмілелерден

(өсиет) бастау алуы немесе оны жүзеге асырудың көнелілігіне орай туындауы мүмкін. Сервитут өзге тұлғаларға қамтамасыз ететін құқығымен бірге ауысуы мүмкін.

Міндеттемеге сәйкес несие берушінің (кепіл ұстаушының) борышқор кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған ретте кепілге салынған мүлік құнынан осы мүлік тиесілі адамның (кепіл берушінің) басқа несие берушілердің алдында артықшылықпен қанағаттандырылуға құқығы бар міндеттемені атқаруының осындай әдісі **кепіл** деп танылады.

Шаруашылық жүргізу құқығын нақтырақ қарастырып көрелік. **Шаруашылық жүргізу құқығы** мүлікті мемлекеттен меншік иесі ретінде алған және бұл мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын Азаматтық Кодекспен және өзге де заң құжаттарымен белгіленген шекте жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның заттық құқығы болып табылады.

Шаруашылық жүргізу құқығының объектісі, егер заңдарда өзгеше көзделмесе, кез келген мүлік бола алады.

Мүлікті құрылып үлгірген мемлекеттік кәсіпорынға бекіту туралы меншік иесі шешім қабылдаған мүлікке қатысты шаруашылық жүргізу құқығы, егер заңдарда немесе меншік иесінің шешімінде өзгеше белгіленбесе, бұл кәсіпорында мүлікті кәсіпорынның дербес балансына бекіткен кезде пайда болады.

Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірісі, сондай-ақ кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік меншік құқығын алуға арналған заңдарда белгіленген тәртіп бойынша кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне келіп түседі.

Мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы меншік құқығын тоқтатуға арналған заңдарда көзделген негіздер мен тәртіп бойынша, сондай-ақ меншік иесінің шешімімен кәсіпорыннан мүлік заңды жолмен қайтарып алынған реттерде тоқтатылады.

Шаруашылық жүргізудегі мүліктің меншік иесі заң құжаттарына сәйкес кәсіпорын құру, оның қызметінің мәні мен мақсаттарын белгілеу, оны қайта құру мен тарату мәселелерін шешеді, кәсіпорынға тиесілі мүліктің өз мақсатында пайдаланылуы мен сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады.

Меншік иесі өзі құрған кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіндегі мүлікті пайдаланудан келтірілген таза табыстың бір бөлігін алуға құқылы.

Мемлекеттік кәсіпорынның мүліктік құқықтарын жүзеге асыру ережелері:

**Қызметін шаруашылық жүргізу құқығында жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе** меншік иесінің немесе ол уәкілдік берген мемлекеттік органның жазбаша келісімінсіз:

1) өзіне тиесілі үйлерді, құрылыстарды, жабдықты және кәсіпорынның басқа да негізгі құралдарын иеліктен айыруға немесе өзгеше әдіспен билік етуге (осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда), ұзақ мерзімді (үш жылдан астам) жалға беруге, уақытша тегін пайдалануға беруге;

2) филиалдар, өкілдіктер және еншілес кәсіпорындар құруға, жеке кәсіпкерлермен бірге кәсіпорындар мен бірлескен өндірістер құруға, олардың өзінің өндірістік және ақша капиталын сатуға; оған тиесілі акцияларға (аталған жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге;

3) заемдар беруге;

4) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдеме немесе кепілдік беру.

Мемлекеттік кәсіпорын, егер заңдарда өзгеше көзделмесе, негізгі құралдарға жатпайтын, өзіне шаруашылық жүргізу құқығымен бекітіліп берілген мүлікке дербес билік етеді.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның мемлекеттік кәсіпорынның негізгі құралдарына жататын мүлікке қатысты, сондай-ақ оған тиесілі акцияларды сатуға және сыйға беру мәмілелерін жасасуға құқығы жоқ

**Оралымды басқару құқығы** меншік иесінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің, меншік иесінен мүлік алушы және өз қызметінің мақсатына, меншік иесінің тапсырмаларына және мүліктің мақсатына сәйкес заң құжаттарымен белгіленген шекте сол мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асырушы қазыналық кәсіпорындардың заттық құқығы болып табылады.

Оралымды басқарудағы мүлікті меншіктенуші заң құжаттарына сәйкес мемлекеттік мекеме немесе қазыналық кәсіпорын құру, оның қызметінің мәні мен мақсаттарын белгілеу мәселелерін шешеді, мемлекеттік мекеменің немесе қазыналық кәсіпорынның заң жүзіндегі тағдырын, оның қызметінің мазмұнын белгілеуге құқығы бар.

Меншік иесі мемлекеттік мекеменің немесе қазыналық кәсі-

порынның меншік иесі берген мүлікті тиімді пайдалануы мен сақтауына бақылау жасауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекемені бірнеше меншік иесі құрған жағдайда, олардың арасындағы қатынастар мен меншік иелерінің өз мүлкіне билік жүргізу құқықтары құрылтай шартымен немесе сол сияқты келісіммен белгіленеді.

Мемлекеттік мекемеге немесе қазыналық кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті меншіктенуші, егер заң құжаттарында өзгеше белгіленбесе, ол мүлікті қайтарып алуға, не өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында өз қалауы бойынша қайта бөлуге құқылы.

Мекеменің, мемлекеттік мекеменің, егер заң актісінде өзгеше белгіленбесе, өзіне бекітіліп берілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен айыруға немесе өзгеше әдіспен оған билік етуге құқығы жоқ.

Қазыналық кәсіпорын өзіне бекітіліп берілген мүлікті, сол мүліктің меншік иесінің жазбаша келісімімен ғана иеліктен айыруға немесе оған өзгеше әдіспен билік етуге, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға құқылы.

Қазыналық кәсіпорын, егер заңдарда өзгеше көзделмесе, өзі өндірген өнімді дербес сатады. Қазыналық кәсіпорынның табыстарын бөлу тәртібін оның мүлкін меншіктенуші белгілейді.

Қазыналық кәсіпорынның өзінің негізгі құралдарына жататын мүлікті сатуға және оған қатысты сыйға беру мәмілелерін жасасуға құқығы жоқ.

Қазыналық кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді.

Қазыналық кәсіпорынның ақшалай қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе тиісті жергілікті атқарушы орган субсидиярлық жауаптылықта болады.

Шарттық міндеттемелер бойынша жауапкершілік мемлекеттік кәсіпорын туралы заң актілерінде белгіленген тәртіппен туындайды.

Мекемеге меншік құқығы басқа адамға ауысқан кезде бұл мекеме өзіне тиесілі мүлікке оралымды билік жүргізу құқығын сақтап қалады.

#### 9.4. Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды қорғау

Меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарын қорғаудың азаматтық құқықтық әдістері дегеніміз – мұндай құқық иелерінің мүдделерін қорғауға бағытталған және азаматтық заңнамада қарастырылған әдістердің жиынтығы. Мұндай әдістердің бірнеше түрлері бар және бұл оларды бірқатар топтарға жіктеуге мүмкіндік береді.

Меншік құқығын қорғаудың азаматтық құқықтық әдістері бірінші топты құрайды. Олар меншік құқығын абсолютті құқық ретінде қорғауға бағытталған және меншік иесі мен құқық бұзушы өзара қандай да бір міндеттемелермен байланысты емес. Меншік иесінің өзіне тиесілі затқа иелену, пайдалану және билік ету құқығын қалпына келтіру не оларды жүзеге асырудағы тосқауылдарды алып тастау аталған әдістердің мақсаты болып табылады. Заттық-құқықтық әдістер санатына жатады: а) өзгенің заңсыз иелігіндегі өзінің мүлкін талап етуі; б) иеленумен байланысты емес тосқауылдарды алып тастау жөніндегі талап-арыз; в) меншік құқығын тану туралы талап-арыз.

Міндеттемелік-құқықтық әдістер меншік құқығын қорғау әдістерінің екінші тобын құрайды. Бұлардың санатына меншік иесіне келтірілген зиянның орнын толтыру, шарт бойынша пайдалануға берілген кері заттарды қайтару туралы талап-арыздарды осы топқа жатқызуға болады. Мысалы, егер жалға алушы шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін затты жалға берушіге қайтарудан бас тарттын болса, онда меншік иесі жалға алу шарты туралы нормалардың негізінде міндеттемелік-құқықтық талаптарды қоя алады.

Меншік құқығын қорғаудың үшінші тобына мемлекеттік органдарға қойылуы себепті, билікке қойылатын талап-арыздар деп атауға болатын ерекше әдістерді жатқызуға болады. Бұлардың санатына келесілерді жатқызуға болады: а) мемлекеттік басқару органының, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның не лауазымды тұлғаның актісін жарамсыз деп тану, сондай-ақ заңсыз құқықтық актіні қолданбау туралы *талап-арыздар*; мысалы, уәкілетті органның өзінің шаруашылық жүргізу құқығындағы ғимаратты алу жөніндегі актісін жарамсыз деп тану туралы мемлекеттік кәсіпорынның талап-арызы; б) мемлекеттік басқару органының, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның не лауазымды тұлғаның заңсыз нормативтік не-

месе дербес актіні шығаруы салдарынан меншік иесіне келтірілген шығынды *өтеуі*, мысалы, салық немесе кеден органдары негізсіз мүлікті алып қойған реттегі оларға қойылатын талаптар; в) заңнамалық актілерде қарастырылған негіздер бойынша оны тоқтатқан ретте меншік құқығын *қорғау*, мысалы, мемлекеттік мұқтаждыққа жер учаскелерін алып қойған ретте келтірілген шығынды өндіру туралы меншік иесінің талаптары.

### **Меншік иесінің мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап етуі (виндикациялық талап)**

ҚР АҚ 260-бабына сәйкес меншік иесі өзгенің заңсыз иелігіндегі өзінің мүлкін талап етуге құқылы. Иеленбейтін меншік иесі, сондай-ақ меншік иесі емес болса да, мүлікті заңға немесе шартқа (мысалы, жалға алушы, сақтаушы) орай алатын тұлға талап қоюшы бола алады. Ол өзінің аталған мүліктің меншік иесі екендігін, өзінің меншік құқығының бұзылғандығын және жауапкердің осы мүлікті заңсыз иеленетіндігін дәлелдеуі тиіс.

Заңсыз иеленуші тұлға жауапкер болып табылады. Заңсыз иеленудің құқықтық негізі болмайды. Ол мысалы, адамның ұрлық, көмбөні өзіне меншіктеуі арқылы өзгенің затын өз бетінше иеленген ретте, сондай-ақ мүлікке билік етуге құқығы жоқ өзге тұлғадан затты алған реттерде туындайды.

Виндикациялық талаптың пәні өзгенің заңсыз иелігіндегі өзінің мүлкін қайтаруды талап етуі болып табылады. Осы ретте, меншік иесінің иелігінен шыққан мүлік заттай сақталуы тиіс. Міне, осылайша, меншік иесіне тиесілі болған тек жеке-дара анықталған затты ғана талап етуге болады. Егер аталған зат жойылған, қайта өңделген немесе тұтынылған болса, онда меншік құқығы оған тоқтатылды деп саналады және оны талап ету мүмкін емес. Мұндай жағдайда меншік иесі өзге талапты қою арқылы өзінің құқығын қорғай алады. Мысалы, келтірілген зиянды өндіріп алу туралы талап-арыз.

Заңсыз иеленуші өзінің адал немесе адал емес иеленуші екендігіне қарай меншік иесінің алдында әралуан жауаптылыққа тартылады. Өзінің заңсыз алғандығын білмесе және білуге тиіс болмаса, онда заңсыз иеленуші адал деп танылады. Ал, заңсыз иеленгендігін білген немесе білуге тиіс болған тұлға адал емес иеленуші деп танылады.

Адал емес иеленушіден затты барлық жағдайда алып қоюға болады. Өйткені ол өзгенің затын заңсыз жолдармен иеленген. Адал

иеленушіге қатысты заңда виндикациялаудың бірқатар шектеулері қарастырылған. Меншік иесінен заттың қалай шыққаны және мүліктің ақылы не ақысыз алынғандығы ескеріледі.

Біріншіден, егер адал иеленуші мүлікті ақысыз алған болса, онда меншік иесі затты барлық жағдайда алып қоя алады. Егер мүлікті адал иеленуші ақылы алса, мүлікті меншік иесі немесе меншік иесі мүлікті иеленуге берген адам жоғалтқан, не мұның екеуінен де ұрланған, не олардың иеленуінен бұлардың еркінен тыс өзге жолмен шығып қалған ретте ғана меншік иесі бұл мүлікті алушыдан талап етіп алдыруға құқылы.

Мүліктің меншік иесінің еркінен тыс шығуы мұны меншік иесінің кінәсіне қоюға болмайтындығын білдіреді (мысалы, өрт, су тасқыны).

Мүлік меншік иесінің иелігінен оның еркімен шыққан ретте мәселе басқалай шешіледі. Мысалы, меншік иесі мүлікті жалға берсе, ал жалға алушы оны адал иеленушіге сатып жіберсе, онда меншік иесінің ондай иеленушіге қойған виндикациялық талабы қанағаттандырылуға жатпайды.

Аталған ережелер ұсынушыға берілетін ақшаны, сондай-ақ бағалы қағаздарды адал иеленушіден талап етіп алдыруға болмайтын жағдайларға қолданылмайды. Виндикациялаудың бұл шектеулері азаматтық айналымға қатысушылар тарапынан айналым құралы ретіндегі оларға жоғарылатылған сенімді қамтамасыз ету мақсаттарында енгізілген.

Сондай-ақ, егер мүлік сот шешімдерін атқару үшін белгіленген тәртіп бойынша сатылған болса, мүлікті талап етіп алдыруға жол берілмейді. Өйткені бұл ретте мүлік меншік иесінен мәжбүрлі түрде алынады және сот орындаушысы арқылы сатылады.

Өнімдер мен кірістердің заңи тағдыры иеленушінің адал немесе адал еместігіне қарай айқындалады. Мысалы, адал емес иеленуші заңсыз телену кезіндегі алған барлық өнімдері мен кірістерін меншік иесіне қайтаруға немесе өтеуге міндетті болады. Ал адал иеленуші өзінің иеленуінің заңсыз екендігі жайлы білген немесе меншік иесінің талап-арызы бойынша сотқа шақыру қағазын алған сәттен былайғы кірістерін қайтаруға міндеттенеді. Адал иеленуші өз кезегінде меншік иесінен мүліктен табыс есептелетін уақыттан бастап ол мүлікке жұмсаған қажетті шығындарды меншік иесінің өтеуін талап етуге құқылы. Арам ниетті иеленуші мұндай өтемді иеленушінің талабын сот негізді деп тапқан реттерде толық немесе ішінара алуға құқылы.

**Жақсартулар** деп мүлікті сақтау үшін қажетті болмағанымен,



заттардың сапасын арттыратындығы, оның құнын ұлғайтатындығы себепті пайдалы сипатқа ие болатын шығындарды атауға болады.

Егер жақсартулар ажыратылатын болса, онда иеленуші оларды өздеріне қалдыра алады. Ал ажыратылмас жақсартуларды жүргізген ретте адал иеленуші меншік иесінен өзінің оларды жүргізуге кеткен шығындарын талап ете алады. Ал заңсыз иеленуші мұндай талаптарды қоя алмайды.

### **Мүлікті иеленуден айыруға байланысты емес, мүлікті пайдаланудағы кедергілерді жою туралы талап (негаторлық талап)**

Меншік иесі, өз құқықтарының бұзылуы иеліктен айыруға байланысты болмағанымен, оларды бұзудың қандайын болса да жоюды талап етуге құқылы. Мұндай талап негаторлық талап деп аталады және меншік иесінің пайдалану және билік ету сияқты өкілеттіліктерін қорғауға мүмкіндік береді.

Мұндай талапты қою құқығы меншік иесіне және титулды иеленушіге тиесілі болады және олар затты иеленгенімен, пайдалану және билік ету мүмкіндіктерінен айырылған ретте орын алуы мүмкін. Өзінің құқыққа қайшы әрекетімен меншік иесіне тосқауыл жасайтын тұлға жауапкер ретінде танылады. Меншік иесі құқықтарын иеленуден айыруға байланысы жоқ бұзылудан қорғауды, мысалы, жауапкер меншік иесінің өз участогіне өтуіне кедергі келтіретін шарбақ салған, жарықтың түсуіне кедергі келтіретін ағаш отырғызғанда, баспалдақты заттармен толтырып тастағанда және т.б. талап ете алады. Сондай-ақ, меншік иесі егер, мүлікке тыйым салу барысындағы тізімге өзінің мүлкі заңсыз енгізілген ретте де не банктік шоттағы ақша қаражатына билік етуге заңсыз шектеу қойылған реттерде өзінің мүлкіне билік етуі қиындай түседі.

Негаторлық талапты қою меншік құқығының бұзылуы мүмкін жағдайлардың алдын алу үшін де орын алуы мүмкін. Мысалы, меншік иесі санитарлық нормаларды бұзып салынып жатқан ғимарат құрлысына тыйым салуды талап етуге құқылы. Егер, келтірілген тосқауылдар мен бірге меншік иесіне мүліктік залалдар келтірілсе, онда ол қосымша міндеттемелік-құқықтық талаптар қоя алады.

Меншік иесі құқықтарын иеленуден айыруға байланысы жоқ бұзылудан қорғауды талап етуге талап қою мерзімдерімен шектелінбеуі де аса маңызды мән-жай болып табылады.

## **Меншік құқығын тануды талап ету**

ҚР АҚ 259 бабында меншік құқығын тануды талап ету меншік құқығын қорғаудың дербес заттық-құқықтық әдісі ретінде бекітілген.

Егер үшінші тұлға осы тұлғаның белгілі бір мүлікке қатысты меншік құқығын даулайтын болса, онда осы талап-арыз қойылады. Бұл ретте, оны қайтару немесе иеленуден айыруға байланысы жоқ бұзылудан қорғау талап етілмейді. Меншік құқығын үшінші тұлға даулап, танымай немесе теріске шығарып жатқан тұлға талап қоюшы бола алады. Мұндай мәртебені титулді иеленуші де ала алады. Мысалы, аталған мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы жауапкер тарапынан танылмай жатқан тұлға.

Талап-арыздың пәні – аталған мүлікке деген меншік құқығының талап қоюшыға тиесілігі фактісін бекіту талабы болып табылады. Талап қоюшы мүлікке деген өздерінің құқықтарының дәлелдемелерін келтіруі тиіс.

## **9.5. Тапсырамалар**

### **Ецен 9-1**

Шаруа қожалығының басшысы Қайсаров Мәди қайтыс болады. Оның әйелі Марал және олардың кәмелетке толған баласы Әлім мен інісі Қайсаров Сәкен де аталған шаруа қожалығының мүшелері болып табылатын.

Сәкен ағасы қайтыс болғаннан кейін шаруа қожалығының мүшесі болғысы келмейтіндігін хабарлап және шаруашылықтың мүлкін не бөлуге немесе егер басқа мүшелері қарсы болса – оның үлесін бөліп беруді талап етті. Атап айтқанда, ол шаруашылықтың жер учаскесін бөлуді және өзіне тиесілі жер учаскесін бөліп беруді, сонымен қатар үш трактордың біреуін беруді талап етті. Шаруашылықтың есеп шотындағы ақшаны төртке бөліп, өзіне  $\frac{1}{4}$  беруді талап етті.

Шаруашылықтың басқа мүшелері мұндай бөлуге қарсы болды. Олардың пікірінше, жер мен басқа да ауылшаруашылық құралдары бөлуге жатпайды. Олар оған белгілі бір ақша сомасын бөліп беруге дайын екендіктерін, бірақ оның  $\frac{1}{4}$  аз болатындығын жеткізді. Өйткені шаруашылықтың басшысы ретіндегі Қайсаров Мәдидің үлесі көбірек болуға тиісті. Қайсаровтың әйелі мен баласы бірінші кезектегі мұрагерлер болғандықтан, олар Мәдидің үлесін мұра ретінде алады, ал қалған ақша үшке бөлінуге тиіс.

Есептен туындайтын сұрақтар:

Тараптардың дәйектерін талдаңыздар және дауды шешіңіздер.

### **Есен 9-2**

Үлестік меншікке қатысушылардың бірі Артамонов өз меншігінің бір бөлігін сату жөнінде шешім қабылдады. Басқа қатысушылардың үлесті алуға деген басымдылық құқығын сақтау мақсатында Артамонов азамат Байғазинге хабарландыру жіберіп, өзінің үлесіне сатып алуды оған ұсынады. Бірақ Байғазиннің қолына хабарлама берілгеннен кейінгі бір ай ішінде одан жауап болмағандықтан, Артамонов өзінің меншік үлесін Уәлихановқа сатып жіберді. Бұл жөнінде хабардар болған Уәлиханов сатып алушының құқықтары мен міндеттерін өзіне аударуды талап етіп, сотқа жүгінді.

#### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

1. Жалпы меншікке түсініктеме беріңіздер
2. Жалпы меншіктің түрлері мен оның ерекшеліктеріне сипаттама беріңіздер.
3. Мұндай жағдайда басымдылық сатып алу құқығы міндетін орындау (сақтау) міндетті ме?
4. Заңнамамен анықталған мерзім бар ма, егер ол өтіп кеткен жағдайда меншікті иемденушінің келісімінсіз оның атына шағым жазылса. Мұндай мерзім бар болса онда қандай?
5. Соттың шешімі қандай болмақ?

### **Есен 9-3**

Нұғыманов азамат Бертаевтың заңсыз иелігіндегі өзінің мүлкін талап етіп, сотқа жүгінді. Нұғыманов заттың өз меншігіне тиесілі екенін дәлелдейтін барлық қажетті құжаттарды сотқа табыс етті. Жауапкер Бертаев аталған мүлікті азамат Ашимовтан сатып алғандығына және мүліктің шынайы меншік иесі жөнінде өзінің білмегендігіне сілтеме жасай отырып, қарсылық білдірді. Өз кезегінде, Нұғыманов аталған мүлікті белгісіз біреулердің өзінен ұрлап алғандығын хабарлады. Сот Нұғымановтың талап-арызын қанағаттандырудан бас тартты және мұны азамат Бертаевтың азамат Ашимовтан мүлікті сатып алу кезінде аталған мүліктің оған тиесілі емес екендігін білмегендігімен негіздеді. Тиісінше, Бертаев адал иемденуші болып табылады, яғни мүлікті одан қайтарып алу мүмкін емес. Сонымен қатар, сот Артамоновқа зиянды тікелей келтіруші ретіндегі азамат Ашимовқа талап қоя алатындығын түсіндірді.

### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

1. ҚР Азаматтық кодексі бойынша адал иемденуші болып кім саналады?
2. Соттың шығарған шешімі заңды ма?
3. Қандай жағдайда адал иемденушіден мүлікті қайтарып алуға жол берілмейді?
4. Егер адал иеленушіден мүлік қайтып алынған болса, онда ол өзінің құқығын қалай қорғауы мүмкін?
5. Виндикациялық талап-арыз беру үшін қандай шарттар болу қажет (өзгенің заңсыз иелігінен мүлікті талап ету жөніндегі талап-арыз)?

### **Есеп 9-4**

Алехин мен Спаскийдің арасында жылжымалы мүлікті сатып алу – сағу шарты жасалынды және ол бойынша Спаский сатып алушы ретінде Алехиннен шартта анықталғандай тауардың орналасқан жері мен уақыты бойынша тауарды қабылдап алуға міндетті болды. Спаский көрсетілген үлгімен тауарға ақы төлеу міндетін орындады, бірақ ол шартта келісілген мерзімде, тауардың орналасқан жері бойынша тауарды қабылдап алмады. Спаскийге берілмеген Алехиндегі тауарлар бүлініп, жарамсыз күйге түсті. Сатып алушыға тауар берілмегендіктен, Спаский өзін тауардың кездейсоқ жойылу және бүлінуі үшін жауапты санамайды және осы себепті, тауар үшін төленген ақыны қайтаруды сұрайды. Алехин келісім жасалды деп санайды және меншік құқығы, сонымен қатар, тауардың кездейсоқ бүлінуі мен жарамсыздығы толығымен сатып алушыға ауысты деп есептейді.

### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

1. ҚР азаматтық заңнамасына сәйкес меншік құқығы мазмұнын сипаттаңыз.
2. Тауардың кездейсоқ бүлінуі мен жарамсыздығы үшін кім жауапты және де мүліктің иесі болып кім саналады?
3. Жылжымалы мүлікке меншік құқығы қай сәттен басталады?
4. Пайдалану құқығы меншік құқығының элемент ретінде нені білдіреді?
5. Меншік құқығының мәжбүрлі тоқтатылуы мүмкін бе?

## 9.6. Тестілер

**1. Жалпы ережелерге сәйкес шаруашылық жүргізу құқығы мына сәттен басталады:**

- a) мемлекеттік кәсіпорынның құрылуы туралы шешім шыққан
- b) кәсіпорынды жекешелендірген
- c) кәсіпорынның балансына мүлікті бекіткен
- d) кәсіпорынды мемлекеттік тіркеген

**2. Ортақ бірлескен меншік болып табылады:**

- a) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің мүлігі
- b) жай серіктестіктің мүлігі
- c) консорциум мүлігі
- d) жекешелендірілген тұрғын үй

**3. Субъектінің өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы:**

- a) меншік нысаны болып табылады
- b) меншік құқығы болып табылады
- c) шарт мазмұны болып табылады
- d) тараптардың келісімі болып табылады

**4. Ақша және бағалы қағаздарды талап етуші:**

- a) кез келген меншік иесінен талап ете алады
- b) адал иеленушіден талап ете алмайды
- c) адал иеленушіден талап етуі мүмкін
- d) ешкімнен талап ете алмайды

**5. Жай серіктестік:**

- a) заңды тұлға болып табылады
- b) заңды тұлға болып табылмайды
- c) шаруашылық серіктестіктің бір түрі
- d) коммерциялық заңды тұлғалардың одағы (ассоциациясы) болып табылады

**6. Қозғалмайтын мүлікке меншік құқығы оны сатып алушыға шарт бойынша мына сәттен бастап пайда болады:**

- a) оған ақы төлеу сәтінен
- b) мүлікті беру сәтінен

- c) шартты нотариалдық куәландырған сәттен
- d) шартты мемлекеттік тіркеген сәттен

**7. Билік ету құқығы дегеніміз:**

- a) мүлікті іс жүзінде иеленуді жүзеге асыруды заң жүзінде қамтамасыз ету
- b) мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі
- c) мүлікті жедел пайдалануды заң жүзінде қамтамасыз ету
- d) мүлікті біреуге беруді заң жүзінде қамтамасыз ету

**8. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі меншіктің қандай нысандарын қарастарады:**

- a) мемлекеттік, өзіндік, жеке
- b) мемлекеттік, жеке
- c) мемлекеттік, жеке, ұжымдық
- d) мемлекеттік, жеке, ортақ

**9. Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған жағдайда жекеменшіктегі мүліктің мемлекеттік меншікке өтуі:**

- a) реквизиция
- b) конфискация
- c) ұлт меншігіне алу
- d) жекешелендіру

**10. Мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығын жүктейді:**

- a) пәтер иелері кооперативі
- b) заңды тұлға
- c) жеке тұлға
- d) меншік иесі

**11. Егер заңдарда өзгеше көзделмесе, сатып алушының жыл-жымайтын мүлікке меншік құқығын алу шарт бойынша пайда болады:**

- a) нотариалдық куәландырылған кезден бастап
- b) ақысын төлегеннен кейін
- c) затты бергеннен кейін
- d) мемлекеттік тіркегеннен кейін

**12. Билік ету құқығы дегеніміз:**

- a) заңды қамтамасыз етілген мүмкіндікпен мүліктің заңды тағдырын шешу
- b) заңды қамтамасыз етілген мүмкіндікпен мүлікті нақты иелену
- c) заңды қамтамасыз етілген мүмкіндікпен мүліктен оның пайдалы қасиеттерін алу, одан пайда табу
- d) жерді пайдалану құқығы

**13. Меншік құқығы негізінде тұлғаға тиесілі мүлікті ұстау ауыртпалығы:**

- a) егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе меншік иесінде
- b) үшінші тұлға жауапты
- c) меншік иесі біржақты тәртіппен үшінші тарапқа ауыстыруы мүмкін
- d) меншік иесінің туыстары жауапты

**14. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, иеліктен шығарылатын заттардың кездейсоқ бүліну немесе жойылу тәуекелі сатып алушыға:**

- a) шар жасасқан кезден бастап
- b) онда меншік құқығы пайда болған сәттен бастап
- c) ақысын төлегеннен кейін
- d) алдын ала төлегеннен уақыттан бастап

**15. ҚР АҚ меншіктің қандай нысандары көзделген:**

- a) мемлекеттік, жеке, ұжымдық
- b) мемлекеттік, өздік
- c) мемлекеттік, жеке
- d) мемлекеттік, жеке, қоғамдық бірлестіктердің меншігі

**16. Аталған варианттардың қайсысында меншік құқығының пайда болуының алғашқы тәсілдері орын алған:**

- a) мұрагерлік, заем;
- b) олжа, көмбе;
- c) сатып алу – сату, сыйға тарту;
- d) айырбас, күтімсіз ұсталған мәдени және тарихи қазыналарды сатып алу.

**17. Жылжымайтын және өзге де мүлікті иелену мерзімі құрайды:**

- a) 3 жыл және 1 жыл;
- b) 10 жыл және 5 жыл;
- c) 20 жыл және 5 жыл;
- d) 7 жыл және 5 жыл;

### **9.7. Нормативтік құқықтық актілердің тізімі**

ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы бөлімі) (өзгерістер мен толықтырулармен бірге)

ҚР 2003 жылдың 20 маусымындағы Жер кодексі (өзгерістер мен толықтырулармен бірге)

«Шаруа (фермер) қожалығы туралы» ҚР 1998 жылдың 31 наурызындағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге)

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР 2010 жылдың 24 қаңтарындағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).



## **10-тақырып. Міндеттеме жөніндегі жалпы ережелер**

- 10.1. Міндеттеме ұғымы мен түрлері**
- 10.2. Міндеттемені орындау**
- 10.3. Міндеттемедегі адамдардың ауыстырылуы**
- 10.4. Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету**
- 10.5. Міндеттеменің бұзылғандығы үшін жауаптылық**
- 10.6. Міндеттемені тоқтату**
- 10.7. Тапсырмалар**
- 10.8. Тестілер**
- 10.9. Нормативтік құқықтық актілердің тізімі**

### **10.1. Міндеттеме ұғымы мен түрлері**

Міндеттеме – материалдық игіліктердің тауарлық қозғалысына дейін орын алатын салыстырмалы құқықтық-қатынас болып табылады және бұған орай, бір тұлға (борышқор) басқа тұлғаның (несие берушінің) пайдасына белгілі бір материалдық игіліктерді беру жөніндегі белгілі бір әрекеттерді жасауға міндетті болады, ал несие беруші борышқордан өз міндеттерін орындауын талап етуге құқылы.

Міндеттемеге екі тарап қатысады – өкілетті және міндетті тараптар. Материалдық игіліктердің қозғалысының белсенді әрекеттерсіз орын алмайтындығы себепті, өкілетті тарап міндеттеменің орындалуын міндетті тараптан талап ету құқығына ие. Міндетті тарап болса, екінші тараптың пайдасына белсенді іс-қимылдарды жасауға міндетті болып табылады.

Өкілетті тарапқа талап ету құқығы тиесілі болады, ал тараптың өзі несие беруші деп аталады. Міндетті тарап – борышқор, оның міндеті – борыш. Кейде әрбір тарап бірмезетте талап ету құқығына және борышқа ие болатын міндеттемелерде кездесуі мүмкін және бұл ретте, әрбір тарап бірмезетте несие беруші және борышқор болып табылады. Талап ету құқығы мен борыш міндеттеменің заңи мазмұнын құрайды. Борышқордың әрекеті оның объектісі болып табылады.

Міндеттемелердің әралуан болуы себепті, оларды белгілі бір негіздерді басшылыққа ала отырып, жүйеге келтірген орынды.

**Реттеуші және қорғаушы міндеттемелер.** Біріншісі, әдеттегі тауар-ақша айналымын қамтиды. Екіншісі, құқық бұзушылықтан туындаған міндеттемелерді қамтиды.

**Шарттық және шарттан тыс міндеттемелер.** Олардың ішінде міндеттемелер топтары белгіленген. Шарттық: мүлікті иеліктен шығаруға байланысты міндеттемелер, мүлікті пайдалануға беру туралы міндеттемелер, жұмыстың орындалуына байланысты міндеттемелер, қызмет көрсетумен байланысты міндеттемелер. Шарттан тыс міндеттемелер: конкурстық міндеттемелер, зиянды өтеу міндеттемелері, өзгенің мүддесінде тапсырмасыз іс-әрекет жасау.

**Экономикалық мазмұны тұрғысынан міндеттемелердің түрлері:** сатып алу – сату, жалға алу, мердігерлік. Олар өз іштерінде түрлерге бөлінуі мүмкін: бөлшек сауда, тауар жеткізілім, келісімшарт жасау.

Міндеттемелердің пайда болу негіздері:  
шарттар (мысалы, сатып алу сату),  
біржақты мәмілелер (өсиеттік бас тарту),  
әкімшілік актілер (мысалы, лицензия беру),  
зиян келтіру (деликті),  
интеллектуалдық меншік объектілерін жасау және пайдалану,  
оқиғалар (мысалы, сақтандыру жағдайының басталуы).

## 10.2. Міндеттемені орындау

Міндеттеменің құқықтық нәтижесі болады. Оған қол жеткізу міндеттемені орындау нәтижесі ретінде жүргізіледі, яғни тараптар міндеттеменің мазмұнындағы құқықтар мен міндеттерді іске асырады.

Міндеттемені орындау дегеніміз борышқордың міндеттеменің пәнін құрайтын әрекеттерді несие берушінің пайдасына жасауын білдіреді. Ол борышқор мен несие берушінің арасындағы қатынастарды тоқтатады.

Міндеттемені орындау қағидалары: **міндеттемені тиісінше орындау (ҚР АҚ 172-бабы) және міндеттемені заттай орындау (ҚР АҚ 354-бабы).** Бұл екі норма да диспозитивті болып табылады, яғни тараптар орындау ережелерін заңда көрсетілгеннен басқалай сипаттай алады. Орындау жөніндегі көптеген баптарда келесідей ескертпе қарастырылады: егер міндеттеменің ережелерінде өзгеше көзделмесе.

Заттай орындау принципiнiң қолдану аясы тарылтылған, яғни бұл, егер тараптардың келiсiмiмен өзгертилмесе, қолданылатын жалпы принцип болып табылады. Тиiсiнше, орындамаған реттерде ол айрықша маңызға ие болады. Мысалы, ҚР АҚ 365-бабында былай делiнедi: егер борышқордың мерзiмдi өткiзiп алуы салдарынан мiндеттеменi орындау несие берушiге керексiз болып қалса (үйлену тойына көйлектi мерзiмiнде тiккен жоқ), онда оған мiндеттеменi заттай орындатуға қол жеткiзудiң мағынасы болмайды. Мұның орнына ол мiндеттеменi орындауды қабылдаудан бас тартып, залалды өтеудi талап ете алады.

Және керiсiнше, ҚР АҚ 355-бабында белгiлi бiр затты жеке беру мiндеттемесiн орындамаған жағдайда несие берушiнiң оны борышқордан алып қоюды және несие берушiге берудi талап етуге құқылы екендiгi бекiтiлген. Егер жұмыс орындалмаған немесе қызмет көрсетiлмеген болса, несие берушi мiндеттеменiң орындалуын талап етпей, жұмысты несие берушiнiң өзi немесе үшiншi тұлғаның орындағанына ақшалай өтемақыға қанағат ете алады. Осы ретте, заттай орындауды ақшалай өтемақымен алмастыру орын алып отыр.

Мiндеттемелердiң көбi **өзара** мiндеттемелер болып табылады және бұл ретте, қарсы орындау туралы сөз қозғалады. ҚР АҚ 284: өзара орындау дегенiмiз жалпы ереже ретiнде тараптардың өзара мiндеттердi бiр мезгiлде орындауын бiлдiредi. Тараптардың бiрiнiң мiндеттеменi орындамауы немесе тиiсiнше орындамауы өзара мiндеттердi орындау және қарсы талаптарды қанағаттандыру кезiнде, екiншi тарапты өз мiндеттерiн орындаудан босатады.

ҚР АҚ 273-бабында егер заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде мiндеттеменi орындаудан бiржақты бас тартуға және оның шарттарын бiржақты өзгертуге жол берiлмейтiндiгi айтылады.

Орындау шарты – ол субъектiлерге, пәнiне, мерзiмдерге, әдiстерiне және мiндеттеменi орындау орнына қойылатын талаптар болып табылады. Шарттар мiндеттеменi кiмнiң, қайда, қашан, қалай орындайтындығы туралы сұрақтарға жауап бередi.

**Орындау пәнi** – ол мiндеттеменi орындау процесiнде борышқордан несие берушiге ауысатын зат, жұмыс, қызмет көрсету болып табылады. Орындау пәнiне талаптар не заңда, не шартта айқындалады. ҚР АҚ 282 бабында ақшалай мiндеттемелердi орындау пәнiне ерекше талаптарды белгiлеген. Ең алдымен, заңнамалық актiлерде көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚР аумағындағы **ақшалай мiндеттемелер** теңгемен көрсетiлуi талап етiледi.

ҚР аумағында міндеттемелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде шетел валютасын, сондай-ақ шетел валютасындағы төлем құжаттарын пайдалануға ҚР заңнамалық актілерінде айқындалған жағдайларда және шарттарда немесе оларда белгіленген тәртіппен жол беріледі.

Төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру тәртібі мен тәсілдері ҚР ақша төлемдері мен аударымдары туралы заңнамасында белгіленеді және оларды тараптар тиісті шартта айқындайды.

ҚР резиденттерінің елде тұрақты тұратын мекенжайы болады. ҚР **резиденттері** деп танылады:

ҚР азаматтары, оның ішінде шет мемлекетте тұрақты тұру құқығына осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген құжаты бар Қазақстан Республикасының азаматтарын қоспағанда, шетелде уақытша жүрген немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде оның мемлекеттік қызметінде жүрген азаматтар;

ҚР тұрақты тұру құқығын беретін құжаты бар шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар;

ҚР заңнамасына сәйкес құрылған, ҚР аумағында орналасқан жері бар барлық заңды тұлғалар, сондай-ақ ҚР және одан тыс жерлерде орналасқан жері бар олардың филиалдары мен өкілдіктері;

ҚР тыс жерлердегі ҚР дипломатиялық, сауда және өзге де ресми өкілдіктері.

**Резидент еместер** – жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, олардың жоғарыда аталған тізімде жоқ филиалдары және өкілдіктері.

Ақшалай міндеттемені орындау үшін жеткіліксіз төленген төлемнің сомасы тараптардың өзге келісімі болмаған жағдайда ең алдымен несие берушінің орындау жөніндегі шығындарын, сонан соң айыпақы мен сыйақыны (мүддені), ал қалған бөлігінде - борыштың негізгі сомасын өтейді.

Ұзақ мерзімді міндеттемелерде тараптар келіскен шарттарда төлемді индекстеу көзделуі мүмкін.

Орындаудың **тәсілі** – ол міндеттемені орындау кезіндегі тараптардың іс-әрекет жасау тәртібі болып есептеледі. ҚР АҚ 274-бабы бөлшектеп орындау сынды орындау әдісін реттейді. Егер заңдарда өзгеше белгіленбесе немесе міндеттеме мәнінен өзгеше туындамаса, жалпы ереже ретінде несие беруші міндеттемені бөлшектеп орындауды қабылдамауға құқылы.

Борыш сомасын нотариустың атына депозитке салу, ал заңнама-

лық актілерде көрсетілген реттерде соттың атына салу арқылы ақшалай міндеттемені ерекше әдіспен орындауға болады. Борыш сома-сын депозитке орналастырған борышқор міндеттемені орындады деп саналады.

Орындау **жері** заңнамамен, міндеттеме ережелері арқылы ай-қындалады немесе міндеттеме мәнінен көрінеді. Мысалы, тұрғын үйді жөндеу міндеттемесі осы ғимарат орналасқан жер бойынша орындалуы тиіс.

Орындау жерін айқындау қиындық туындатқан реттерде та-раптардың арасында дау туындауы мүмкін. Сондықтан ҚР АҚ 281-бабы міндеттемелерді орындау жері туралы ережелерді келесідей мазмұнда ұсынды.

Егер міндеттеме орындалатын жер заңдарда немесе оның шарт-тарында белгіленбесе немесе міндеттеме мәнінен немесе іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан көрінбесе, ол:

1) міндеттеме бойынша қозғалмайтын мүлікті беру – мүлік ор-наласқан жерде;

2) міндеттеме бойынша тауарды немесе өзге де мүлікті тасымал-дауды пайдалана отырып беру – мүлікті несие берушіге жеткізу үшін оны бірінші тасымалдаушыға тапсыратын жерде;

3) егер бұл жер міндеттеме пайда болған кезде несие берушіге белгілі болса, кәсіпкердің басқа міндеттемелері бойынша тауар не-месе өзге де мүлікті беру – мүлік дайындалған немесе сақталатын жерде;

4) ақшалай міндеттеме бойынша – несие берушінің міндеттеме пайда болған кездегі тұрғылықты жерінде, ал егер несие беруші заңды тұлға болса – міндеттеме пайда болған кезде оның болған жерінде; егер несие беруші міндеттеменің орындалу кезінде тұрғылықты жерін немесе тұрған жерін өзгертіп, бұл туралы борышқорға хабарласа – орындалатын жердің өзгертілуіне байланысты барлық шығындарды соның есебіне жатқыза отырып, оның жаңа тұрғылықты жерінде не-месе тұрған жерінде;

5) басқа да барлық міндеттемелер бойынша – борышқордың тұрғылықты жерінде, ал егер борышқор заңды тұлға болса – оның орналасқан жерінде орындалуға тиіс.

Орындау **мерзімі** заңнама немесе шартпен айқындалады. Әдетте, туындау мерзімі мен міндеттемені орындау сәйкес келіп жатады. Ал осы мерзімдер арасында уақыттық интервал болуы жағдайды күрделендіре түседі.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті **уақыт** кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Міндеттемеде ол орындалатын мерзім көзделмесе, онда міндеттеме пайда болғаннан кейін ақылға қонымды мерзімде орындалуға тиіс. Орындалу мерзімі талап етілетін кезбен белгіленген міндеттемені борышқор несие беруші оның орындалуын талап еткен күннен бастап 7 күн мерзімде орындауға міндетті.

Егер заңдарда немесе міндеттеме шарттарында өзгеше көзделмесе және оның мәнінен туындамаса, міндеттемені мерзіміне дейін орындауға жол беріледі. Мысалы, сақтау шартын мерзіміне дейін орындау аталған міндеттеменің мәніне қайшы болып табылады.

Кәсіпкерлік қызметке байланысты міндеттемелер үшін басқалай ережелер бекітілген. Кәсіпкерлік қызметке байланысты міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауға міндеттемені мерзіміне дейін орындау мүмкіндігі заңдарда немесе міндеттеме шарттарында көзделген, не іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан немесе міндеттеменің мәнін туындаған реттерде ғана жол беріледі.

ҚР АҚ 280 бабында заңдарда немесе міндеттеме шарттарында борышқордың несие берушіге міндеттеменің орындалу барысы туралы хабарлап отыру міндеті көзделуі мүмкін екендігі айтылады.

Міндеттеменің орындалғанын қабылдай отырып, несие беруші борышқордың талап етуі бойынша оның толық немесе бір бөлігі орындалғаны жөнінде оған қолхат беруге міндетті. Қолхатты жай жазбаша нысанда рәсімдесе болады. Егер борышқор міндеттемені куәландыру үшін несие берушіге борыш құжатын берсе, несие беруші оның орындалғанын қабылдай отырып, құжатты борышқорға қайтаруға тиіс. Қайтарып беру мүмкін болмаған жағдайда ол мұны өзі беретін қолхатта көрсетуге міндетті. Қолхат борышқорға қайтарылған борыш құжатындағы жазумен алмастырылуы мүмкін.

Мұндай әрекеттердің маңызы осы арқылы міндеттемені тоқтатудың куәландырылуында болып табылады.

Міндеттемені орындау субъектілері.

Әдетте, міндеттемедегі әрбір тарап бір тұлға ғана болады. Кейбір жағдайларда әр тараптан бірнеше тұлға болатын міндеттемелер де болады. Бұдан міндеттемедегі **тұлғалардың көптілігі** туындайды.

*Белсенді* (көптілік несие беруші жағында),

*Бәсең* (көптілік борышкер жағында)

*Аралас* (екі жақтан да көптілік).

Осы ретте, несие берушілердің әрбірі талап ету құқығына, ал борышқорлардың әрбірі міндеттемені орындауға міндетті болады. Заңдардан немесе міндеттеме шарттарынан өзгеше туындамайтындықтан, үлестік міндеттеме туындайды, яғни талап ету құқығы және міндеттер белгілі бір үлес шегінде бекітілдеі – ҚР АҚ 286-бабы. Өз үлесі бойынша міндеттемені орындаған борышкер міндеттемеден шығарылады, ол үшін міндеттеме орындалды деп есептеледі. Өзге борышкерлерге міндеттеме өз үлестері бойынша міндеттемені орындағанға дейін күшін сақтап қалады.

**Ортақтасқан міндеттемелер** – несие берушілердің әрқайсысы міндеттемені толық атқаруды талап етуге құқылы, ал борышқорлардың әрқайсысы орындауға міндетті болуына сәйкес көп жақтар қатысатын міндеттеме ортақтасқан міндеттеме деп танылады. Шарттарда немесе заңнамалық актілерде қарастырылған реттерде ғана туындайды. Атап айтқанда, міндеттеме пәнін бөлінбейтін жағдайда және кәсіпкерлік міндеттемелер орын алған ретте пайда болады. Борышқорлар ортақтасып міндетті болған жағдайда несие беруші барлық борышқорлардан да, жеке-жеке алғанда олардың кез келгенін де, оның үстіне борышты түгелдей де, бөлшектеп те орындауды талап етуге құқылы. Ортақтас борышқорлардың бірінен толық қанағаттанбаған несие беруші алынбағанды ортақтас борышқорлардың қалғандарынан талап етуге құқылы. Ортақтас борышқорлар міндеттеме толық орындалғанға дейін міндетті болып қала береді. Борышқорлардың бірінші ортақтастық міндетті толық орындауы қалған борышқорларды несие беруші үшін орындаудан босатады.

Талаптар ортақ болған жағдайда ортақтас несие берушілердің кез келгені борышқорға толық көлемінде талап қоюға құқылы. Ортақтас несие берушілердің біреуіне міндеттемені толық орындау борышқорды өзге несие берушілерге оны орындаудан босатады.

**Регрестік міндеттеме:** басқа адамның міндеттемесін орындаған борышқор орындалған міндеттеме мөлшерінде сол адамға кері талап (регресс) қоюға құқылы. Борышқорлардың біреуі ортақтасқан міндетті орындаған борышқорға төлемегені осы борышқорға және қалған борышқорларға тең үлесте түседі. Борышқордың орындағанын қабылдаған ортақтас несие беруші басқа несие берушілерге, егер олардың арасындағы қатынастардан өзгеше туындамаса, оларға тиесілі үлестерін өтеуге міндетті.

**Субсидиялық міндеттемелер (ҚР АҚ 357-бабы)** тек бәсең көптілік кезінде ғана орын алуы мүмкін. Негізгі және қосымша борышқор болады. Бастапқыда, несие беруші талапты негізгі борышқорға қоюы тиіс. Егер негізгі борышқор несие берушінің талабын қанағаттандырудан бас тартса, не оны толық орындамаса немесе несие беруші одан қойылған талапқа ақылға қонымды мерзімде жауап алмаса, бұл талаптың орындалмаған бөлігі субсидиялық жауапкершілігі бар адамға қойылуы мүмкін. Егер бұл талап негізгі борышқорға қарсы қойылған талапқа жатқызу арқылы қанағаттандырылуы мүмкін болса, несие беруші өзінің негізгі борышқорға қоятын талабын субсидиялық жауапкершілігі бар адамның қанағаттандыруын талап етуге құқылы емес. Қосымша борышқор оған несие беруші қойған талапты қанағаттандыруға дейін бұл туралы негізгі борышқорға ескертуге, ал егер мұндай адамның үстінен талап арызы түссе, негізгі борышқорды іске қатыстыруға тиіс. Олай болмаған жағдайда негізгі борышқордың несие берушіге қарсы айтайын деген қарсылықтарын оның регрестік талабына қарсы қоюға құқығы бар.

Міндеттеме борышкердің өзімен және соның несие берушісіне орындалуы тиіс. Алайда, ҚР АҚ 276-бабында міндеттемені толықтай не бір бөлігін орындауды **үшінші тарапқа** жүктеу мүмкіндігі қарастырылған. Жүктеудің алғышарттары: егер бұл заңнамада (тікелей аралас қатынас), шартта қарастырылса немесе үшінші тұлға тараптардың бірімен тиісті шарт арқылы байланысты болса (қосалқы мердігерлік).

Бұл ретте, үшінші тұлға міндеттеменің бір тарабына айналмайды. Ол тек борышқор үшін әрекеттерді орындайды. Борышқор міндеттемені өзі жекелей орындаған сияқты несие берушінің алдында жауаптылығын сақтап қалады (ҚР АҚ 363-бап). Мысалы, тасымалдаушы тауар берушінің тауарын сатып алушының мекенжайына жеткізеді. Кейде борышқордың әрекетіндегі алмасу несие беруші үшін тиімсіз болуы мүмкін. Алайда, егер заңдардан, міндеттеме шарттарынан немесе оның мәнінен борышқордың міндеттемені жеке өзі орындау міндеті туындамаса, несие беруші борышқор үшін үшінші жақ ұсынған орындау ісін қабылдаудан бас тартуға құқығы жоқ. Мысалы, борышқордың тұлғасына тығыз байланысты міндеттеме (авторлық тапсырыс).

Үшінші тарап борышқор үшін орындалатын міндеттеменің мазмұны және ережелері жайлы хабардар болуы тиіс. Өйткені орындауды оған борышқор жүктейді. Алайда, үшінші тараптың



борышқордың келісімін сұрамастан, несие берушіге борышқордың орнына орындауды өзі ұсынуға болатын жағдайлар да кездеседі. Мысалы, егер ол несие берушінің мүліктен өндіріп алу туралы талап ұсынған ретте борышқордың мүлкіне деген өзінің құқығынан айырылып қалудан қауіптенетін болса. Мұндай жағдайда, үшінші тарапқа міндеттемедегі несие берушінің борышқорға қатысты құқықтары ауысады (цессия).

Орындаудың қайта бағытталуы мүмкін, яғни борышқор орындауды несие берушінің өзіне немесе несие беруші нұсқаған үшінші тұлғаға орындауға құқылы болады. Ешбір тұлға бұл жайлы несие берушіден өкілеттілік алмай, орындауды талап ете алмайды. Егер борышқор орындауды қабылдауға өкілетті несие беруші деп санаған тұлғасына орындауды жүзеге асырса, онда орындау үшін жауапкершілікті борышқордың өзі көтереді.

Өзінің мүдделерін қорғау үшін ҚР АҚ 275-бабы оған орындауды несие берушінің өзі немесе бұған ол уәкілдік берген тұлғаның қабылдап жатқандығының дәлелдемесін талап ету құқығын ұсынады және мұндай талап жасалмауының зардабын тартуға тәуекел етеді.

### **10.3. Міндеттемеде адамдардың ауыстырылуы**

Міндеттеменің қолданыс кезеңінде оған қатысушылардың құрамы өзгеріске ұшырауы мүмкін. Міндеттеменің өзі сақталған реттегі қатысушылардың ауысуына заң жол береді. Қатысушылардың бұл алмастырылуы міндеттемедегі тұлғалардың ауыстырылуы деп аталады. Алмастырудың екі түрі болады:

а) несие берушінің алмастырылуы – талап ету құқығын беру немесе цессия деп аталынады;

б) борышқордың алмастырылуы – борышты аудару деп аталады.

Талап ету құқығын беру заңнамалық актіге орай (қайта құру, мұрагерлікке алу, ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесін сатып алудың артықшылық құқығын сот арқылы жүзеге асыру, суброгация, секьюритизация) және мәміле (факторинг) бойынша орын алуы мүмкін.

Несие берушінің жеке басымен тығыз байланысты құқықтардың, атап айтқанда алимент жөніндегі және азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру жөніндегі талаптардың басқа адамға ауысуына жол берілмейді. Өзге жағдайларда, тұлғалардың ауыстырылуына жалпы ереже ретінде заң рұқсат

етеді және азаматтық айналым талаптарымен тікелей қажет етіледі. Мысалы, бағалы қағаздар айналымы цессиясыз мүмкін емес.

Қатысушының ауыстырылуы мәміле болып табылады. Сондықтан оған мәміле нысаны туралы жалпы ережелер қолданылады: егер ол жазбаша нысанда жасалынатын мәмілеге негізделген болса, онда тиісінше қатысушының алмастырылуы да жазбаша нысанда рәсімделуі тиіс.

Талап ету құқығын беру кезінде борышқорға орындауды кімге жүргізетіндігі аса маңызды емес болуы себепті, бұған борышқордың келісімі талап етілмейді. Сонымен бірге, заң жасалынған цессия туралы оның міндетті жазбаша хабарлануын талап етеді және мұны орындамаған ретте жаңа несие беруші бұдан туындайтын жағымсыз салдарлар қаупін көтереді.

Талап етуді берген бастапқы несие беруші жаңа несие берушінің алдында оған берілген талаптардың жарамсыздығы үшін жауап береді, бірақ бұл талапты борышқордың орындамағаны үшін бастапқы несие беруші жаңа несие берушінің алдында борышқор үшін кепіл болуды өзіне алғаннан басқа жағдайды қоспағанда, жауап бермейді.

Бастапқы несие берушінің құқығы жаңа несие берушіге құқықтың ауысуы кезінде болған көлемде және сондай жағдайларда ауысады. Атап айтқанда, жаңа несие берушіге міндеттемені орындауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ басқа да құқықты, соның ішінде алынбаған сыйақыға (мүддеге) құқықты талап етуге байланысты құқықтар ауысады.

Борышты аудару кезінде өзге жағдай қалыптасады. Өйткені несие берушіге орындауды кімнің жүргізетіндігі маңызды. Мүмкін, жаңа борышқордың төлемқабілеттілігі жоқ болуы немесе орындаудан жалтаруы мүмкін. Осыған орай, ҚР АҚ 348-бабы борышты аудару кезінде несие берушінің келісімін міндетті талап етеді.

Борышты аудару көпжақты мәміле болып табылады және мұнда бұрынғы борышқор, жаңа борышқор және несие беруші өз еріктерін білдірулері тиіс. Жаңа борышқор несие берушінің талаптарына бастапқы борышқор мен несие берушінің арасындағы қатынастарға негізделген қарсылықтарды алға тартуға құқылы.

#### **10.4. Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету әдістері**

Міндеттеме өздігінен борышқордың талап етілетін әрекеттерді жасауына кепілдік бермейді. Тіпті, орындауды бұзған борышқорға

қатысты несие беруші азаматтық-құқықтық жауапкершілік шараларын қолданған ретте де қажетті мүлік борышқорда болмауы мүмкін. Сондықтан несие берушінің мүдделерін қамтамасыз ету, міндеттеменің тиісінше орындалатындығына кепілдік алу үшін заңда орындауды қамтамасыз етудің бірқатар арнайы шаралары бекітілген.

Бұл шаралар (әдістер) мүліктік сипатқа ие, сондай-ақ өздері қамтамасыз ететін негізгі міндеттемелерге қатысты олар қосымша болып табылады. Борышқорды міндеттемені орындауға ынталандыру және несие берушінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету олардың мақсаты болып табылады.

ҚР АҚ 18-тарауында қамтамасыз етудің дәстүрлі әдістері тізбектелген. Сондай-ақ заңнамада немесе тараптардың келісімінде қарастырылған қамтамасыз етудің өзге де әдістерін қолдану мүмкіндігі бекітілген (ҚР АҚ 292-бабы). Сонымен бірге, дәстүрлі бес әдіске борышқордың мүлкін ұстап қалу сияқты және гарантиялы жарналық әдістерде қосылған.

ҚР АҚ қарастырылмаған өзге де шараларды қолдануға болады. Оларды жедел шаралар деп атайды. Бұлардың санатына сапасыз тауарға ақы төлеуден бас тарту, тауарға алдын ала ақы төлеу, өзге тарап оны өрескел бұзған ретте орындаудан бас тартуды жатқызуға болады.

Қамтамасыз етудің қандай да бір әдісін тараптардың өзара келісімі бойынша не заңдағы арнайы нұсқауға орай қолдануға болады. Кепіл, айып төлеу, мүлікті ұстап қалу сияқты әдістер міндеттемелердің кейбір түрлеріне қатысты заңнамада арнайы қарастырылса, ал өзгелерін қамтамасыз етуге бұл әдістерді қолдану тараптардың келісімінде бекітілуі мүмкін.

Қамтамасыз етудің барлық әдістері негізгі қамтамасыз етілетін міндеттемеге қатысты қосымша (акцессорлық) сипатқа ие болады және олар тек шынайы талапты ғана қамтамасыз етуі мүмкін. Олар негізгі міндеттемеге ілесе жүреді. Атап айтқанда, негізгі міндеттемедегі талап ету құқығын беру және борышты аудару орын алған ретте қамтамасыз ететін қосымша міндеттеме бойынша да құқықмирасқорлығы жүргізіледі.

Негізгі міндеттеменің тоқтатылуы қосымша міндеттеменің де тоқтатылуына әкеледі. Егер негізгі міндеттеме жарамсыз деп танылса, бұл автоматты түрде қосымша міндеттеменің де жарамсыздығына әкеледі және керісінше, қамтамасыз ету әдісі жарамсыз деп танылған ретте негізгі міндеттеме күшін сақтап қалады. Банктік кепілдік деп

аталынатын қамтамасыз ету әдісі ғана бұл қағидадан тыс жатыр деуге болады.

**Айып төлеу** – борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады (ҚР АҚ 293-бабы).

Айып төлеу міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің заңды тұлғаларға да және жеке тұлғаларға да қатысты ең кең таралған әдістерінің бірі болып табылады.

Айып төлеу шартты немесе заңды болуы мүмкін. Заңды айып төлеу заңнамада бекітіледі және осында оны өндірудің мөлшері, тәртібі және талаптары айқындалады. Бұл нормалар императивті болып табылғандықтан, тараптардың заңды айып төлеуді өндіріп алу-дан бас тартуға, оның мөлшерін азайтуға құқығы жоқ. Тіпті, айып төлеуді өндіріп алу тараптардың келісімінде қарастырылмаған болса да, несие беруші оның төленуін талап етуге құқылы. Өйткені ол заңи тұрғыдан бекітілген.

Егер заңдарда тікелей тыйым салынбаса, тараптардың келісімімен заңды айып төлеу мөлшері көбейтілуі мүмкін. Егер төленуге тиісті айып (айыппұл, өсім) несие берушінің шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышқордың міндеттемені орындау дәрежесін және борышқор мен несие берушінің назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, айып төлеу мөлшерін (айыппұлды, өсімді) азайтуға құқылы. Соттың айып төлеуден борышқорды толықтай босатуға құқығы жоқ.

Шартты айып төлеу заңмен емес, тараптардың келісімімен бекітіледі.

Айып төлеу екі түрде болуы мүмкін: айыппұл және өсім. Бұлардың екеуі де тәжірибеде айыппұлдық деп аталып, ортақ сипаттары болғанымен, өзіндік ерекшеліктерге де ие. Мысалы, айыппұл бұл алдын ала бекітілген мөлшерде немесе орындау пәнінің құнына қатысты борышқордың төлеуге міндетті ақшалай сомасы болып табылады. Өсім бұл, кешіктірілген төлемнің әрбір күніне борышқордың төлеуге міндетті ақшалай сомасы болып табылады.

Айыппұлды бірреттік тәртіпте өндіріп алады. Ал өсім кешіктірілген әрбір күн үшін үзіліссіз ұлғая түседі.

Айып төлеу туралы келісім, негізгі міндеттеменің нысанына қарамастан, жазбаша түрде жасалуға тиістігі заңда бекітілген.

Айып төлеуді өндіріп алу барысында несие беруші бірмезетте залалдарды да өндіріп алу құқығын иеленеді. Осы ретте, несие берушінің негізсіз баю мәселесі туындайды. Осыған орай, ҚР АҚ 351-бабында айып төлеудің шығындарға қатынасына қарай оның төрт түрі белгіленеді:

**айыппұлдық айып төлеу** – толықтай көлемде бір мезетте шығындар мен айып төлеуді өндіріп алады;

**балама айып төлеу** – несие берушінің таңдауы бойынша не айып төлеу не шығындар өндіріліп алынады;

**айрықша айып төлеу** – тек айып төлеу ғана өндіріліп алынады;

**есепке жатқызу айып төлеуі** – айып төлеуде және шығында өндіріледі, бірақ соңғысы айып төлеумен жабылмаған бөлігінде өндіріледі.

Егер заңнамада немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, жалпы ережеге сәйкес айып төлеу есепке жатқызу болып табылады.

Уағдаласушы тараптардың біреуінің шарт бойынша өзінен алынатын төлемнің есебінен екінші тарапқа және шарт жасау мен орындауды не өзге міндеттемені орындауды қамтамасыз етуге берілетін ақшалай сома **кепілпұл** деп танылады (ҚР АҚ 337б-бабы)

Төлемдердің бір бөлігі алдын ала төленеді және шарттың жасалу фактісі осы арқылы қамтамасыз етіледі. Мерзімінен бұрын төленетіндіктен, кепілпұл аванс пен алдын ала ақы төлеуге ұқсас болады. Дегенмен, кепілпұл ғана міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етеді. Кепілпұл туралы келісім кепілпұлдың сомасына қарамастан жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Тіпті, егер негізгі міндеттеме нотариалдық куәландыруға тиіс болған ретте де, кепілпұл үшін жай жазбаша нысан жеткілікті болып табылады. Келісімнің жазбаша нысанда жасалуын сақтамау кепілпұл келісімін жарамсыз деп тануға әкеліп соқтырады.

ҚР АҚ 338-бабында анықталғандай, міндеттеменің орындалуы басталғанға дейін тараптардың келісімі бойынша не олардың кінәсіз-ақ оны орындаудың мүмкіндігі болмауы салдарынан тоқтатылған жағдайда, кепілпұл қайтарылуға тиіс.

Міндеттемені тараптардың бірі бұзған ретте басқа салдарлар туындайды. Егер міндеттеменің орындалмауына кепілпұл берген тарап жауапты болса, ол екінші тарапта қалады, ал егер кепілпұл алған тарап жауапты болса, ол екінші тарапқа кепілпұлдың екі еселенген сомасын төлеуге міндетті. Оның үстіне, шартта өзгеше көзделмегендіктен,

міндеттеменің орындалмауына жауапты тарап екінші тарапқа кепіл-пұл сомасын ескере отырып, шеккен залалдың орнын толтыруға міндетті.

**Кепілдік және кепіл болушылық** міндеттемелердің орындалуының дәстүрлі әдістері болып табылады.

ҚР АҚ 329-бабына сәйкес кепілдік бойынша кепілдік беруші, заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа жақтың (борышқордың) несие берушісі алдында осы жақтың міндеттемесінің орындалуына толық немесе борышқормен ортақтасып ішінара жауап беруге міндеттенеді.

Кепілдік беруші борышқор тарапынан қатысатын үшінші тұлға болып табылады және ол онымен ортақтасып жауап береді. Әдетте, кепілдік ақшалай талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді. Дегенмен, ол міндеттеменің зағтай орындалуын да қамтамасыз ете алады.

Кепілдік несие берушіге борышқордың төлемқабілетсіздігі орын алған ретте де, кепілдік берушінің мүлкінің есебінен орындауды қамтамасыз ету мүмкіндігін ұсынады.

Кепілдік тек қазіргі бар талаптарды ғана қамтамасыз ете алады және ол негізгі міндеттемеге қатысты қосымша, туынды сипатта болады. Кепілдік шарты болашақта туындайтын міндеттемені қамтамасыз ету үшін де жасалуы мүмкін. Бұл ретте, кепілдік негізгі міндеттеменің туындау сәтінде ғана пайда болады.

ҚР АҚ 330-бабына сәйкес кепіл болушылық бойынша кепіл болушы басқа жақтың (борышқордың) несие берушісі алдында осы жақтың міндеттемесінің орындалуына толық немесе ішінара қосалқы жауап беруге міндеттенеді.

Кепілдік беруші сияқты кепіл болушы да борышқор тарапынан қатысатын үшінші тұлға болып табылады және борышқордың міндеттемені орындауына қосалқы атсалысуы мүмкін.

Несие берушінің алдындағы кепілдік беруші мен кепіл болушының жауапкершілік көлемдері де әралуан болады. Атап айтқанда, кепілдік беруші несие беруші алдында борышқор сияқты айыпақы, сыйақы (мүдде) төлеуді қоса алғанда, борышты өндіріп алу жөніндегі сот шығындарын және борышқордың міндеттемені орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан туындаған несие берушінің басқа да зияндарын төлеуде тап сондай көлемде жауап береді. Бұл ереже жалпы болып табылады, яғни басқалай (кепілдік берушінің жартылай жауапкершілігі) шартта қарастырылуы мүмкін.

Жалпы ережеге сәйкес кепіл болушы шартта көрсетілген сома-ның шегінде ғана жауап береді. Ал толықтай жауапкершілік шартта көзделуі мүмкін.

Екіжақты шарттар кепілдіктің (кепіл болушылықтың) туындау негізі болып табылады және несие беруші мен кепілдік беруші (кепіл болушы) мұның тараптары болып табылады. Мұндай шарттар бойынша міндеттер несие берушіде емес, кепілдік берушіде (кепіл болушыда) ғана туындайды. Демек, бұл біржақты міндеттеме болып табылады. Сонымен бірге, аталған шарт консенсуалды болып табылады, тараптар келісімге қол жеткізіп, оны қажетті жазбаша нысанға түсірген сәттен бастап тараптардың құқықтары мен міндеттері туындайды. Жазбаша нысанда жасалуын сақтамау кепілдік немесе кепіл болушылық шартының жарамсыз болуына әкеліп соқтырады.

Егер кепілдік беруші немесе кепіл болушы борышқордың міндеттемені орындауын өз жауапкершілігіне алатынын несие берушіге жазбаша түрде хабарласа, ал несие беруші кепілдік берушінің немесе кепіл болушының ұсыныстарынан бұл үшін жеткілікті болатын қажетті уақыт ішінде бас тартпаса, кепілдік немесе кепіл болушылық шарттарының жазбаша нысаны сақталған деп есептеледі.

Кепілдікті қолдану тек, тараптардың келісімімен емес, заңмен де белгіленуі мүмкін. Мысалы, сыртқы заем алу туралы заңда сыртқы заемдарды алу кезінде мемлекеттік кепілдіктерді қолданудың міндеттілігі бекітілген.

ҚР АҚ 331-бабының 4-тармағында кепілдіктің ерекше түрі банктік кепілдік қарастырылған. Екінші деңгейдегі банктер банк кепілдіктері мен кепілгерлігін беруді уәкілетті органның лицензиясы негізінде уәкілетті органның аталған операцияларды жүргізу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерін ескере отырып жүзеге асыра алады. Осы ретте, оларды беру кезінде аталған операцияларды жүргізудің тәртібін реттейтін ҚБА нормативтік актілерін ескерген жөн. Екінші деңгейдегі банктердің осы Кодекстің нормаларын сақтамай және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын ескермей берген банк кепілдіктері мен кепілгерліктері олардың жарамсыз болуына әкеп соғады.

ҚР АҚ 333-бабында несие берушінің кепілдік берушіге талап қойған реттегі іс-қимылын реттейді. Кепілдік беруші, несие берушінің талаптарын қанағаттандырғанға дейін бұл туралы борышқорға ескертуге, ал егер кепілдік берушіге қуыным жасалса, борышқорды іске қатыстыруға міндетті. Кепілдік берушінің өзі борышқор болып

табылмайтындықтан, ол тараптардың өзара қатынастарының сипаты жайлы хабардар болмауы және борышқордың қатысуынсыз несие берушіге деген борышқордың барлық қарсы талаптарын айқындай алмауы мүмкін. Сондай-ақ, ол өзінің орындайтындығы жайлы хабардар етуі тиіс.

Борышқор сотқа дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тарап ретінде қатынасады.

Олай болмаған жағдайда борышқор өзінің несие берушіге қоймақшы болған қарсылықтарын кепілдік берушінің қайтарып қойған талабына қарсы қоюға құқылы. Тіпті, кепілдік берушінің борышқорға қойған талабы қанағаттандырылмауы да мүмкін.

Кепілдік беруші несие берушінің талабына қарсы борышқор қоя алатын қарсылықтарды қоюға қақылы. Кепілдік беруші бұл қарсылықтарға құқығын, тіпті, егер борышқор олардан бас тартқан немесе өзінің қарызын мойындаған жағдайда да жоғалтпайды. Бұл норма үлесті міндеттемедегі борышқордың өзі қатыспайтын өзге қатысушылардың қатынастарына негізделген қарсылықтарын несие берушіге қоя алмайтындығы туралы жалпы ережеден басқалай болатын жағдай болып табылады.

Міндеттемені орындаған кепілдік берушіге несие берушінің осы міндеттеме жөніндегі барлық құқықтары және кепіл ұстаушы ретінде несие берушіге тиесілі құқықтар кепілдік беруші несие берушінің талабын қанағаттандырған көлемде көшеді. Кепілдік беруші, сондай-ақ, борышқордан несие берушіге төленген соманың айыпақысын және сыйақысын (мүддесін) төлеуді және борышқор үшін жауапкершілікке байланысты шеккен өзге де залалдардың орнын толтыруды талап етуге қақылы.

Кепілдік беруші міндеттемені орындағаннан кейін несие беруші борышқорға қойылған талапты куәландыратын құжаттарды кепілдік берушіге тапсыруға және осы талапты қамтамасыз ететін құқықтарды беруге міндетті. Егер несие беруші оларды беруден бас тартатын болса, онда кепілдік беруші оны сот тәртібімен мәжбүрлеуге құқылы болады.

Кепіл болушы дәл осындай құқықтарға борышқордың несие беруші алдындағы міндеттемесін өзі орындаған бөлігінде ие болады. Қайта орындаудың алдын алу үшін борышқор кепілдік берушіге немесе кепіл болушыға бұл туралы дереу хабарлауға міндетті. Егер мұндай хабарды алғаннан кейін кепілдік беруші міндеттемені орындайтын болса, онда кері талап қою құқығынан айырылады. Олай



болмаған жағдайда өз кезегінде міндеттемені орындаған кепілдік беруші немесе кепіл болушы несие берушіден негізсіз алынғанды өндіріп алуға қақылы болады.

Кепілдіктің және кепіл болушылықтың тоқтатылуы ҚР АҚ 336-бабымен реттеледі. Негізгі міндеттемеге қатысты олар қосымша сипатта болатындықтан, олар негізгі міндеттемемен бірге тоқтатылады. Міндеттеме кепілдік беруші мен кепіл болушының жауапкершілігін соңғылардың келісімінсіз арттыруға немесе өзге де қолайсыз салдарға әкеліп соқтыратындай өзгерген жағдайда тоқтатылады.

Кепілдік және кепіл болушылық, егер кепілдік беруші немесе кепіл болушы несие берушіге жаңа борышқор үшін жауап беруге келісім бермесе, кепілдікпен немесе кепіл болушылықпен қамтамасыз етілген міндеттеме жөніндегі борышты басқа жаққа ауыстырумен тоқтатылады. Талап ету құқығын беру кезінде заңи күші сақталынады.

Кепілдік және кепіл болушылық, егер олар өздері қамтамасыз еткен міндеттемені орындау мерзімінің басталуына қарай борышқор немесе кепілдік беруші мен кепіл болушы ұсынған тиісті дәрежедегі орындауды қабылдаудан несие беруші бас тартса тоқтатылады.

Кепілдік және кепіл болушылық оларға кепілдік немесе кепіл болушылық шартында көрсетілген мерзім біткен кезде тоқтатылады. Егер мұндай мерзім белгіленбесе, егер несие беруші кепілдікпен немесе кепіл болушылықпен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау мерзімі басталған күннен бастап бір жылдың ішінде кепілдік берушіге немесе кепіл болушыға қуыным жасамаса, ол тоқталады. Негізгі міндеттеменің орындалу мерзімі көрсетілмеген және белгілеуге болмайтын немесе талап етуімен белгіленген кезде, кепілдік және кепіл болушылық егер несие беруші кепілдік берушіге немесе кепіл болушыға кепілдік немесе кепіл болушылық шарты жасалған күннен бастап екі жылдың ішінде қуыным жасамаса, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, кепілдік пен кепіл болушылық тоқтатылады. Бұл мерзімдердің барлығы кесімдік болыр табылғандықтан, олар бойынша талап қою мерзімі қалпына келтірілмейді.

### **Ұстап қалу**

ҚР 12.01.07 Заңымен ҚР АҚ ұстап қалу туралы 6 параграф енгізілген болатын. 338-1 бап бойынша: борышқорға не борышқор көрсеткен тұлғаға берілуге тиіс зат қарамағында болған несие беруші, борышқор осы заттың құнын төлеу немесе несие берушіге оған байланысты шығындар мен басқа да залалдарды өтеу жөніндегі міндеттемені мерзімінде орындамаған жағдайда, тиісті міндеттеме орындалғанға дейін оны ұстап қалуға құқылы.

Заттың құнын төлеуге немесе оған шыққан шығындарды және басқа да залалды өтеуге байланысты болмаса да, кәсіпкер ретінде әрекет ететін тараптардың міндеттемелерінен туындайтын талаптар да затты ұстап қалу арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін екендігі аталған әдісті қолданудың бір мысалы болып табылады.

Несие беруші өзіндегі зат иелігіне түскеннен кейін де оны иелену құқығын үшінші тұлғаның алғанына қарамастан, ол затты ұстап қала алады.

Бұл нормалардың барлығы диспозитивті болып табылады және тараптар шартта басқалай да көздеуі мүмкін.

ҚР АҚ 338-2 бабы ұстап қалынған мүлік есебінен талаптарды қанағаттандыруға арналған. Нақтырақ айтқанда, затты ұстап қалушы несие берушінің талаптары кепілмен қамтамасыз етілген талаптарды қанағаттандыру үшін көзделген көлемде және тәртіппен заттың құнынан қанағаттандырылатындығына арналған.

### **Кепіл**

Міндеттемеге сәйкес несие берушінің (кепіл ұстаушының) борышқор кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған ретте кепілге салынған мүлік құнынан осы мүлік тиесілі адамның (кепіл берушінің) басқа несие берушілердің алдында артықшылықпен қанағаттандырылуға құқығы бар міндеттемені атқаруының осындай әдісі кепіл деп танылады ҚР АҚ 299 бабы).

Кепіл әдетте, ақшалай міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді. Мысалы, банктік заем шартының қайтарылуы. Сонымен бірге, заңның мәніне орай кепіл міндеттеменің заттай орындалуын да қамтамасыз ете алады. Мысалы, жалға алу шарты.

Кепіл міндеттемелерінің тараптары болып табылады:

**кепіл ұстаушы** – мүлікке қатысты кепіл құқығын иеленеді;

**кепіл беруші** – ол кепілге мүлікті ұсынады және ол ретінде борышқордың өзі не үшінші тұлға болуы мүмкін. Кепіл беруші әдетте, мүліктің иесі болады. Сондай-ақ мүлікті шаруашылық жүргізу құқығында иеленетін тұлға да меншік иесінің келісімімен кепіл беруші бола алады. Кепіл беруші ретінде аталған құқықты пайдаланушы да бола алады. Мысалы, жер пайдаланушы. Жалға алушы жалға алу құқығын мүлік иесінің келісімімен ғана кепілге бере алады.

Кепіл пәні ретінде мүлікті алдын ала бөлу және борышқор міндеттемені орындамаған ретте несие беруші-кепіл ұстаушы өзінің талабын кепілге салынған мүлік есебінен борышқордың басқа не-

сие берушілерінің алдында басымдылықпен қанағаттандыра алуы кепілдің мақсаты болып табылады.

Демек, борышқор кепілге салынған мүлікті жоғалуы мүмкін, яғни міндеттемені орындамаған ретте ол сауда арқылы сатылуы мүмкін. Сонымен, аталған мүлікті жоғалту қаупімен ол міндеттемені орындауға ынталана түседі. Дәл осы кепілге жоғары тиімділікті ұсынады. Өйткені орындау үшін қажетті қаражат борышқорда болмай қалуы мүмкін айып төлеу мен кепілдікке қарағанда, кепілде мүлік алдын ала белгілі болады және несие беруші тарапынан аталған мүліктен өндіріп алу мүмкіндігі сақталады.

Кепіл пәні кейде жоғалуы немесе бүлінуі мүмкін. Несие берушінің мүдделерінің бұзылуына жол бермеу үшін кепілге салынған мүлікті сақтандыруға болады. Сақтандыру жағдайы орын алған ретте несие беруші сақтандыру төлемі сомасынан қанағаттандыру алуға басқа несие берушілерге қарағанда басым құқықты иеленеді. Кепілге салынған мүліктің кімнің пайдасына сақтандырылғаны маңызды емес.

Кепілшарттан немесе заңнамалық актіден туындайды және онда қай мүліктің, қандай талапты қамтамасыз етуге берілетіндігі тікелей көрсетілуі тиіс.

**Кепіл туралы шарт** жазбаша түрде жасалуға тиіс. Бұл талапты сақтамау шарттың жарамсыздығына әкеледі. ҚР АҚ 307-бабында кепіл туралы шарттың елеулі ережелері берілген және бұлар болмаған ретте шарт жарамсыз деп танылады. Оларға мыналар жатады: 1) кепіл пәні және оның бағасы; 2) негізгі міндеттеменің сипаты, мөлшері және оны орындау мерзімі; 3) кепіл пәнінің қай тарапта болатындығына және оны қолдануға жол берілетіндігіне сілтеме. Айналымнан алынған, сондай-ақ жеке тұлғамен тығыз байланысты талаптарды (алимент алу, өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянның өтемақысы) қоспағанда, кез келген мүлік кепіл пәні бола алады. Сондай-ақ, мүліктік құқықтар мен ақша да кепіл пәні бола алады. ҚР АҚ 301-бабының 4-тармағына сәйкес кепіл пәні болып табылатын ақша банкте орналастырылуы тиіс. Жеке мүліктік емес құқықтар кепіл пәні бола алмайды. Мүліктердің кейбір түрлерінің кепіліне заңнамалық актілермен тыйым салынған немесе шектелінген. Мысалы, бірінші қажеттілік заттарынан және азаматтың киім-кешегінен өндіріп алуға жол берілмейді. Демек, оларды кепілге салуға болмайды.

Кепіл құқығы болашақта кепілге салушының меншігіне немесе

шаруашылық иелігіне түсетін мүлікке шарт бойынша қолданылуы мүмкін, мысалы, пәтер алуға берілген заем сомасының қамтамасыз етілуі.

ҚР АҚ 307-бабында қарастырылған кепіл туралы шарттың ережелер тізімі түпкілікті емес. Басқа заңнамалық актілермен кепіл туралы шарттың өзге де міндетті ережелері қарастырылуы мүмкін. Мысалы, «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» ҚР Заңы кепілге салынған мүліктің орналасқан жері, кепіл берушінің аты-жөні және тұрғылықты жері туралы деректердің көрсетілуін талап етеді.

ҚР АҚ 308-бабы мүліктің кейбір түрлерінің кепілін мемлекеттік тіркеудің міндеттілігін бекітеді. Мысалы, жылжымайтын мүліктің кепілі, автокөлік құралдарының кепілі тіркелуге тиіс. Сонымен қоса, мүліктің кейбір түрлерінің кепілі ерекше тәртіпте рәсімделуі мүмкін. Атап айтқанда, ломбардтағы кепіл, кепіл билетін ұсыну арқылы рәсімделеді, ал жылжымайтын мүліктің кепілі ипотекалық куәлікті беру арқылы рәсімделеді.

ҚР АҚ 303-бабында кепілдің түрлері бекітілген. Ең алдымен, кепіл пәніне қарай заттардың және құқықтардың кепілін ажыратқан жөн. Заттардың кепілі өз кезегінде, ипотекаға және кепілзатқа жіктелінеді.

**Ипотека** – кепілге салынған мүлік кепіл салушының немесе үшінші бір жақтың иелігінде және пайдалануында қалатын кепіл түрі. Кәсіпорындар, құрылыстар, үйлер, ғимараттар, көп пәтерлі үйдегі пәтерлер, көлік құралдары, ғарыш объектілері, айналымдағы тауарлар және азаматтық айналымнан алынбаған басқа да мүлік ипотека мәні бола алады. Пәні тұрғысынан алғанда, ҚР АҚ ипотека тек жылжымайтын мүліктің кепілі ретіндегі дәстүрлі еуропалық түсініктен ерекшеленеді.

**Кепілзат** – кепілге салынған мүлікті кепіл беруші кепіл ұстаушының иелігіне беретін кепіл түрі. Кепіл ұстаушының келісімімен кепілге салынған зат кепіл ұстаушының құлпы салынып, мөрі басылып, кепіл салушыда қалдырылуы мүмкін. Кепіл мәні кепіл туралы куәландырылатын белгілер салынып (анық кепіл), кепіл берушінің иелігінде қалдырылуы мүмкін. Бұл ретте, кепіл ұстаушы мүлікті ұстау және оны қорғау жөніндегі шығындардан босатылады. Дегенмен кепіл берушінің адал емес болып шығуына қатысты жоғары тәуекелге барады.

Құқықтарды кепілге салу кезінде иеліктен айырылуы мүмкін мүліктік құқықтар, атап айтқанда, жалға беру құқықтары, шаруашылық

серіктестік мүлкіндегі үлеске құқық, борыштық талап қою, авторлық құқықтар және т.б. кепіл мәні болып табылады. Кепілдің пәні кепіл құқығының өзі, яғни қайта кепілге салу болуы мүмкін.

Мерзімді құқық оның әрекет жасау мерзімі біткенге дейін ғана кепіл мәні бола алады. Егер кепілге салынатын құқық құжатпен расталатын болса, кепілшарты құқық белгілеуші құжатты беру арқылы ресімделуі мүмкін.

Бағалы қағаздар кепіл пәні болған ретте, олар кепіл ұстаушыға беріледі не банкте орналастырылады.

Ортақ меншікті құрайтын мүлік кепілге барлық меншік иелерінің келісуімен ғана берілуі мүмкін.

Жалпы ережеге сәйкес кепіл талапты оның нақты қанағаттандырылатын кезіндегі көлемді, яғни сыйақыны (мүддені) қоса алғанда, орындау мерзімін өткізіп алу арқылы келтірілген шығындардың өтелуін, айып (айыппұл, өсім) салуды, кепілге салынған мүлікті ұстау жөніндегі қажетті шығындарды, сондай-ақ өндіріп алу жөніндегі шығындарды өтеуді қамтамасыз етеді. Кепілге салынатын мүліктің құны негізгі борыштың сомасынан асып тұруы тиіс. Егер борыштың сомасы кейіннен ұлғаятын болса (мысалы, сыйақы мөлшеріне), онда несие беруші борыштың қайта қалыптасқан бөліктерін жабу үшін кепілге салынған мүліктің құнының есебінен өндіріп алуға құқылы.

Заңнамалық актілерде немесе шартта өзгеше бекітілуі мүмкін.

Кепіл туралы шарттағы тараптардың құқықтары мен міндеттері:

Кепіл ұстаушыға оның иеленуіне берілген кепілге салынған мүлікті сақтандыру міндеті шартпен немесе заң құжаттарымен жүктелуі мүмкін. Кепіл берушінің пайдалануында қалатын кепілге салынған мүлікті сақтандыру кепіл берушіге жүктеледі.

Кепіл беруші немесе кепіл ұстаушы кепілге салынған мүлік олардың қайсысында екеніне қарай, кепілге салынған мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қолдануға міндетті және мұны орындамаған ретте туындаған шығындарға жауапкершілікке тартылу тәуекелін көтереді. Кепіл ұстаушы және кепіл беруші басқа тарапта тұрған кепілге салынған мүлікті құжаттар бойынша және оның іс жүзінде бар екендігін, көлемін, жай-күйін және сақталу жағдайын тексеруге құқылы.

Кепіл ұстаушының кінәсінен кепілге салынған мүліктің жоғалуы немесе бүліну қаупі туған жағдайда кепіл беруші кепілдің мерзімінен бұрын тоқтатылуын талап етуге құқылы.

Егер кепіл туралы шартта өзгеше көзделмесе, кепіл беруші кепілге салынған мүліктің кездейсоқ қирау немесе бүліну тәуекелін мойнына алады.

Кепіл ұстаушыға берілген мүлік толық немесе ішінара жоғалған немесе бүлінген ретте кепіл ұстаушының кінәлілігі презумпциясы қолданылады. Ол өзінің кінәсінің жоқ екендігін дәлелдей алған ретте ғана жауапкершіліктен босатылады. Кепіл ұстаушы кепілге салынған нәрсенің жоғалғаны үшін оның нақты құны мөлшерінде, ал оның зақымданғаны үшін кепілге салынған нәрсенің кепіл ұстаушыға оны берген кезде бағаланған сомасына қарамастан, осы құн төмендеген сома мөлшерінде жауап береді.

Кепіл беруші кепілге салынған мүлікті, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе (мысалы, айналымдағы тауарларды кепілге салу), кепіл ұстаушының келісімімен ғана ауыстыра алады.

Егер кепілге салынатын нәрсе жойылса немесе бүлінсе, кепіл беруші оны қалпына келтіруге немесе оны басқа бір сондай мүлікпен алмастыруға құқылы. Бұл оның міндеті емес, құқығы болып табылады. Кепіл беруші өзінің осы құқығын қолданған ретте кепіл ұстаушы басқа мүлікті қабылдауға міндетті.

Ипотека кезінде меншік иесі ретіндегі кепіл беруші кепілге салынған мүлікті пайдалануға құқылы. Алайда, шартта егер, мүлікті пайдалану оның нашарлауына немесе құнының төмендеуіне әкелетін болса, мұндай пайдалануға тыйым салынуы не шектеу қойылуы мүмкін. Кепіл пәніне тек, кепіл беруші ғана билік ете алады, ал кепіл ұстаушы оның бұл өкілеттілігін тек шектей алады. Мысалы, шартта кепіл беруші кепіл пәніне тек, кепіл ұстаушының келісімімен ғана билік ете алатындығы көзделуі мүмкін. Кепіл ұстаушы ешбір жағдайда кепіл пәніне билік ете алмайды, ал егер шартта рұқсат етілсе, пайдалана алады.

Кепіл ұстаушы кепілге салынған мүлікті өзгенің заңсыз иелігінен тіпті, кепіл берушінің өзінен талап етуге құқылы. Бұдан кепілдің заттық-құқықтық сипаты айқын көрінеді. Демек, кепіл ұстаушы өзін меншік иесі сияқты ұстайды және иеліктен айыруға байланысы жоқ өзінің кепіл құқығына болатын кедергілерді алып тастауды талап ете алады.

Егер борышқор өзінің міндеттемесін бұзса, кепілге салынған мүліктен ақы өндіріп алуға жол беріледі. Бірақ бұл кепіл ұстаушының міндеті емес, құқығы болып табылады. Ол өзінің талабын қанағаттандырудың өзге бір әдісін таңдауы мүмкін.

Несие берушінің талаптарын қанағаттандыру сот тәртібімен жүргізіледі. Егер, заңнамалық актілерде немесе шартта көзделген ретте соттан тыс тәртіп орын алуы мүмкін. Мысалы, ҚР АҚ 318-бабында кепіл ұстаушы кепілге салынған мүлікті соттан тыс күштеу тәртібімен өз бетімен сатуға құқылы екендігі бекітілген.

Несие беруші талабы мен кепілге салынған мүліктің құны сәйкес келмеген ретте егер, борышқордың бұзушылығы болмашы ғана болса, заң кепіл берушінің мүдделерін қорғайды. Борышқордың өтініші бойынша сот кепіл пәнінен өндіріп алуды қанағаттандырудан бас тартуы мүмкін.

Соттың шешімі бойынша кепілге салынған мүлікті сату жария сауда арқылы жүргізіледі. Сатудың ерекшеліктері ҚР АҚ 319-бабында және «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» ҚР Заңында айқындалған. Егер сату соттан тыс тәртіпте жүргізілсе, онда сауданы кепіл ұстаушының өкілі жүргізеді.

Кепіл ұстаушы кепілге салынған мүлікті сауда өткізбестен, өз меншігіне тек айрықша жағдайларда ғана айналдыра алады. Мысалы, екіден аз сатып алушылардың қатысуына байланысты сауда өткізілмей қалса. Тіпті, бұл жағдайдың өзінде ол жаңа сауданың өткізілуін талап ете алады.

Сатудан кейін түскен қаражат есебінен несие беруші өзінің талаптарын қанағаттандыра алады. Егер кепілге салынған мүлікті өткізу кезінде түскен сома кепіл ұстаушының талаптарын өтеуге жеткіліксіз болса, жеткіліксіз соманы борышқордың басқа мүлкінен кепілге негізделген артықшылықты пайдаланбай-ақ алуға құқылы.

ҚР АҚ 321 және 322-баптарында кепіл туралы шартты мерзімінен бұрын тоқтату жағдайлары қарастырылған. Кепілге салынған мүлік кепіл берушіден басқа адамға көшкен ретте кепіл құқығы сақталып қалады. Егер кепілге салынған мүлік ортақ меншікке түссе, онда кепіл беруші тарапынан болатын тұлғалардың көптілігі орын алады және ол үлестік болып табылады.

Кепілдің кейбір түрлерін заң шығарушы ҚР АҚ жекелеген баптарында реттеуді жөн санаған. Бұл айналымдағы тауарларды кепілге салу (327-бап) және заттарды ломбардқа кепілге салу (328-бап).

ҚР АҚ 303-бабының 5-тармағына сәйкес егер кепіл туралы шартта өзгеше көзделмесе, кепіл нысанасы болып табылатын ақша банкке орналастырылады. Осы ақша үшін алынатын сыйақы (мүдде) кепіл ұстаушыға тиесілі болады. Ақша кепіл ұстаушыға немесе өзге тұлға кепіл ақшаны пайдалану мүмкіндігін шектейтін шарттарды сақтаған

кезде (банк сейфіне, сейфтің ұяшығына, сақтауға арналған жеке үй-жайда сақтауға беру) осы тұлғаға берілуі мүмкін. Осындай тұлғаның кепіл ақшаны пайдалану жөніндегі шектеулерді орындамауы оның ақша берілген кезден бастап негізсіз байығаны үшін жауаптылығына негіз болып табылады.

ҚР АҚ 319-бабында былай делінеді: ақшаны және ақшалай міндеттеме бойынша құқықтарды (талаптарды) кепілге беру кезінде – кепілге қойылған осы мүлікті өткізу кепіл нысанасы болып табылатын немесе ақшалай міндеттеме бойынша кепілге қойылған құқықтар (талаптар) бойынша тиесілі ақшаны кепіл ұстаушыға беру жолымен, ал кепіл нысанасына өндіріп алу қолданылған кезде ақшаны беру мүмкін болмаған жағдайда кепіл берушінің кепіл нысанасына құқықтарын кепіл ұстаушыға ауыстыру жолымен жүргізіледі.

Егер кепіл нысанасы болып табылатын ақша сомасы кепіл ұстаушының кепілмен қамтамасыз етілген талаптарының мөлшерінен асып кетсе, айырма кепіл берушіге қайтарылады. Кепіл ұстаушының талаптарын өтеу үшін ақша сомасы жетпеген жағдайда, заңнамалық актілерде немесе шартта өзгеше нұсқау болмаған ретте, ол кепілде негізделген артықшылықтарды пайдаланбай, жетпеген соманы борышкердің басқадай мүлкінен алуға құқылы.

## **10.5. Міндеттеменің бұзылғандығы үшін жауаптылық**

**Азаматтық-құқықтық жауаптылық** – бұл шартпен немесе заңмен көзделген өзіне жүктелген міндеттемелерді бұзған борышкерге қолданылатын мүліктік өндіріп алу.

ҚР АҚ 349-бабына сәйкес міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) – тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі. Тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда борышқор бұл туралы несие берушіге дереу хабарлауға міндетті.

Міндеттемені бұзғандығы үшін борышқорды жауапқа тарту несие берушінің талап етуі бойынша жүргізіледі.

Жауаптылықтың нысаны мен мөлшері.

Шығындарды өтеу;

Айып төлеу;

Борышқордың жеке-дара анықталған затын алу.



Міндеттемені бұзған борышқор несие берушіге келтірілген залалдардың орнын толтыруға міндетті. Залалдардың ұғымы ҚР АҚ 9-бабының 4-тармағында берілген.

1) Нақты нұқсан – құқығы бұзылған адам жасаған немесе жасауға тиісті шығыстар, оның мүлкінің жоғалуы немесе зақымдануы;

2) Айырылып қалған пайда – сол адамның құқығы бұзылмаған болса, дағдылы айналым жағдайында оның алуына болатын, бірақ алынбай қалған табыстары залалдар деп түсініледі.

Міндеттеменің бұзылуынан туындаған залалдың орнын толтырудан борышқорды босату жөніндегі тараптардың міндеттеме бұзылғанға дейін қабылдаған келісімі жарамсыз болады, алайда тараптар өзара келісім бойынша мүліктегі нақты келтірілген зиянды ғана өндіріп алуды көздеуі мүмкін.

Егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, залалды анықтаған кезде, міндеттеме орындалуға тиісті жерде, борышқор несие берушінің талабын өз ықтиярымен қанағаттандырған күні, ал егер талап ерікті түрде қанағаттандырылмаса, талап арыз берілген күні қолданылған баға назарға алынады. Мән-жайды негізге ала отырып, сот шешім шығарған күні не нақты төлем төленген күні қолданылған бағаны назарға ала келіп, залалдың орнын толтыру туралы талапты қанағаттандыра алады.

Айырылып қалған пайданың мөлшерін анықтаған кезде оны алу үшін несие беруші алдын ала қолданған шаралар және осы мақсатта жасалған дайындықтар ескеріледі.

Егер мұның өзі міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершіліктен жалтару мақсатымен жасалғанын дәлелдесе, несие беруші борышқордың, сондай-ақ оның мүлік иесінің кез келген іс-әрекетін жарамсыз деп таныуды талап етуге құқылы.

ҚР АҚ 351-бабында айып төлеудің шығындарға қатынасына қарай оның төрт түрі белгіленеді:

1) есепке жатқызу айып төлеуі – айып төлеуде және шығында өндіріледі, бірақ соңғысы айып төлеумен жабылмаған бөлігінде өндіріледі;

2) айыппұлдық айып төлеу – толықтай көлемде бір мезетте шығындар мен айып төлеуді өндіріп алады;

3) балама айып төлеу – несие берушінің таңдауы бойынша не айып төлеу не шығындар өндіріліп алынады;

4) айрықша айып төлеу – тек айып төлеу ғана өндіріліп алынады.

Соңғы үшеуі заңнамада немесе шартта қарастырылуы мүмкін.

Міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісті дәрежеде орындалмағаны үшін шектелген жауаптылық белгіленген жағдайларда айып төлеу арқылы жабылмаған бөлігінде, не одан тыс, не оның орнына өтелуге жататын залал осындай шектелумен белгіленген шекке дейін өндіріп алынуы мүмкін.

Міндеттеменің бұзылғандығы үшін жауапкершілік нысаны ретіндегі залалдар мен айып төлеудің айырмашылығы

Міндеттеменің осы түрі жайлы заңда және шартта қарастырылмағанымен, залалдарды өндіріп алу міндеттеменің бұзылғандығы үшін жауапкершіліктің жалпы нысаны ретінде қолданылуы мүмкін. Ал айып төлеу, егер құқықбұзушылықтың осы түрі үшін заңда немесе шартта белгіленсе ғана өндіріліп алынады. Осы ретте, шарттық айып төлеу – жарамсыздық қаупімен, жазбаша нысанда жасалынуы тиіс.

Залалдардың мөлшері міндеттемені бұзу салдарынан келтірілген шығынға байланысты болады. Айып төлеудің мөлшері алдын ала шартта немесе заңда айқындалады. Айып төлеудің мөлшері залалдың мөлшеріне байланысты болмайды.

Айып төлеуді өндіріп алу үшін залалдың мөлшерін айқындау талап етілмейді. Ал залалды өндіріп алу үшін бұл қажет болады. Міне, осылайша, айып төлеуді өндіріп алу үшін несие беруші себепті байланыс пен залалдың мөлшерін дәлелдеуге міндетті емес. Тек бұл ретте борышқордың міндеттемені бұзғандығы ғана дәлелденуі тиіс.

Залалдарды өндіріп алу талаптарына қарағанда, дәлелдеудің қарапайымдылығына байланысты айып төлеуді өндіріп алу туралы талаптар тәжірибеде жиірек қойылады.

Міндеттеменің бұзылуынан келтірілген моральдық зиянды өндіріп алу азаматтық-құқықтық жауаптылықтың ерекше нысаны болып табылады.

Моральдық зиян – жеке және заңды тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы, соның ішінде жәбірленушінің өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы салдарынан басынан кешірген (төзімін тауысқан, уайымға салған) жан азабы немесе тән азабы (қорлау, ызаландыру, қысым жасау, ашуландыру, ұялту, түңілту, тән қиналуы, залал шегу, қолайсыз жағдайда қалу және т.б.).

Міндеттеменің бұзылуынан келтірілген моральдық зиян залалдарға қоса өтеледі. Оны өндіру ережелері Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының 2001 жылдың 21 маусымындағы «Моральдық

зиянды өндіру туралы заңнаманы соттардың қолдану туралы» №3 нормативтік қаулысымен айқындалған.

Зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан моральдық зиян мына жағдайларда, егер:

1) зиян азаматтың өмірі мен денсаулығына жоғары қауіптілік көзі арқылы келтірілсе;

2) зиян азаматқа оның заңсыз сотталуының, заңсыз қылмыстық жауапқа тартылуының, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алуды, үйде қамауда ұстауды немесе ешқайда кетпеуі туралы қолхат алуды қолданудың, қамауда ұстау, психиатриялық емдеу мекемесіне немесе басқа емдеу мекемесіне орналастыру түрінде әкімшілік жаза- ны заңсыз қолданудың салдарынан келтірілсе; P01003S

3) зиян ар-ожданына, қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер тарату арқылы келтірілсе;

4) заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда өтеледі.

Заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтың мүлктік құқықтарын бұзатын әрекеттер (әрекетсіздік) арқылы келтірілген моральдық зиян өтелуге жатпайды.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікте жиі қолданылатын нормалардың бірі, ол ҚР АҚ 353 бабындағы **«Басқаның ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік»** болып табылады.

Ақша міндеттемесін орындамау салдарынан біреудің ақшасын заңсыз пайдаланғаны не оларды төлеу мерзімін өткізіп жібергені, не оларды негізсіз алғаны немесе басқа адамның есебіне сақтағаны үшін тұрақсыздық айыпақы төленуге тиіс. Айыпақының мөлшері ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындаған күнгі ҚР Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасы негізінде есептеледі.

Борышты сот тәртібімен өндіріп алу кезінде сот несие берушінің таңдауы бойынша ҚР Ұлттық Банкінің қуыным жасалған немесе шешім шығарылған немесе іс жүзінде төленген күнгі қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып, несие берушінің талабын қанағаттандыра алады. Егер заң құжаттарында немесе шартта айыпақының өзге мөлшері белгіленбесе, осы ережелер қолданылады.

Басқаның ақшасын пайдаланғаны үшін айыпақы, егер заңдарда немесе шартта айыпақы сомаларын есептеудің өзге тәртібі белгіленбесе, бұл ақшаның сомасы несие берушіге төленген күнге дейін өндіріліп алынады.

Егер несие берушінің ақшасын заңсыз пайдаланудан оған келтірілген залал оған тиесілі айыпақының сомасынан асып кетсе, ол борышқордан осы сомадан асатын бөлікте залалды өтеуді талап етуге құқылы.

*Жауапкершілік және міндеттемені заттай орындау*

Міндеттеме тиісті дәрежеде орындалмаған жағдайда айып төлеу және залалдарды өтеу, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, борышқорды міндеттемені орындаудан босатпайды.

Міндеттеме орындалмаған жағдайда залалды өтеу және оны орындамағаны үшін айып төлеу, егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, борышқорды міндеттемені заттай орындаудан босатады.

Мерзімі өтіп кеткендіктен өзі үшін енді керегі болмай қалған міндеттеменің орындалуынан несие берушінің бас тартуы, сондай-ақ бас тарту төлемі ретінде белгіленген ақшалай соманы төлеу борышқорды міндеттемені заттай орындаудан босатады.

*Белгілі бір затты жеке беру міндеттемесін орындамаудың салдары*

Белгілі бір затты меншікке, шаруашылық жүргізуге, жедел басқаруға немесе несие берушінің пайдалануына жеке беру міндеттемесін орындамаған жағдайда, бұл затқа үшінші жақтың артықшылық құқығы болмаса, несие беруші оны борышқордан алып қоюды және несие берушіге беруді талап етуге құқылы.

Затты беру борышқорды залалдың орнын толтырудан босатпайды.

*Міндеттемені борышқордың есебінен орындау*

Борышқор затты жасап, несие берушіге беру немесе оған белгілі бір жұмыс жасап беру немесе қызмет көрсету міндеттемесін орындамаған жағдайда заңдардан, шарттан немесе міндеттеменің мәнінен өзгеше туындамайтындықтан, несие беруші міндеттемені орындауды үшінші адамдарға ақылға қонымды бағаға ақылға қонымды мерзімде тапсыруға немесе оны өз күшімен орындауға және шыққан қажетті шығындар мен басқа залалдарды өтеуді борышқордан талап етуге құқылы.

ҚР АҚ жауапкершіліктің субсидиярлық жауапкершілік сияқты түрін қарастырады.

Заңдарға немесе міндеттеменің шарттарына сәйкес негізгі борышқор болып табылатын (**субсидиялық жауапкершілік**) басқа адамның жауапкершілігіне қосымша жауапты болатын адамға талап қойғанға дейін кепіл беруші талапты негізгі борышқорға қоюға тиіс.

Егер негізгі борышқор несие берушінің талабын қанағаттандырудан бас тартса, не оны толық орындамаса немесе несие беруші одан қойылған талапқа ақылға қонымды мерзімде жауап алмаса, бұл талаптың орындалмаған бөлігі субсидиялық жауапкершілігі бар адамға қойылуы мүмкін.

Егер бұл талап негізгі борышқорға қарсы қойылған талапқа жатқызу арқылы қанағаттандырылуы мүмкін болса, несие беруші өзінің негізгі борышқорға қоятын талабын субсидиялық жауапкершілігі бар адамның қанағаттандыруын талап етуге құқылы емес.

Субсидиялық жауапкершілігі бар адам оған несие беруші қойған талапты қанағаттандыруға дейін бұл туралы негізгі борышқорға ескертуге, ал егер мұндай адамның үстінен талап арызы түссе, негізгі борышқорды іске қатыстыруға тиіс.

Олай болмаған жағдайда негізгі борышқордың несие берушіге қарсы айтайын деген қарсылықтарын субсидиялық жауапкершілігі бар адамның регрестік талабына қарсы қоюға құқығы бар.

ҚР АҚ 358-бабы міндеттемелер жөніндегі жауапкершіліктің мөлшерін шектеуге рұқсат етеді. Міндеттеменің кейбір түрлері бойынша және қызметтің белгілі бір түрлеріне байланысты міндеттемелер бойынша заң құжаттары залалды толық өтеу құқығын шектей алады (шектелген жауапкершілік).

Егер міндеттемелердің осы түрі немесе осындай құқықбұзушылық үшін жауапкершілік мөлшері заңдармен белгіленген болса, қосылу шарты бойынша немесе тұтынушы ретіндегі азамат несие беруші болып табылатын өзге шарт бойынша борышқордың жауапкершілік мөлшерін шектеу жөніндегі келісім жарамсыз болады.

*Кінә және міндеттеменің бұзылғандығы үшін жауапкершілік*

Кінә міндеттеменің бұзылғандығы үшін орын алатын жауапкершіліктің негізі болып табылады. Борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді.

Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

**Кәсіпкерлік** қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі **төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың** (дүлей құбылыстар,

соғыс қимылдары және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Зандарда немесе шартта жауапкершіліктің және одан босатылудың өзге негіздері ескерілуі мүмкін. Міндеттемені қасақана бұзғаны үшін жауапкершілікті жою немесе шектеу туралы алдын ала жасалған шарт жарамсыз болады.

Кінәсіз жауапкершілік туралы ереже кәсіпкерлік тәуекел туралы ережемен байланысты болады. Міндеттемедегі кәсіпкерлік тәуекел келесідей түрде ескерілген: егер міндеттемеде кәсіпкердің тапсырысы бойынша әлдебір жұмысты орындау көзделсе, жұмыстың нәтижесін пайдаланудың мүмкін еместігі немесе оны пайдаланудың тиімсіз болу тәуекелі кәсіпкерге жүктеледі. Жұмысты тиісті дәрежеде орындаған адам, егер шартта өзге кәсіпкерлік тәуекелді бөлу көзделмесе, орындау дәрежесіне сәйкес ақы алуға құқылы (ҚР АҚ 360-бап).

Егер екіжақты шартта тараптардың бірде-бірі жауап бермейтін мән-жайдың салдарынан тараптардың біреуі үшін міндеттемені орындауға мүмкіншілік болмаса, заң құжатында немесе шартта өзгеше көзделмегендіктен, шарттың орындалуын тараптардың ешқайсысының да талап етуге құқығы жоқ. Мұндай жағдайда тараптардың әрқайсысы өзі орындағанның бәрін қайтаруды тиісті қарсы орындауды алмай-ақ талап етуге құқылы.

Азаматтық Кодексте өзге адамның кінәсі үшін жауапкершілік ету рұқсат етілген, мысалы, ҚР АҚ 362-бабында борышқордың өз қызметкерлері үшін жауапкершілігі көзделген.

Борышқордың міндеттемесін орындау жөніндегі лауазымды адамдарының немесе өзге қызметкерлерінің әрекеттері борышқордың әрекеттері болып есептеледі. Борышқор бұл әрекеттер үшін, егер олар міндеттемені орындамауға немесе тиісті дәрежеде орындамауға әкеліп соқтырса, жауап береді.

Сонымен қатар, үшінші жақтардың борышқор алдындағы өз міндеттеріне қатысты әрекеті не әрекетсіздігі міндеттемені бұзудың себебі болғанда да, борышқор несие берушінің алдында жауап береді.

Егер зандарда тікелей орындаушы жауап береді деп белгіленбесе, борышқор несие беруші алдындағы өз міндетін жүктеген үшінші жақтардың әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін де жауап береді.

Борышқор үшінші жақтардың әрекеттерінен немесе әрекетсіз-

дігінен міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершіліктен олардың кінәсіздігі дәлелденгеннен кейін босатылуы мүмкін.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде борышқор үшінші жақтардың әрекеттерінен немесе әрекетсіздігінен міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершіліктен, егер оған дүлей күштер себепші болса, босатылады.

Үшінші жақтардың құқықтарымен міндеттеме нысанасын ауырлатуға байланысты міндеттеме бұзылғанда, егер ондай ауырлату несие берушімен шарт жасасқанға дейін пайда болса және несие берушіге ол туралы шарт жасасу кезінде ескертілсе ғана, борышқор жауапкершіліктен босатылады.

Міндеттеменің бұзылуында несие берушінің де кінәсі болуы мүмкін. Егер міндеттеменің орындалмауы немесе тиісті дәрежеде орындалмауы екі тараптың да кінәсінен болса, сот оған сәйкес борышқор жауапкершілігінің көлемін азайтады. Сот, егер несие беруші міндеттеменің орындалмауынан немесе тиісті дәрежеде орындалмауынан келтірілген залал көлемінің ұлғаюына қасақана немесе абайсызда себепкер болса немесе олардың азаюына ақылға қонымды шаралар қолданбаса, борышқор жауапкершілігінің мөлшерін де азайтады.

Орындауды кешіктірудің келесідей екі түрі де заңмен реттеледі:

а) борышқордың кешіктіруі, міндеттеменің орындалу мерзімін өткізіп алған борышқор несие берушінің алдында мерзімді өткізіп алу арқылы келтірілген залал үшін және мерзімін өткізіп алу кезінде туындаған кездейсоқтықтан орындай алмауының салдары үшін жауап береді. Егер борышқордың мерзімді өткізіп алуы салдарынан міндеттемені орындау несие берушіге керексіз болып қалса, ол міндеттемені орындауды қабылдаудан бас тартып, залалды өтеуді талап ете алады;

б) несие берушінің кешіктіруі. Егер несие беруші борышқор ұсынған тиісті дәрежедегі орындауды қабылдаудан бас тартса, немесе заңдарда немесе шартта көзделген, не іскерлік айналым дәстүрлерінен немесе аяқталғанға дейін борышқор өз міндетін атқара алмаған міндеттің мәнінен туындайтын әрекеттерді жасамаған болса, ол мерзімді өткізіп алған болып есептеледі.

Борышқордың міндеттемені орындағанын тиісті түрде растаудан бас тартқан жағдайда да несие беруші мерзімді өткізіп алған болып есептеледі.

Егер несие беруші мерзімді өткізіп алу, не өзі, не заңдар бойын-

ша немесе несие берушінің тапсыруымен міндеттеменің орындалуын қабылдап алу жүктелген адамдар жауап бермейтін жағдайларға байланысты болғанын дәлелдеп бермесе, несие берушінің мерзімді өткізіп алуы борышқорға мерзімді өткізіп алудан келтірілген залалдың орнын толтыруға құқық береді.

Мерзімді өткізіп алған несие берушіге мерзімді өткізіп алған кезде міндеттемені орындаудың кездейсоқ мүмкін болмай қалуының барлық қолайсыз салдары жүктеледі.

Ақшалай міндеттеме бойынша борышқор несие берушінің мерзімді өткізіп алғаннан кейінгі уақытына сыйақы (мүдде) төлеуге міндетті емес.

## 10.6. Міндеттемені тоқтату

Міндеттемелер белгілі бір уақытқа жарамды болады және өзі мақсатты сипатқа ие. Белгілі заңды фактілерге байланысты олар өз күшін жояды

Бұндай заңды фактілер міндеттемінің тоқтатылу негіздері деп аталады. Олар ҚР АҚ 21-тарауында бекітілген, ҚР АҚ 367-бабының 3-тармақшасында көзделгендей заңдармен немесе шартпен міндеттемелердің тоқтатылуының өзге де негіздері болуы мүмкін.

Жалпы ереже ретінде міндеттеме тараптардың келісімі бойынша тоқтатылады. Алайда, заңда қарастырылған негіздер бойынша біржақты тәртіпте де тоқтатылуы мүмкін. Өйткені шынтуайтында бұл міндеттемені орындаудан біржақты бас тарту болып табылады.

Міндеттеме тиісті дәрежеде орындалғанда тоқтатылады. Бұл дегеніміз несие беруші өзінің талаптарын толықтай қанағаттандырды және борышқор мен несие берушінің арасындағы құқықтық қатынас тоқтатылды дегенді білдіреді. Осы ретте, міндеттеме тиісті дәрежеде орындалған ретте ғана тоқтатылады.

ҚР АҚ 369-бабында көзделгендей, тек тараптардың келісімі бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін беру (ақша төлеу, мүлік беру және т.б.) арқылы міндеттеме тоқтатылуы мүмкін. Бас тарту төлемінің мөлшерін, мерзімдерін және тәртібін тараптар белгілейді. Бас тарту төлеміне біржақты тәртіпте жол берілмейді.

Міндеттеме мерзімі жеткен, не мерзімі көрсетілмеген немесе мерзімі талап ету кезімен белгіленген біртектес қарсы талапты **есепке жатқызу** арқылы толық немесе бөлік-бөлігімен тоқтатылады. Есеп-



ке жатқызуды жүргізу үшін екінші тараптың келісімі талап етілмейді және оны біржақты тәртіпте өзге тарапты жазбаша хабардар ету арқылы жүргізуге болады. Жүргізілген есепке жатқызумен келіспеген ретте өзге тарап оны сот тәртібімен даулауға құқылы болады

Міндеттемені новация арқылы тоқтату дегеніміз тараптардың арасындағы бір міндеттеменің жаңа бір міндеттемемен алмастырылуын білдіреді және бұл ретте, тараптардың арасындағы құқықтық қатынас өз күшін сақтап қалады. Новация – бұл тараптардың арасында болған бастапқы міндеттемені ауыстыру туралы келісіммен сол адамдардың арасындағы орындаудың өзге нысанасын немесе әдісін көздейтін басқа міндеттемемен алмастыру болып табылады ( ҚР АҚ 372-бап).

Жаңа міндеттеме басқа сипаттағы міндеттеме болып табылады және орындаудың өзге пәні немесе әдісін қамтуы мүмкін.

Азаматтың өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі және алимент төлеу жөніндегі міндеттемелерге қатысты жаңғыртылуға жол берілмейді.

Жаңа міндеттеме бойынша талап қою мерзімі новация туралы келісімді жасасу сәтінен басталады. Бұрынғы міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ететін барлық қосымша міндеттемелер (айып төлеу, кепіл) сонымен бірге тоқтатылады. Олардың сақталынуы тек, тараптардың келісімімен ғана орын алуы мүмкін. Жекелей сипаттағы міндеттемелерде новацияға жол берілмейді.

**Борышты кешіру** – несие берушінің міндеттемені орындаудан борышқорды босатуы болып табылады. Борышты кешіру екіжақты мәміле-шарт болып табылады. Несие берушінің мүлкіне қатысты өзге тұлғалардың құқықтарының бұзылуына әкелетін болса, онда бұған жол берілмейді. Мысалы, міндеттеме пәні болып табылатын ортақ меншікке қатысушылардың құқығы бұзылған ретте. Борышты кешіру борышқордың өзінің де мүддесін бұзуы мүмкін және осы себепті, ол борышты кешіруден бас тартуға құқылы.

**Орындауға мүмкіндік болмағандықтан** міндеттеменің тоқтатылуы ҚР АҚ 374-бабының ережелері бойынша жүзеге асырылады. Егер мүмкіндіктің болмауы борышқор жауап бермейтін жағдайлардан туындаса, орындауға мүмкіндік болмағандықтан міндеттеме тоқтатылады. Шын мәнінде, міндеттемені орындаудың мүмкін болмауы туралы норма өзінің кінәсі жоқ болған ретте жауапкершіліктен борышқорды босату жөніндегі ережені сипаттайды. Орындаудың мүмкін болмауы кездейсоқ және тараптардың еркінен

тыс туындайтын қандай да бір сыртқы мән-жайлардың себебімен орын алуы тиіс. Мысалы, бой бермейтін күш. Тек осы ғана кәсіпкерлік құқықтық қатынастардағы борышқорды орындаудан босатады. Өзге барлық міндеттемелерде орындаудың мүмкін болмауы борышқордың еркіне байланысты емес, кез келген кездейсоқ мән-жайлардың салдарынан туындауы мүмкін. Ақшалай міндеттемелер бұған қосылмайды және оны орындаудың мүмкін еместігімен тоқтатуға болмайды.

Мемлекеттік органдардың құжат (жария құжат) шығаруы салдарынан міндеттемені толық немесе ішінара орындау мүмкін болмаса, міндеттеме толық немесе тиісті бөлігінде тоқтатылады (ҚР АҚ 375-бабы). Мұндай актілер ретінде жергілікті өкілді және атқару органдарының, сондай-ақ жария актілерді атауға болады.

ҚР АҚ 376-бабына сәйкес **азаматтың қайтыс болуымен** келесідей екі түрін қоспағанда, оның барлық міндеттемесі тоқтатылмайды:

1) борышқордың жеке басымен ажырамастай байланысты міндеттеме;

2) орындау несие берушінің жеке өзіне арналса немесе борышқордың өзі жекелей орындауға тиіс болса.

Заңды тұлғаның қайта құрылуына қарағанда, оның **таратылуы** міндеттеменің тоқтатылуына әкеледі. Сонымен бірге, ҚР АҚ 377-бабында таратылған заңды тұлғаның міндеттемесін орындау заңдармен басқа заңды тұлғаға жүктелген жағдайларда, таратылатын заңды тұлғаның міндеттемесі тоқтатылмайды. Борышқор-мемлекеттік органның таратылуы оның міндеттемелерінің тоқтатылуына әкелмейді. Олар өз билігінде бюджет қаражаты бар органға ауысады.

## 10.7. Тапсырмалар

### 10-1 есеп

Заем шарты бойынша заем алушы уақытында төлемегені үшін әр күн сайын мерзімді өткізіп алғаны үшін 20% төлеймін деп міндеттенеді. Қарызының 75% өтегеннен кейін қалған соманы төлеуде заемшы мерзімін 3 ай өткізіп алады, осы орайда заем беруші борышкерге шарт бойынша көзделген айыппұлды өндіріп алу мақсатында талап арыз қояды.

Борышкер берген міндеттемелерімен келісе отырып, соттан айыппұл төлеуден босатуды сұрайды, себебі оның құны негізгі қарыздан 15 есе жоғары болған, ал қарыздың негізгі бөлігі уақытылы төленген және қазіргі күні ол жұмыссыз қалғандықтан күрделі материалдық қиыншылық шегуде.

### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

Сот қандай шешім шығаруға құқылы?

#### **Ецен 10-2**

Банк пен ЖШС арасында 50 000 000 теңге мөлшерінде 3 ай мерзімге, «Промотех» АҚ кепілдігімен банктік заем шарты жасалады. Кепілшарты бойынша, егер заемшы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда банк кепіл болушыдан заем шарты бойынша толық міндеттемені орындауды талап етуге құқылы деген шарт көзделген.

Банк кепіл болушыны ЖШС өз мерзімінде заем қайтарылмағанын ескертеді. Бірақ кепіл болушы борышкер үшін міндеттемені орындаудан, заем ол міндеттеме орындайтындай шартта жасалмағандығын келтіріп, міндеттеме орындаудан бас тартады.

#### **Сұрақ:**

Кепілдік берушінің наразылығы негізді ме?

#### **Есеп 10-3**

Несие беруші шығындардың орнын толтыру жөнінде борышқордың атына сотқа талап қойды. Талабында несие беруші оған келтірген шығындардың дәлелін көрсетті. Өз кезегінде борышқор берілген қуыну талабында несие берушіде шығындардың пайда болуында оның кінәсінің дәлелі жоқтығына сілтей отырып айып талаптарына қарсылығын білдірді. Сот бұл істі қарастыра отырып, борышқор кінәсінің толық еместігіне байланысты несие берушінің талабын қанағаттандырмады.

### **Есептен туындайтын сұрақтар:**

1. Сот шешімі заңды болды ма?
2. Азаматтық-құқықтық қатынаста іске асырылатын кінәлік презумпция принципі нені білдіреді?
3. Егер борышқор кәсіпкер болса, бұл жағдай оның жауапкершілігін айқындау тәртібіне әсерін тигізе ме?

#### **Ецен 10-4**

Жол-көлік оқиғасы нәтижесінде белгіленген жерде жол бөлігін өтіп жатқан азамат Полетаевтың денсаулығына қатты зиян келтірілді. Зардап шегуші көлік құралы иесін жауапкершілікке тарту мақсатымен сотқа жүгінді. Өз кезегінде, автокөлік иесі сот үстінде өзінің жазығы бар екеніне қарсылығын білдіріп, жол-көлік оқиғасы болған мезетте

басқа тұлғалардың құқыққа қайшы іс-әрекеттерінің салдарынан көлік құралы оның иемдеуінен шығып кеткенін мәлімдеді. Сот шешімі бойынша қуыным талабы қанағаттандырылды. Сот шешімінің тұжырымы, ҚР АҚ 931 б. 1 т. сәйкес, иемденушілер, олардың кінәларына тәуелсіз жоғары қауіптілік көздерінен болады дегенге негізделген.

**Есептен туындайтын сұрақтар:**

1. Жауапкердің қарсылығы орынды ма?
2. Сот шешімі заңды ма?
3. Қандай жағдайларда жоғары қауіптілік көздері иелері азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен босатылады?

**Есен 10-5**

Азамат Бородин азамат Матвеевтың атына борышты өндіріп алу талабымен сотқа шағымданды. Бірақ сот, Бородиннің қуыным мерзімі өтіп кету себебінен азаматтық іс қозғау талабын қабыл алмады. Бородин жоғары тұратын сотқа, азаматтық іс қозғаудың қабылданбауына қуыным мерзімінің өтіп кетуі негіз бола алмайды деген жеке шағымымен қарасты. Жоғары тұратын сот Бородин шағымын қанағаттандырды және іс мәні бойынша қарастырылды. Белгіленген екі соттық талқылау барысында жауапкер Матвеев дәлелсіз себептермен сотқа келмеді. Сотшы (судья) талап берушінің сырттай өндіруге қарама-қарсылығы жоқтығын ескере отырып, сырттай шешім қабылдады. Сот өзінің шешімінде талап қоюшының айтылған талабын (қуыным мерзімі өтіп кету) қанағаттандыруда материалдық құқығын жоғалту себебімен, талабын қабыл алмады.

**Есептен туындайтын сұрақтар:**

Жоғары сатыда (инстанцияда) тұрған сот дұрыс істеді ме? Бірінші сатыдағы соттың сот ісін сырттай жүргізуге құқығы бар ма? Соттың сырттай шешімі заңды ма?

**10.8. Тестілер**

***1. Егер ол шартта өзгеше белгіленбесе, міндеттеме бойынша тауарды немесе өзге де мүлікті тасымалдауды пайдалана отырып беру орны болып табылады:***

- а) мүлікті несие берушіге жеткізу үшін оны бірінші тасымалдаушыға тапсыратын жер

- b) егер бұл жер міндеттеме пайда болған кезде несие берушіге белгілі болса, мүлік дайындалған жер
- c) егер бұл жер міндеттеме пайда болған кезде несие берушіге белгілі болса, мүлік сақталған жер
- d) несие берушінің міндеттеме пайда болған кездегі тұрғылықты жері

## **2. Жаңғыртылу дегеніміз не?**

- a) шарттың әрекет ету мерзімін жаңа мерзімге жанарту
- b) шарттың әрекет ету мерзімін ұзарту
- c) тараптардың арасында болған бастапқы міндеттемені ауыстыру туралы келісіммен басқа міндеттеменен тоқтатылады
- d) міндеттеме тараптарының ауысуы

## **3. Міндеттеменің тоқтатылу негіздерінің бірі:**

- a) кепіл
- b) кепілпұл
- c) орындаудың мүмкін еместігі
- d) кепілдік

## **4. Регресстік талаптар болып табылады:**

- a) басқа адамның міндеттемесін орындаған борышқордың орындалған міндеттеме мөлшерінде сол адамға кері талап қоюы
- b) басқа адамның міндеттемесін орындаған борышқордың келтірілген шығындарды өтеу туралы сол адамға кері талап қоюы
- c) басқа адамның міндеттемесін ортақтасып орындаған борышқордың келтірілген шығындарды өтеу туралы сол адамға кері талап қоюы
- d) міндеттеменің орындалмаған бөлігін орындауды талап ету туралы несие берушінің талабы

## **5. Егер ол шартта көзделмесе ақшалай міндеттеменің орындалу жері:**

- a) несие берушінің міндеттеме орындалу кезіндегі тұрғылықты жері
- b) несие берушінің міндеттеме пайда болған кездегі тұрғылықты жері
- c) борышқордың міндеттеме орындалу кезіндегі тұрғылықты жері
- d) борышқордың міндеттеме пайда болған кездегі тұрғылықты жері

**6. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші:**

- a) оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес
- b) оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті
- c) оған келтірілген залалдарды өз еркі бойынша дәлелдеуіне немесе дәлелдемеуіне болады
- d) тек кәсіпкерлік міндеттемелерге байланысты ғана оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті

**7. Кепілдің пайда болу негіздері:**

- a) заң актілеріне сәйкес
- b) шартқа сәйкес
- c) шартқа және оларда көрсетілген міндеттемелердің пайда болуы кезіндегі заң актілеріне сәйкес
- d) шартқа және заңнамаларға сәйкес

**8. Жалпы ережелерге сәйкес борышқор міндеттеменің орындалмағаны үшін жауап береді:**

- a) кінәлі болған кезде
- b) себептік байланыс болған кезде
- c) құқық бұзушылық болған кезде
- d) ниеті болған кезде

**9. Мүлік келесі шарт бойынша пайдалануға беріледі:**

- a) сенімгерлікпен басқару
- b) мүлік жалдау
- c) рента
- d) мердігерлік

**10. Міндеттеме орындалмаған жағдайда белгілі бір затты несие берушінің меншігіне немесе пайдалануына беруде:**

- a) ол оны борышқордан алып қоюды және несие берушіге беруді талап етуге құқылы
- b) ол айып төлеуді және нақты залалды өтеуді талап етуге құқылы
- c) ол келтірілген шығындарды өтеуді талап етуге құқылы
- d) ол айып төлеуді және айырылып қалған пайданы өтеуді талап етуге құқылы

**11. Кәсіпкерлік қызметімен байланысты міндеттемені мерзімінен бұрын орындау:**

- a) ешқандай жағдайларда рұқсат етілмейді
- b) егер ол заңдармен немесе міндеттеме шарттарымен көзделсе рұқсат етіледі
- c) барлық жағдайларда рұқсат етіледі
- d) борышкердің қалауы бойынша рұқсат етіледі

**12. Залалдар бөлшек бөлшектен өтеледі, айыпақы:**

- a) айыппұл
- b) сынақ
- c) альтернативті
- d) айрықша

**13. Әр борышкер міндеттемені толық орындауға міндеттейтін бірнеше жақ қатысты міндеттеме:**

- a) үлесті
- b) ортақ
- c) регресті
- d) альтернативті

**14. Ипотека – ол:**

- a) кепілге салынған мүлік кепіл берушінің иеленуі мен пайдалануында болатын кепіл түрі;
- b) кепілге салынған мүлік кепіл ұстаушының иеленуі мен пайдалануына берілетін кепіл түрі;
- c) кепілге салынған мүлік кепіл ұстаушының иеленуіне берілетін кепіл түрі;
- d) кепіл заты тек жылжымайтын мүлік болып табылатын кепіл түрі.

**10.9. Нормативтік құқықтық актілердің тізімі**

ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдері) (өзгерістер мен толықтырулармен бірге)

«Жылжымайтын мүлік кепілін тіркеу туралы» ҚР 1998 жылғы 30 маусымындағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге)

«Ақша төлемі мен аударымы туралы» ҚР 1998 жылғы 29 маусымдағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» ҚР 2005 жылғы 13 маусымындағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге)

«ҚР вексель айналысы туралы» ҚР 1997 жылы 29 сәуірдегі заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге)

«Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» ҚР 1995 жылғы 23 желтоқсанындағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге)

«Қазақстан Республикасының аумағында банктік есепшот ашпай ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесі» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасы 2000 жылғы 13 қазанындағы қаулысы.



## **11-тақырып. Шарт**

### **11.1. Шарт түсінігі**

### **11.2. Шарттардың түрлері**

### **11.3. Шарттың мазмұны**

### **11.4. Шарт жасасу, өзгерту және бұзу**

### **11.5. Тапсырмалар**

### **11.6. Тестілер**

### **11.7. Нормативтік құқықтық актілердің тізімі**

### **11.1. Шарт түсінігі**

«Шарт» термині азаматтық құқықта әртүрлі мағынаға ие. Шартты жағдай негізіндегі заңды деректі міндеттемелік құқықтық қатынастарды бекітетін құжат деп те түсінуге болады. Осыған сәйкес шарт азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқталуына әкелетін бір немесе бірнеше тұлғалар арасында жасалатын келісім.

Шарт – бұл ең көп тараған мәміле. Осыған байланысты мәмілеге тарайтын барлық ережелер шартқа да тарайды. Шарттан туындайтын міндеттемеліктерге азаматтық құқықта туындайтын міндеттемеліктердің ережелері қолданылады. Кез келген мәміле сияқты шарт та еріктілік қағидасының негізінде жасалады. Бір ерекшелігі, шартта еріктілік әрқашан екі тараптан туындауы керек. Сондықтан Азаматтық Кодексте шарт еріктілігін бекітетін бірнеше нормаларды көруге болады.

Біріншіден, азаматтық құқық субъектілерінің шартты жасауға немесе жасамауға байланысты еріктері бар. Азаматтық Кодексте көзделген реттерде ғана еріктілік шектелуі мүмкін.

Екіншіден, шартты жасау барысында серік (партнер) таңдау еркі. Мысалы айталық, кепілге беруші не кепіл ұстаушы ерікті түрде кез келген сақтандырушыны таңдауға ерікті.

Үшіншіден, азаматтық қатынастарға түсушілердің шарт түрін таңдауға еріктілігі. Азаматтық Кодекске сәйкес, тараптар заңда немесе өзге де нормативтік актілерде көзделген не көзделмеген шарттарды жасауға құқықтары бар. Сондай-ақ, тараптар бірнеше шарттарды араластырып жасай алады (аралас шарт).

Төртіншіден, тараптар шарт жағдайларын ерікті түрде қарастыра алады. Азаматтық Кодекске сәйкес, шартта немесе өзге де актілерде шарттағы жағдайлар қарастырылмаса, тараптар шартты өз еріктерімен қарастыра алады. Азаматтық Кодекске сәйкес, жалға алушы ағымдағы жөндеу жұмысын заңнамада немесе шартта өзгеше көзделмесе, өз есебінен жүргізеді. Ортақ келісім арқылы бұл арада жөндеу жұмыстарын жалға алушы емес жалға беруші де өз есебінен жасауы мүмкін. Шарттың үлкен артықшылықтарының бірі – заңда болып жататын өзгерістер шартта көзделген нормаларды өзгерте алмайды, яғни сенімділік жоғары болады.

ҚР АҚ 378-бабында шарттың ұғымы берілген. Екі немесе одан көп адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі **шарт** деп танылады.

Шарттан міндеттемелік, заттық, авторлық немесе өзге де құқықтық қатынастар туындауы мүмкін.

**Шарт еркіндігі** шарттың негізгі қағидасы болып табылады. Азаматтар және заңды тұлғалар шарт жасасуға ерікті. Осы Кодексте, заң құжаттарында немесе өз еркімен қабылдаған міндеттемеде шарт жасасу міндеті көзделген жағдайларды қоспағанда, шарт жасасуға мәжбүр етуге жол берілмейді.

Тараптар заңдарда көзделген шартты да, көзделмеген шартты да жасаса алады.

## 11.2. Шарттардың түрлері

**Аралас шарт** – тараптар заңдарда көзделген түрлі шарттардың элементтері бар шарт жасаса алады, онда тараптардың аралас шарт бойынша қатынастарына, егер тараптардың келісімінен немесе аралас шарттың мәнінен өзгеше туындамаса, аралас шартта элементтері бар шарттар туралы заңдардың тиісті бөліктері қолданылады.

АҚ 387 бабында белгіленгендей, **жария шарт**: Коммерциялық ұйыммен жасалған және өз қызметінің сипатына қарай оған өтінішпен келетін әркімге қатысты жүзеге асырылатын тауарларды сату, жұмыстарды атқару немесе қызмет көрсету жөніндегі оның міндеттемелерін белгілейтін шарт жария шарт деп танылады (бөлшек сауда, көпшілік пайдаланатын көлікпен тасымалдау, байланыс қызметін көрсету, энергиямен қамтамасыз ету, медицина, мейманхана қызметін көрсету және т.б.).

Коммерциялық ұйымның заңдарда көзделген жағдайлардан

баскасында, жария шарт жасасу жөнінде біреуге басқалардан артықшылық жасауға құқығы жоқ.

Тұтынушылардың кейбір категорияларына жеңілдік беру заңдармен жол берілетін жағдайларды қоспағанда, тауарлардың, жұмыс пен қызметтің бағасы, сондай-ақ жария шарттың өзге ережелері тұтынушылардың бәріне бірдей болып белгіленеді.

Тұтынушыға тиісті тауарлар (жұмыс, қызмет) ұсыну мүмкіншілігі бола тұра коммерциялық ұйымның жария шарт жасасудан бас тартуына жол берілмейді.

Заң құжаттарында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының Үкіметі жария шарттарды жасау және орындау кезінде тараптар үшін міндетті ережелер (үлгі шарттар, ережелер және т.б.) шығаруы мүмкін.

Жария шарттың белгіленген талаптарына сәйкес келмейтін ережелері жарамсыз болып табылады.

Ережелерін тараптардың біреуі формулярларда немесе өзге стандартты нысандарда белгілеген және басқа тарап оны ұсынылған шартқа тұтастай қосылу жолы деп қабылдай алатын шарт **қосылу шарты** деп танылады.

Егер қосылу шарты заңдарға қайшы келмегенімен, бұл тарапты осындай шарттар бойынша берілетін құқықтардан айыратын болса немесе міндеттемені бұзғаны үшін басқа тараптың жауапкершілігін жоятын немесе шектейтін болса не қосылған тарап үшін онда анық қиындық келтіретін, шарттың талаптарын белгілеуге қатысатын мүмкіндігі болып тұрғанда өзінің ақылға қонымды түсінілетін мүдделерін негізге ала отырып қабылдамай-ақ қоятын талаптары болса, шартқа қосылған тарап шартты бұзуды талап етуге құқылы.

Көзделген мән-жайлар болған кезде, өзінің кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруына байланысты шартқа қосылған тараптың шартты бұзу туралы қойған талабы, егер қосылған тарап шарттың қандай жағдайларда жасалғанын білсе немесе білуге тиіс болса, қанағаттандырылуға жатпайды.

**Алдын ала жасалатын шарт** бойынша тараптар алдын ала жасалатын шартта көзделген жағдайларда мүлік беру, жұмыс орындау немесе қызмет көрсету туралы болашақта шарт (негізгі шарт) жасасуға міндеттенеді.

Алдын ала жасалатын шарт негізгі шарт үшін заңдарда белгіленген нысанда, ал егер негізгі шарт нысаны белгіленбесе, жазбаша түрде жасалады. Алдын ала жасалатын шарт нысаны туралы ережелердің сақталмауы оның жарамсыз болып қалуына әкеліп соқтырады.

Алдын ала жасалатын шартта негізгі шарттың мәнін, сондай-ақ басқа да елеулі жағдайларын белгілеуге мүмкіндік беретін ережелер болуға тиіс.

Алдын ала жасалатын шартта тараптар негізгі шартты жасасуға міндеттенетін мерзім көрсетіледі. Егер алдын ала жасалатын шартта мұндай мерзім белгіленбесе, олар көздеген шарт алдын ала жасалған кезден бастап бір жыл ішінде жасалуға тиіс.

Алдын ала шарт жасасқан тарап өзі көздеген шартты жасасудан жалтарған реттерде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, осы арқылы келтірілген залалды екінші тарапқа өтеуге міндетті.

Алдын ала жасалатын шартта көзделген міндеттемелер, егер тараптар негізгі шартты жасасуға тиіс мерзім біткенге дейін ол жасалмаса не тараптардың бірі екінші тарапқа бұл шартты жасасуға ұсыныс жібермесе, тоқтатылады.

Егер ниеттер туралы хаттамада (ниеттер туралы шартта) тараптардың оған алдын ала жасалатын шарт күшін беру ниеттері тікелей көзделмесе, ол азаматтық-құқықтық шарт болып табылмайды және оның орындалмауы заңдық зардаптарға әкеліп соқтырмайды.

**Үшінші жақтың пайдасына жасалатын шарт** болып тараптар несие берушіге емес, шартта көрсетілген немесе көрсетілмеген және борышқордан міндеттемені өзінің пайдасына орындауды талап етуге құқығы бар үшінші жаққа борышқор орындап беруге міндетті деп көрсеткен шарт үшінші жақтың пайдасына жасалған шарт болып танылады.

Егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, үшінші жақ борышқорға шарт бойынша өз құқығын пайдалану ниетін білдірген кезден бастап тараптар өздері жасасқан шартты үшінші жақтың келісімінсіз бұза алмайды немесе өзгерте алмайды.

Борышқор шартта өзінің несие берушіге қарсы қоя алатындай қарсылықтарын үшінші жақтың талаптарына қарсы қоюға құқылы.

Үшінші жақ шарт бойынша өзіне берілген құқықтан бас тартқан ретте несие беруші, егер заңдарға және шартқа қайшы келмесе, бұл құқықты пайдалана алады.

**Биржалық мәмілелер** – нысаны биржадағы айналысқа жіберілген мүлік болып табылатын және тиісті биржалар (тауар, қор және басқа) туралы Қазақстан Республикасының заңдары мен биржалық сауда ережелеріне сәйкес, онымен сауда-саттық жүргізуге қатысатындармен жасалатын мәмілелер болып табылады.

Биржалық мәмілелер осы мәмілелердің жасалғандығын растау үшін биржа беретін құжаттармен рәсімделеді.

Егер заңдардан, тараптардың келісімінен немесе мәміленің мәнінен өзге жағдайлар туындамаса, биржалық мәмілелерге олардың мазмұнына қарай тиісті шарт (сатып алу-сату, комиссиялар және басқалар) туралы ережелер қолданылады.

Заңдарда немесе биржалық сауда ережелерінде тараптардың коммерциялық құпиясы болып табылатын және олардың келісімінсіз жария етуге жатпайтын биржалық мәмілелердің ережелері көзделуі мүмкін.

Биржалық мәмілелер жасасуға байланысты даулар тиісті биржа жанындағы биржа төрелігінде қаралады, оның шешіміне сотта дау айтылуы мүмкін.

**Құнды және құнсыз шарттар.** Құнды шарттар дегеніміз – бір тараптың мүлік ұсынуы екінші жақтың да мүлік ұсынуын талап ететін шарт түрі. Құнсызда керісінше, бір жақтың мүлік ұсынуы екінші жақтың мүлік ұсынуын талап етпейді. М: сатып алу сату шарты – құнды шарт, ол құнсыз болуы мүмкін емес те. Ал сыйға тарту шарты өзінің заңдық табиғаты бойынша қарама қарсы болып келеді. Яғни, екінші жақ ешқандай құнды мүлік бермейді. Кейбір шарттар құнды да, құнсыз да болуы мүмкін. Яғни, бір тараптың ұсынғанының орнына бір нәрсе берілуі де берілмеуі де мүмкін.

### **11.3. Шарттың мазмұны**

Шарттың мазмұнын оның ережелерінің жиынтығы құрайды. Заңдарда тікелей қарастырылған жағдайларды қоспағанда, шарттың ережелері тараптардың келісімдері бойынша айқындалады.

Шарттың ережесі заңдарға сәйкес қолданылатын қалыппен көзделген реттерде, егер тараптардың келісімімен өзгеше (диспозитивтік қалып) белгіленбесе, тараптар өздерінің келісімдерімен қалыптың қолданылуын жоя алады немесе сол қалыпта көзделгеннен өзгеше жағдайды белгілей алады.

Егер шарттың ережесін тараптар немесе диспозитивтік қалып белгілемеген болса, тиісті жағдайлар тараптардың қатынастарында қолданылатын іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтармен белгіленеді.

Шартта оның кейбір ережелері осындай шарттар үшін әзірленген және баспада басылып шыққан үлгі ережелермен белгіленетіні көзделуі мүмкін. Үлгі ережелер үлгі шарт немесе мазмұнында осы ережелер бар өзге құжат нысанында жазылуы мүмкін.

Шарт тараптар үшін оны жасасу кезінде қолданылып жүрген заңдармен белгіленген міндетті ережелерге (императивтік қалыптарға) сәйкес келуге тиіс.

Егер шарт жасалғаннан кейін шарт жасалған кезде қолданылып жүрген ережелерден өзгеше, тараптар үшін міндетті ережелер заңдармен белгіленген болса, жасалған шарттың ережелері оның күні бұрын жасалған шарттардан туындайтын қатынастарға да қолданылады деп заңдармен белгілегендегіден басқа жағдайларда өз күшін сақтайды.

Шарттың ережелері елеулі және елеулі емес деп екіге жіктелінеді.

Тараптар арасында шарттың барлық елеулі ережелері бойынша тиісті жағдайларда талап етілетін нысанда келісімге қол жеткен кезде шарт жасалды деп есептеледі. Елеулі ережелер аталған шарт үшін міндетті болып табылады және осылар жоқ болған ретте шарттың заңнама талаптарына сәйкес еместігі себепті, жарамсыз деп тануға болады.

Шарттың мәні туралы ережелер заңдарда елеулі деп танылған немесе шарттардың осы түрі үшін қажетті ережелер, сондай-ақ бір тараптың мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізуге тиісті барлық ережелер **елеулі** ережелер болып табылады.

Аудиторлық тексеру жүргізу шартының талаптары:

Шарттың пәні;

Аудитті өткізу мерзімі;

Сәйкес қызмет көрсетулердің мөлшері;

Төлемақының мөлшері мен шарттары;

Тараптардың құқықтары мен міндеттері;

Тараптардың жауапкершілігі;

Өзге де жағдайлар.

Кепілшартында көзделуі тиіс:

Кепіл пәні және оны бағалау;

Мәні, өлшемі және міндеттемелерді кепіл берушімен қамтамасыз етілген орындау мерзімі;

кепілге салынған мүліктің қай тарапта болатынын белгілеу және оны қолдану мүмкіншілігін анықтау.

Мүлікті бағалау шартында болуы тиіс:

тапсырыс берушінің және бағалаушының аты,

бағалау объектісінің атауы мен орналасқан жері;

шарттың мақсаты;

бағалау түрі;

бағалау объектісінің түрі;  
бағалауды өткізу мерзімі мен күні;  
қызметке төленетін төлемақының шарты, тәртібі және мөлшері;  
тараптардың жауапкершілігі;  
тапсырыс берушінің бағалау объектісіне меншік құқығын дәлелдейтін құжат деректемелері.

Шарттардың көпшілінде шарттың бағасы міндетті ереже болып табылмайды. Жалпы ереже бойынша шартты орындауға ақы тараптардың келісімі бойынша төленеді. Заң актілеріде көзделген жағдайларда уәкілетті мелекеттік органдармен реттелген құны қолданылады (тарифтер, бағалары, ставкалар, т.с.с.) Шарт жасалғаннан кейін бағасын өзгерту шартта көзделген жағдайларда, заңды актілермен немесе заңды актілермен белгіленген тәртіп бойынша жасалады.

Ақылы шарт жасалған кезде шарттың талабы бойынша құны көрсетілмесе, көрсетілуі мүмкін болмаса, шарт жасалған кездегі ұқсас тауарлардың сол кездегі құны бойынша шарт орындалуы тиіс деп есептеледі.

Шарттың мазмұны бойынша ұсыныстар

Шартқа төмендегідей ережелерді енгізу ұсынылады:

**I.** Шарттың атауы, мерзімі және оның жасалған орын.

**II. Кіріспе,** мұнда шарт тараптарының атауы көрсетіледі.

**III. Шарттың пәні,** заңдарға сәйкес, тараптардың негізгі міндеттемелері көрсетілген шарттың пәнінің нақты тұжырымы.

Сатып алу – сату шартының пәнін төмендегідей тұжырымдауға болады:

«1.1 Сатушы тауарды Сатып алушының меншігіне тапсыруға міндеттенеді, ал Сатып алушы осы Шарт талаптарына сәйкес тауарды алуға және оған белгілі ақша сомасын төлеуге міндеттенеді. 1.2 Тауар болып осы Шарт бойынша ..... табылады (оның атын, және санын көрсету керек)».

**IV. Шарттың құны.** Тауардың біреуінің бағасын көрсету керек, барлық шарт сомасын, осы шарттың мерзімі өткенше құнының және бағасының өзгеру мүмкіндігін, шығыс пен жеткізілім шартының жағдайлары ескерілуі тиіс. (ИНКОТЕРМС 2000).

**V. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

**VI. Шарт бойынша төлемдер жасау тәртібі мен тәсілдері**

**V II. Міндеттемелерді орындау мерзімі**

**VIII. Міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат**

- IX. Міндеттемелердің орындалу орны
- X. Тауар сапасы
- XI. Тауардың орамасы мен маркировкасы
- XII. Сақтандыру, кепілдік, тәуекелді бөлу
- XIII. Тараптарға хабарлау
- XIV. Міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершілік
- XV. Бой бермейтін күшке қатысты ережелер
- XVI. Шарттың қолданылу мерзімі
- XVII. Тараптардың даулары мен келіспеушіліктері (төрелік ескертпе)
- XVIII. Шартты өзгерту және тоқтату ережелері
- XIX. Тараптардың заңи мекен жайлары, қол таңба

#### 11.4. Шарт жасасу, өзгерту және бұзу

Шарт жасасу рәсімдері екі кезеңнен тұрады:

- а) Оферта жіберу;
- б) Офертаның акцепті.

Шарт жасасу туралы бір немесе бірнеше нақты жақтарға жасалған ұсыныс, егер ол жеткілікті дәрежеде айқын болып, ұсыныс жасаған жақтың ол қабылданған жағдайда (акцепт) өзін сонымен байланысты деп есептеу жөніндегі ниетін көрсетсе, **оферта** деп танылады. Егер ұсыныста шарттың елеулі ережелері немесе оларды анықтау тәртібі көрсетілсе, ол жеткілікті дәрежеде айқын деп табылады.

Оферта оны жіберген жақ ол алушының қолына тигеннен бастап байланысты етіп қояды. Егер офертаны қайтарып алу туралы хабар офертаның өзінен бұрын немесе онымен қатар келсе, оферта алынбаған болып есептеледі.

Егер офертаның өзінде өзгеше айтылмаса не ұсыныстың мәнінен немесе ол жасалған жағдайдан туындамаса, алушының қолына тиген офертаны оның акцепті үшін белгіленген мерзім ішінде қайтарып алуға болмайды.

Жарнама және беймәлім адамдар тобына жіберілген өзге де ұсыныстар, егер ұсыныста тікелей өзгеше көрсетілмесе, оферта жасасуға шақыру ретінде қаралады.

Ұсыныс жасаушы жақтың кез келген хабарлаушысымен ұсыныста көрсетілген жағдайларда шарт жасасу еркі көрінетін, шарттың барлық елеулі ережелері бар ұсыныс оферта (жария оферта) деп танылады.

Оферта жолданған жақтың оны қабылдағаны туралы жауабы **акцепт** деп танылады. Акцепт толық әрі бұлтарыссыз болуға тиіс.



Егер заң құжатынан, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан немесе тараптардың бұрынғы іскерлік қатынастарынан өзгеше туындамаса, жауап қайтармау акцепт болып табылмайды.

Офертаны алған жақтың оның акцепті үшін белгіленген мерзімде онда көрсетілген шарт ережелерін орындау жөнінде жасаған әрекеттері (тауарлар тиеп жөнелту, қызмет көрсету, жұмыс орындау, тиісті соманы төлеу және т.б.), егер заңдарда өзгеше көзделмесе немесе офертада көрсетілмесе, акцепт деп есептеледі.

Егер акцепті қайтарып алу туралы хабар оферта жіберген жаққа акцептің өзінен бұрын немесе онымен қатар келсе, акцепт алынбаған болып есептеледі

### **Шарт жасасу тәртібі**

Офертада акцептіге арналған мерзім көрсетілген жағдайда, егер оферта жіберген жақ акцепті онда көрсетілген мерзім ішінде алса, шарт жасалған болып есептеледі.

Жазбаша офертада акцептіге арналған мерзім көрсетілмеген жағдайда, егер оферта жіберген жақ акцепті заңдарда белгіленген мерзім біткенге дейін, ал егер ондай мерзім белгіленбесе, оны жеткілікті дәрежеде қажетті уақыт ішінде алса, шарт жасалған болып есептеледі.

Оферта акцептіге арналған мерзім көрсетілмей ауызша жасалған жағдайда, егер екінші тарап оның акцепті туралы дереу мәлімдесе, шарт жасалған болып есептеледі.

Егер оферта жіберген тарап екінші тарапқа акцепті кеш алғаны туралы дереу хабарламаса, акцепт туралы мерзімінде жіберілген хабар кешіктіріліп алынған жағдайда, акцепт кешіктірілген болып есептелмейді.

Егер оферта жіберген тарап екінші тарапқа оның кешіктіріліп алынған акцепті қабылданғаны туралы дереу хабарласа, шарт жасалған болып есептеледі.

Офертада ұсынылғаннан өзге жағдайларда шарт жасасуға келіскендік туралы жауап акцепт болып табылмайды.

Мұндай жауап офертадан бас тарту және сонымен бірге жаңа оферта деп танылады.

Егер шартта оны жасасатын жер көрсетілмесе, шарт азаматтың тұрғылықты жерінде немесе оферта жіберген заңды тұлғаның орналасқан жерінде жасалған болып танылады.

### Шарт жасасу алдындағы даулар

Шарт жасасу тараптардың бірі үшін міндетті болған реттерде, бұл тарап екінші тарапқа акцепт туралы, не акцепттен бас тартатыны туралы немесе офертаға (шарт жобасына) өзгеше жағдайларға акцепт жасалатыны туралы (шарт жобасына келіспеушілік хаттамасы), егер заңдарда өзге мерзім белгіленбесе, не тараптар келіспеген болса, офертаны алған күннен бастап 30 күннің ішінде хабар жіберуі тиіс.

Офертаны жіберген және шартты жасасуға міндетті тараптан оған өзге жағдайлармен акцепт жасау туралы хабар (шарт жобасына келіспеушілік хаттамасын) алған тарап шарт жасасу кезінде пайда болған келіспеушілікті осындай хабар алған күннен бастап 30 күн ішінде, не акцептіге арналған мерзім өткен соң, егер заңдарда шарттардың жекелеген түрлері туралы өзге мерзім белгіленбесе, соттың қарауына беруге құқылы.

Егер шарт жасасуға міндетті тарап жіберген шарт жобасына отыз күн мерзімде шарт жобасына келіспеушілік хаттамасы алынса, бұл тарап екінші тарапқа шартты сол редакциясында қабылдайтыны туралы, не келіспеушілік хаттамасын қабылдамайтыны туралы келіспеушілік хаттамасын алған күннен бастап 30 күн ішінде хабарлауға міндетті.

Келіспеушілік хаттамасын қабылдамаған не оны көрсетілген мерзімде қарау нәтижелері туралы хабарды алмаған жағдайда келіспеушілік хаттамасын жіберген тарап, егер заңдарда шарттардың жекелеген түрлері туралы өзгеше белгіленбесе, шарт жасасу кезінде пайда болған келіспеушіліктерді соттың қарауына беруге құқылы.

Егер шарт жасасуға міндетті тарап оны жасасудан жалтарса, екінші тарап шарт жасасуға мәжбүр ету туралы талап қойып сотқа жүгінуге құқылы.

Шарт жасасудан негізсіз жалтаратын тарап екінші тарапқа шарт жасасудан бас тарту туғызған залалдың орнын толтыруға тиіс.

Егер шарт жасасу кезінде туындаған келіспеушіліктер тараптардың келісуімен соттың қарауына берілген болса, шарттың тараптар келіспеген ережелері сот шешіміне сәйкес белгіленеді.

### Шартты өзгерту және бұзу

Шартты өзгертудің және бұзудың негіздері мен тәртібі ҚР АҚ 24 тарауымен айқындалады.

Егер АҚ, басқа да заң құжаттары мен шартта өзгеше көзделмесе, шарт тараптардың келісуімен өзгертілуі және бұзылуы мүмкін.

Тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт:

1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде;

2) АК, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

Тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп сокса, бұл шарттың **едәуір дәрежеде** бұзылуы деп танылады.

Шартты орындаудан **біржақты бас тартылған** жағдайда (шарттан тиісінше ішінара немесе толығымен бас тарту) шарт өзгертілді немесе бұзылды деп есептеледі.

Тараптардың бірі, атап айтқанда:

1) шартқа негізделген міндеттемені орындау мүмкін болмаған (АК 374-бабы);

2) белгіленген тәртіппен екінші тарапты банкрот деп таныған;

3) шарт жасалғанда негізге алынған мемлекеттік органның актісі өзгертілген немесе күші жойылған жағдайларда шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

Егер заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, шарт мерзімі көрсетілмей жасалған жағдайда шартты орындаудан біржақты бас тартуға жол беріледі.

Егер АК, басқа да заң актілерінде немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда бір тарап бұл туралы екінші тарапқа бір айдан кешіктірмей ескертуге тиіс.

Шартты өзгерту және бұзу тәртібі туралы келісім, егер заңдардан, шарттан немесе іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан өзгеше туындамаса, шарт жасалатын сияқты нысанда жасалады.

Шартты өзгертуге немесе бұзуға ұсыныстан екінші тараптың бас тартуы алынғаннан кейін, не ұсыныста көрсетілген немесе заңдарда не шартта белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім болмаған кезде отыз күн мерзімде жауап алынбағаннан кейін ғана тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты сотқа мәлімдей алады.

Шартты бұзу және өзгерту салдары

Шартты бұзу кезінде тараптардың міндеттемелері тоқтатылады. Шарт өзгертілген кезде тараптардың міндеттемелері өзгертілген түрінде қолданыла береді.

Шарт бұзылған немесе өзгертілген ретте, егер тараптардың келісуімен немесе шарттың өзгеру сипатынан өзгеше туындамайтын

болса, міндеттемелер шартты өзгерту немесе бұзу туралы тараптар келісімге келген кезден бастап, ал шарт сот тәртібімен бұзылған немесе өзгертілген жағдайда – шартты бұзу немесе өзгерту туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезден бастап тоқтатылған немесе өзгертілген болып есептеледі.

Егер заң актілерінде немесе тараптардың келісінде өзгеше белгіленбесе, тараптардың шартты бұзған немесе өзгерткен кезге дейін міндеттеме бойынша өздері атқарған жұмысты қайтарып беруді талап етуге құқығы жоқ.

Егер шартты бұзуға немесе өзгертуге бір тараптың шартты едәуір бұзғаны негіз болса, екінші тарап шарттың бұзылуынан немесе өзгертілуінен келтірілген залалдың орнын толтырылуын талап етуге құқылы.

## **11.5. Тапсырмалар**

### **Ецен 11-1**

АШК «Родина» АҚ және ауылдың жас жігіттері арасында шарт жасалады, шарт бойынша АШК соңғыларға ЖОО-да білім алудың бағасын төлеймін деп міндеттенеді, ал жастар оқуды бітірген соң ауылға келіп алған мамандықтары бойынша 3 жылдан кем емес уақыт жұмыс істейміз деп міндеттенеді.

ЖОО бітірген соң жастардың бірнешеуі ауылға келуден бас тартады, қалада жұмысқа тұрады. АШК жастардың оқуына жұмсалған ақшаны өндіріп алу мақсатымен талап арыз жасайды. Жауап берушілерді адвокаты талап арызға қарсылық білдіріп соттың назарын, жасалған шарттың азаматтық заңдарда көзделмегені туралы айтады, сондықтан азаматтық-құқытық міндеттемелер тараптар арасында тумайды.

### **Сұрақ:**

Соттың шешімі қандай болуы тиіс?

### **Ецен 11-2**

Тихонов Потаповпен жай жазбаша түрде пәтерді сатып алу – сату шартын жасайды. Негізгі шартқа тараптардың қолдары ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін қойылады делінген, сонымен қатар пәтердің нақты құны туралы көрсетілген. Белгіленген уақытта Тихонов Потаповқа пәтерді келісілген талаптар бойынша сатудан бас тартады, себебі жылжымайтын мүлік нарығында пәтерлердің құны күрт өсе түскен және ол анағұрлым пайдалырақ ұсыныс алған. Тихоновтың пәтерді сатып алу сату шартын орындауын талап етіп, Потапов сотқа жүгінеді.

### **Сұрақ:**

Дау бойынша қандай шешім қабылдануы тиіс?

### **Ецен 11-3**

Жеткізілім шарты бойынша жеткізуші тауардың бір тобын жеткізе алмады, ол өз ішінде тапсырыс берушіні 25 мың теңге көлеміндегі шығынға әкеп соқты. Шарт бойынша айыпақы төлемі айыппұл түрінде 100 мың теңге көлемінде қарастырылды.

Тапсырыс беруші жеткізушіден толық көлемде айып ақыны төлеуді талап етті. Бірақ жеткізуші тапсырыс берушінің шығынға

ұшырағаны туралы дәлелі жоқтығына сілтей отырып, айыппұл төлеуден бас тартты.

**Есептен туындайтын сұрақтар:**

Жеткізушінің қарсылығы заңды ма? Айып төлеу жөніндегі талап бойынша тапсырыс беруші өзіне келтірілген залалды дәлелдеуге міндетті ме?

## 11.6. Тесттер

### ***1. Акцент дегеніміз:***

- a) шарттың тоқтатылу әдісі
- b) шарт жасауға келісім беру
- c) шарт жасауға ұсыныс жасау
- d) міндеттемені қамтамасыз ету әдісі

### ***2. Тараптар мынадай шартты жасай алады:***

- a) тек заңнамамен көзделген
- b) тек заң актілерімен көзделген
- c) тек Қазақстан Республикасының азаматтық кодексімен көзделген
- d) заңнамамен көзделген және көзделмеген

### ***3. Кәсіпорынды сатып алу-сату кезінде оның құрамына кірмейді:***

- a) кәсіпорынның қарыздары
- b) мүліктік міндеттемелер бойынша талап ету құқығы
- c) лицензия негізінде алынған құқықтар
- d) фирмалық атау

### ***4. Мердігер мердігерлік шартын орындауға басқа тұлғаларды (қосалқы мердігерлерді) тартуға:***

- a) құқылы
- b) құқығы жоқ
- c) құқығы жоқ, жұмысты өзі жеке орындауы тиіс
- d) шартпен көзделген жұмысты өзі орындауға мүмкіндігі болмаса құқылы

### ***5. Заемшы заем нысанасын нысаналы пайдалану жөніндегі міндеттерді орындамаған жағдайда заем беруші:***

- a) шығындарды өтеуді талап етуге құқылы
- b) заем сомасын нысаналы пайдалануды талап етуге құқылы
- c) заемшыдан заем нысанасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы
- d) моральдық зиянды өтеуді және айып төлеуді талап етуге құқылы

**6. Бұл шарт бойынша мүлікті ақы төлеп уақытша иеленуге және пайдалануға беру көзделеді:**

- a) заем шарты
- b) тауар жеткізілімі шарты
- c) мүлік жалдау шарты
- d) несие шарты

**7. Егер шарт жасалғаннан кейін, заңнамамен тараптар үшін міндетті шарт жасау кезінде әрекет етіп тұрған ережелерден басқа ережелер бекітілсе:**

- a) шарттың талаптары өз күшін барлық жағдайда сақтайды
- b) заңнаманың күші бұрын жасалған шарттардан туындаған қатынастарға таралатын жағдайды қоспағанда, шарттың талаптары өз күшін сақтайды
- c) шарт талаптары өз күшін сақтамайды, тараптар өзгертілген заңнамаға сәйкес оның талаптарын өзгертуге тиіс
- d) шарт талаптары өз күшін сақтамайды, шарт бұзылған деп есептеледі

**8. Шарттың мәнді талаптары дегеніміз:**

- a) заңнамамен мәнді деп танылған және бұл түрдегі шартқа қажет болып табылатын
- b) тараптардың келісімімен бекітілген кез келген талаптар
- c) сотпен бекітілген және заңнамамен көзделген кез келген талаптар
- d) өзгертуші және толықтырушы талаптар

**9. Оферта дегеніміз:**

- a) шарт жасасу туралы ұсынысқа жіберілген жауап
- b) шарт жасасуға келісім беру
- c) белгісіз тұлғалар аясына жіберілген жарнамалық және басқа да ұсыныстар
- d) шарт жасасу туралы ұсыныс

**10. Сатып алу-сату шартының мәнді талабы болып табылады:**

- a) нысанасы
- b) бағасы



- c) ассортименті
- d) тауарды беру мерзімі

***11. Шарт мерзімін ұзартуға:***

- a) жол берілмейді
- b) тараптардың келісімімен кез келген мерзімге жол беріледі
- c) сот шешімімен жол беріледі
- d) тараптардың келісімімен 1 жылдан аспайтын мерзімге жол беріледі

***12. Жария шарт бойынша:***

- a) әрбір тарап алынған тауардың орнына өзге тараптың меншігіне тауарды беруге міндеттенеді
- b) коммерциялық ұйыммен жасалған және өз қызметінің сипатына қарай оған өтінішпен келетін әркімге қатысты жүзеге асырылатын шарт
- c) ережелері үлгілер мен стандартты нысандарда айқындалған шарт
- d) бір тарап өзге тарапқа белгілі бір затты куәгерлердің қатысуымен беруге міндеттенеді

## **11.7. Нормативтік актілердің тізімі**

ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдері) (өзгерістер мен толықтырулармен бірге)

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» ҚР 2003 жылдың 02 шілдесіндегі заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге)

«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР 2003 жылдың 13 мамырындағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге)

«Нотариат туралы» ҚР 1997 жылдың 14 шілдесіндегі заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге)

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» ҚР 2007 жылдың 26 шілдесіндегі заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге)

«Лицензиялау туралы» ҚР 2007 жылдың 11 қаңтарындағы заңы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге)

## МАЗМҰНЫ

Қолданылған қысқартулардың тізімі .....	3
1-тақырып. Жалпы ережелер .....	4
2-тақырып. Азаматтық құқықтық қатынас түсінігі .....	19
3-тақырып. Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері .....	23
3.1-тақырып. Заңды тұлғалардың таратылуы мен банкроттығының құқықтық мәселелері.....	48
4-тақырып. Заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысандары .....	57
5-тақырып. Азаматтық құқықтың объектілері.....	93
6-тақырып. Мәмілелер.....	107
7-тақырып. Өкілдік. Сенімхат .....	124
8 тақырып. Азаматтық құқықтағы мерзімдер .....	133
9-тақырып. Меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар.....	141
10-тақырып. Міндеттеме жөніндегі жалпы ережелер.....	173
11-тақырып. Шарт.....	213

**А. К. Лепесова**

**Қазақстан Республикасының  
азаматтық құқығы  
ОҚУЛЫҚ**

Басуға 29.12.2012 ж. қол қойылды. Формат 60x90/16.  
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman». Көлемі 14,5 б.т.  
Таралымы 1250. Тапсырыс № 256.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан  
басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru